Listening skills allow a person to understand what is being said and respond to what is being said, helping to explain his answer to his opponent, which is the basis for speaking. Ways to avoid mistakes and modern methods of developing listening skills are shown. Thus, it can be said that the set goals have been achieved. At present, technology is developing rapidly, and teachers have more opportunities to use different types of technical training. This course work seeks to systematize the teaching of listening comprehension strategies and techniques in order to identify the most common listening difficulties from the student's point of view. review and model the lesson, taking into account these details.

**List of references**

1.Dirven, R. 2017. 'Basic requirements for integrated listening comprehension foroverseas students' in ELT Documents Special: The teaching of listeningcomprehension, 47-60. The British Council

2.Nunan, D. 2018 a.Designing Tasks for the Communicative Classroom.CambridgeUniversity Press

3.Ur, P. 2015.Teaching Listening Comprehension.Cambridge University Press

ӘОЖ821.512.122-1

# ҚАЛҚАМАН САРИН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ӘУЕН КӨРІНІСТЕРІ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

**ҚОСАРОВА А.Қ.**

И.Панфилов атындағы №39 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Калкаман Сарин один из поэтов которы имеет свое место в мире литературы. Творчество Калкамана Сарина полно нежной любви и загадочных чувств. В статье исследуется в произведениях поэта концепция патриотизма, дух и патриотизм нации, любовь к стране, милосердие к человечеству.

**Summary.** Kalkaman Sarin is one of the poets who has his place in the world of literature. The work of KalkamanSarin is full of tender love and mysterious feelings. The article explores the concept of patriotism, the spirit and patriotism of the nation, love for the country, and mercy for humanity in the poet's works.

Қоғамның, заманның, уақыттың өзгеруімен бірге рухани дағдарыс кезеңі де келіп жетті. Болашақты болжау өте қиын еді. Бүгінгі қазақ поэзиясындағы ақындық ізденістерді айқындау барысында азаматтық әуен көріністерін талдауға ұмтылдық.

Бүгінгі әдебиеттегі ақындық ізденістермен дараланған ақындар арасынан біз де өз ғылыми жұмысымызда көрнекті ақын, халықаралық, республикалық жыр мүшәйралардың жүлдегері,

«Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Жазушылар одағының мүшесі Қалқаман Сарин мен Ерлан Жүністің поэзиясының тақырыптық арналарын айқындап, өлең-сөз құдіретін бағындырудағы дара шеберлігін мазмұндауға ұмтылдық.

Қалқаман Сарин Айымғазыұлы – 1978 жылдың 2 қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Арқат ауылында дүниеге келген. 1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген. 2001-2003 жылдары аспирантураны тәмәмдаған. Еңбек жолын ұстаздықтан бастап, 1998 жылдан 2008 жылға дейін Қазақ Ұлттық Музыка академиясында оқытушылық қызмет атқарған. Бірнеше Халықаралық, республикалық жыр-мүшәйраларының жүлдегері. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы. Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі. «Арманымның бейнесі» атты жыр жинағының авторы. «Жібек сезім - Жүрек сөзім» деп аталатын өлеңдеріне жазылған әндер мен өлеңдерінің авторлық үнтаспасын шығарған. Ел ішіне кеңінен танылған «Қызыма», «Күзгі бақ», «Жібек сезім», т.б. ән мәтіндерін жазған. Бүгінде ол Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректорының кеңесшісі, «Астана» телеарнасындағы «Кеш емес» ток-шоуында жүргізуші болып істейді.

Тәуелсіздік тудырған тақырыптық арналардың бірі – Астана туралы Қ.Сарин:

Сан ғасыр армандаған Алаш бабам,
Жалғанды жалт қаратты жаңа Астанам.
Бірлікті байрақ етіп болашаққа,
Барайын, уа, Жаратқан жол аш маған-ды,-деп

жырласа, ғашықтық, махаббатқа арналған жырларында лирикалық әуен былай төгіледі:

Ризамын тағдырыма,
Арқау боп ән-жырыма,
Қамқор боп жан-мұңыма,
Жаныма сен келесің!

Мұнда тіпті махаббат сезімін сипаттарлық еш суретті сөз жоқ. Соған қарамастан, сүйіспендік күй толық, анық аңғарылады. Бұған қарағанда, сүюші жанның сезімін, тілегін көркем жырлаудағы сәттілік тек бейнелі тіркес, ерекше айшық-алмастыруларға ғана байланысты емес.

Жаңа тақырыптарды жырлау арқылы көркем поэзияға соны идеялық-тақырыптық, көркемдік ізденістер сыйлауда Қ.Сарин де аянып қалмады. Әсіресе, ақын қаламынан еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі әртүрлі қоғамдық өзгерістер, әлеуметтік оқиғалар жыр болып төгіліп, өмір шындығы өлең болып өрілгені шындық. Елім, жерім деген небір жайсаң азамат ағалар ел сөзін сөйлегені, жерім деп егілгені үшін жазықты болды. Осы бағытта Қ.Сарин былай деп жырлайды:

Не көрдің сен қара жұлдыз, қара аспан,
Қан жұттың ба сен де қайсар қазақтан.
Өрімдей қыз өлмес ерлік жыры боп,
Саған қарай рухы ұшып баратқан.

Тұтастай алғанда, ақыннан қоғамдық шындықтың бейнесін тануға болады. Өршіл батыл ақын уақыт белгісін өз туындыларында ішкі қайшылығымен өткір бейнелейді. Ақын өлеңдерінен ел, халық тағдырына алаңдаған күрескер азаматтық тұлғасын танимыз.

Уа, еркіндік!
Құның немен өлшенді?!
Сені көксеп
Боздақтарым өлсе өлді!
Сенсің менің ең ғажайып өлеңім,
Ең шуақты,
Ең шырайлы,
Ең шерлі!
Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын-
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

Тәуелсіздік тудырған тақырыптық арналарды бағындырудағы өлең өлкесіндегі айшық-өрнектері қазіргі қазақ лирикасының тақырыптық-идеялық даму ерекшелігін көрсететін, көркемдік көкжиегінің негізгі сырларынан сыр шертетіні даусыз. Және, тұлғалық қалыптасқан аға буын ақындар «Мені» арқылы қозғалған тәуелсіздік, өмір турасындағы ойлар-рухани-эстетикалық нәр беріп, дүниеге шыр етіп келген жас сәбиден бастап, еңкейген кәріні де тұңғиық сырларға жетелейтін қайнар бұлақ екені анық.

Ақын – өз заманының перзенті. Дарынды ақынға өз кезеңінің айтулы оқиғасы ерекше ықпал жасайды. Заман тынысы, қоғам жайы, ондағы қалыптасқан психология мен кертартпалық ақын жанын түрлі күйге бөлеп, өлең тақырыптарына айналдырады.

Ақын да – жоқ іздеген адам. Ақынның жоғы тіпті көп болуы мүмкін. Бірақ оның өмірден де, өзінен де іздейтіні – ақын мен оқырман аралығын жалғайтын алтын арқау. Оның іздегені, жырлағаны – оқырман көңіліне дөп тиіп, оның да жоқтаған жоғының жоқшысы болуы шарт. Осы тұрғыда, өзіндік көркемдік ізденістерімен дараланатын Қалқаман Сарин поэзиясында тәуелсіздік тудырған тың тақырыптық арналардың қай-қайсысы болмасын ақынның азаматтық тұлғасы мен нәзік лиризммен үндесіп жатады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жас ақындар жырларының антологиясы.-Алматы, 2000

2.Қазақ әдебиетінің тарихы 10-том. Алматы, 2000

3.Ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері (құрастырған С.Қорабай). Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2001, -245б.

4.https://adebiportal.kz/

5.http: //kalkamansarin.kz

6.https: //kk.wikipedia.org/

7.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым,2001, -448б.

ӘОЖ.82.109.87

## Қ.А.ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**ЖҰМАБЕК НҰРАСЫЛ**
№ 1 мектеп-гимназиясының 7 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
**БЕРДЫБАЕВА Г.Б.**
№ 1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается познавательная сущность и значение произведений К.А.Ясави.

**Summary.** The article considers the cognitive significance and significance of the works of H.A.Yasavi.

Қ.А.Ясауи шығармалары негізінен бүкіл түркі халықтарына ортақ аса құнды әдеби мұра болып табылады. «Диуани Хикметтен» қазақ халқының көне дәуірдегі әдебиетіне, мәдениетіне, тіліне, тарихына, этнографиясына, әдет-ғұрпы мен сал-дәстүріне қатысты маңызды деректерден ақпарат алуға болады.

Түркі халықтарының орта ғасыр кезіндегі, яғни Ислам мәдениетінің ықпалының дамып, өркендеп, күшеюі және түбегейлі араб жазуына ауысуы мен көшуі сияқты оқиғалар тарих сахнасына көптеген ойшылдар мен данагөйлерді алып келді десек болады. Сонымен қатар Ислам мәдениетінің әсерінен шығыс әлемінде сопылық ағымнын әсері орасан күшейіп, бірте-бірте канатын кеңге жая түскен кез болатын. Осы кезеңде елдің бірлігін, халықтың татулығы мен ынтымағын, адамгершілік пен имандылықты, жақсылықты, адалдықты тілге тиек еткен, соны жыр етіп, өз шығармаларына арқау еткен тұлғалар аз болған жоқ. Солардың бірі, әрі бірегейі– Қ.А.Ясауи болған. Қожа Ахмет Ясауидің шығармасы «Диуани Хикмет» деп аталады.

«Диуани Хикмет» шығармасының өзіндік танымдық, лингвистикалық мәні мен маңызы өте зор. Көптеген түркі халықтары, соның ішінде иран, түркімен, түріктер, әзірбайжандар «Хикметті» өз тілдеріне аудармай-ақ таза оқи алады. Бұл исламнан хабары бар кез-келген жанға «Диуани Хикмет» тілі өте жеңіл, әрі түсінікті болып келеді деуге болады. Оны түсіне, мән бере, мағынасына үңіле қарап оқыған әрбір сауатты адам Ахмет Ясауи жырларының қыпшақ тілдеріне өте жақын екенін анық байқар еді. Шығарманың тілінің лексикалық ерекшеліктері әсіресе, лексикогеографиялық ерекшеліктері, этносипаттары мен этномәдени ерекшеліктері «Диуани Хикмет» тілінің қыпшақ диалектісіне жақын деп кесіп айтуымызға мүмкіндік береді. Отырықшы

тайпалардың қолданған кәсіби тілінен гөрі, көшпенді халықтардың тұрмысына тән қолданылатын қажетті көптеген сөздер шығарманың әр бетінен ұшырасады. Мысалы, «мал-мүлік», «гүл», «лашын», «сұңқар, «бөрік», сақалшаш», «ата-баба», «аға», «іні», «қазына», «байлық» және тағы да басқа. Бұл аталған сөздер тек мағыналық жағынан да емес, сонымен бірге олардың айтылуы мен жазылуы да қазіргі қазақ тілінде де осы күйде айтылып, жазылатынын аңғарсақ, бұның нақты дәлел екенін көру қиын емес сияқты [1].

Қожа Ахмет Ясауи өз шығармасында сопылық діни ілім туралы көп сөз ете отырып, шын мәнісінде бұл ілім мен білімнің, данагөйліктің анық қайнар көзі деп санайды, ал сопылық ілімнің барлық қыр-сырын білмейтін адамды Ясауи «надан», «түк білмейтін», «өтірікші», «жалған сөйлеуші» тіпті мұндай адамдарды «жалған сопы» деп те көрсетеді. Ал мына өлең жолдарында Ясауи дүнием бар деп дүниеңе сене берме, ата-анаң мен туысыңды ойла, солардың қамын жаса, дүние үшін қам жеме, кісінің малына қол сұқпа деп жазып көрсетеді.

Мысалға мына жолдарда дәл осылай жазылған:

Білгейсің бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.
Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр,
Төрт аяқты шабан ат бір күн саған жетер.
Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені деме,
Сират көпірі тұрар кісі малын жеме.

Бұл өлең жолдарынан нәпсіқұмарлықты, надандық пен дүниеқоңыздықтың пайдасы жоқ екендігін, ондай қасиеттерден аулақ жүру керектігі туралы сөз қозғап, адамның дүниетанымдық қасиетін дамытуға өз үлесін қосады. Қожа Ахмет Ясауи және оның «Диуани Хикметі» арқылы 81 сопылық түркі тілдес халықтардың рухани танымында, мәдениеті мен тілінде, сөздік қорында шешуші орын алды деуге болады. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүниетанымының қалыптасуына, дамуына, өркендеуіне, ерекшеленуіне үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел ретінде Қожа Ахмет Ясауиден кейінгі көптеген қазақ ақын, жырауларының, жыршыларының шығармаларынан да сопылықтың тікелей әсерін байқауға болады.

Ал төмендегі өлең жолдарынан да осы іспеттес мәнді сөздерді аңғаруға болады:

Ел-жұрт, туыс ешқайсысы болмас жолдас,
Мәрт болғайсың: ғұмырың желдей өтер, ғарыб бас.
Құл Қожа Ахмет, тағат қыл, білмейсің өмірің неше жыл,
Асыл тегің су менен күл, тағы айналып боларсың күл, – дейді.

Яғни, қысқа берілген ғұмырымызда бәріміз саналы өмір сүрейік, бізге берілген жарық дүниені бағалайық, қадірлейік, бағасына жетейік деп сипаттайды [2].

Ясауи өзінің айналасын қоршаған жамандық пен жаман қасиеттерден өз бойын осылайша ғана адал сақтауға, аулақ жүруге болады деп түсіндіреді, ақын өзінің 15 хикметінде:

Наданменен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса, дозақ та одан қашар,
Наданменен дозаққа қылма сапар,
Наданмен қазан айындай солдым, міне.
Дұға қыл надандарға мойын бұрмай,
Хақ тағала қолдаса, тіптен оңай,
Надандар сорласа, жүре бер халін білмей,
Надандардан жүз мың жапа көрдім, міне.

Қ.А.Ясауи– өзінің бүкіл саналы ғұмырын туған еліне, жұртына, тіпті жалпы түркі дүниесіне, әсіресе болашақ өсіп келе жатқан жас өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, танымына, мінез-құлқына жұмсаған ғұлама ғалым қаламгер [3].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. -Алматы: Санат, 1997. 129-б.

2.Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: Оқулық. -Алматы: Ана тілі, 1991. 264-б.

3.Боранбай Ж. Қожа Ахмет Яссауи-сопылық поэзияның көрнекті өкілі әрі ағартушысы // Ақиқат. № 7. 59–64-б. 1(34). 23–35-б.

ӘОЖ 82.780.12

# ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ САТИРА МЕН ИРОНИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

**СКАКОВА М.А.**
№26 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В статье рассматривается выражение сатиры и иронии в народном фольклоре.
**Summary**. The article examines the expression of satire and irony in folk folklore.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі – шешендік өнер. Шешендік өнер – ақындық айтыс секілді қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанрларының бірі. Шешендік сөздердің ерекшелігі – олар көбінесе дауласу үстінде, билік шешім айтылған кезде немесе екі кісі тілдесіп, сөз қағысқан кезде туған. Шешендік сөздерге нәр беріп, оның өзегі болатын – тауып айтылған, ұтымды, өткір жауап, қағытпа сөз. Шешендік сөздер жанрлық белгілеріне қарай: шешендік дау; шешендік толғау; шешендік арнау деп жіктеледі. Дегенмен, қазақ әдебиетінде шешендік сөздің аясы өте кең. Тек дауласу, сөзбен қағысу, пікір таласу түріндегі шешендік сөздерді бөлек алғанның өзінде де, шешендік сөздердің қазақ өмірінде неше алуан жағдайларда туып, кең қанат жайған. Сондықтан шешендік сөздер құрылысы, ырғақ-әуені жағынан үлкен екі топқа бөлеміз: ырғақты қара сөзге құрылған пернелі сөз түрі, белгілі өлшемі бар, жыр түріне жақын термелісөз түрі.

Қазақ шешендік сөздері жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызша айтылып, ауызша сақталған. Сондықтан олар көп жөндеуден өтіп, халық шығармасы ретінде жеткен. Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып көп үйренуді, талай тартысқа түсіп жалықпай жаттығуды тілейтін өнер. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз, ол табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топта тайсалмай сөз бастайтын батыл, сөз сайысында сабырлы болуы шарт. Сондықтан шешендік өнердің қиындығы туралы ел арасында:

«Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде су болса,
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау болса,
Шаршы жерде жау болса,
Шаршы топта сөз бастау қиын,
Шешуін адам таппас дау бар» [1,48б.].

Асылы, шешен кісі өз заманының озат ойшылы, көкейге тоқығаны көп, ақылды азамат болуы керек. Бізге есімдері аңыз болып жеткен Жиренше, Аяз би, Төле, Қазыбек, Әйтеке, бергісі Исатай мен Сырым, Бөлтірік, Сапақ шешендер сондай от ауызды орақ тілді адамдар болған.

Шешендік өнердің асыл арқауы билердің шешендік сөздерінде жатыр. Билер өз заманының тарихшысы, заңшысы, ақылшысы. Мысалы, XII-XIII ғ. Майқы би, XIY-XY ғасырлардан Жиренше шешен, Асан атымен байланысты халық есінде сақталған, біздің дәуірімізге жеткен өсиет, насихат, нақыл сөздерде жоқшылықтың, шапқыншылықтың ауыр азабы халықтың бейбіт өмір, жайлы қоныс туралы арманы мен қиыншылықтарға қарсы күресі бейнеленген. XYII-XYIII ғасырдағы шешендік өнерде Қоқан, Жоңғар, Қалмақтарға қарсы күресі идеясы бар. Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым, Жәнібек аттары мен байланысты елді бірлікке, ауызбіршілікке үндеу сарынын байқаймыз.

Сатира, юмор қазақ ауыз әдебиетінің шешендік сөздер саласында мол. Бұл түр көбіне сөзбен қақтығысып, пікір аңдысып отырғанда даукер боп жүйеге жүгінгенде туады. Яғни, оның туу, айтылу жағдайы мен міндет-мақсатының өзі сын-сықақты талап етеді.

Шешендік сөздерде сатира әрқилы сипатта көрінеді. Бірде ол ұрланып, бұғып, байқалмай тұрады. Халық дана, халық тапқыр. Ол алып та, шалып та жығады. Бірде өз сынын ашық түрде сарказммен айтса, бірде емеурінмен, тұспалмен, ишарамен аңғартады. Айқайлап, сөгіп, жекіп айту үнемі әсерлі, тиімді болмайды деп қарайды. Майдалап, жақауратып шеней отырып, ақыл айтады, қамқоршы болады. Мысалы,

«Жапалақ құс мақтанса,
Жардан тышқан алдым дер.
Жаман адам мақтанса,

Жақсыны аяқтан шалдым дер,
Сол жерде бір теңеліп қалдым дер» [2,202б.], –
немесе:
«Табансыз жолдас серігін жайға тастар.
Табанды жолдас серігін қиынға бастар» [2,202б.], –
деген шешендік сөздерде, бір қарағанда, сын-сықақ жоқ сияқты [2,202б.]. Бұл мысалдарда осы әдіс қолданылған. Оларда қос қилы сыр-сипат бар.

Алғашқы сөзде, бір жағынан, кейбір надандардың жақсының етегінен алғанына мәз болатынын, соны өзіне мәртебе көретінін, «үйттім», «бүйттім» деп мақтан ететінін жанамалап мінесе, екінші жағынан, жалпы жұртқа солардай болма деп өнеге айтып отыр. Екінші сөзде әрі опасыздықты, қорқақтықты сынаса, әрі табанды бол, дос үшін жаныңды сала біл, қиын-қыстау сәттерде оның қасынан табыл деген өсиет жатыр. Мұндай шешендік сөздерді Т.Қожакеев осы қасиетіне қарап дидактикалық сатира деп атайды. Бұл түр он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысына дейінгі көп ақындардың толғау, термелерінде жиі ұшырасады.

Ақан сері шығармашылығынан осы үлгіні көп кездестірген ақын-ғалым Әбділда Тәжібаев оны «...ақыл-нақыл мен сатираның құрамдысы, қосауыз мылтық» деп өте әдемі бейнелеп айтады [3, 41б.].

Кейбір шешендік сөздер дидактикасыз, таза сатира түрінде айтылады. Мысалы:
«Байды құдай ұрарда,
Барымталасып дау бастайды.
Кедейді құдай ұрарда,
Егін салып, сусыз тастайды.
Қатынды құдай ұрарда,
Ел қыдырып, үйін иесіз тастайды.
Ұлықты құдай ұрарда
Елдегі ақымақтың сөзін қостайды» [2,202б.], –
деген шешендік сөзде ешбір дидактика жоқ. Байдың барымташыл, даукестігі, кедейдің салақтығы, қатынның қыдырымпаздығы, ұлықтың бұзықтығы ашық та тура сыналған. Олардың бұлай етуі – құдайдың ұрғаны, яғни, қасиеттен айырылып, оңбағаны дейді шешендік сөз. Оның ұрлыққа ауыз салуының ерекше мәні бар. Бұл – қоғамдық құрылысқа, оны билеушілерге тура айтылған шешендік сатира.

Шешендік сатираның бірсыпырасы қарасөз болып келеді. Мысалы, қымыз ішіп қызара бөртіп отырған билердің үстіне бір қойшы келіп қалады. Үй иесі оған қымыз ұсынады. Билер дыбысын шығармай қылғытып отырғанда, қойшы қылқ-қылқ еткізіп жұтады. Мұны жөн көрмеген бір би:

– Мына патшағар түйеше сораптайды ғой, –дейді. Сонда қойшы жігіт:

– Қылғытып жұтатын кілең есектердің ішінде бір түйе болмай ма екен, –депті.

Міне, бұл – өткір сатиралық реплика, шешендіктің, тапқырлықтың үлгісі. Мұнда қойшыны сөгем дегені бидің өзі масқара боп, бір ауыз сөзбен шоққа отырып қалған.

Шешендік сөздер сықақсыз, жеңіл күлкілі түрде де айтыла береді. Мысалы, үйіне келіп амандасып тұрғандарға, арғын Мұнасып батыр былай деп сәлем жауап айтады:
«Түзде жүрсем, батырмын,
Үйге келсем, қатынмын.
Қатын ауру, бала жас,
Тары түйіп жатырмын.
Менің атым Мұнасып,
Жүрем десең, жол ашық,
Түсем десең үй мынау,
Алдыңдағы лашық» [2,202б.].

Бұл – термелеп, тақпақтап айтылған әзіл-қалжыңды шешендік жауап. Мұнда ешбір сықақ, сықақтық объекті жоқ, бірақ юмор бар. Ондағы күлкі– екінші және төртінші жолдарда. Батырдың аққөңіл ашықтығына, «...қатынмын, тары түйіп жатырмын» дегеніне күлесің. Өйткені, «ұлық болсаң, кішік бол!» демекші түзде батыр болып, үйде бейнетқор, бала-шағаға қамқор болудың еш айыбы жоқ.

Қорыта айтқанда, қазақ ауыз әдебиетіндегі асыл мұраның бірі–шешендік өнер бірде халқымыздың жамандыққа қарсы жұмсар сын семсері, құралы ретінде қолданылса, тағы бірде әзілдей айтылып, күле отырар рухани азығы ретінде пайдаланылады. Енді бірде ұлықтардың

біріне ауыз салып, оларды сынап-мінеп тұқырту арқылы, қоғамдық тәртіп пен жөн жосықтың жаңа сипат алуына ықпал етіп отырған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1999. –436б.

2.Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.

3.Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. –Алматы: Жазушы, 1998. – 416б.


ӘОЖ 82.147.12

# МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**АТАЕВА Э.А.**
№26 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье представлены многочисленные произведения Мухтара Шаханова, вдохновленные чистым национальным духом страны, вдохновленные духовными и общечеловеческими ценностями мировой литературы.

**Summary.** In the article, MukhtarShakhanov's many works, inspired by the spiritual and human values, inspired by the pure national spirit of the country, are published in the world literature.

Қазақ елімнің тілі мен рухани құндылықтары тақырыбында жырларымен мәселе көтеріп, еңбегі сіңген белгілі ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов осы орайда бұл мәселеге байланысты «Космополит қазақтар» атты өлеңінде тереңінен ой қозғайды:

«Безбүйрек нарықтың бәсейтіп даңғырын,
Зарланған, қорланған туған тіл тағдырын.
Космополит басшылар шешпей ме, шеше ме?
Тіліміз қала бере ме панасыз адамдай көшеде?
Ұлт үшін қазір бұл – Нөмірі бірінші мәселе» [1].

М.Шаханов поэзиясы өз халқының тарихи тәжірибесін арқау етіп, жан толқытар мәселелерді көтеріп, оған жол көрсетіп отырды.

М.Шаханов рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан сан қырлы, еліміздің таза ұлттық рухынан тыныс алған күрделі туындылары әлем әдебиеті қатарында көзге түсіп, арнайы марапаттарға да иеленіп жүр.

Мұхтар шығармаларының негізгі тақырыптары – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті айту; ездікті, зұлымдықты түп тамырымен балта шабу. Мұхтар осы жайларды ешкімге ұқсамайтын өрлігі мен өз дәлелімен өрнектеуге тырысады. Мысалы:

«Өмір жайлы сан толқыдым, толғандым,
Достар, достар менен үміт үзбеңдер.
Мені кілең адал ойлы жандардың,
Қатарынан іздеңдер», – дейді ақын.

Оның өлеңдері бірде осылайша жан сезімін алдыңызға бар ақиқатымен жайып салған адамның сырындай қабылданса, енді бірде жігерлендіруші күш танытып отырады:

Өзің-ақ айтшы ғаламда мынау
Жеңудің бәрі жеңіс пе?
Жігітке арман жеткізіп пе еді,
Өз сорын өзі жеңбесе.
Өмірдің барлық сәтсіздіктері,
Бақытсыздық емес ендеше [2] !

Өмірде өз қабілетіңді дұрыс танып, қоғамның, халқыңның қажетіне жарау үшін арманды дұрыс таңдай білу керектігін уағыздай отырып, осындай қорытындыға келді.

Мұхтар Шаханов поэзиясы арқылы ел тағдырын жырлаумен келеді. «Сейхундария», «Күре тамырды іздеу», «Сенім патшалығы» секілді философиялық поэмаларында ақиқат пен жалған, сенім мен күдік, махаббат пен қызғаныш, адалдық пен арамдық, ізгілік пен қиянат, ерлік пен сатқындық секілді рухани өмір өлшемдерінен болмыс заңдарына бойлай отырып, бар жақсылықтың басы – туған анаға, туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталатынын «Туған жермен сырласу» өлеңінде дәлелдейді:

«Төсінде өзім қызық күндер кешірген,
Дархан далам кетпейді бір есімнен.
Қанша үңілсем, көрінбейді жас шегі,
Сенен шырқау таулар да көп еңселі.
Даңқы сенен биіктер бар.
Солардың барлығынан артық сүйем мен сені.
Ақ қарыңа арманымды түнеткен,
Өзіңсің ғой жүрегіме гүл еккен.
Сол жүрекпен қызды сүйсе несі айып,
Сені сүйем қызды сүйген жүрекпен.
Өміріңде бір адамды беріле
Сүймегендер – сүйе алмайды сені де!»

Мұхтардың «Жеңілген жеңімпаз хандығы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты шағын поэмасы қираған қаланың тағдыры бүгінгі халық тағдырымен байланысып, ұрпаққа жауапкершілік жүктелгендей болады. Сатқындықтың құрбаны болған Отырар ойран болды. Осы кезге дейін дауасы табылмаған сатқындық туралы, адам бойындағы ең жек көріншті қасиетті ақын осылайша өз жырына арқау етті.

«Нәпсі философиясынан Рух философиясын жоғары қою адамзат мүддесіне сай екенін Мұхтар Шаханов тамаша дәлелдеп шыққан және ол Рух болмысын қорғауды басты мәселе етіп көтерген. Бұл биік гуманистік позиция  автордың әлемдік деңгейдегі ой-санасының көрінісі» [3].

Мұхтар Шахановтың «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғысханның пенделік құпиясы) атты поэмасы «Өркениеттің адасуы» атты кітабымен үндес, бір-бірі толықтырып тұрған, терең философиялық астары бар, мәңгілік өмір айналымының сыры мен жұмбағына үңілген, оқырманның алдына түйіні күрделі сауалдар тастап, терең ойға тартатын дүние екеніне көз жеткіздік. Ішкі байламы берік, рухы мықты болса ол адамдық қалпын жоғалтпайды. Ал ішкі «Менінен» айырылған адам рухсыздық дертіне шалдығады. Рухсыздық–барлық бақытсыздықтың бастауы. М.Шаханов адамзатты осы Рухсыздық апатынан сақтандырды…

Адамзат Рухсыздық апатының алдында тұр. Ақшаға құл болу, материалдық байлыққа бас ию адамды рухани азғындыққа бастайды. Бұлай жалғаса берсе, адам санамен емес қарынмен ойлайтын халге жетпек. Бізге алапат күш иесі емес, жүрегімен жылылық сыйлай алатын жан керек. М.Шаханов – осындай поэзиялық ақын.

Ал өзінің «Өркениеттің адасуы» деген дастаны да шоқтығы биік туынды. Бұл поэма қазіргі әлемдік поэзиядағы жетістіктердің бірі ретінде ЮНЕСКО тарапынан жоғары бағаға ие болып, көптеген елдердің қызығушылығын туғызғаны мәлім. Поэзия–адалдық пен ақиқатты, ізгілік пен парасатты, жарасым мен үйлесімділікті мұрат тұтқан біртұтас рух майданы. Ақынның танымдық әлемі өлең жолдарында өз өрнегін қалдырып отырады. Нәзік сезім сырларын шерткен Мұхтар Шахановтың шығармашылық жолы ғибрат-тағылымға толы.

Мұхтар Шаханов поэзиясының арқауы – ерлік пен өрлік, халқымыз бастан кешкен көне тарих, тағдырдың әр қилы ахуалдары, шешім таппай аласұрған сезім сырлары десек, ол өткен тарихымыздың санада өшпестей болып қалған тұлғаларының рухын өз жырлары арқылы тірілтіп, замандастарына ой салуды, ар мен азаматтықты уағыздауды парыз санайды. Халқының азаттығы жолында құрбан болған Махамбеттей арыстың жұртының алдында көрген түсі өңінде өзін тұңғиыққа тіреген ойдан арылта алмайды. Өзіне таныс қол яғни, «алтынды көріп жолдан тайған» сатқындық жасағанға берілер әділ үкімді ақын «Нарынқұм трагедиясында»:

Мен түсімде зорлық көрдім,
Қорлық көрдім ғаламат,
Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді сағалап.
Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап,
Бара жатты ата мекен – Ақ Жайықты жағалап… –

деп жүректі шымырлата суреттейді [4]. Қайраткерлік болмысы ақындықпен тұтасқан ақынның қаламынан туған шығармалар тақырыбы кең өріс, дара сипат алып, өрістей түсті. Оған дәлел –

даңқты жазушы Шыңғыс Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары», оқырманына көп ой салған «Жазагер жады космоформуласы немесе Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» туындылары. Мұхтар Шаханов поэзиясының алтын арқауы – қасиетті ана тілінің тағдыры. Ақынның:

Тарихың тұр санаңа өткел тастап,
Өз тілінде ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап,
Бүкіл баба рухымен байланысың кесілер.
Тағдырыңнан ата ғасыр шамын солай өшірер.
Қатеңді әбжіл түзетпесең, толыққанды жоқ тірлік.
Біз бабалар сүйегіне, сеніміне бақ құрдық,
Бақ құрдық та ұлтсыздық кеңістікке ат бұрдық.
Өз тіліңді жерсінбеудің,
Өз анаңды менсінбеудің,
Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?

Ол – рухани мүгедектік әрі ұлттық сатқындық, – деген перзенттік тебіренісі ұлтты, тарихты, тілді қастерлеуге үндеген ақын жүрегінің дауысы.

Ақынның елі мен жерінің, халқының бүгіні мен ертеңіне толғанбаған сәті жоқ шығар. Туған тіл тағдырына алаңдаған қаламгердің «Тілсіздендіру анатомиясы» кітабына енген тіл, ұлттық рух, космополиттік ағым тақырыбындағы эссе-поэмалары азаматтық ұстанымын, ақындық бет-бағдарын айқын таныта түскен шығармалар. Ұлт мүддесі – ақын мүддесі. Ақындықтың жауапкершілігін, міндеті мен азабын терең түсініп, түйсінген ақын өзінің ұстанымын былай танытқан екен:

Басты мақсат – өз халқыңның сан ғасырлық ағысын,
Жеңісі мен жеңілісін, тілін, рухын, намысын,
Жүрегіңнің санасынан, елегінен өткізу,
Және оның қасіретін, Ұлтқа, тілге бас иетін,
Қалың елге жырмен, іспен, мінезіңмен жеткізу.
Жеткізе алмай дірілдесең… ол – шошыну, тосылу,
Үркектердің, қорқақтардың қатарына қосылу.
Ондайлардың маңдайына мәңгілікке сор қатқан,
Ешқашанда шыншыл ақын шыққан емес қорқақтан!

Ақындық мұратын ұлт мүддесі, ана тілі мүддесі үшін тынымсыз күреспен тығыз байланыстырған қаламгердің өр екпінді поэзиясын күрескер рухтың өміршең жырлары деп бағалаймыз [5].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Шаханов Мұхтар. Эвереске шығу: (Өлеңдер, балладалар, поэмалар).–Алматы,2003. – 272б.
2.Шаханов Мұхтар. Компьютербасты жарты адамдар: (Рухсызкүшформуласы): (Таңдамалыжырлар, балладалар, дастандар,әндер). –Алматы, 2003. – 200б.
3.Мұхтар Шаханов Ғашықтық ғаламаты: Өлеңдер , балладалар ,поэмалар. – Алматы: Өнер, 2012. – 480б.
4.Шаханов Мұхтар. Жаңа қазақтар ( Таңдамалы жырлар). –Алматы, 2000.–224б. 280б.
5.Жанат Әскербекқызы. «Ұлт рухының шырақшысы» www.egemen.kz 03 Ші

ӘОЖ 82.333.047

## ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ, МАҒЖАН, СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**УСЕНКУЛОВА Г.Е.**
Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются актуальные проблемы казахской литературы начала XX века и творчество Шакарима, Магжана, Султанмахмута.

**Summary.** The article examines the current problems of Kazakh literature of the early twentieth century and the work of Shakarim, Magzhan, Sultanmakhmut.

XX ғасыр басындағы ақындар шоғырының арасынан біз бөліп қарағалы отырған ірі тұлғалар – Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт. Бұл үш ақынның да ұлттық поэзиядағы алатын орны ерекше екені белгілі. XX ғасыр басындағы поэзия ішінен Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт шығармаларын айрықша бөле-жара қарастырғанда, ақынның жеке басына, портреттік жағына өмір жолына зер салудан гөрі, олардың шығармаларындағы ақын образына терең көңіл бөлініп, поэзияның ішкі табиғатынан тұлғаның даралық сипатын айқындауға күш салдық.

Поэзиядағы ақынға тән дара мінез бен ішкі сезімнің үндесіп келіп лирикалық тұлға түзуі – бұл ақынның поэтикалық әлемін танытуына жол ашуы дер едік. Нақтылай айтқанда, лирикалық «меннің» жан-дүниесіне үңілу деген сөз – ақынның өз жүрегіне үңілуі. Ақын лирикалық кейіпкерді бейнелеу үстінде өз жанының жұмбақ қырлары мен шынайы жүрек сырын сарқа ақтаруы арқылы ғана даралыққа бой ұратыны шындық. «Олай болса, ол өзінің өлеңінде қаһарманын барынша биікке көтеріп қана қоймайды, бәрінен бұрын өз дауысын естіртуге, ақын екенін танытуға тырысады» [1; 143б]. Демек, лирикада ақын белгілі бір қаһарманды көрсету үшін емес, өзінің ой-арманы мен мақсат-мүддесін, тіпті өмірлік позициясын білдіруге ұмтылады. Яғни, «Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады» [2; 16б]. Ақын өзіне ғана тән мінезі мен ой-сезімін лирикалық образға береді, осы лирикалық образдың түп-төркінінде нақты ақын тұлғасының тұрғаны, ақындық даралық жатқаны ақиқат.

Әрине, дара шығармашылық сипат, ақын тұлғасының алға шығуы ұлттық поэзияда жыраулық дәуір әдебиетімен орныққаны белгілі. Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз жырларында алдыңғы кезекке өздерін қойып, ел алдындағы, хан алдындағы ерлікке толы абырой-беделін асқақтата көтеру арқылы романтикалық өр тұлғасын сомдаса, XX ғасыр басындағы Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт жырларында жеке бастарының көңіл-күйі, ішкі ой иірімдері нәзік лирикалық сезіммен, терең танымымен, ақындық дара мінезбен, шығармашылық шеберлікпен тұлға табиғатын тереңнен қозғай соны қырынан салмақтатады. А.Байтұрсынов айтқандай: «Жыршыдан жыршы жатқа үйренген себепті жырлар ауыздан-ауызға көшкен, қиялдан-қиялдан түскен» [3; 231б], ғасырдан-ғасырға ұласып, әр ғасырдың өзіндік таным-түсінігімен «көпіріп», «көркейгендіктен» нақты шығарушы ақынның тұлғасы бұлдыр тартып, тіпті өшіп те қалған.

Атақты түркі дәуірінің мәдени мұрасы саналатын Орхон-Енисей сынтас ескерткіштері туралы сөз қозғасақ та, бұл проблема ежелден қалыптасып келе жатқан канондық қалыптан ауытқи қоймағанын зерделейміз. YIII ғасырда тасқа бәдізшілер арқылы қашалған «Күлтегін», «Тонықөк» ескерткіштерінің мән-мазмұны бірін-бірі толықтырып қана тұрған жоқ, ол мұралардың баяндалу тәсілдері де бірдей. Ұлы қағандар мен алып батырлар атынан баяндалатын бұл тасқа таңбаланған ғажап жазба ескерткіштің өзінде жыр тіліне жақындатып жырлап отырған жыршының немесе жылнамашының да «мен» арқылы... Асан қайғыша, Бұқарша шешен сөйлеп, толғап кету, мақалдап кету немесе жоқтау айту, тіпті ерлік жорықтарды жырлап кету бар» [4; 18б] екенін жоққа шығара алмаймыз. «Яғни, XY ғасырдағы сияқты «мен»-нің тасасында тұрып айтушы-шежіреші» [4; 18б] бар, дегенмен «ескеркіштердің авторлары да анықталған жоқ. Біздіңше, олар– Йоллығ-тегін мен Тонықөк» [5; 18б].

Тізеліні бүгілдірді,
Бастыны жүгіндірді, –

дейтін поэтикалық оралымдар жыраулар поэзиясына ғана емес, XX ғасыр басындағы Мағжанның түркілік танымына да шөгіп, өшпес рухы қонғаны сезіліп тұр.

Бірақ, бұған қарап бұл ескеркіштерді тудырған жандарды жеке-дара образы айқындалған, стилі қалыптасқан ақындық тұлға деп қабылдау мүмкін емес. Түркі заманына дейін де халық әдебиетінің дамуына сай сақталып келген ауыз әдебиетіне тән элементтер бұл ескеркіштерде жалғасып қана қойған жоқ, ол кейінгі дәуірлерге де сәулесін түсіргені шындық. Сондықтан да тас ескерткіштердегі шешендік толғау үлгісі кейінгі жорықшы жыраулық дәуірлерде де, Абай мен Дулат, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Сұлтанмахмұт кезеңінде де өз сыпатын таныта алды. Ал нақты қазақ атымен аталатын әдебиеттің қалыптасу кезеңі қазақ хандығының құрылуымен тығыз байланысты. Басқа түркі халықтарына ортақ бола алмайтын, өзіндік жеке авторлары бар ұлтық поэзия, XY ғасырда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған сияқты жыраулардың бізге жеткен

мұрасынан бастау ала отырып, мүлде жаңаша бағытта дамығаны айқын. Мұның айқын мысалы–Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт шығармашылығы ғана емес, XYIII ғасырдан бергі күллі қазақ поэзиясындағы кесек тұлғалардың кесімді тіл өрнегі, өлең үлгісі, даралық болмысы.

Бес ғасырға жуық дәуірді қамтитын жыраулық поэзия бүтін бір ұлттың дүниетанымын, салт-санасын, жан-дүние сезімін жеткізіп қана қоймай, халықтың мұң-шерін қозғаған тарихи оқиғалар мен қанды жорықтарды, ұлт болып ұйысу кезеңіндегі ірілі-уақты істерді бейнелеген ақын-жыраулардың даралық шеберліктерін айқындай түседі. Жеке дара ақындық шеберліктің шынайы болмысы тап осы жыраулық поэзиядан басталған соны сипат екені даусыз.

Жыраулар поэзиясының басында тұрған, аты аңызға айналған ақылман Асанды толғантқан ұлт қамы, оның гуманист, философ ақынға тән бейнесі кейінгі қазақ өлеңіне, Абай мен Шәкәрім лирикасына анық жарығын түсірді. Адам мен табиғаттың бірлігі, сыртқы материалдық әлем мен ішкі рухани дүниенің тұтастығы тұрғысынан ой түю Асан өлеңдеріне қатысты басты белгінің бірі. «Бұл заманда не ғаріп?», «Есті көрсең кем деме», «Көлде жүрген қоңыр қаз», т.б. өлеңдерінде ақын тұлғасы ел мен жер қамын жеген ойшыл, ақылшы, кеңесші бейнесінде толық ашылады. Кейінгі Шәкәрімнің философиялық лирикасына зер салсақ та, осы Асан қайғы толғауларындағы ой-таныммен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес. Ұлы Мағжанның «Мен кім?» өлеңінде:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте– бұлт, жерде желмін гулеген...

дейтін, өз-өзін асыра бағалайтын, риторикалық сауал тастап, оған өз тұлғасын нақты аша жауап қататын стильдік сипаты сонау жыраулар үлгісінен соқпақ салып жатқаны сөзсіз. Бұл ақындық күштің өр тұлғасы Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиембет жырларында айқын аңғарылады. Негізінен толғау түрінде келетін жыраулық поэзияда жыраудың қоғамдағы орны мен айналасындағы жұртқа ықпалын сезініп, өз құдіретін танытуын біз сол дәуір әдебиетіне тән құбылыс деп қарағанымыз жөн. Әсіресе, мадақ, арнау жырларында жыраулар өз аты-жөндерін атай көрсетіп, нақты тұлғаларын афористік нақылмен асыра бағалайды.

Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.
Бұлыт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын бұзып дінді ашқан.
Сүйінішұлы Қазтуған!!!

Өз заманында ешкім бой таластыра алмаған жыраулардың жырларынан да XIX ғасырдағы Дулат пен Абайдың алып тұлғасын анықтар, XX ғасырдағы Шәкәрім, Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұттың ірі тұлғасын түстетер ақындық қуат-құдіреттің бастау бұлағын байқау қиын емес. Олардағы сөз мәйегі ғана емес, арналы ой жүйесін Абайдан соңғы Шәкәрім мен Мағжан секілді ақындар да үлгі тұтты.

Ақын образы–ақынның кез келген шығармасында қағылған түп қазық. Ақын нені айтып, не жөнінде суреттегісі келсе де, өзінің әдеби бейнесі, көркем образы арқылы алға шығады. «Сондықтан өлеңдегі лирикалық тұлға автордың бейнесін танытады дей отырып, ол оның поэзиядағы көркемдік көрінісі екенін ұмытпау қажет» [6; 35б]. Мағжанның «Сүйемін» өлеңінде ақын туған жерінің, жарының, анасының, алаш елінің қасіретті күйін, күйікті халін өзі қабылдаған ащы өмірдің суреттерімен ғана сипаттайды.

Күлдей күңгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар.
Көз дегенің сұп-сұр көр
...Көрше ауыр күрсінер,
Менің бір қарт анам бар,
Неге екенін білмеймін.
Сол анамды сүйемін!

Күнделікті күйбең тіршіліктің өзіне жан бітіріп, Мағжандық қолтаңбаны анық танытатын, сезімді селт еткізер тіркестер–«көз дегенің сұп-сұр көр», «көрше ауыр күрсінген» ананың, «көзінде көк нұры жоқ» әйелдің азапты тұрмыста қажыған, шаршаған, жабыққан жан сезімі сол қоғамдағы жалпы қазақ елінің жағдайынан сыр береді. Ақын әлде біреулер секілді елі мен жеріне, жары мен анасына деген сезім-сырын жалаң түрде емес, кестелі тіл құдіретімен, көркем ой жүйесімен сабақтай келіп, «сүйемін» деген нақты өзінің кесімді сөзімен түйіп отырады.

Ұйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген,
...Алдындағы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген
Алаш деген елім бар
...Сол елімді сүйемін.

Көз алдыңа басына тымағын баса киіп, мал соңында жүрген қара қазақ елес береді. Бұл бір адам емес, бүтін бір ұлт. Осы бір бүтін ұлтқа тән мінез бен бітім-болмысты сынай барлаған ақын өз-өзіне де сынмен қарайды. Өзі де сол бағы жанбаған жұртының бірі болғандықтан бауыры езіле тұрып ой танытады. Бейшара жұртынан бірақ безінбейді, керісінше «Неге екенін білмеймін, сол елімді сүйемін» деп, ұлтына деген ұлы махаббатына адал, айнымас күйінде қалады.

Ғасырдың басында барша қазақ қоғамының алдында ерікті мемлекет, іргелі ұлт ретінде жаңғыру мәселесі тұрды. Езілген ел қамын жеген, әлеуметтік мәселені рухани отарлаушылықпен салғастыра суреттеген ақын-жазушылардың нақты позициясы айқындалды. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиеті деп негізінде, оның 1900-1920 жылдар арасындағы әдебиетін: ақын, жазушыларын айтамыз» [7; 105б]. Ендеше, осы кезеңнің аумалы-төкпелі оқиғалары тек Мағжанда ғана емес, барлығына ортақ болды. Отар ел қазақтың өз тізгінінен айырылғанына, өнер ғылымының өркендемегеніне ой жіберген Сұлтанмахмұт та «Жазғы қайғы» аталатын өлеңінде:

Маужырап кеш болғанда жұлдыз айы,
Мұнартып көкшіл тартқан қыр мен сайы
Қой маңырап, түйе боздап, сиыр мөңіреп
Жылқы кісінеп, ойнақтап құлын, тайы–

деп тыныш табиғаттың тынысын сезіне тұрып, төрт түлік мал қаптаған қыр мен ойдың сұлу келбетін, маужыраған кештегі күйіс қайырған малдардың еркін тіршілігін тұп-тұнық күйде суреттейді. Ақын танымы табиғаттың тұнық күйінен біртін-біртін тереңдеп, лирикалық кейіпкер бейнесіне ауыса өз ойын ашына білдіреді.

Бетіңді қайыстырып мұжық басқан,
Тітіреп ызғарынан жер мен аспан.
«Ал құтыл жау жетті» деп, қойдай үркіп,
Иең-мен өлмей жүрмін әзер аштан.

Орыс отаршылдығының бір көрінісі қазақ жеріне қара шекпенді мұжықтардың қаптап келуіне қарсылық білдірген ақын өзінің ішкі мұңын, жан сырын жерімен, лирикалық бейнемен бөлісе отырып, «иең–мен» деп, толық қожайыны өзі екенін білдіріп, бүкіл қазақ ұлтының атынан жеткізеді.

Қасиетті бабалардың зираты
Қоймады тасыңды да монша жағып.

Қазақ ежелден ата-баба аруағын сыйлап, пір тұтып келген халық. Енді сол ата-баба аруағының да тапталғанын көрсету арқылы ой салады.

Ал енді бізге келген заман қандай,
Заманға қарсы тұрар шамаң қандай,
Мұжықтың көк желке боп тепкісінде
Талайсыз неден болдық, аһ сормаңдай...

Бүтін бір халықтың ұзаққа созылған зар заманға тап келген сормаңдай күйін лирикалық қаһарманның күйінішімен, асылында ақынның азалы зарымен лирикалық қаһарман бұлайша толғануы заңды да, сөз жоқ ақын образы бүкіл өлең желісінен, мазмұнынан айқын аңғарылып тұр. Өлең өзегіндегі өртті ой–ақын ойы, ақын сезімі екені ақиқат.

Ақын образы–қоғамдық шындықты, заман кескінін ашуда әр ақында түрлі сипатта көрінуі заңдылық. Әр ақынның қилы-қилы лирикалық бейне жасап, оған өзінің ішкі ақындық ой-сезімін, индивидтік ерекшеліктерін қалыптастыруы әр түрлі деңгейде болып келеді. Оның себебі түсінікті де, өйткені, ол әрбір ақынның ішкі сезім дүниесіне, сыртқы дүниені танып-түсінуіне, білім-білігіне байланысты.

Мағжан мен Сұлтанмахмұт сияқты Шәкәрім де қазақ тұрмысына, ел ішіндегі еңселі өзгерістерге ерекше мән беріп, сөз өнерінде өзгеше өрнек түзген. Ұлы Абайды өкшелеген Шәкәрім шығармашылығы ұлттық лирикада тың таным, соны леп әкелгені рас. «Қазақ айнасы (өзіме)» өлеңінде ақын образы өз-өзімен сырласып, өз жүрегінің шындығын ешкімге айта алмай

арпалысқан лирикалық бейне ретінде көрінсе де, ақиқатында ол сезім жұртына деген жан сөзі екені өлеңнің ішкі табиғатынан анық аңғарылады.

...Артың анау, алдың су, көз жетпейді
Өтетұғын қамыңды ойланып бақ.

«...Алдың су, көз жетпейді» дегенде өзіне емес, жалпы жұртқа қаратып толғанған ақынның ішкі сезімі заман қайғысына ұласады. «Адамның қоғамдағы бір-біріне қатынасын мінез-құлқын ашып, оның ұнамсыз жақтарын әшкерелеуде Шәкәрім тереңдікті, көргіштікті байқатады» [8; 193б].

Өз уақытының, өз елінің жоқтаушысы бола алған бұл үш ақын да, сол кездің шындығын өлеңдерінде түрлі тәсілмен, түрлі лирикалық толғаныспен жеткізеді. «Ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына байланысты, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас. Ол қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол өз кезінің шындығы жатады»[9; 318б].

Табиғат, махаббат, көңіл-күй, саяси-әлеуметтік лирикалардағы түпсіз толғаныс, терең күйзеліс сезімін ақтара отырып, ақындық тұлғаның басты-басты құбылыстық қырларына бойладық.

Мақаланы жазу барысында ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясының дамуына үлес қосқан ғалымдардың (А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, Ә.Нарымбетов, Р.Нұрғалиев, Р.Бердібаев, Ш.Ибраев, Қ.М.Жүсіпов, А.Еспенбетов, Т.Шапаев, Б.Әбдіғазиев) зерттеу еңбектері тірек болды. Сондай-ақ, ХХ ғасыр басындағы ірі тұлғалар Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт лирикаларындағы ақынның сыртқы қоғамдық құбылыстарды түйсінуі, заман ағымына, өмір сүрген ортасына деген ішкі ой-толғанысы арқылы лирикадағы ақындық тұлғаның қалыптасу, даму тенденциясына тереңдеп бару, олардың шығармашылық шеберліктерін салыстыра отырып, өзіне дейінгі ақындармен ұқсас жақтарына да кеңінен көңіл бөлінді. Олардың ақындық болмысын ашуда ұлттық ой-сезім, ұлттық таным тұрғысынан көңіл аудара келіп, ақындық дара тұлғаларының соны қырларына зер салынды. Жекелеген творчестволық тұлғаның шығармашылық қырлары арқылы үш ақынның да ұлттық лирикадағы орны мен ерекшелігіне баса назар аудардық.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұттардың әлемдік поэзия биігіне көтеріліп, дара тұлға түзуінің өзі оларға дейінгі ұлттық поэзияның ықпал-әсерінің күштілігі деп батыл айтуға болады. ХХ ғасыр басындағы Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт поэзиясына дейінгі ұлттық поэзия өрісін кеңінен шола қарағанда анық көз жетер жай – ақын тұлғасының XY ғасырдан бергі ұлттық сөз өнерінде сөзсіз сөқталана сомдалғаны. Ауыз әдебиетіндегі баяндаушылық қызмет атқарған сұлбадан тамыр тартып, көне әдеби жәдігерлерден жалқы күй кешіп, тек нағыз ұлттық-жыраулық поэзия биігінен тұлғалық танытқан, ұлы Абаймен жан-жақты байып, толысқан ақындық тұлға ендігі кезеңде лирикалық тұлғамен жарыса лирика табиғатының күрделене түсуіне орай санаса көрініс беруге көшкеніне көзіміз жеткені шындық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Гегель В.Т. Эстетика. –М.,1999. –Т3. –с .511.
2. Қирабаев С.Шығармалар. –А., 1997.Т.2. –278б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. –А., 1989. –345б.
4. Өмірәлиев Қ. XY- XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. –А., 1976. – 356б.
5.Жолдасбеков М. Асыл арналар. –А., 2002. –345б.
6.Ахметов А. Абайдың ақындық әлемі. –А., 1995. –322б.
7.Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. –А., 2001. –235б.
8.Базарбаев М. Шәкәрім ақын // Жұлдыз. 1999.– №12, –296б.
9.Қабдолов З. Сөз өнері. –А., 2002. –457б.

ӘОЖ 81.210.33

## ДАНА ДА, ДАРА ТҰЛҒА – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

**АЛТЫНБЕКОВА М.Ж.**
№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ТҰРЫСБЕК М.Қ.**
№40 гимназияның 6 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассказывается о легендарном герое Бауыржане Момышулы, вошедшем в легенду как символ патриотизма и храбрости, как обладатель героизма и мужества, как образец благородства.
**Summary.** The article tells about the legendary hero BauyrzhanMomyshuly, who went down in legend as a symbol of patriotism and courage, as a possessor of heroism and courage, as an example of nobility.

«Баукеңнің телегей - теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мың жылдықтың әңгімесі».
*Хамит Ерғалиев*

Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойлап, тоқсан толғанған парасатты ойшыл. Мәңгілік даңқ тұғырына қондырылған Алаш елінің жиырмасыншы ғасырдағы бас батыры, біртуар ардағы Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан Соғысы кезінде үлкен ерлік көрсетіп, артына өшпес із қалдырды. Батыр бойындағы намыс пен өр мінез оның қайталанбас ерлігінен ғана емес, шығармаларынан көрініс табады. Осы орайда «Қазақты тану үшін, алдымен, Абай мен Бауыржан ілімдерінен сусындау керек...» деген ғалым Мырзахмет Мекемтасұлының сөзін еріксіз еске түсіресің. Ақылды, дара тұлға, қайратымен әдісін өзіне жолдас еткен, Бауыржанның жастарға қалдырған өсиеттерін, ерен еңбектерінен бойымызға жинай білуіміз керек.

Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол – суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы. Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде орыс тілінде жазылған, себебі бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Қазіргі уақытта бұл өсиеттер екі тілде де қолданысқа ие. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін топтай келе, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көз жеткізуге болады. «Елім» деп еңіреген ер ұлт, Отан, өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқубілім т.б. тақырыптарда өзінің дара, дана ойын жеткізуге тырысқан. Осы өсиет сөздерінің ішінде көбірек қалам тербегені қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдері екен. Батырдың өзі, сегіз қырлы бір сырлы «ел деп еңіреген ер» болғандықтан, бар білгенін, бар тәжірибесін өсиет ретінде артына қалдырған. Бұл өсиеттердің зор құндылығы жан тебірентетін білгірлікте.

Батыр тек қана еуропалық және ресейлік әскери ғылыммен, әскери өнерге сүйенбейді, өз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрлеріне арқа тірейді. «Білек бірді жығады, ақыл-айла мыңды жығады», «Ер намысы – ел намысы», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланған. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрады.

Қанатты сөздер жайдан-жай тумайды және оны айтып қалдыру кім болса соның қолынан келе бермейді. Ол үшін ғұлама, терең ойшыл, үлкен философ, ақынжанды және өз басы күнделікті күйкілжің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға болуы керек. Бәукең, міне, сондай адам. Ол кісінің нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. «Намысты нанға сатпа», «Ердің туы – намыс», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз ол

тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де санасында жатталған ұлағатты сөздер. Бауыржан Момышұлы мұрасы – ұлт рухының оқулығы. Қаламгердің шығармаларын оқи отырып өскен әрбір ұрпақтың ұлтына неғұрлым жақындай түседі, еліне деген сүйіспеншілігі артады. Бауыржандай тұлғаның жалпақ елге танылуы, осындай мәртебеге ие болуы да адал еңбегінің арқасы. Осындай соғысты өз көзімен көрген қаламгеріміздің сөздері ел аузында мәңгі қалмақ. Қазіргі таңда көптеген жастарымызға өнеге болар осындай жазушыларымыздың нақыл сөздеріне мән берер болсақ, тамыры терең ой жатқанын көре аламыз. Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы нақыл сөздердің маңыздылығы қаншалықты орамға бай болса, соншалықты зерттеуді, тануды талап етеді.

Бауыржан Момышұлы әрқашан батырлықты, әділдік пен адалдықты ту етіп көтерген адам. Ол өз сарбаздарына да, өзге адамдарға да ешқашан сырт көзімен қарап, немесе олардың біріне әділетсіздік танытып, еңбектерін елемеген кезі болған жоқ. Сол себепті де ол өз сарбаздарын айбындылық пен әділдікке тәрбиелеу барысында әрқашан: «Ерлік елеусіз қалмасын, Атақ – ерге сауға, олжа – елге сауға. Олжа елдікі – оған тимеңдер»-деп айтушы еді. Бұл оның адал жанды, әділетті, айтулы ер-азамат, таңдаулы қаһарман екендігін аңғартады. Ол өмірде сөздің мәйегін түсірген айтулы жазушы болғанымен қоймай, жаны әділдік пен адалдыққа толы ержүректігі жас жауынгерлерді әрдайым қуаттандырып, өздеріне деген сенімділігін арттырады.

«Әдіссіздік – әлсіздік, Ептілік те – ерлік» деген мақалға Бауыржан Момышұлының майдан шебінде жүргенде айтқан бір сөзін мысалға келтірейін. Ол сарбаздарына: «Ең жаман нәрсе – шешімсіздік. Қандай жағдай болмасын сарбаз қиындықтан жол тауып кетуі керек. Ешбір әдіссіз іске кірісуге болмайды. Тіпті тығыз-таян уақыт болса да, бір жолын тауып кетуге тиіссіңдер. Соған дағдыланыңдар. Сонда ғана жеңіске қол жеткізесіңдер»-дейді екен. Ал ептілік жауынгердің ел, жер қорғауға деген қабілеттілігі. Қабілеттілік жауынгердің Отанына деген сүйіспеншілігінен туады. Ептілікті ұғындыратын ешқандай артық әдіс жоқ.

Қорыта келе, тек еліңді, жеріңді аялай білуге деген ұмтылыс болса болды, адамның қолынан бәрі келеді. Бұл мақалды Бауыржан атамыздың «Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, Әдісіңе ақылыңды жолдас ет»-мақалы да айшықтай түскендей. «Даңқтылар өлсе де олар жөніндегі аңыз өлмейді»-демекші, Б.Момышұлының қалдырған өнегесі ешқашан өлмейді. Б.Момышұлы шығармаларының маңызы – оқиғаларды шыншылдықпен бейнелеуінде, сондай-ақ борш, ар-намыс, сенім, патриотизм сияқты моральдық-этикалық мәселелерді шешуге құралады.

Бауыржан өз шығармалары арқылы адам рухының асқақтығын, оның Отанын сүйген патриоттық рухын аша білді. Сонымен қатар жазушы шығармасына қызығудың басты ерекшелігі ретінде – орыс тілі мен қазақ тілінде жаза алуымен әр шығарманың басты кейіпкері де, авторы да өзі екендігінде. Бұл ерекшелік қандай да бір шығармаға өзіндік сипат дарытады. Сондай-ақ жазушы шығармалары әр кез жастарға бағытталып отыруы да, оның шығармасының жазылуы осы өскелең жастарға аға ұрпақтың ерліктерін паш ету мен арды жоғары ұстаған ұлттық рухтың көрініс алуымен ерекшеленеді.

Демек, қазіргі жас ұрпақ Бауыржанның өмірлік тәжірибесінде қолданғандар, ізін басушылар баршылық. Жалпы, Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында, қаһармандықтың қайнар көзін ұлттық дәстүрлерден табатыны, бостандық пен тәуелсіздікті бәрінен де жоғары қоятындығы анық байқалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Б.Момышұлының патриоттық туралы ойлары. // «Құдайберген Жұбанов тағылымы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.–Алматы, 2004ж. –Б.127-129.

2.Патриоттық тәрбиені қалыптастыру мәселелері. // «Орталық Азия одағының ұлттық экономика жүйесінің мүмкіншіліктері мен интеграциялық болашағы» Халықаралық конференция материалдары. –Түркістан, 2005ж. –Б.241-243.

3.Б.Момышұлы мұралары – патриоттық тәрбие берудің өзегі«Орталық Азия одағының ұлттық экономика жүйесінің мүмкіншіліктері мен интеграциялық болашағы» Халықаралық конференция материалдары. –Түркістан, 2005ж. –Б.143-146.

4.Б.Момышұлының саяси-әлеуметтік және тәлімдік ой-пікірлерінің қалыптасуына әсер еткен қоғамдық-тарихи, мәдени-рухани жағдаяттар / ҚР ҰҒА Хабарлары №1, Филологиялық сериясы. – Алматы, 2006ж. -Б.63-66.

5.Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» -Алматы, «Атамұра», 2003

ӘОЖ 821-512-122-93

# ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**АБИЛЬДАЕВА Р.Ж.**
Қостөбе орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнніңі мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье представленказахские сказки. Казахские сказки учат добру, честности и справедливости. Учит избегать зла, лжи, зла. Это всегда показывает, что мир, побеждает единство и солидарность. Каждая сказка – это образовательное пособие.Сегодня, в век новых технологий, из детского воображения рождаются только роботы-автомобили или роботы. Казахские сказки являются незаменимым средством воспитания, они на понятном языке показывают нам жизнь и пути выхода из сложных ситуаций.

**Summary.** The article presents Kazakh fairy tales. Kazakh fairy tales teach kindness, honesty and justice. Teaches to avoid evil, lies, evil. This always shows that peace, unity and solidarity wins. Each fairy tale is an educational guide. Today, in the age of new technologies, only robot cars or robots are born from children's imagination. Kazakh fairy tales are an indispensable means of education; they show us life and ways out of difficult situations in a clear language.

Қазақ халық ертегілері –ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады.Қазақ халық ертегілері-қазақ халық ертегілері ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп,ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму,өсу,толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Қазақ халық ертегілерінің асылдық қасиеті,оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән –мен мағынаның артып отырғандығында. Ертегілер халқымыздың тарихын,дүниетанымын,тұрмысы мен салтын,әдет-ғұрпын,нанымы мен сенімін білдіреді.

Адамның балалық шағы ертегімен тығыз байланысты. Біз әжемізден ертегі айтып немесе оқып беруін жиі сұраймыз.Сиқыры бар оқиғаларды тыңдауды тағаттана күтеміз.Көңілді де аянышты, қорқынышты да күлкілі олар бізге біраздан таныс.Олармен біздің әлем ,жақсылық пен жамандық,әділет туралы алғашқы көзқарасымызды қалыптастырады. Бір қарағанда жәй кішкентай ғана әңгіме сияқты,ал шын мәнінде осы әңгімелерде халық даналығы,мейірімдік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді.Ертегіге біз сенеміз,ондағы оқиғалар кейде өзімізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. негізгісі –бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз.

Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналық. Қазақ кейіпкерлері батылдық,батырлық,мейірімділік секілді адами қасиеттермен ғана көрініп қоймайды,сонымен қатар жақсылық зұлымдықтан үстем шығады.Жағымды кейіпкерлер арасында батырлар да,қарапайым адамдарда және әйелдер бейнесі де бар.Қазақ ертегілеріндегі ақылдылықтың тағы бір көрінісі-көрегендік алдын ала болжай білу. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше мән әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор.Қазақ ертегілері сан алуан.«Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді,көрмегенін көреді,ойламағанын болжайды,тілі жетпегенін айтып береді» – деп Ж.Аймауытов айтқандай ертегілердің де балалардың да қиялын дамытуда,сөздік қорларын,ұлттық дүниетанымдарын,көзқарастарын байытуда әсері мол.

Ертегілер әр уақытта да қай баланы болмасын қызықтыратын,қиял әлеміне жол ашатын кілт іспеттес. Ол өмірде кездеспейтін кейіпкерлермен,мүмкін емес жағдаяттармен ерекшеленеді.Қазіргі дамыған кезеңде балаларды елітіп,назарын аударатын, көз қызықтыратын дүкендер,компьютерлік ойынханалар өте көп. Одан қалса ұялы телефондарды да ата-ана балаларына еркін ұстауына рұхсат беруде.Бұл бір жағынан дамуымызға,өсіп –өркендеуімізге ашылған жол болғанымен,балалардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылықтарын жоюда.Сондықтан да,әсіресе бастауыш сынып балаларына ертегіні қызықты етіп жеткізе білу және ертегілердің шындыққа жанасымды екенін, ондағы шыншылдық пен адамгершілікті бала бойына сіңіре білу үлкен шеберлікті қажет етеді.

Ертегілерде халық басынан кешкен ғасырлар ізі жатыр.Оларда еңбекші халықтың тұрмыс – тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы,қилы-қилы қиынасулары халықтың мұң-шері ,арман –мұраты бейнеленген.Әрине ертегілерді оқыта отырып тәрбие нәрін бала бойына егу үшін,ең алдымен оқушылардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру қажет.Мысалы, «Ер Төстік»ертегісі көп

ертегілермен салыстырғанда,мазмұны,сюжеті,сөйлем құрылысы,тілі жағынан шыққан ертегі екендігін аңғартады.Ертегіден қазақ халқынын ескі мал шаруашылық өмірін және олардың дүниетану көзқарасын көреміз.
Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Ш. Уәлиханов, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, А.Е.Алекторов, А.Ивановский, Л.Исаков, О.Әлжанов, Р.Дүйсенбаев, М.Көпеевтер болса кейін Э.Диваев, Н.Пантусов, А.Мелков, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдулииндер зерттеп жинақтай бастады.Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман мүддесі,болашақтан күтетін үмітінен,қиялынан туған деп қарастырады .Бірақ, ертегілердің тәрбиелік жақтарын,адамның не бір сапалық жақтарын қалыптастырудағы оның ерекше ықпалы туралы пікір кездесе бермейді.

Ертегінің оқиға желісін алсақ ,табиғттың асау күштерімен алысып,малды аман сақтап қалу жолында, елінен, жерінен адасып кеткен ағаларын іздеп тапқан.Ер Төстіктің ерлігін суреттесе, екінші жағынан, әртүрлі дию, пірілерімен күресі баян етіледі. «Ер Төстік» ертегісінде жалпы ертегілердің қаһармандарына тән іс –әрекеттер толық сақталады. Ер Төстіктің өзі—асқан күш иесі емес,жүректі жігіт.Ертегінің негізгі алға қойған мақсаты-табиғаттың сыры мәлімсіз күштерін жеңу.Адамға зиян ойлайтын Бектөре, Шойынқұлақ тәрізді жауыздың иелерінен ұүстем шығып,оларды қалай да өздеріне бағындыру болғандықтан,Ер Төстікке көмекші әр түрлі жолдастар ,серіктер береді.Әртүлі жауыздықтардың ұясы болған болған адам баласына қастық қана ойлайтын кейіпкерлер Бектөре,Шойынқұлақ,Темірхан,пері,жын,дию,мыстан кемпірлер қаншама күшті ,айлакер болса да Ер Төстіктен жеңіледі.Халық жақсылықты алдан күтеді,болашаққа сенеді. «Ер Төстікте кездесетін ұнамды,ұнамсыз кейіпкерлер басқа ертегілерде де бар.кейде олардың іс-амалдары,айла –тәсілдері де өзара бір-біріне жақын.Ертегілердің бірыңғай жауыздық өкілі ретінде жиі кездесетін ұнамсыз кейіпкерлер-мыстан кемпір.

Ол қай ертегіде болмасын қастық істейді және жер жүзі халықтары ертегілеріне тән зұлымдық бейнесі. «Ер Төстік»әңгімесінің оқиғасы да басқа ертегілер тәрізді тыңдаушыларға ауызша айтып беруге құралған.Оқиғаның алғашқы басталуы шындық өмірде бола беретін құбылыстармен басталады.Алдағы қыстың қатал болатындығын ерте сезген,ел жылқысын алыс отарға қыстауға айдатуы Ерназар балаларыннң ұзақ жылдар келмеуі, шал-кемпірдің де шығуы,бәрі де шындық оқиғаларға ұқсайды.Бірақ мұнің бәрі келешек негізгі оқиғаның кіріспесі-экспозициясы.Сюжет жүйесіндегі алғашқы байланыс – «Шаңырақтың күлдіреуі ішінде керулі тұрған кер биенің төстігі» Ер боп туған ұлдың есімі, ертегінің аты,әңгімеде кездесетін шындық және ғажайып оқиғалардың бір тамыры сол кер биенің төстігінде жатыр.Ертегі желісіндегі екінші байланыс-Ерназардың Сөрқұдыққа қонуы, жанынан қорқып ,жалмауыз кемпірге садағының ұшын шығаратын Ер Төстіктің егеуін қалдырып кетуі.

Осыдан әрі қарай оқиға желісі шиеленісе түседі. Егер біз осыған дейін оқиғалар Ер Төстіктің ағаларын іздеп жатуы,айдауға жүрмеген күрең биенің ертуі.Ерназардың тоғыз баласына қыз іздеу, үйлендіруі бәрі де халықтың өміріне шындық өміріне жанасса, Ер Төстіктің жер астына түсуінен қиялға ғажайып оқиғалар басталады.

Хайуанатар туралы ертегілер ең көне ертегілерге жатады.Ертегі кейіпкерлері қасқыр, бөдене,құмырсқа «Түлкі мен ешкі»,«Ақымақ қасқыр», «Құмырсқа мен бөдене».Әдетте барлық оқиға бір жануардың айналасында өтеді, мысалы түлкі-айлакер, ку.Қазақ ертегілерінде түлкі кейде жеңіліске ұшырап қалады.Мысалы «Түлкі мен тырна» ертегісінде тырнаға қонаққа келген түлкі аш кетеді.

«Құмырсқа мен бөдене» ертегісінде құмырсқа еңбекқор,төзімді,ақылды әрі кішкентай-ақ бола тұра ,алып күштің иесі болып көрсетіледі.

«Шық бермес Шығайбай» ертегісі сараң, қайырымсыз байларды қарапайым кедей Алдардың ақылмен алдап кетуін баяндайды.

«Жақсымен жолдас болсаң-жетерсің мұратқа,жаманмен жолдас болсаң –қаларсың ұятқа»,»Жаман дос,жолдасын қалдырар жауға «деген мақалды осы ертегі желісінен оқуға болады.Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңірту ертегі арқылы беріледі. Адамгершіліктің қайнар бұлағы –қазақ ертегілерінде десем артық айтпаған едім.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің ісін,өмірін жалғастыратын салауатты,саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше ақпарттық технологиялар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар. Руханилық –

жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адманың мінез-құлқы қалыптасады,ар-ұят,өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды.Мұның өзі мейірімділікке ,ізгілікке шақырады.Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін талантымен ,дарындылығымен ,өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрсеткен.Қасиетті ертегілер арқылы тәрбие берген,салт-дәстүрін сол қалпында сақтап қалған.Сонымен қатар еліміз егемендік алғалы мемлекеттік тілде сөйлеуіне, бұл қасиетті ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенін салыстырып көрсету. Халқымызда «Ізденген жетер мұратқа»деген сөз бар. Яғни, әр нәрсені білуге талпынып ,білімнің тереңіне бойлау –дамуды кемеліне жеткізері ,рухани байытады.

Ертегіні тыңдай отыра біз кейіпкерлермен бірге қуанамыз,ренжиміз.Мысалға алсақ бұрынғы ауыз әдебиеті қиял ғажайып ертегілерде батырларды ержүрек ақылды парасатты етіп көрсетсе,жан-жануарлардың бейнесін әр түрлі образбен сомдап көрсеткен. Қазіргі таңда жаңа технология дамыған заманда балалардың қиялынан тек робот машиналар немесе тоботтар деген қиял ғана туады.Олай дейтін себебім телеарналардан көбінесе шетелдік ертегілер көрсетіліп жүр.Ал қазақ ертегілері-тәрбиенің айнымас көмекші құралы,олар бізге түсінікті тілде өмір туралы ,қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетеді. Ертегілерді оқи отыра,біз өзіміздің ішкі әлемімізді дамытып ,шығармашылыққа машықтанамыз. Ертегілер өмір барысында тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады,шыдамдылыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып,соған жетуге үйретеді. Қазақ ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттілікке үйретеді. Жамандықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6

2. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

3.https://artpsy.kz/ertegiler-eline-sayahat-ertegi-tera/

4. Амандосов Т. Публицистика дәуір үні/.-Алматы: Қазақстан, 1974.-

5. «Ертегілер елінде» ертегі кітабы.-Алматы «Аспан» ЖШС,2021

ӘОЖ 82.120.59

# МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ СУРЕТКЕРЛІК ҚЫРЛАРЫН ОҚЫТУ

**КЕНЖЕБЕКОВА Ж.Н.**
№ 9 Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены эффективные способы обучения рассказам М.Ауэзова.
**Summary.** The article discusses effective ways of teaching M.Auezov's stories.

Әдебиет – өмір айнасы. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы оқушылар алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады, солар арқылы халық арманы, қиялы, болашақтан күтер үміті, ақ сенімі көрінеді.

«Орта мектепте ақын-жазушылардың өмірі мен творчестволық қызметін оқыту–әдебиетті оқыту методикасындағы басты міндеттердің бірі. М.Әуезов шығармалары сан жылдар бойы мектеп бағдарламалары мен әдебиет оқулықтарының төрінен орын алып, мыңдаған оқушыларды ғылымға сусындатты, эстетикалық ләззатқа бөледі, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиеледі» [1,78б.].

ХХ ғасырдың биік шыңы – М.Әуезовтің артында қалған бай мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін әр дәуірдің, әр ұрпақтың айтар сөзі, таным-түсінігі болады. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің жетістігі. Ұлы суреткер шығармашылығы қазақ халқының әлем мәдениетінде

ғаламат рухани самғауының шарықтап биікке көтерілуінің айғағы болды. Оның жазушы ретінде қалыптасуы туған халқының бостандығы мен елінің тәуелсіздігі жолындағы күреспен тығыз байланысты. Бұл күресте ол жай ғана бақылаушы болмай, рухани ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, қаламдас әріптестері Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сәбит, Ғабиттермен бірге Отанының жаңа сипаттағы рухани мәдениетінің негізін қалап, қарыштап дамуына өлшеусіз үлес қосты.

М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы аз жазылған жоқ. Қаламгерге арналған мақалаларды былай қойғанда, зерттеу кітаптар мен монографияларды саралап, түсіндіруде бір еңбекке жүк боларлық. Уақыт өткен сайын суреткер туындыларының көптеген қырларының әлі де жете ашылмай жатқанын зерделейміз. Соның бір айқын көрінісі–М.Әуезовтің жазушылық шеберлігінің суреткерлік қырлары мен шағын көлемді әңгімелерін оқыту.

М.Әуезов шығармаларын оқытудың басты мақсаты–оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық жаналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту. Халықтың рухани байлығы –М.Әуезов қаламынан туған шағын көлемді әңгімелерін игерту, әдеби туындылар арқылы парасаттылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу.

М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігі сан қырлы. Соның бір саласын, табиғатты бейнелеудегі ізденістерін, арнайы сараптағанда, оны шығарманың идеялық-тақырыптық негізінен бөліп қарастырмаймыз. Табиғат бояуларының сан түрлілігін сақтап, оны ажарлап нақыштаған қаламгер зейнеттіліктің адамдар үшін мәнді тағылым көзі екенін де дәлелдей білді. Жазушының бейнелеу құралдарын кемелдендіру өрісін, стиль бітімін ашу үшін де оның табиғатты бейнелеу саласындағы ізденістерін арнайы талдау мәні үлкен. Суреткердің әр сөзді орнын тауып қолдана білуін, соның нәтижесінде сөз бен сөздердің өзара ықпалға бөленуін, сондай-ақ шығармадағы сөз мағынасын кеңейту, ажарлау, құбылту, айшықтау, т.б. үлгілері үндестігін саралау бәрі қаламгер шеберлігін кең зерделеп ашуға бастайды.

Жазушының шығармашылық әлемі–дүниежүзі халықтар әдебиетінде өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Қаламгер әлем әдебиетінде қазақ қауымы атты елдің әлеуметтік және рухани өмірін, күресін, әдет-ғұрпын бар тұрмыс-тіршілігін суреттейтін тарихи зор панорамасын жасады. «Абай жолы» роман-эпопеясы осыған дәлел (1942-1956) [2].

«Қорғансыздың күні» (1922), «Кім кінәлі?» (1923), «Ескілік көлеңкесінде» (1925) т.б. әңгімелерінде ол осы роман-эпопеяға апаратын жолды барлағандай көрінеді.

«Қорғансыздың күні» оқырманның көз алдына байырғы қазақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-тереңінен қопарып әкеліп, бейшара, қорғансыз жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен әсерлі баяндайды.

Жазушы өмір шындығын, заман сипатын, адамның тіршілік-тынысымен байланыстыра, сабақтастыра шебер әңгімелеп жеткізеді. Оқиға басталғаннан-ақ оқушыны қорқынышты бір үрей сезімі билейді. Тағдыр тауқыметін арқалаған, жүдеу, үйде еркегі жоқ, соқыр әйел, кәрі әже, жас қыздың зарлап қалуы кімді болса да тебірентпей қоймайды. Тек Ақан секілді қатыгез, жауыз болыс қана міз бақпай, өзінің айуандық бет-пердесін біртіндеп ашады,қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкереленеді.

Жас қызды зәбірлеп, зорлық көрсетуі Ақанның азғындығын, адамгершіліктен жұрдай екенін дәлелдейді. Сондай-ақ оқырман Ақан, Қалтай сияқтылардан ешқандай жақсылық күтуге болмайтынын түсініп, ұғынады. Қорлыққа жаны төзбеген, жауыздықтың құрбаны болған Ғазизаның әкесінің моласына барып, үсіп өлуі себебін жазушы өте анық та, дәл шебер суреттейді. Қыздың адам айтқысыз озбырлық,көрген қорлығына шыдамай, боранға ұрынып, үсіп өлгені айтылған.

«Жетім» (1925), «Жуандық» (1926), «Барымта» (1925) деп аталған бір топ әңгімелерінде М.Әуезов кейіпкерлерін халықтың жуан ортасынан табады. Өмірді қарапайым адамдардың көзімен көруге тырысады.

«Оқыған азамат» (1923), «Кінәмшіл бойжеткен» (1925), «Сөніп жану» (1923) деп аталған әңгімелер тақырыбы қазақтың болашағынан дәметкен ізденістерге толы. Жазушы қалаға келіп «мәдениетке үйрене» бастаған қазақ жастарының тұрмысына енген өзгерістерді, сонымен қатар жастар тәрбиесі, құлықтылық, ар-инабаттылық проблемаларды алға тартады.

М.Әуезов әдеби творчестволық еңбекпен ерте айналысқан. Оған әрине, тума қабілеті, өмірлік тәжірибе және өзі оқып-тоқып, үлгі тұтқан үш сала өнеге мектебі (қазақтың төл әдебиеті, орыс және еуразия классикасы) шешуші фактор болды.

Мұхтар Әуезовтің 1920 жылдардағы әңгімелерінде кейіпкерлердің тартысы жалпы адамгершілік мәселелерін қозғайтын. Он жыл өтіп, ел 1930 жылдар табалдырығынан аттағанда

қазақ прозасы көбіне көп әлеуметтік саясат мәселелеріне ойысты. Социалистік реализм әдісі жазушылар назарын тап күресі дейтінге бұрады. Бай мен кедейді қырқыстыру әдебиет ауа райын да бұзды. Саясат, солақай тұрпайылық белең алды. Осының алдында ғана түрмеден босаған Әуезов, большевиктердің дегеніне көнуге мәжбүр болды.

Кеңес тақырыбына арнап «Үш күн» (1934), «Іздер» (1932), «Құм мен асқар биік» (1934), «Білекке-білек» (1933), «Шатқалаң» (1935), «Қасеннің құбылыстары» (1933), «Бүркітші» (1937) т.б. әңгімелерін жазады. Бұларда қазақ жеріндегі алғашқы совхоз құрылысы, соған байланысты туған тартыстар суреттеледі.

М.Әуезов әңгіме өрісін барған сайын кеңейте түседі. Әңгіме көлемі ұзарып барып көлемді прозаға ауыса бастайды. «Қараш-қараш» оқиғасы 1927-1928 жылдары жарық көрген. «Қараш-қараш» хикаясын автор ұзақ әңгіме жанрына жатқызды. «Бұл ұзақ әңгімені ертеде араб, латын әріптерімен жарияланған қалпынан автордың түзетіп, өзгерткен жаңа түрі» деген ескертпеге қарағанда, ол прозада өзін сенімді сезініп, енді суреттеу алаңын барынша кеңейтуге ұмтылғанын байқаймыз.

Жазушының бұл уақытта жазылған шығармаларынан «Көксерек» (1929) хикаясын ерекше атаған жөн. Бұл ұзақ әңгіменің тақырыбы басқа әңгімелерінен оқшау көрінеді. Онда қолда өскен, асыранды Көксерек атты бөлтіріктің тарихы. Құрмаш деген жас бала қасқырдың күшігін асырайды. Бөлтірік өсе келе қасқырдың табиғаты жеңіп, күндердің күнінде тағы тектестерінің үйіріне қосылып кетеді. Енді өзін өсірген ауылға маза бермей, малға тиседі. Көксеректің жыртқыштық мінезі қатал берілді. Автор мұны ұтымды шағын деталь көмегімен ұтымды жеткізеді: «Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ырр» етіп кішкене күйкі күшікті тістеп суырып шықты. Бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап берген еді, Көксерек сонда да тоқтамай көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады». Өз күшігін аямаған Көксеректен адамға қайырым қайдан болсын. Ақыры Көксерек өзін асырап Құрмашты ат үстінен жұлып ап, өлтіріп кетеді. Жазушы қасқырдың сүлдесінен мейірімсіз қарақшының тағылық мінезін таниды.

«Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы – әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының, ой арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық. Жазушы-ғалымның өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де, өмірде де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді» [3,45б.].

Мектепте оқытылатын қазақ әдебиеті пәнін жеке тұлғаның дамуына қажет ететін эстетикалық пән ретінде білеміз. Себебі, көркем туындыда халықтың өмір белестері, елдік, ерлік дәстүрлері, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, психологиясы, адамгершілік-эстетикалық, философиялық ұғым-түсінігі, арман-мұраты, баршасы көрініс тапқан, бай тілдік қазынасы жинақталған, кең дала табиғаты кескінделген.

Сондықтан да М.Әуезов шығармашылығы оқушылар зердесіне заманалар келбеті мен өнер тынысын жеткізетін халқымыздың көркем тарихы, ұлттық рухани сана тәрбиелейтін, тіл үйрететін, оқушының адам мен адам, адам мен қоғам туралы түсінігі мен тәжірибесін байытатын, әрі реттейтін өмір оқулығы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тасболатұлы Қ. Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі. – Тараз, 2000ж.
2.Әуезов М. Шығармалары. –Алматы, 2007ж.
3.Кекілбаев Ә. Ұлттық әдебиетіміздің қаһарманы. –А., 1994. №83.

ӘОЖ 82.655.121

## ҚҰЛЫНШАҚ АҚЫННЫҢ ТЕРМЕЛЕРІ МЕН ӨСИЕТ ӨЛЕҢДЕРІ

**АНУАРБЕК Э.Е.**
№1 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
**ШИНЫБЕКОВА А.Б.**
№1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются термы и заветные стихи поэта Кулыншака
**Summary.** The article discusses the terms and cherished poems of the poet Kulynshak

Құлыншақ ақын шығармашылығында терме, насихат, өсиет өлеңдері де біршама баршылық.

Бізге жеткен кейбір терме, насихат, өсиет мәндегі шығармаларына қарай отырып кейбіреулері үзінді түрінде жеткен сияқты болып көрінеді.

Ақын бұл сипаттағы шығармаларында дәстүрлі тәсілмен өмірдің мәні, жақсы мен жаманды тілге тиек ете өзінше жырлайды. Ар мен ұятты ойлайтын адамдар мен сән мен байлықты ғана мұрат еткен жандардың сипаттарын, білімді мен парықсыздардың ерекшеліктерін айта келіп, өзінің ақыл, нақыл сөздерін сөз ұғатын жандарға арнайтынын былай деп көрсете отырып:

Өрнексіз қылып айтқан сөз
Еш адамға қонбайды,
Өрнексіз шешен болмайды.
Өздеріңдей жақсыға
Әңгіме нақыл сөз айтып
Тыңдатушы ем сондайды.
Арғы жағын пайымдап,
Есі бар адам ойлайды.
Біздің сөзді тыңдаған
Басқаға көңіл қоймайды,
Шекерге ешкім тоймайды, –

деп өзінің ақындық өрнек өнерінен де мәлімет бере жырлайды.

Ақынның ақындық өнерде алға қойған мақсаты "Ұрпаққа бұл айтатын өсиетім" деген өлеңінде айқын аңғарылады:

Құлыншақпын, әкемнің аты –Кемел,
Қолыма домбыра алсам аруақ жебер.
Өмірдей көргенімді жырға қостым,
Бағасын жақсы - жаман халық білер, –

дей келіп өмірде көрген жайттарын ой сарабынан өткізіп, әртүрлі адамдардың іс-әрекеттеріне талғаммен қарай өзіндік бағасын береді. Ақын:

Көп көрдім жақсы қандай, жаман қандай,
Көп көрдім жомарт қандай, сараң қандай.
Өзіне ішіп-жеуге қимайтұғын,
Сараңдар көп жияды арам малды-ай, –

дей келіп:

Ер жігіт он бесінде елім дейді,
Ел үшін еңбек етсе, ерінбейді.
Жамандар қыр аспайды қырқында да,
Пайдасы елге тиер көрінбейді,

-деп жақсылығы елге тиер ер азаматтар мен іс-әрекеті, жақсылығы өз басынан аспайтын жандарды салыстыра жырлайды. Құлыншақ ақын ендігі бір өлеңінде:

Біреуге берсем дегін, алсам деме,
Біреудің адал нанын алып жеме.
Артыңда жақсылығың калса қалар,
Адамның жамандығы қалсын неге? –

деп шығыстық ұлы ақындар салған ізбен адамгершілік шарттарын үлгі ете өсиет ойларын айтады,

Жақсы жігіт пен нашар жігіттің мінездері, бай мен кедейдің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері, әйел затының жақсы қасиеттері мен жағымсыз жат мінездері туралы айта келіп, сол сөздерден сабақ алуға шақыра отырып, былай деген:

Болған соң ақындық бір қасиетім,
Ұрпаққа бұл айтатын өсиетім –
Жақсы жағын сөзімнің ұғып алғын,
Жақсы сөз – жақсы адамды өсіретін, –

деп өсиетін арнайды.

Белгілі ғалым Р.Бердібай "Терме дәстүріндегі өлең онда мол болғаны байқалады", – деп жазады [20, 43б.].

Ақынның бізге жеткен үзік-үзік шығармаларын оқи отырып бұл пікірдің орынды айтылғанын байқауға болады.

Ақынның көлемі шағын болса да, оның өмірлік таным-талғамдарын танытатын, айқындай түсетін шығармалары да баршылық. Бұл сияқты шығармаларында ақын өмір құбылыстарын өзіндік көзқараспен тани отырып, пайым-бағасын да көрсетіп отырады. Ондай өлендері де Құлыншақ ақынның әдеби мұрасын тереңірек талдауға, ақындық тұлғасын тануға жәрдемі тиетін еңбектер болып саналады.

Бұндай шығармаларына ақынның "Мазақ қылма, Көлбайым", "Алты күшік болыпты алты тоқты", "Дария білмес иттің сарығанын", "Ішпеймін қымызыңды шөлдесем де", "Әңгімесін естісең", "Керілген етек жақсы керме қастан", "Сен едің, Ырысқұлбек, бұлғақтаған", "Жандәулет, жүремісің, желемісің" деп басталатын осы сияқты өлеңдерін жатқызуға болады.

Жеке бастың қамын ойлап дүниеқорлыққа салынудың халықтың өзіндік әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне кері әсер ететінін, қандай жағдайда да адамгершілікті, ар-ұятты жоғары ұстау керектігін ақын ескертіп отырады.

Итін күшіктетіп, әр күшігін бір тоқтыға айырбастап байымақ болған біреуге шығарған:

Алты күшік болыпты алты тоқты,
Әркім әуес қылады қолда жоқты.
"Ит сатқанның ауылы" атанарсың,
Еңдігәрі жемеңіз мұндай боқты, –

деп жоқтан өзгеден табыс іздеп ел атына сөз келтіретін іспен айналысқан әрекетін мазақтай сынға ала отырып, ондай жат әдеттен аулақ болуға үндейді.

«Құлыншақ ақын "Әңгімесін естісең" деп басталатын сықақ өлеңінде сөйлеген сөзін тыңдаған адам жаһаннан асқан ғұлама деп ойлап қалатын, бірақ оның қылған ісіне қарағанда күнәға белден батып жүрген, күндіз сопысынғанмен кешке қарай пейілі бұзылып шыға келетін дін қызметкерлерінің екі жүзді бейнесін ашып көрсетеді».

Кейбір адамдар бойында көрініп отыратын қылтетпе оғаш мінездер де ақын сынына ілініп отырған. Рысқұлбекке айтқан өлеңінде оның осындай мінезін:

Құсындай ителгінің теуіп өткен
Бар екен бір мінезің шұнақтаған, –

деп бейнелейді ақын.

Халқымыздың ежелден келе жатқан жақсы дәстүрлерінің бірі қонақжайлылық. Бұл дәстүрдің қалыптасып орнығуының да өзіндік тарихи, әлеуметтік негіздері бар. "Қонақ келсе, құт келер" деп есептеп, екіншісі бөлінбеген қазақ деп қонағына мал сойып, болмаса үйіндегі асының құнарлысы мен дәмдісін ұсыну халқымыздың жазылмаған заңы сияқты болып есептеліп келген.

Ел ішінде осындай дәстүрге қайшы келетін құбылыстар кездескен кездерде ақындар да оларды сынға алып өлеңдер шығарыпотырған. Бұл дәстүр Құлыншақ шығармашылығында да едәуір орын алады. Ақынның Көлбайға, Оңдыбайға арнауларында, "Ішпеймін қымызыңды, шөлдесем де" өлеңінде, қауыншының әйеліне берген батасында, т.б. шығармаларында көрініс тапқан. Ақын адамдар бойында кездесетін жағымсыз іс-әрекеттерді, мінез-құлықтарды көргенде оларды бейнелі де өткір тілмен сынға алады.

Бір түлкі тұра қашты, қудым тыңнан,
Ұсынса қол жетпейтін биік шыңнан.
Қаз мойын, қарға тұмсық бір қу екен,
Төбесін бір-ақ көрдім, орғыл құмнан.
Бір жылан, бір айдаһар жолдас бопты,
Түк қалмас бере берсең жиған малдан, –

деген өлеңінде байдың қызы мен оның жеңгесінің тойымсыз дүниеқұмарлығын мысқыл етеді.

Байлығының буына мас болып өзгелерді көзіне ілгісі келмей аспандай қарап көкірек керетін оспадарлар да ақынның өткір сынына ұшырап отырған. Құлыншақ ондай жандарға да:

Керілген етек жақсы керме қастан,
Шөп шығар жаңбыр жауса қара тастан.
Дәулетке ерге біткен едіреңдеп,
Көзіңе көрінбейді жер мен аспан, –

деп ондайлардың астамсыған оғаш қылықтарын қаймықпай бетіне басып айтады.

Ақын осы сияқты сыни сипаттағы шағын өлеңдері арқылы адамдар бойындағы әр-түрлі жағымсыз іс-әрекет, мінез-құлықтарды көрсете отырып ондай жайттардан аулақ болуға шақырып отырады. Ақынның бізге жеткен шағын өлеңдері де осындай ерекшеліктерімен маңызды болып саналады.

Халқымыздың ежелден елге туралығымен, әділ сөзімен танымал болған адамдармен қатар ақындарды да дау-дамайлы істерде төрелік айтуға шақырып отырған дәстүрі болғандығын білеміз.

Құлыншақ ақынның ел ішінде сыйлы да беделді болғандығы мен ақындық өнерпаздығы осындай сөз үлгілерінен де айқын

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бердібай Р. Сөз сыры. –Алматы: Ана тілі, 2003. –278б.
2. Төреқұлов Н. Алатау асқарынан жыр асырған. –Алматы: Ғылым, 2014. –263б.

ӘОЖ 81.788.07

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**АРГЫМБАЕВА Ф.Р., АМРЕЕВА Ж.Н.**
Көктал орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются вопросы формирования культурной компетентности учащихся через изучение художественной литературы, обогащение словарного запаса учащихся.

**Summary.** The article deals with the formation of cultural competence of students through the study of fiction, the enrichment of the vocabulary of students.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің жаңа ғылыми-педагогикалық технологияларды меңгеруін қамтамасыз ету. Сондықтан болашақ ұрпақ қазіргі ғылым мен білімнің тұтқасын ұстап отырған ғалымдар мен ұстаздарға ерекше жауапкершілік артады. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - деп ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов айтқандай, жаңа қоғамдық формацияның болашақ маманы ғылымның өзекті мәселелерге сай зерттелуіне, білімнің сапасы мен тиімділігіне, практикалық тәжірибенің нәтижелігіне байланысты қалыптасады және тәрбиеленеді [1].

Жас ұрпақты рухани адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сана деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Тарихи кезең жүктеген зор міндеттерді ойдағыдай орындау әрбір пән иесінің азаматтық санасы мен жауапкершілік сезіміне, қызметін сүюі мен қажырлы ізденісіне, оқу-әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігіне, жеке басының ой-өрісі мен мәдениетіне тікелей тәуелді. Білім беру саясатының тұжырымдамасына сай, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген, интеллектуалдық өрісі жоғары, өзін-өзі үнемі дамыта алатын белсенді, қабілетті жастарды тәрбиелеуде стилистика пәнінің, соның ішінде стилистикасының рөлі ерекше екені сөзсіз.

Әдеби көркем туындыда халықтың өмір белестері, елдік, ерлік дәстүрлері, тұрмыс- салты, әдеп-ғұрпы, психологиясы, менталитеті, адамгершілік-эстетикалық-философиялық ұғым-түсінігі, арман-мұраты – баршасы көрініс тапқан, тілдік бай қазынасы жинақталған.

Көркем шығарманың табиғатын тану үшін оқулықпен ғана шектеліп қалу жеткіліксіз. Оқырмандардың тәжірибе жинақтау кезінде көркем әдебиет туындыларын үзбей оқудың маңызы ерекше екенін ескеру керек.

Бүгінгі дамыған техника заманында ақпарат құралдары арқылы берілетін информациялардың көптігі оқушыны көркем әдебиетті оқуға деген құлшынысын да, қызығушылығын да шектеп тастаған сияқты.

Көркем шығарма арқылы жеке тұлғаның рухани әлеміне мақсатты түрде әсер ету үшін, алдымен оқушылардың өнер шығармасына деген қызығушылығын оятып, оны көре, әсерлі тыңдап қабылдай білуге, тыңдаған, көрген, естіген көркем шығармаларын терең талдай білуге, оның қайталанбас әсемдігін сезініп қабылдай білуге, әдемілікті сезіне білуге баулу қажет.

«Адам ұрпағымен мың жасайды»-дегендей, ұрпақ тәрбиесі – қай кезеңде де халықтық мәселе болған.

Оқушылардың таным үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқу белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын дамыту мәселесі бірқатар еңбектерде қарастырылған. Соның ішінде А.Тамаевтың «Әдебиет сабақтарында жоғары сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми зерттеуінде оқушылардың оқырмандық қызығушылығының психологиялық негіздерін,оны тәрбиелей отырып әдеби білім беру мәселелеріне мән берілген.

Әлеуметтік және ғылыми техникалық өрлеуді дамытудағы басты мәселенің бірі – адамдардың дара тұлға ретінде белсенділігі мен мұраттық сенімдігін қалыптастырып, оқушылардың өз бетінше іздемпаздығы мен жасампаздық және шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін амал-тәсілдер табу.

Мектеп оқушылырының тиянақты білім алып, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруды мақсат етіп қоя отырып, оларды ойлауға үйрету, өз бетінше білімдерін толықтырып, жаңа білімдерді игеру тәсілдерімен қаруландыру, алған білімдерін теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу сияқты ақыл-ой белсенділігін де дамыту. Бұл бағыттағы негізгі мәселе – оқушыларды сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға үйрету.

Қоғамның дамуына сай өмірдің әр саласында қолданылатын тілдің мәдениеті де жетіліп, сөйлейтін немесе жазатын адам ойы айқын да жатық әрі мәнерлі болуы тиіс. Сондықтан оқушыларға тілдік құралдарды өз тәжірибесінде пайдалана білудің ғылыми-әдістемелік жолдарын көрсетіп, ойын дұрыс, еркін айта, жаза алатын етіп меңгерту – бүгінгі заман талабы. Оқушылар тілінің жұтаңдығы мен тіл мәдениетінің төмендігінің өзіндік себептері бар. Олардың ең негізгілері: оқушылардың көркем әдебиетті оқуға деген құлшынысы, қызығушылығы жоқтығы; жазбаша сөйлеу жұмыстарының мазмұны, мақсаты мен міндеттерінің нақтыланбауы; мектептердегі бағдарлама, оқулық, оқу құралындағы жазбаша тілін дамытуға байланысты материалдар көлемінің теориялық жағынан да тәжірибелік жағынан да анықталмауы; жазбаша тіл дамытуда басшылыққа алатын оқушылардың сөйлеу икемділіктерін дамыта оқыту зерттеу мен тәжірибелердің қазіргі күн талаптарына сай болмауы; көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасау, жазушының ойын тануда білімдерінің таяздығы.

Қазіргі уақыт сұранысына орай күн тәртібінде тұрған мәселе – ғылымдар мен пәндердің тоғысуы нәтижесінде оқушыға ең қажет те пайдалы білім беру. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығарма арқылы оқушылардың мәдени құзіреттілігін қалыптастыру мәселесінің маңызы ерекше.
Көркем мәтінді талдаудың негізгі жолдары мен бағыттары Р.Сыздықова мен Б.Шалабай еңбектерінде жақсы сараланады. Ғалымдар көркем мәтінді талдаудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, тілдік талдаудың жолы мен жүйесін айқындайды. Көркем мәтінді тілдік талдаудың грамматикалық талдаудан өзгеше екеніне басты мән береді. Шығармадағы экспрессивтік-эмоционалдық жүк көтеріп тұрған сөздер, сөз оралымдардың мағынасы, интонациясы, автордың сөз қолдану ерекшелігі ерекше ескерілуі қажет екеніне назар аударады [2 ].

Стилистика пәнінің пән ретінде қалыптасуына үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі Б.Шалабайдың «Көркем әдебиет стилистикасы» деп аталатын оқу құралында көркем шығарманың стилистикасы, тілдік талдау мәселелері кеңінен әңгіме болады. Зерттеуші көркем шығарма тілін зерттеудің негізгі теориялық негіздерін белгілейді [3].

Тіл – адамдардың бір-бірі мен қарым-қатынас жасауының құралы болса, адамдар тіл арқылы қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі шарт. Міне, сондықтан да тілді үйретуде оқушының сөздік қорын байыту мен сөздердің қалай қолданатынын үйрететін грамматиканы оқыту қатар жүріп отырады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде де оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән берілетіні де бұл мәселердің сөйлеуде атқаратын зор қызметіне байланысты. Ал екінші тілді оқытуда сөзді білу, сөздік қорының мол болуы оқушының тілді меңгеру дәрежесінің негізгі көрсеткішінің бірі.

Оқушының сөздік қоры неғұрлым бай болса, соғұрлым оқушының ойын толық, дәл, анық жеткізуге мүмкіндігі мол болады. Бұлардың әрқайсысы өте үлкен мәселелер, олар қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі объектісі.

Сөйлеу тілін дамытудағы жаттығулар үнемі көркем әдебиетпен тығыз байланыста болу керек.

Оқушының сөздік қорын байыту, біртіндеп оны дамыту тілдің байлығын ұғынуға жетектеуді қажет етеді. Оқушыны алғашқы кезден бастап ойын жеткізуге мағыналас сөздердің ішінен ойын дәл білдіретін сөзді таңдай білуге үйрету қажет. Ол үшін оқушыға синоним сөздерді де үйрету керек. Оқушының сөздік қорына кіретін сөз мазмұны, мағынасы жағынан ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейтін, жас сәбидің жанына жақсылықтың нұрын себетін сөздер болғаны дұрыс.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып, оны мектепте жүйелі түрде оқыту қазір күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналып отырған кезде оқушының тілін байыту өте қажет болып отыр.

Қорыта келгенде, сөздік қорды байыту, лингвистикалық білім негізінде жүргізіледі:

- фонетикалық білім беру сөздің дыбысталуы арқылы мағына мен ұғымын, сөйлемдегі ойды, мәтіндегі мазмұнды, пікірді түсіну арқылы өзіне таныс не таныс емес жаңа сөздерді игеру арақылы жүзеге асады;

-лексикалық білім беру арқылы сөздердің мағынасын (тура, ауыс мағыналарын), белсенді, енжар лексикалары игеріледі. Соның нәтижесінде оқушылардың сөздік қорын, яғни сөздерді сөйлеу әрекетінде қолдана білуге жаттығу арқылы дамытылады;

-грамматикалық білім беру арқылы жеке сөздерді бір-бірімен байланыстыру арқылы қолдана алуға жаттықтырылса, қосымшалар арқылы сөз таптарына сәйкес сөз жасау қабiлiттерi мен дағдылыары қалыптасады.

Оқушылар сөздің мағынасы, сөйлемнің ойы, мәтіннің мазмұны арқылы ұлттық сана-сезімі қалыптасады, ұлттық таным негізінде тәрбиеленеді.

Тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттылығына тікелей тәуелді. Тілдің толып жатқан мәселесін экологиялық тұрғыдан қарастырудың да мәні айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуде де лингвоэкологияның міндетіне жатады.

Қазақ тілі – қазақ халқының мәдени жадын, тарихи жадын жинақтаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы ретінде қазақ тілділердің экологиялық рухани ортасы.

Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде адамгершілік, ізгілік элементтері қоса жүреді. Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияда тілдесушілердің адамгершілік сезімі тапталмауға, қоғамдық, моральдық-этикалық принциптер бұзылмауға тиіс. Лингвоэкология тілдің дамуының объективті бет-бейнесін көрсете білуге тиіс. Оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып, әдеби тілдің тағдырына адамдар, қоғам тіршілік етіп отырған тілдік орта қамқорлыққа алынып, қорғалуға тиіс. Лингвоэкологияның міндеті мен қарастыратын мәселелерінің құрамына қоршаған тілдік ортаны әртүрлі ластанудан сақтау, тазалау, сондай-ақ лингвистикалық нигилизммен күрес те енеді.

Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. Дөрекі, былапыт, боқтық сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі. Қазіргі қоғамда бұлардың жарыққа шығып, ашық түрде айтылу (легизациялану) қаупі жоқ емес. Телеэкранда көрсетілетін шетелдік мазмұны төмен фильмдер, видеофильмдердің әсерінен жастар арасында дөрекі, былапыт сөздер етек ала бастады.

Қоршаған тілдік ортаның сөз тазалығына нұқсан келтіретін сөздің тағы бір түрі – жаргон сөздерге орынсыз әуестенушілік. Әсіресе өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарынан бастап қазақ жастарының тілі жаргон сөздерге үйірсектене бастады.

Сөйтіп, сөз экологиясы тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шеттілдік сөздерді уәжсіз қолданудан, жаргон сөздерден, құнтсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі.

Ана тілдің өмір сүру ортасы, сол ортада оны қызмет етуіне бөгет болатын нигилистік көзқараспен күресу тіл экологиясының негізгі міндеттерінің бір болмақ.

Тілдік тұлға мәселесі лингвоэкологиялық бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі. Ана тілін тұтынушылардың әлеуметтік сипаты, олардың саны мен сапасы, әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлерін меңгеру деңгейінің жоғары болуы тілдік ортаның бекем болуына, дамуына қолайлы факторлардың бірі ретінде әсер етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208-б.

2.Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем текстi лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. - 228 б.

3.Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тiлiн зерттеудiң ғылыми-теориялық негiздерi. – Алматы: Қазмемагру, 1997. - 186 б.

ӘОЖ 82.356.09

## МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИСАТАЙ БЕЙНЕСІ

**НҰРСҰЛТАН АЙГЕРІМ**
№1 мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
**ГАПАРОВА С.Х.**
№1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается образ Исатая в поэзии Махамбета
**Summary.** The article examines the image of Isatay in the poetry of Makhambet

Махамбет өзі «құрттайынан бауырына паналап өскен, алдындағы асқар тауы, соңынан ерген ағасы» Исатайдың образын керемет жасаған.

Исатайдың кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, үстіндегі киімі мен қару-жарағы көз алдында келіп, ерекше күш иесі екендігін, мергендігін, адамшылығын аңғарасың. Махамбет Исатай ағасын ешкімге теңгермейді!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Зәки Ахметов «Махамбет ақынның шеберлігі» деген мақаласында «Ақын Исатай бейнесін қадірлі, қасиетті адам туралы халық ұғымына, көркем ойлау өзгешелігіне сәйкес тартымды суреттеген, – деп жазады. Исатай батырды тарланым деп қол жетпейтін қасиетті құсқа балап айтуы да, арыстаным деуі де – халықтық үлгідегі сөз қолданыстары – метафоралар. Құланға теңегенде даусы зор, айбынды дегенді аңғартса, құлжадай айбар мүйіздім, деп, әрине, ауыспалы мағынада, айбаттылық, қаһарлылық секілді сипатты таныту үшін айтып отыр. Хиуадай базарлым дегенде – мазмұны өте бай метафора. Базар қазақ ұғымында, кейбір туыстас шығыс елдерінің түсінігінде де көңілді жиын, көпшілік бас қосатын қызықтың орны деген мағына беретін болса, бұл жерде батырдың төңірегінде тобы көп, ұғысатын көңілдес, сырлас адамдары мол деген ойды аңғартады» [1, 27б.].

«Мінгені Исатайдың ақтабан-ай», «Мінгені Исатайдың Көгілдірді-ай», «Баласы Исатайдың Жақияды» деп асқақта, асқан батыр Исатайдың атын да, баласын да жырға қосып, ерекше суреттейді. «Исатайдан айырылып, Алқалай келген кеңесте, Дем құрыған күн болған» деп өкініші мен өксігін де жасырмайды.

Хан ордасын қоршап, енді шабамыз деп тұрғанда, хан ойлануға он күн мұрсат сұрап, айла жасайды. Исатай Махамбеттің «олар алдап тұр» дегенінен қарамай, хан арбауына көніп қалғаны «Әй, Махамбет, жолдасым» атты жырында әдемі көрініс тапқан. Ақын батыр ағасына сол сәтте ренжіп ашу-ызаға булықса да жырда бұл басқаша шыққан. «Егер Махамбет «сен сөйттің, сондықтан жеңілдік» дегенді өз атынан налып айтса, жарасымсыздау болар еді. Ал шындықты жасыруға тағы болмайды. Сондықтан да Махамбет жақсы тәсіл тапқан. Бұл жағдайды Исатайдың монологы етіп, өз аузымен айттырған:

... Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай!
«Жанымды қи» деп сұрады-ай!
Аққөңіл, аңқау жүрекпен,
Беремін деп, мен тұрдым,
Көк бедеуді бауырлап,
Шабамын деп, сен тұрдың.
Исатай басшы білсін деп,
Ауыр әскер қол тұрды.

Бұдан да біз Махамбеттің Исатайға деген шексіз сүйіспеншілігін байқап, бос пендешілікке бармайтынын, ерлерге тән биік парасат-пайымын көреміз.

Исатай басшы, мен – қосшы, Исатай деген ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар деп өзін кішірейтіп, ағасын әр кез биіктете көрсетуі де Махамбеттің адамгершілігін, шыншылдығын аңғартып, өз бейнесін де аша түседі.

Махамбет жырау Исатайдың соғыс алдындағы мұздай құрсанып, халық үшін қанды майданға кіргелі тұрған сәтін:

Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында
Зығырданы қайнайды.
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды –

деп суреттесе, ұрыс даласындағы қимылын:

Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан.
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сөйтіп оятқан, –

деп көрсетеді.

Алайда, ақын мұнымен шектеліп қоймайды, қазақ тіліндегі параллелизм құдіретін пайдалана отырып, Исатайдың келбетін жарқырата түседі. «Тайманның ұлы Исатай» деген жырды оқығанда соның куәсі боламыз. Исатай «Алтын ердің қасы», қабырғасын сөксе де, қанын судай төксе де қайыспайтын қара нар», «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермеген», «тарлан бөрі», «асқар тау» тағысын-тағы метафоралар Исатай батырдың шырайын шығару үшін қолданылған көркем құбылтулар.

Махамбеттің көтеріліс басшысы, өзі аға деп ардақ тұтқан Исатай Тайманұлы туралы, оның болмыс-бітімі, батырлығы жайында айтқан толғаулары негізінен арнау, мадақ болғанымен, бұл туындыларында да Исатай абыройын көтеру арқылы көтеріліс рухын аспандата түсті, санасына еркіндік идеясын құйып, рухын көтерді:

Ат туады байталдан,
Айт десең – лебіз қайтарман.
Төрт-бес жылдай алысып,
Мына тұрған Иса-екем
Ханның бір туын қайтарған,–

десе, Исатай батырдың ерлігімен бірге қара халық көтерілсе хан да тағынан таятыны айтылып тұр. Халықты жасымауға, сенімге, хан екен деп жасқаншақтамауға үндеу бар. Махамбет жырлары жарқыл қағып, мән-мағынасы тереңдей түсті:

Атадан туған аруақты ер
Жауды көрсе, жапырар
Үдей соққан дауылдай.
Жамандарға қарасаң,
Малын көрер жанындай.
Жүйрік аттың белгісі
Тұрады құйрық – жалында-ай.
Айтып-айтпай немене,
Халық қозғалса,
Тұра алмайды хан тағында-ай.

Бұл аруақты ерлерге, қалың қолға сенгендіктен туған толғау еді. Шындығында да, Ішкі Орда да Исатай, Махамбет, Үбі, Есенамандарға қарсы шығар батырлар жоқ болатын. Халық толқып, Жәңгір сасып, «тал қармап» жатқан кезең. «Халық қозғалса, Хан тағынан таяры» анық. Сондықтан да Махамбет осылайша ұрандап, іштегі сырын жасырмай «үдей соққан дауылдай жау жасағын жапыруға» шақырды. Ал, «Арғымақтан туған қазанат» деген толғауында кімнің кім екенін ажыратып, қарадан шықса да Хан боларлық ақылы, қажыр-қайраты бар ерлер мен Хан тұқымы болса да «жарамды бір теріге алғысыз, қасына адам барғысыз» парықсыздар жөнінде айтса, онысы Жәңгір мен Исатайды салыстыру еді. Мұның түпкі тамырында – халықты Шыңғыс тұқымы ғана емес, қарадан шыққандар да басқара алады деген ой жатыр.

Ай астында бір көл бар,
Ат шаптырса жеткісіз.
Ортасында алуа, секер бар –
Татқан қулар кеткісіз.
Қарада да қара бар,
Хан ұлы басып өткісіз.
Алланың бір күні бар,
Бір жарым ай жеткісіз.
Мұндас ерлер болмаса,
Менің айтқан сөзімнің
Құлқына жаман жеткісіз.

Бұл толғау – жоғарыда сөз болған «Арғымақтан туған қазанатпен» үндесіп жатыр. Мәнді, уайым-қайғысыз, шаттықпен өткен бір күннің – бір жарым айға тең! Тамаша айтылған! Төлеген Айбергенов те «Дәл содан бері өтті он жыл, сағынған жанға он ғасыр» [2, 16б.] дейді. Сағынған жанға бір күн бір ғасырдай болып көрінетіні сияқты қапаста, тар қыспақта, елі езгіде жүрген адам үшін азаттықпен өткен күндерге баға жетер ме?! «Қарада да қара бар – Хан ұлы басып өткісіз» де сенімді, өйткені шырқыраған шындық! Махамбет тағы да төре тұқымдарына қыр көрсетіп, Исатайдай асыл ерге теңдес жоқ дегенді ашық айтады да, «бірақ мұнымды жамандар қайдан түсінсін, олардың құлқына қайдан жетсін» деп өлеңін түйіндейді.

Махамбет «Орданы қалай да шабу керек, Хан алдап тұр» деген сөздерін Исатай қолдамағаннан кейін ашу үстінде «Қолыңды бер де, аман бол!» деп Махамбет қош айтысады. Махамбеттің «Қоштасу» атты өлеңі сонда шыққан:

Маң-маң басқан сары атан
Маңыстап шығар өріске.
Бұрынғыдай қарыштап,
Қона алмадық қонысқа,
Келе алмадық келіске.

Мен Исатай Жәңгір ханға он күн ойлануға мұрсат беріп, оған өз талабын жазады: «Егер Сіз халықтың бабын тауып, тыныштығын сақтауға тырыссаңыз, біз де асқан разы болар едік. Кез келген жағдай халқымыздың салт-дағдысы бойынша тексеріліп, анықталып жатса, онда шағымға Сіздің де назар аударғаныңыз деп білеміз; әрине онда да орыс үкіметі араласпай, өзіңіз ғана соттайтын болсаңыз; ал егерде сот ісі орыстың дел-далдығымен жүргізілсе, онда біз де олармен ажырасып тынамыз. Біздің өтінішімізді қабыл алып, ескі мұсылман дінінің ережесі бойынша әділ сот жасайды деп үміттенеміз. Ал мұны сыйламау – Сіздің әділдігіңіз бен Орданың хал-ақуалына деген барлық үмітімізді жоғалтудың бірден-бір жолы болып табылады» [3, 111 б.]. Жәңгір он күн мұрсат сұрап алған келісімінің бірде-бірін орындамайды. Патша әскері мен хан жасағы енді Исатайларды ұстап, жазалауды көздеп, соңдарына түседі. Қақтығыстарда екі жақтан да кісі өлімі болып тұрады. Екі жақ бір-бірін алыса алмай, ақыр соңында Исатайды ұстап берген адамға 500 сом күміс ақша, өлідей әкелсе, 250, ал өз туыстарының бірі әкелсе, оған кешірім жасалып, ақшалай сыйлық беріледі деп басына бәйге жариялап, елге хабар беріледі.

«Әй, Махамбет, жолдасым» да, «Исатай күмән жоқ. Ағам бар» да көтерілістің осы шарықтау шегіне жетіп тұрған кезде шыққанын филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Тілепов те Қажым Жұмалиевтің пікіріне сүйене отырып, екі толғаудан да мысал келтіріп «Мазмұнына қарағанда да толғаудың дәл осы тұста айтылғандығында күмән жоқ. Ал мұндағы автордың өздерінің төрт-бес жылдан бермен қарай «ханның тауын қайтарып», «дулығалы бас кесіп», «хан ұлымен қас болып, қара ұлына дос болып» жүргендігіне келсек, бұл көтерілістің етек алу, шарықтау кездерінен хабар беретін жайлар [4, 324 б.].

Қорыта айтқанда, Махамбет өлеңдері жорық жырлары болғанымен, бос айқай, жалаң дидактика, насихат болып қалмаған. Оның толғауларының тілі көркем, бейнелі де бедерлі, табиғат көрінісіне, патриоттық сезімге, елге, халыққа, жерге, анаға, балаға деген қасиетті сезімдерге толы.

Біз, Махамбет өлеңдеріндегі тарихи шындық, дәстүр мен жаңашылдық мәселелері төңірегінде әңгіме қозғап, ақын жырларына арқау болған, шығуына әсер еткен тарихи оқиғаларға тоқталдық. Сөйтіп тарихи шындықтың көркемдік шындыққа ұласуын, оның мән-мазмұнын сөз еттік. Өлеңдерінің шыққан жылдарын анықтауға, ақындық дәстүрдің сабақтастығы, өміршеңдігі жайында айта отырып, қазақ поэзиясындағы Махамбет дәстүріне барлау жасадық. Алайда бұл– теңізге тамған тамшыдай ғана дүние. Махамбет әлемі – шетсіз, шексіз. Махамбет өлеңдері – терең де тылсым. Сондықтан да ол жайында айтылар сыр таусылмақ емес.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахметов З. Махамбеттің ақындық шеберлігі. Махамбет: Елдік пен ерліктің өшпес рухы. – Атырау, 2002. – 24 б.

2.Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 60 б.

3.Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – Алматы: Алтын-Орда, 1991.

4.Тілепов Ж. Шандоз жыр – шерлі тарих куәгері. Махамбет поэзиясындағы елдік пен ерлік рухы және қазіргі дәуір. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 254 б.

УДК 82.233.05

## ОСОБЕННОСТИ СТИЛИСТИЧЕСКИХ ПРИЕМОВ ПЕРЕВОДА

**КУЛЬБАЕВА А.Т.**
Учитель русского языка и литературы
средняя школа имени Байгелды Кейкиева,
Республика Казахстан, Жамбылская область

**Түйіндеме.** Осы мақалада келтірілген және аталған барлық факторлардың жиынтығына сүйене отырып, стилистикалық аударманы талдау қарастырылады. Автордың сезімдерін жеткізу және мәтінді, метафораларды, дәйексөздерді дұрыс аудару және т.б. аудармашы аударманың стилистикалық әдістерін қолдануға әдейі жүгінеді.

**Summary.** Based on the combination of all the factors listed below and mentioned, this article examines the analysis of stylistic translation. To convey the author's feelings and translate correctly the text, metaphors, phrases, quotes, etc. the translator deliberately uses stylistic translation techniques.

Современная переводческая деятельность связана с оригинальными текстами разных стилей. Передать переживания, состояние, переживания автора при переводе совсем не просто. Для этого недостаточно иметь большой словарный запас, хотя это тоже играет важную роль. Важно уметь распознавать выражение в переведенном тексте. Переводчик иногда сознательно прибегает к использованию стилистических приемов, чтобы сделать созданный текст более выразительным и чувственным.

Перевод метафор, метонимии, сравнений, аллюзий заставляет не одного переводчика очень вдумчиво относиться к произведению. Обратите внимание, что проблема перевода выражения смущает не только новичков, но и профессиональных переводчиков.

Одним из наиболее интересных аспектов теории перевода является проблема передачи стилистических приемов языка. На сегодняшний день этот аспект не получил достаточного развития и продолжает привлекать внимание исследователей-теоретиков и лингвистов-практиков. Необходимость адекватно передать образную информацию произведения искусства - главный аспект при изучении перевода образных средств, воссоздания стилистического эффекта оригинала в переводе. Но изначально необходимо определиться с сутью определения «перевод» ...

Как известно, перевод – сложное многогранное явление, некоторые аспекты которого могут быть предметом исследования в различных науках. 183 Перевод раскрывает психологические, литературные, этнографические и другие аспекты человеческой деятельности, а также объединяет историю переводческой деятельности в той или иной стране или странах. Итак, многие лингвисты в зависимости от предмета исследования выделяют следующие аспекты:

- психологические переводческие исследования (психология перевода),
- литературный перевод (теория художественного или художественного перевода),
- этнографические переводческие исследования,
- историческое переводческое дело» и др.

Некоторые аспекты переводоведения существенно дополняют друг друга, стремясь к исчерпывающему описанию переводческой деятельности [1].

Н.Ф.Дановский сравнивает искусство перевода с искусством войны. Он представляет стилистические требования произведения как стратегические вопросы. Возьмем, к примеру, слово «поэт». В русском языке это понятие имеет множество разновидностей, оттенков, синонимов: поэт

- пиит - бард - вития - баян - менестрель - ашуг - акын - - стихотворец - шут - частушечник - рифмоплет - стихоплет.

Но для того, чтобы переводчик определился, какой из синонимов использовать в данном тексте, ему необходимо обратиться к стилистической структуре, к стилистическим особенностям оригинала всего произведения. Таким образом, у специалиста появляется прекрасная возможность подобрать стилистические и риторические образы и тропы. Именно стилистическое соответствие будет окончательным критерием для переводчика, который поможет ему в выборе необходимой лексики, грамматических форм и структур предложений.

Профессиональный переводчик использует приемы передачи некоторых стилистических приемов оригинала, чтобы сделать текст более ярким и выразительным. Во все времена переводчики стояли перед дилеммой: либо попытаться скопировать оригинальную технику, либо, если первое невозможно, создать собственные стилистические средства перевода, дающие аналогичный эмоционально-художественный эффект. Этот принцип часто называют принципом стилистической компенсации, о котором К.И. Чуковский говорил, что не метафору надо передавать метафорой, сравнение сравнением, а улыбку – улыбкой, слезу – слезой и т. д. Но начинающим «мастерам слова» необходимо помнить о том, что важна не столько форма, сколько функция стилистического приема в тексте. Это означает определенную свободу действий: грамматические средства выразительности можно передавать лексическими и наоборот. Опустив непередаваемое на русский язык стилистическое явление, переводчик вернет «долг» тексту, создав в другом месте текста – там, где это наиболее удобно – другой образ, но схожей стилистической направленности [2].

Если у начинающего переводчика нет опыта сравнения разных переводов или переводов с оригиналом, то его отношение к некоторым текстам однозначно: его пугают многочисленные глагольные причастия, всевозможные морфемы и аллюзии. В результате переводчик и перевод вынесены за скобки. С другой стороны, когда человек осознает сложность и важность работы переводчика, привык говорить о ней и сравнивать, то интересным образом он может прикоснуться к другой крайности: автор исчезает. Текст в этом случае становится творением переводчика, изобилующим его личными мыслями, чувствами, переживаниями. В этом нет злого умысла, как и в первой версии. Автор просто растворяется где-то на заднем плане. В обоих случаях нужно помнить одно: если в переводе что-то не так, то виноват переводчик, он отвечает за стилистические аспекты текста.

Стремление многих переводчиков сделать текст «хорошо и легко читаемым», к сожалению, на практике приводит к появлению уныло-плавного «языка перевода». Но неужели по-другому нельзя? Можно ли в переводе сохранить стилистические особенности оригинала? Если перевод некрасивый, грубый, странный или неровный, читатели сочтут его плохим, а переводчика неуклюжим. Судьба перевода и репутация переводчика во многом зависят от реакции и мнения большинства читателей. Различные эмоции от прочитанного произведения могут быть как положительными, так и отрицательными. Оказывается, перевод, стремящийся передать особенности авторского текста (в пределах понимания и в пределах возможного), не очень успешен.

Перевод не существует, он не имеет смысла вне сообщества читателей, которые могут его прочитать, оценить, использовать – но ожидания этого сообщества читателей, требования этого сообщества к стилю, фразеологии и словарю – эти требования неизбежно заставляют переводчика снова и снова нарушать замысел автора. Перевод стилистических приемов, несущих в себе образную нагрузку произведения, часто вызывает затруднения у переводчиков из-за национальных особенностей стилистических систем разных языков. Все лингвисты подчеркивают необходимость сохранения образа оригинала при переводе, справедливо полагая, что, прежде всего, переводчик должен стремиться воспроизвести функцию метода, а не сам метод [3].

Передавая стилистические образы речи – сравнения, эпитеты, метафоры, пословицы и т. д. – переводчик должен каждый раз решать: желательно сохранить лежащий в их основе образ или в переводе его следует заменить другим. Причиной замены могут быть особенности русского словоупотребления, сочетаемость слов и т. д. Стилистический аспект перевода необходим переводчику, без него красивый перевод получить невозможно. Именно стилистический аспект языка отвечает не только за перевод с исходного языка на язык перевода, но также за характеристики и навыки переводчика. Ведь перевод оригинала зависит от того, насколько переводчик умеет передавать смысл стилистических единиц. Экспрессия в переводе делает исходный текст более выразительным. Естественно, что для литературоведов, лингвистов,

культурологов и философов основные и наиболее интересные проблемы связаны с художественным переводом, переводом художественной речи. К способам экспресии относятся: метафора, метонимия, сравнение, аллюзии, цитаты, крылатые фразы, пословицы и поговорки. При переводе самое сложное для переводчика – это перевести такие стилистические образы речи, как метафора, эпитеты, сравнения, пословицы и т. Д. Конечно, переводчик может переводить, не обращая на них внимания, но в результате он получит «сухой» перевод.

Передача стилистических единиц – одна из важнейших задач перевода. Ему следует уделить особое внимание. Есть определенные стилистические требования, которым должен соответствовать перевод, то есть нормативные правила, характеризующие тексты подобного типа на целевом языке. Эти требования включают:

1.Смысловое соответствие. В зависимости от стиля и направления перевода переводчик всегда должен стремиться к тому, чтобы переведенный текст отражал истинное значение оригинала. Смысловое соответствие включает стилистическую точность, адекватность и полноту.

2.Грамотность. Главное требование – соответствие текста общим нормам русского и иностранных языков. Как правило, предполагается отсутствие стилистических, грамматических или орфографических ошибок.

3.Лексико-стилистическое соответствие. Предполагается правильный подбор эквивалентов исходных терминов, поиск аналогов сокращений и аббревиатур, правильная транслитерация. Общий стиль переведенного текста и стиль оригинала не должны различаться в восприятии. Технические переводы характеризуются точностью фраз, отсутствием эмоционально окрашенных слов, построением простых предложений и безличностью.

Для того чтобы речь соответствовала основным стилистическим требованиям, была выразительной, точной, стилистически мотивированной, а используемые в ней средства были наиболее подходящими для выражения этого содержания и подходящими в данном контексте, говорящий должен владеть стилистическими возможностями языка, знать его стилистические нормы.

Перевод, как устный, так и письменный, – довольно сложный и многогранный процесс. Перевод – это не просто замена одного языка другим. В переводе сталкиваются разные культуры, личности, уровни развития, традиции и взгляды. Главная задача переводчика всегда была и остается – запомнить все трудности перевода и постараться максимально точно выразить авторскую мысль, не забывая при этом передать различные авторские художественные приемы. Как уже было сказано, осознание этих трудностей - шаг к успеху в профессиональной деятельности переводчика. Уверенность переводчика в своих силах не должна превращаться в уверенность в себе, а имеющиеся знания - в застывшую догму, которую нельзя проверить или улучшить. Важно помнить: перевод - это, прежде всего, сложная, кропотливая, ответственная работа, требующая не только разносторонних знаний и творческого отношения, но и большого желания максимально четко передать задумку автора. Следует отметить, что такой перевод практически неосуществим в полном объеме, и художественный перевод будет лишь попыткой воспроизвести с помощью другого языка весь набор приемов оригинала, своего рода вариацией на тему оригинала.

**Список использованной литературы:**

1.Бархударов, Л. С. Уровни языковой иерархии и перевод / Л. С. Бархударов. Тетради переводчика, № 6. М, 2019.

2.Прозоров, В. Г. Основы теории и практики перевода с английского языка на русский / В. Г. Прозоров. М., 2018.

3.Бреева, Л. В. Лексико-стилистические трансформации при переводе / Л. В. Бреева, А.А.Бутенко.Электронные данные. Режим доступа: http://belpaese2015.narod.ru/Trad/trasform01.htm

ӘОЖ 801.248.

## КҮРДЕЛІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

**АДИБАЕВА Р.Б., ЖЕКСЕМБИЕВА А.А.**
И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается история сложных существительных в современном казахском языке.

**Summary.** The article deals with the history of complex nouns in the modern Kazakh language.

Жалпы қазіргі қазақ тілінде күрделі зат есім деп – кемінде екі я онан көп дара сөздердің (жалаң не туынды түбірлерден) бірігуі (кірігуі), қосарлануы, тіркесу және қысқаруы арқылы құралған, ритм, ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған күрделі сөздерді айтамыз. Мысалы: қолғанат, ағайын, әке-шеше, қол-аяқ, темір жол, жеті қарақшы, қайнаға, медколледж, ҰҚК, ҚР, филфак т.б.с. сөздердің бәрі де күрделі зат есімдерге жатады.

Күрделі зат есімдердің қай-қайсысы болса да әуел бастағы жай сөз тіркестерінен шыққан. Бұлардың қалыптасуларына әр қилы синтаксистік амал-тәсілдер негіз болған. Кейбір сөздер бастапқы синтаксистік жай сөз тіркестерінің компоненттері бірімен-бірі бірігу (кірігу) арқылы туса (белбеу, ақтан, ақсақал, отағасы), ал кейбір күрделі зат есімдер жарыса, қабаттаса қолданылған компоненттердің қосарлануы арқылы жасалған (ата-ана, жер-су, ел-жұрт, бақа-шаян, құрбы-құрдас). Сондай-ақ зат есім сөздердің тіркесе келуі арқылы да күрделі зат есімдер жасалады (ауыл шаруашылығы, балалар бақшасы, сары май, тоқпан жілік, бел омыртқа).

Негізінен қазақ тілі, сондай-ақ басқа түркі тілдерінде күрделі сөз бен күрделі тұлғалар мәселесі Қазан төңкерісіне дейін ауқымды арнаулы зерттеудің объектісіне айнала қоймаған еді. Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде ол туралы азды-көпті мағлұмат беріліп келеді. Ал қазақ тілі мамандарынан бұл проблеманы алғаш сөз еткен профессор Қ.Жұбанов. Ғалым 1930 жылдардың өзінде-ақ күрделі сөздер қанша сөзден біріксе, кіріксе де тұтас бір ғана мағына білдіреді, бір ғана заттың атауы болады, сөйлемде де сол жұбын жазбай, бір ғана мүше болады, кейбіреулерінің құрамындағы сыңарларының дыбыстық өзгеріске түсуінен сыртқы тұр-тұрпаты басқаша болып қалыптасады, бір ғана екпінді иеленеді деп дұрыс тұжырымдайды. Профессор Н.Т.Сауранбаев қазақ тіліндегі йзафеттік топтың түрлеріне тоқталған жерінде бірінші топтың өзгешелігі – синтаксистік шеңберден шығып, морфология, оның ішіде сөз тудыру жүйесіне айналған тәсіл екенін көрсете келіп, изафеттің бұл түрі қазір де тұтас бір атау (лексема) болып ұғынылатынын айтады.

Біріккен сөзге арнайы еңбек жазған А.Ермеков біріккен сөздердің сыртқы түр-тұрпаттық белгілі қасиеттеріне, біріншіден, тұтас тұлғалануын, екіншіден сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаруын, үшіншіден, белгілі сөз табының құрамына кіруін, төртіншіден, бірұдайы интонациямен айтылуын, бесіншіден, кейбір компоненттерінің бүтіндей, немесе жартылай дербес мағынасынан айрылуын, алтыншыдан, бірге жазылуын, жетіншіден, сөздікте бүтін бір сөз ретінде берілуін жатқызады.

Қазақ тіліндегі біріккен сөзбен шұғылданған екінші бір тіл маманы Г.Жәркешева біріккен сөздердің ерекшеліктері дегенге мағына тұтастығын, сөйлемге дербес бір ғана мүше болуын, компоненттерінің қалыптасуына дыбыс үндесу заңы қатысуын жатқызады.

Профессор А.Ысқақов өз еңбектерінде күрделі сөздердің аса маңызды мәселелерін қамтып, дұрыс тұжырымдар жасады, бірқатар тың проблемаларды алға қойды. Күрделі сөздердің әлі де анықталмаған, айқындалмаған мәселелері көп екенін айта отырып, мәселелердің негізгі түйіндері біріккен сөздер мен фразалық тіркестердің, біріккен сөздер мен күрделі атау сөздердің, фразалық тіркес пен идиомалық тіркестің араларын ашу, олардың ара қатынастарын анықтау мәселелерімен байланысып жатқанын көрсетеді. Күрделі сөздерді онымен тұлғалас тілдік құбылыстардан ажыратуда нені межелік белгі етіп ұстау керек деген мәселеге арнайы тоқтамағанымен, әр жерде осыған қатысты айтқандарынан мағына тұтастығын, тұтас тұлғалануды, белгілі сөз табына телулі болуды, сөйлемде бір ғана мүшенің қызметін атқаруды, бір екпінді иеленуді тірек еткендігі байқалады.

Профессор Қ.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» деген еңбегінде сөзге, соның ішінде күрделі сөзге де тән және оны сөз тіркесінен ажырататын жалпылама белгілер делініп семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық белгілері айтылып жүр дей келіп, күрделі сөздердің сөз тіркесінен айырмашылығын осы тұрғыдан сөз етеді.

Жалпы зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен түсініктерді де қамтиды.

Мысалы: құс, бәйшешек, тас, адыраспан, ыдыс-аяқ, су, құрт-май, балалар бақшасы, сары май деген сөздермен қатар, медбике, БҰҰ, ҚазПошта, экономфак, қант-шай деген сөздер де зат есімге жатады. Бұдан зат есімнің лексикалық семантикалық сипаты салалы да, қарымды да екені байқалады. Зат есім деп аталатын сөздердің өздеріне тән морфологиялық ерекшеліктері бар. Олар өздерінің лексика-семантикалық сипаттарына қарай, сөйлемдегі өзге сөздермен еркін қарым-қатынасқа түсетіндіктен, сол қатынастарға ас қажетті көптік, тәуелдік, септік және жіктік жалғауларын қабылдап, түрленіп отырады; екіншіден, зат есімдердің сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтары бар. Әрі зат есімдер тілдегі өзге сөздердің барлығына әрі ұйытқы, әрі өзек болып қызмет атқаратындықтан, әдетте, сөйлемнің барлық мүшелері ретінде береді. Дегенмен, зат есімдердің ең негізі қызметі – бастауыш, толықтауыш, анықтауыш болуы. Зат есімдер сапаны, сынды, белгіні, санды, әр түрлі қатынасты білдіретін анықтауыштармен ғана емес, иелікті, тәуелділікті білдіретін анықтауыштармен де талғамай үнемі тіркесе береді. Өзара бір-бірімен байланысты осы үш түрлі белгіні, демек, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілерді ұштастыра қарағанда ғана, зат есім деп аталатын негізгі сөз табының сыр-сипаты толық ашылады. Өйткені зат есімнің ең негізгі белгісі заттың субстантивтік мағынасын білдіру болса, ондай заттық (субстантивтік) ұғымды білдіру қабілеті басқа сөз таптарында да болады. Мысалы: Жаманды көре берсең ой кірлейді (Ғ.Мұстафин); Әлін білмеген әлек (мақал); Шегірткеден қорыққан егін екпес (мақал) деген сөйлемдердегі сын есімдер мен есімшелер заттық ұғымдарды білдіріп тұр. Олай болса, зат есімді тек бір ғана семантикалық белгісіне қарап қана анықтау қателікке ұшыратуы мүмкін.

Профессор Құдайберген Жұбанов күрделі сөздер жөнінде отызыншы жылдары жазған мақаласында оларды әр түрлі атайды: кейде қосымдар («сложение») десе, енді бірде кіріккен сөздер деп отырады. Ғалым қосымдар деп екі не одан да көп жеке сөздің жалғау-жұрнақсыз бірігуі арқылы жасалған жаңа сөзді айтады. Автор бұл ретте «алдын ала және онша толық емес зерттеу-тексеруімізге қарағанда қазақ тіліндегі қосымдар алты түрлі тілдік тіркестерді («языковые сочетания») қамтиды» деп жазады. Олар құрамына қарай былай жүйеленеді: 1) зат есім+зат есім, 2) сын есім+зат есім, 3) зат есім+қимыл есім («отлагательное имя»), 4) сан есімдер, 5) жалқы есімдер, 6) жаңа жасалымдар – қысқарымдар [1, 39б.]. Қ.Жұбанов басқа бір зерттеулерінде қазақ тіліндегі күрделі сөздердің екі түбірдің кірігуі, қаласуы (бірігуі) және қосарлануы арқылы жасалатынын атай келе, оларға мынадай анықтама береді: «Бірнеше сөздер қосылып бір ғана екпінге – ең соңғысының екпінге бағынып, бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан бәрі жиналып бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен сөз дейміз» [1, 91-93бб.].

Негізі қазақ тіліндегі күрделі сөздің өзіндік ерекшелігін тереңірек зерттеп, оны толығырақ таныған ғалым – Кәкен Аханов. Ол күрделі сөздің басты мынадай белгілерін атайды: 1) күрделі сөз кемінде екі түбірдің (немесе негіздің) бірігуінен, тіркесуінен, қосарлануынан, қысқаруынан жасалады; 2) күрделі сөз жасайтын бұл сыңарлар семантикалық жағынан да, морфологиялық жағынан да, синтаксистік жағынан да тұтасып, бір ғана ұғымды білдіреді; 3) күрделі сөздің құрылымдық тұтастығы бұзылмайды, оның сыңарларының арасында сыналап басқа бір сөз кіргізуге және олардың орнын ауыстыуға да болмайды; 4) күрделі сөздің сыңарлары тұтас бір ауа түйдегімен үзіліссіз-үздіксіз айтылады, бір ған дауыс екпініне бағынады [2, 91-93бб.]. Шынында да, қай сөздің де жалпы сөздік бітім, сөздік тиянақ алуы, сөздің тұтастығы «единство слов» екпінімен байланысты. Екпіннің сөзжасамдағы осы қызметін Вильгельм фон Гумбольдт кезінде өте дәл басып айтқан.

Күрделі сөздің басты осы белгілері Ф.А.Ғаниевтің еңбегінде де аталатындығын байқадық. Ал А.Ысқақов күрделі сөздің табиғатын, мысалы, былай тұжырымдайды. «Күрделі сөз деп кемінде екі я онан көп дара сөзден (жалаң, я туынды түбірлерден) құралып, ритм ырғақ жағынан бір ұдай лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сөзді (я сөз тіркесін) айтамыз» [3, 91-93бб.]. Күрделі сөзге тән осы белгілер қазір өзге түркі тілдерінде де жиі айтылады.

Қазақ тілшілерінің күрделі сөздерді жалпы төрт түрге бөліп қарауынан бұл төрт белгі айқын көрінеді. Ал бұл жерде бір көңіл аударарлық жайт – жалпы күрделі сөз атаулыға тән жоғарыда аталған төрт белгінің төртеуі түгел күрделі зат есімнен ғана табылатыны дер едік.

Яғни, күрделі зат есімдер де екі, не одан да көп сөздің бірігуінен (кірігуінен), қосарлануынан, тіркесуінен, қысқаруынан жасалады. Соған байланысты оны қазір төртке бөліп қарайды: біріккен (кіріккен) күрделі зат есім, тіркескен күрделі зат есім, қосарланған күрделі зат есім, қысқарған күрделі зат есім. Кейінгі тілші-ғалымдардың басым көпшілігі күрделі зат есімнің

осы бөлінісін құптайды. Тек А.Ысқақов пен Н.Оралбайдың күрделі зат есімнің құрылымдық атауларын беруінде аз өзгешелік байқалады. Мәселен, А.Ысқақов күрделі зат есімді төртке: біріккен, қосарланған, құрама, қысқарған зат есімдер деп бөлсе, Н.Оралбай: бірккен, қосарланған, тіркескен, қысқарған зат есімдер дейді. Әрине, өзгешелік: құрама мен тіркескен зат есімдерде болып тұр. Бірақ, аталған күрделі зат есім екі түрлі аталғанмен де, оларға екі ғалым да ұқсас түсінік бергендігі аңғарылады.

Жоғарыда сөз болған жалпы күрделі сөздің ерекшеліктеріне орайлас күрделі зат есім сөзді, біздінше, былайша анықтауға болады: күрделі зат есімдер деп - екі я одан да артық сөз тізбегінен құралып, лексика-грамматикалық мағыналары мен тұлғалық және сөйлемдегі қызметі жағынан бөлшектенбей, тұтасымен белгілі бір ұғымның атауы ретінде жұмсалатын сөздерді айтамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, А., 1960.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1982, 90 бет.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. «Ана тілі», Алматы, 1991.


ӘОЖ 82.350.97

# «ДИУАНИ ХИКМЕТТІҢ» ТІЛ КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАРЫ


**СУЛТАНКУЛОВА А.С.**

И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**ОРАЗАЛЫ А.Ғ.**

И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін
мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы



**Резюме.** В статье рассмотрены художественные средства в произведении Ходжи Ахмеда Ясауи «Дивани хикмет».

**Summary.** The article examines the artistic means in the work of Khoja Ahmed Yasawi «Diwani hikmet».


Ықылым заманнан бергі өткен дәуірде қазақ топырағына табаны тиген сандаған ұрпақтың өкілдері Қожа Ахмет Ясауи есімін ауызға алғанда, ең алдымен қасиетті Түркістанды түркі жұртының кіндік қазығына айналдырған ұлы әулиенің көкпен таласқан күмбезін, ал аузындағы аңыз-әңгімелердің даңғайыр сарынымен қарапайым халықтың көкейіне өшпестей болып ұялаған кемеңгер сұлбасын бір сәт көз алдына келтірері хақ. Бірақ та Шығыс әлеміне Ясауи есімі қаншалықты белгілі болса, оның өмірбаянын, тағдыр жолын анықтайтын деректер соншалықты күңгірттік қойнауында жатыр. Біз ақынның пірі боп танылған Хамадани сопы мен Хамадани мектебіне қатысты жазбалардағы мәліметтерге сүйене отырып қана Ахмет Ясауидің XI ғасырдың соңғы ширегі мен XII ғасырдың бірінші жартысында ғұмыр кешкенін айта аламыз. Әл-Уағиздің «Рашахатында», Ибн Халликанның «Уафайат, YII», Шағаранидің «Табакат ал-кубра» жазбаларында, Халис Ефенди кітапханасынан табылған «Жауахир-ул-әбрар мин әмуажи-л-бихар» риуайатында, Жәмидің «Нафахат ал-унс», Науаидің «Насойиму-л-махаббат» деген еңбектерінде Ахмет Ясауи өз заманының білікті маманы, атақты сопысы екенін және де шәкірттік жолын Хамадани мектебінен бастап, кейіннен осы мектептің халифасы, яғни, жетекшісі болғанын хабарлайды. Бірер жылдар бұрын танылып, ғалым М.Жармұхамедовтың зерттеуіне енген «Насаб-нама» сияқты құнды деректер [1], Қ.А.Ясауи болмысын уақыт тұманынан ажыратып, тарихи тұлғасын таныта түскендей болды.

Өз ойын түсінікті де, көрікті де жеткізе алған Қожа Ахмет Ясауи «көрікті ойдың көрінісі – көркем сөздің» де шебер екеніне «Диуани хикметтің» тілі куә.

Ақын түркі ауыз әдебиетінің сүрленген көркем тілін қолданысқа салуда бейнелердің айнымас, ажырамас бөлігі дәрежесіне жеткізе алған. Сондықтан болар хикметтердің тілі образдармен жым құрып, араб жазуының өрнегі сияқты болып келеді.

Ясауи өзінің философиялық ойларын, не сопылық оқуын бейнелеуде күрделіліктен бұлыңғырланып кететін мазұн-мағынасын (мистикалық амалдарға қатысты) көбіне көркем тілдің қанық бояуларымен бір қалыпқа, бір бағытқа келтіріп отырған. Мысалы, сопы не дәруіш жүзі «запырандай сабан түсті» деген теңеуін басқа образдарға қолданбайды. «Реңдері запырандай солмақ турур» (33-х). Бұл теңеуде сопылардың мұң-мұқтажды көңіл-күйі толығымен сипатталып тұр емес пе? Ал бұған қарама-қарсы образдың қызыл жүзді болып келуі қарны тоқтық, көңілі бүтіндіктің белгісі болып табылады.Ақын осы екі образға тоғышарлық пен қам көңілділікке қатынасын беруде тіл бояуының қанық түстерін таңдаған. Ақын:

Үмметпін деп қылмасаң, өлген жақсы,
Қара жердің қанын жарып кірген жақсы.
Қызыл жүзі рең кетіп, солған жақсы,
Пірмұған қызметінде жатқым келер.

Сөйтіп суреткердің образ бейнесініңдәл штрихын беруде жай теңеулердің тек көркемдегіш қасиетін танытпай, сонымен қатар бүкіл образдың мәнін білдіруші дәрежесіне көтерген. Яғни, Ясауидің теңеу, эпитет, троп сияқты тіл көркемдегіш құралдары образ мәнін бейнелеу қызметінде көрінеді. Мысалы, нәпсі бейнесін кейіптеуде ақын көз алдымызға қара күш иесінің адыр, оқыс қимылдарын сипаттауда нәпсінің бүкіл болмысын, қасиетін, мақсатын аңғартқандай күйде болады.

Нәпсім мені оттай жанып жолдан ұрды,
Жүз мың түрлі тағам қылып дүкен құрды.
Аузын ашып, әр ғәйішке мені ұрды,
Қайрат берсең сұм нәпсіні мүшелесем мен.

Автордың нәпсіге деген қатынасын «мүшелесем» сөзінен-ақ тануға болады. Адам өзінің материялық дүниеге қатысты нәпсісімен күресуде өзін аямай, жан-тәнін қинау Ясауидің «мүшелесем» дегентроп қолданысында көрінген. Ал осы нәпсі жетегіндегі адамның бейнесі итпен салыстыруда бар көрінісін тапқандай.

Елу жаста ермін дедім пиғылым зағип,
Көзімен қан төкпедім бауырымды езіп.
Нәпсім үшін көп жүгірдім иттей кезіп,
Заты ұлы қожам сыйынып келдім міне.

Адам неғұрлым нәпсіқұмарлыққа берілген сайын оныңкөңілі қарайып, адамдық келбетіненада болу процесінақын мақұлықтардың тіршілігімен дәл көрсетеді.

Дүние мендік дегендер,
Жаһан малын жиғандар.
Керкес құстай болумен,
Ол харамға батарлар.

Қазы, имам болғандар,
Нахақ дұға қылғандар.
Есек сияқты болумен,
Жүк астында қаларлар.

Ясауи адамның жағымсыз мінез-құлқын сипаттауда, сөз ірімдерін қолдануда алдына жан саламаған ақын. Әр құлықтың мәнін дәл суреттеу қиынның қиыны, бұған тек сөз табиғатын терең білетін дарынның қолынан келеді. Ясауи сөзге жан беріп, өзінің жан тебіренісін сөйлеткен хас шебер. Мысалы, 119 хикметте ақын нәпсі құлшылығындағы адамгершілікке жат қасиеттерді былай танытады:

Тәкаппар тонын кидірген нәпсіһауа емес пе?
Сараңдық үйіне үйілткен, жақсы-жаман сөйлеткен.
Қатыгездікке салғызған нәпсіһауа емес пе?
Менмендік атын міндірген, жаман жазық қылдырған,
Ұлы қиғуға қойдырған нәпсіһауа емес пе?

«Бұл картинадан тон киген адамның қорбиып, жан-жағына көз салмай, аяқ астын андымай, алшақ басқан тәкәппарлықты көзбен көргендей боламыз. Ал, сараңдық үйі дегенде, мақсаты тек дүниемен өлшеніп, дүниемен белгіленген шектеулі шекара ішіндегі сараңның барына қанағат тұтпай, мал-мүліктің асты-үстіне түскен тойымсыздығы, байлық үстіне байлық үйе бермек күйбең тіршілігі тітіркендіреді. Тек «өзім» деген өркөкірек кеудені атқа мінгізуде менмендіктің ешкімді елемес, менсінбес, жоғарыдан төмен қараған ахуалын аңғарамыз» [2, 17б.].

Ясауи мадақ жазуда тек жеті буынды өлең түрімен шектеліп қалмаған. Мадақтың да мадағы бар. Жеті буынды өлеңмен жазылған хикмет көбіне эмоционалдық шабытқа негізделгендіктен, оның мазмұны бір жақты болуы заңды нәрсе. Ал, ақынның ағартушылық қызметін атқарған хикметтерінің басты мақсаты – мадақ обьектісінің нендей себептермен қошаметтеліп, мадақталып отырғанын түсіндіру, дәріптеу болып табылды. Мұндай түсіндірмелік мадақтар 11-12 буынды өлең түрінің байсалдылығын, тәптіштеліп баяндалуын қажетсінді. Бұл хикметтер тобына 93 және 149 хикметтерді жатқызуға болады.

Дәйім ғам үмбет еді, жемеді ниғмет,
Керемет дүрсің қан ғам һай Мұхаммед.

Осы жерде айта кететін жәйт, Яссауидің көп хикметтері құлшылық ету мадағы, жалбарыну мадағы, дәріптеу мақсатындағы мадақ, жеке адамдарға не дәруіш-сопыларға, ғашықтарға айтылған мадақ түрінде болып келеді. Ақынның өзі оқырман қауымды зікір (еске алу), жад, дәріп айтуға шақырып отыр емес пе?! Сонда Ясауи ұғымындағы, түсінігіндегі зікір, жад, мадақ дегеніміз не?

Жан ділді хақ зікіріне уасил қылғыл,
Уәсил қылған Хақ дидарын көрер болғай.

Ақын сөздің тәлім-тәрбиелік қасиетіне баса назар аударған. Сөз адамды жөнге салатын, бұзық жолдан алып қалатын, сақтандыратын күш. Сөз адамның адамгершілік қасиеттеріне берілген рухани қаруы, рухани әлемін қорғайтын қорғаны болып табылады.

Қойғыл дүние пікірін,
Қылғыл Хақтың зікірін.
Бұзғыл шайтан захирын,
Зікір болғыл әр заман.

Хақ сөзі арқылы адам өзін-өзі кемелділікке жеткізіп, материалдық дүниеге жататын нәпсілік қасиеттерінен тәуелсіз бола алады. Ясауи үшін надандықтың басты белгісі сөз тыңдамай, рухани сұхбатқа, мәжілістерге қатыспай аулақ қашу болып табылады. Мұндай адамдар ешкімнің ақыл-кеңесіне құлақ салмас, ешкімге ақыл айтпас меңіреу мәңгүрттер бұларға айттың, не айтпадың немесе бәрібір. Осы ретте ақын былай жырлайды:

Құл Қожа Ахмет, сөзіңді надандарға айтпағыл,
Сөзіңді айтып, наданға бос пұлға сатпағыл.
Аштан өлсең, наданға әр кез міндет қылмағыл,
Арыстан бабам сөзін есітіңіз, тәбәрік.

Жақсы сөз– адамның көңілін көтеретін, ниетін нұрландыратын қасиетті күш.

Келің достар, Алла жадын дәйім айттың,
Алла жады көңіл мүлкің ашар әрміш.
Қанша жылдық, кірлер басқан көңілім мүлкін,
Хақ жадының нұрыменен ашты болғай.

Хақ жадын айтқан көңіл раушан болар,
Зікір, жадын айтып көңіл нұрға толар.

Адам сөз арқылы нәр алып, адамгершілік қасиеттерін дамытады, кемелдендіреді, бекітеді. Зікір, жад дегеніміз, руханишылықты, адамшылықты дәріптеген, дәріптей отырып уағыздаған, уағыз арқылы көңілге нұр боп құйылған сөз деп білеміз. Бұл сөз, Бертельс көрсеткеніндей, өз тыңдаушысы, естушісі, оқушы дәрежесіне лайықталып жетуі басты мақсат болғандықтан, Ясауи хикметтері түркі халқының дәстүрі әдеби үлгілерін кеңінен меңгерген. Ахмет Ясауидің ақындық дарыны сөз патшалығының елін еркін шарлап, шабыт атын тізгіндеп, өзінің миссионерлік қызметіне тірек болған ұлы күш. Ағартушы ғалым ретінде Ясауи хикметтерін түркі өлеңінің 11-12 буынды түрін кең қолданса, ақын ретінде 7-8 буынды өлең түрін әлеуметтік мәселелердің сыни тұрғыда жырлауда, не сезім жетегіндегі ахуалды жеткізуде қолданған. Ал жаңа ағым, жаңа мазмұн өкілі ретінде сопылық әдебиеттің өлең формасы болып қалыптасқан аруз өлшеуіндегі өлең түрлерін түркі тілімен шендестіру нәтижесінде камил, басил сияқты өлшемдермен жазылған хикметтердің туындауына себеп болған.

Қазан басылымында Ясауидікі деген 154 хикмет қамтылған. Кітап құрастырушы тарапынан болған «Сыйынудан» басталады. Жоғарыда айтқанымыздай, «Сыйынуда» Ясауидің Әбубәкірге, Омарға, Ғұсманға, Әлиге арналған мадақтары еркін мазмұндау формасында кірігіп кеткен.

«Мінәжәтті» қос тармақтан құралған шумақтың, негізінен он бір буынды өлең түрімен жазылған мадақ-толғау деп сипаттауға болады. Ұйқасы–егіз ұйқасты.

«Ақынның үш дастаны да шумағы төрт тармақтан болған он бір, он екі буынды өлең түрімен жырланған. Осы үлгі бойынша, 100 хикметі жазылған. Ал төрт тармақты, жеті буынды өлең түрімен 31 хикмет құрастырылған. Бұлардың да ұйқасы қара өлең ұйқасы болып келеді. Сондай-ақ, Яссауи қаламына қара өлеңмен жазылған сегіз буынды 4 хикметті жатқызуға болады. Бұлар 87, 88, 137, 155 хикметтер» [3].

«Диуани хикмет» құрамына енген 123, 124, 143 хикметтерді қара өлеңмен жазылған 7-8 буынды өлеңдердеп кесіп сипаттауға болады. Бірақ бұлардың ерекшелігі бірінші шумақтары, не буын саны жағынан асып тұрса, не мазмұндай жүйесі бәйіт үлгісіне негізделгендей болады. Бұл жағдайды аудармашы тарапынан болған олқылықтар деп пайымдасақ керек, бұл хикметтердің ауызша таралып, «Диуани хикметте» кейіннен енгізілді ме деген ой келеді.

Сонымен қорыта айтқанда, Ясауидің аруз өлшемімен жазылған хикметтеріне келер болсақ, көбісі кәмил өлшемімен (53, 63, 122, 145, 152, 153 хикметтер) жазылған. Ал, 114 хикмет басит өлшемімен құрастырылған. Бірақ бұл хикмет төрт тармақтылыққа негізделген шумақпен жазылып, араб өлең жүйесінің түркі өлең жүйесімен қаншалықты дәрежеде синтезделе алатын үлгісін көреміз. Сондай-ақ, бұл хикметтің мазмұндау, баяндау, композициясы да өзгешелік танытады. Мұнда әр шумақ «Арслан бабам сөзін естісеңіз тәбәрік» деген тармақпен аяқталып, Ясауи қаламына тән, қазықтық қызмет атқарады. Сондықтан да Арслан бабаның Ясауимен кездесуі, оның сөздері, яғни белгілі бір қағидалары араласып, баяндалғанына қарамастан, шығыстық композициясы сақталған деп тұжырымдаймыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жармұхамедов М. «Насаб-нама». –Алматы: Білім, 2004. –222б.

2.Дәуітов С. Диуани Хикмет жәнеқазақпоэзиясы. Монография. –Алматы: Қазақстан, 1998. –289б.

3. ЯсауиҚожаАхмет. Даналыққітабы. АударғанЖ.Әбдірашев. –Шымкент, Аруна, 1993. –205б.

ӘОЖ 78.52

## Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

**ЕСІМ НҰРБАНУ**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы**,** Тараз қ.
**ДҮЙСЕНБАЕВА Қ.Ж.**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье Б.Момышулы через свои произведения показывает тяжелое бремя войны, героические и трагические картины жизни защитников Родины, трогательно описывает преданность воинов и военачальников стране и народу. земли, к священному долгу.Через исторические реальные события показано, что это особенно сильное и великое чувство, которое ведет людей к массовому мужеству, к воспевающему авторитету морали, гражданственности и героизма.

**Summary.** In the article, B. Momyshuly, through his works, shows the heavy burden of war, heroic and tragic pictures of the life of the defenders of the Motherland, and touchingly describes the devotion of soldiers and military leaders to the country and people. land, to sacred duty. Through historical real events it is shown that this is a particularly strong and great feeling that leads people to mass courage, to the glorifying authority of morality, citizenship and heroism.

Б.Момышұлы өз шығармаларының бетінен соғыстың қиын ауыртпалығын, Отан қорғаушылар өмірінің қаһармандық әрі трагедиялық суреттерін көрсетеді.Автор қатардағы жауынгерлер мен әскери қолбасылардың ел мен жер, Отан алдындағы парызына, қасиетті парызына адалдығын тебірене отырып баяндайды.Ұшқан ұя, туған Отанға деген шексіз

сүйіспеншіліктің қарапайым жандарды жаппай ерлікке, адамгершілктің, азаматтықтың шырқау билігіне, қаһармандық қиясына бастаған айрықша қуатты, ұлы сезім екендігін тарихи нақты оқиғалар арқылы бейнелейді.

Бауыржан Момышұлылның «Москва үшін шайқас» шығармасы документтілігімен бағалы. Шығармадағы кейіпкерлер - Бауыржан Момышұлы, генерал Панфилов, генерал Чистяков, лейтенант Брудный, капитан Лысенко, сержант Жиенішбаев, лейтенант Рахимов, политрук Клочков, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, т.б өмірде болған азаматтар. Бұлардың біразы Москва үшін шайқаста ерлікпен қаза тапты, бірқатары бертінде қайтыс болды. Осы азаматтардың қай-қайсысының да өмірі «Москва үшін шайқаста» да, бейбіт өмірдегі қызметте де ғибратқа толы еді. Олардың ұлты мен тіліндегі, мінезі мен қылығындағы ерекшеліктер мендаралықтар Отанға, туған елге деген шексіз сүйіспеншілік туы астында біртұтас ұлы күшке айналып, бір ғана ұлы мақсатқа қызмет етеді. Отанға деген адал махаббат сезімі жауынгерлердің қаһармандық істерінің басты қозғаушы, жетекші күшіне айналады. «Москва үшін шайқас» үш кітаптан тұрады. Бірінші кітап Бауыржан Момышұлы басқаратын батальонның жау қоршауын бұзып-жарып, өз тобына, негізгі күшке қосылуынан басталады. Батальон «...жан түршігерлік арпалыспен қанды шеңгел жау шебін жарып өтті.Қанаттарының ұшын шалдырып, жаудың берік қамалдай шебін ойрандап, талқандап бұзып шықты». Жазушылар өз шығармаларында кейіпкер бойындағы ұлттық ерекшеліктердің асыл белгілерін жалпы азаматтық қасиеттермен табиғи тұтастықта өреді.

Соғыстың бел ортасында болған кейін бейбіт жылдарында соғыс тақырыбына әңгімелері мен хикаяттарын жазған Б.Момышұлының суреткерлік көз қарасындағы басты сипат соғыс шындығын шыншыл да терең бейнелеу болып табылады. Соғыс жылдарында жүргізген қол жазбасы мен Алматыға келіп қоғам қайраткерлері мен ақын жазушылардың алдында шығып сөйлеген сөзінде де соғыс шыншыл бейнелеу басты мәселелердің бірі болып айтылады.

Б.Момышұлы соғыс жылдарында жазылып жатқан көптеген шығармаларға көңілі толмайтындығын, соғыс шындығының бұрмаланып тіпті жалған сипатта суреттелетіндігін ашына білдіреді. Сондықтан да соғыс тақырыбына қалам тартатын жазушылардың ең алдымен соғыс ақиқатын терең сезінуі қажеттігін, оқырман алдындағы жауапкершілігін басына еске салады. Бұл кітаптардың ағартушылық және ел адамдарының жауға деген өшпенділігін тәрбиелейтін басты сипатын даралап айтады.

Б.Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» шығармасындағы жазушының екінші бір тоқталатын басты мәселесі – соғыстың адам психологиясына әсері. Көркем шығарманың басты міндеті де ұрыс үстіндегі де адамның жан дүниесін, кескін-келбетін, іс-қимылын терең де шыншыл, көркем бейнелеу екендігін білдіреді. Осы ретте «Соғыс психологиясында» жауынгер мен командирдің адамдық негіздері мен мінез ерекшеліктеріне сипаттама беріп, оны өзінің басынан кешкен, куәсі болған нақты ұрыс оқиғалармен байланыстыра дәлелді өрбітеді. Отан алдындағы парыз бен борыштың қайдан бастау алатындығын достық, ортақ мүдде байланыстарының жауынгерлердің басын біріктіретін ортақ белгілеріне тоқталады.

Сондай-ақ соғыс психологиясында жауынгер алдындағы командир парызы, тәртіп ақыл-ой тереңдігі, оның ұрыс үстінде басты қажеттілігі айтылады. Ұрыстың алдыңғы шебінде болатын жауынгер бойындағы машықтану мен төзімділіктің, ел отан алдындағы парызды сезінушіліктің қаншалықты маңызды екендігін ғылыми және практикалық тұрғыдан тұжырымдайды.

Соғыс өмірінің барынша қаталдығы және сынға түскен адмның әр алуан мінезі мен көрінуі Б.Момышұлы толғаныстарының өзекті желілерінің бірі. Бұл ретте автор барынша шыншыл және шебер талдаушы ұрыс үстінде көрінетін өткір психологияның бірі жауынгердің батылдығы мен қорқақтығы Б.Момышұлы қорқудың барлық адамға тән психологиялық құбылыс екенің сипаттайды. Батылдықтың өзі сол соғыста алған үрейді іштей жеңе білушіліктен, борыштан басталатындығын білдіреді. Барлық жауынгерлері мен командирлердің ұрысқа енген деп жатуы шындыққа оншалықты жанаспайтындығын айтады. Ұрыс жағдайында түрлі қателесушілік пен орны толмас кемшіліктердің болып жататындығын автор көптеген дәлелдермен айтады.

Соғыс психологиясы – барынша күрделі және кең ауқымды сондықтан да бір ізбен ой қиялмен жорамалдап жазу соғыс тақырыбына жазылған көркем шығармаларға абырой әкелмесін автор сол бір қаһарлы жылдардың өзінде айрықша еске салады.

Әдебиеттегі соғыс тақырыбының игерілуіне осындай жоғары талаппен келген Б.Момышұлы өзінің шығармаларында осы өлшемді басты негізге алады. Сондықтан да оның әңгімелері мен хикаяттарында бейнелеген кейіпкерлері алуан мінезді өзгеше тағдырлы, бір-біріне ұқсамайтындай ерекше сипатты болып келеді. Оның басты негізі автор шығармасының деректілігімен байланысты. Жазушы шығармасының басты кейіпкерлері соғыста бірге болған, ұрыста бірге қан

кешкен адамдар болып келеді. Автор туындыларының басты ерекшелігі сол өмірдің қатал сәтінде бірге болған каруластарын жалпылама сипаттай бермей, олардың ұрыс үстіндегі алуан мінезді мен қажыр қайратын, ерлігін, төзімділігімен отан сүйгіштік қасиетін айрықша білдіретін жағдайларды (ситуацияны) іріктей алуы мен байланысты. Б.Момышұлы шымыр тартысқа құрылған кейіпкерлерінің әр қилы мінез танымдарымен дараланып көрінетін ситуатцияны құлпырта нақтылықпен шебер суреттей жеткізеді. Сол себепті де соғыс тақырыбына арналған автордың туындыларынан әр алуан мінезді кейіпкерлерді молынан ұшыратамыз. Олар бірін-бірі толықтырып Ұлы отан соғысы жылындағы отан қорғаушылар образдарының асқақ, шыншыл галелериясын жасайды.

Кейінгі тарауларда жан-жақты қарастырылып өтілетін әңгімелер мен повестеріндегі соғыс шындығының, психологияның көрнісімен мақалалар мен ой толғаныстарындағы ішкі сабақтастықтың төркінің осыдан аңғаруға болады.

«Жауынгерлік ерліктерді сипаттаған кезде – ішкі арпалысты суреттемейді. Жауынгердің қандай күрес пен психологиялық қиналыстың нәтижесінде қара бет болғанын немесе даңкқа жеткенін ашып көрсету қажет. Міне сонда ғана солдат пен офицердің бейнесі анағұрлым жанды, анағұрлым кесек тұлғалы болмақ».

«Бүгіні күні әділін айтсақ, әскери тақырыптағы барлық шығармалар мен заметкаларда солдаттың бейнесі ашылып көрсетілмей келеді,оның орнына жансыз қағаз адамның образы жасалынуда.Олардың шығармаларында солдат адамзаттың әлдебір жаратылысы бөлек перзенті сияқты суреттелінеді, сөйтіп солдаттың шынайы бейнесі шықпай қалады».

«Соғыс тақырыбына жазудың өте қиын екнін қайталап айтамын. Әзірше ізін суытпай сұлбасын, нобайын түсіріп қою керек, бірақ та олардың өзінен адамның сурет салуға әрекеттенген талпынысы көрінетіндей болсын, ал нобайсыз қалдыруға болмайды. Қазір бұл материалдармен соғыстан кейін бірнеше жыл жұмыс істей алатындай әрі өңдеп, нағыз келбетіне, сипатына келтіре алатындай етіп жазу керек».

«Немістерді жан түршігерлік құбыжық етіп суреттейтін шығармалар да баршылық– бұл жалған, өтірік. Егер өтірікті айта алмайды екенсің, дұрысы үніңді өшір, ал айта алады екенсің, онда жөнімен, мөлшерімен айт. Кейбіреулер немістерді адам емес дегенді айтады. Мен мұндай пікірмен келіспеймін, және өзімнің солдаттарыма немістер де сүйек пен еттен жаралған, бірақ олар мінез-құлқы жағынан барып тұрған азғындаған, бұзылған адамдар деп айтамын.

Немісті де найзамен шаншып, оқпен атып өлтіруге болатынына, оған да қорқыныш тән екендігіне жауынгерлердің көзін жеткізу қажет. Сонымен, барып тұрған өтірік үлкен зиян алып келеді екен. Екінші бір шектен шығушылық немістерді біздің жалғыз жауынгеріміздің өзі-ақ «ура» деп атой салса алды-артына қарамай зыта жөнелетін су жүрек қорқақ етіп көрсетушілік. Екі жылдың ішінде мұндай немістерді көргенім жоқ. Олар қарсылық көрсетіп бағады, оларға қорқыныш сияқты, ержүректілік те тән».

Б.Момышұлының бұл ой-толғаныстарынан соғыс шындығының дұрыс суреттеу қажеттігі туралы талабы айқын көрінеді. Соғыс шындығы – барынша күрделі шындық. Соғысқа бармаған, майдан өмірін жан-тәнімен толық сезінбеген қаламгер ұрыс ақиқатын оқырманына дұрыс жеткізе алмайды. Құр долбармен, қиялмен соғыс тақырыбына шығарма жазуға болмайтынын Б.Момышұлы сол тұстағы қаламгерлерге қатаң ескертті. Бұл әлі күнге дейін мән-мағынасын жоймайтын қағида.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Момышұлы Б.Екі томдық шығармалар жинағы.- Т.1. -2012 ж.

2.Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы.- Тараз: Сенім, 2017 ж.

3. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі.- Алматы: Жазушы, 2013 ж..

ӘОЖ 57.81

## Ж.БАЛАСАҒҰН МЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ТАНЫМ ҮНДЕСТІГІ

**ҚАЛҚАБАЙ ЛИНАРА**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**АБИЛОВА Б.Б.**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье положение Джусипа Баласагуна и Абая, отличающееся от других поэтов-писателей, обусловлено этим системным образом бытия человека и нравственности, умением создавать собственные знания. Они не ограничиваются описанием человеческой нравственности с художественной точки зрения, а поднимают ее на уровень образования, знаний и мышления.

**Summary.** In the article, the position of Jusip Balasagun and Abai, which differs from other poets and writers, is due to this systemic image of human existence and morality, the ability to create their own knowledge. They are not limited to describing human morality from an artistic point of view, but raise it to the level of education, knowledge and thinking.

Жүсіп Баласағұн мен Абайдың өзге ақын – жазушылардан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолы, өзіндік танымын жасай білуіне байланысты. Олар адамгершілікті көркемдік тұрғыдан суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейіне көтере жырлайды.

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны да соншалық мол мазмұнды арқау еткенмен, негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, құтты ету. Шығарманың өзегі – толық адам екенін танимыз. Ақынның айтуынша, құттың кілті – кісінің ділі, тілі, қылығын бірдей қамтыған жан – жақты жетілуі мен кемелденуі. Толық адам - өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол кісілікке жат қасиеттен әбден арылып, тазарған, ішкі рухани дүниесі, діні ағарып, періштелікке бет алған адам.Түптің түбінде, мазмұнан құт – береке, бақ кісінің өзінде, оның өз қасында дегенді ұғамыз. Адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі дастанның ең басты идеясы.

Абайда да – этикалық мәселені, мораль философиясын тереңдеп сөз еткен ақын ойшыл. М.Әуезовтың: «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойды», - дейді. Абай үшін ақындық мұрат емес, оның ақындығы – адамгершілік мұраты мен танымның құралы ғана. Ол белгілі бір қасиетерді іш тартып қана қоймай сонымен бірге адамгершіліктің, адам болу мен кісіліктің өзі тапқан қалыбын жанымен де жетілудің шыңына жетіп, кемеліне келген адам адамгершіліктің жүйесі мен жолын жасайды. Адам тану мен адамгершіліктің мәніне, сырына үңіле түседі. Қайтсем адам атын асқақ, асыл етемін деп шарқ ұрады. Абай да – адамгершілік, кісілік тақырыбында жаңашылдық танытқан ақын. Оның адамгершілік мұраты толық адам төңірегінде көрінеді. Абайдағы толық адам – тәнімен де, жанымен де жетілудің шыңына жетіп, кемеліне келген адам. Ақының өмірі бойғы ізденісінен туған адамгершілік таным, кісілік қалып осы.

Ақынның адам болуға қатысты талабы осы шумақта біршама толық қамтылған. Мұнда әсіресе күш-қайратыңды оңды, дұрыс пайдаланып, ақыл-оймен танып-білу және көпшілік қаумынан ойы мен бойы бірдей озық тұрған жеке адаммың артықша қасиетін көрсетуге баса назар аударған. Ақынның ойынша, әр бір адам өзін тану, жан-жағын білу арқылы үнемі адамдығын жетілдіру жолында жүрмек. Ал «бар ақылы көзінде тұратын» ақымақтың тірлігі-өмір арнасында ақылсыз, ойсыз аға беру, өлгенше "көкірек көзі ашылмай" қалғып өту, қапы қалу. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінде таным жайын көп айтады. "Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай" жүрген надандардан кісінің мәртебесін артық ететін де осы-таным мәселесі.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары жүйеленіп тиянақталады. Ақынның кейінгі өлеңдерінде ерекше бөліп айтатын үш қасиеті осы өлеңінде-ақ елес беріп өтеді. Абай атаған бес асыл іс негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды. Талап пен еңбек-қайратты танытса, терең ойыңыз-ақыл, ал қанағат пен рақым жүректен туатын қасиеттер.

Абай өзінің бар саналы өмірін адамдық пен кісілік қасиетін кемеліне келіп, көркейюіне жұмсайды. Оны өз танымын жүйелі жырлаумен байқатады. «Жастықтың оты жалындап» өлеңіндегі мына шумақтан жаңағы үш қасиеттің бірлігі көрінеді. «Жылы жүз» ішкі рақым, мейірім секілді қасиеттерден туады. Ал олардың ақын танымындағы шығар көзін еске алсақ, соңғы жолдан жүректің әрекетін көреміз. Ақын осы ақыл, қайрат, жүрек-үш қасиеттің үнемі бірліктегі тірлігін тілейді. Осы орайда «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін ерекше атаған жөн. Әбдірахман өліміне

байланысты өлеңдердегі асыл қасиеттердің негізінен, жүректен туғаны көбірек болса да ақыл, қайрат, жүрек-үшеуінің бірлігі оларда да бұзылмайды. Әбдірахман-ақын армандаған толық адамның өмірдегі көрінісі секілді кейіпкер. Содықтанда толықтықты танытар үш қасиеттің Әбдірахман туралы өлеңдерінде молырақ ұшырауы заңды.

Ақын шығармаларында екінші жолдан жүректі, үшінші жолдан қайратты, соңғы жолдан өзі де айтып тұрғандай, ақылды аңғаруға болады. Абай адам бойындағы барлық асыл қасиеттер мен қабілеттерді бір орталыққа біріктіріп, оларды өзі тауып, таныған үш қасиет арқылы толық адам бойына жинақтайды. Ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің "бір кісіде табылып," одан толық адам туатын танымы ұлы ақынның зор табысы.

Абайдың толық танымы Жүсіп Баласағұнда адамдық асыл қасиеті әбден жетіліп келеді қасиеттерден мейлінше арылған адам бейнесі күйінде келеді. Ақынның ислам дінімен сопылық танымға тым жақындап қалатын тұстары жиі кездеседі. Бірақ бәрінде де ақын өзінің негізгі адамдық атты арнасыннан табылады. Құдайдың жүзін көру біршама қияли, түсінікке күңгірттеу көрінгенмен, түпкі мәнімен адамгершілікті дәріптейді. Өйткені тән мен жанның зияни кеселдерінен әбден арылып, өзінің адамгершілік қасиетін шексіз жетілдірген толық адам ғана құдайдың жүзін көре алады. Құдай – адамгершілік асыл қасеттің үлгісі. Ал толық адам – жетілу мен кемелділіктің көрініс Құдай сипатына мейлінше жақындаған адам Пайғамбар мұсылмандық Шығыста адам қабылданады. Пайғамбардың кісілер қауымына келуі де, үмбеттердің оған көрсеткен ыстық ықыласы да – сүюден туған әрекет, сезімдер. Дастанның жарқын жаз туралы тарауына әлемнің үйлесімді әлемдегі ерекше шабытпен жырланады. Діни ұғымда бұл дүниенің көз тартар көркем көрінісі мен сұлулығын адамға қажеттіліктен туған. Әлем – Құдайдың құдіреті мен қиялының жемісі. Ақын әлемнің әдемілігін қызыға суреттесе, онысы құдайдың құдіреті мен шеберлігіне таң қалып, табынғаны. Ал ізгілікті, игілікті істі жасаған ақыл – ой мен шеберлік кәдімгі адами қасиеттер.

Абай да «Жазғытұры» өлеңінде табиғаттың әсем көрінісін адамдар тіршілігімен жалғастырып, әдемі суреттейді. Табиғаттың таңғажайып суретін тәңірі ісі деп санайды да, иесінің шеберлігі мен шешіміне тәнті болады. Бұл ақынның бірінші сүюіндегі Алланың ықыласынан туған тамаша көрініс. Мұндағы сүюдің өзі екі жақыты сүюден тұрады: тәңірі өзінің туындысы - табиғатқа бар мейірін төгіп, жанын салады, ал адам махаббатын өз туындысы - табиғат көрінісімен танытқан Тәңіріне, Құдайын шынайы сүйеді. Сөйтіп табиғат пен әлем тәңірінің махаббатынан жаралып, өзі де тек қана сүю мен махабаттан тұрады. Сонда табиғат пен әлемінің негізі мен тіні махаббат болып шығады.

Дастандағы келесі баптан ақын өз шығармасынан арнаған Ұлы билеуші қасиетін танып, оның соншалық жетілген адам баласына таң қаларлық. Жарқын жаз бен өз көзіндегі кісілігі кемел билеушіні қатар алып суреттеуде ерекше мән бар. Діни – философиялық танымда Құдайдың біршама толық сипаты табиғат пен әулие адамдарда көрініс табады. Бұл Құдайды кемелділік көрінісі көріп, Құдайдың жолында болуды көздеген таным. Құдай – таным мен ізгілік, адамгершілік пен жетілу жолы, соңғы кемелділік пен абсалютті ақиқат. Орта ғасырдағы шығарма «Құтты білік» пен Абайдағы Құдай танымын осы бағытта ұсынған жөн. Сопылық танымда жер бетіндегі Құдайына ең жақын жетілген жан әулиелер мен бектердің жүзін көру арқылы ізгілікке талпынған қарапайым қауым құдайын көріп, танығандай жұбаныш табады, оларды өздеріне үлгі тұтып, солардай болуға тырысады. Дастандағы ізгі жақсы адамның жүзін көріп, оның қызметінде жүруге құштар болу сарынның осындай сыры бар.

Абайдың сөз қолданысындағы «Ер» сөзі көбінесе кісілікті адам бейнесінде танылады. Ал кісілікті адам ақыл армандаған толық адам ұғымымен төркіндес. Әрбір сөзді ерекше електен өткізіп барып айтатын ақынның бойды жеңбек «тіркесінің мән – жайы адам болудың жолына түскен кісі ең алдымен тәндік тілегін тежеп, жанның зиянды құмарын шектей білу керектігін айтады. Ақын сөзіндегі «көпке көнбек» сөзінің де тарата түсуді тілейтін төркіні бар. Абай көпті көбінесе тобыр, ақылсыз, надан бейнесінде суреттейді. Керісінше, жеке адамның көш бастаушы көсемдігіне ерекше көңіл бөледі. Жүсіп пен Абайдағы жеке адам мен басшыға деген ықыласты көңіл, ортақ көзқарас, олардың адамгершілігі мен білімділігін қоғамда қайырымдылықты жүзеге асырудың негізгі шарты деп білген.

Абайдың өз танымының түп төркінін ашып айтып жатпайды. Оны танып, білу оқушысы мен тыңдаушысының тілек талабы мен ізденісін керек етеді. Абайдың әлеуметтік әділетсіздік пен алалықты тануы өте астарлы күйде келеді. Оның танымы Орта ғасырдағы әділетті әкімдер бейнесімен қабысып, табысып жатады. Тіпті сол кезеңде-ақ өмір сүрген Жүсіп Баласағұндағы әділетті бектің бейнесі де - өзіне дейінгі дәстүрлі танымның жалғасы. Осы таным бойынша

әділетті әкім құт – береке, ізгіліктің басы болған. Қарапайым халықтың адамдық қалыбын әкімдердің құлқы мен қылығы қалыптастырған. Сонда халықты ізгі ету де, қиянатшыл қылмақ та әкімдерден екен. Абай сырт қарағанда кісіге үзіндісі алынған өлеңде жалшыны қызмет етуге пейілсіз деп күнәлағандай көрінеді. Ал шындығында мейірімсіз, қатыгез байға қызметшісінің шын пейіл көрсетпеуі әбден табиғи, заңды жағдай. Абай бай мен жалшыға таптық көзқараспен емес, адамгершілік тұрғысынан қарайды. Зорлық пен қиянатты қас жауындай көретін Абайдың зорлықты құрал еткен революцияшыл сананы қолдай қою да қиын еді.

Абайдың негізгі мұраты мен мақсаты – адамдықты, адамгершілікті айтып, жетілдіру, қоғамды сол арқылы табиғи, заңды жолмен өзгерту. Байларды жанашыр, қамқор, мейірімді болуға шақырады. Негізі, әрбір өнер туындысы шын көңіл, құштарлық пен сүюден туса ғана мәңгілік дүниеге айналары анық.

Абай да ұлылыр тапқан ақиқатқа ортақтасып, мәңгілік пен баяндылықтың кепілін ізгілік пен таныған. Абай өмірдің мәні мен өлмес, өшпес, баянды жалғасы сүю мен ізгілік, жақсы атақ екенін өлеңінде де айтады. Ұлы данышпандар мен ғұламалар дүниесіндегі бір Алла жаратушыдан өзгенің бәрін де баянсыз деп тауып, таным,өткелі өмірден жұбаныш етер өшпейтін, өлмейтін баянды боп тірек іздеген.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Ахметова Т. Жүсіп Баласағұнның имандылық идеялары. А., Рауан. 2003 ж.
2. Мырзахметұлы М. Абайдың ғылым жайындағы танымынан. А., Жұлдыз, 2012 ж..
3. Досжан Д. Абай айнасы. А., Ғылым. 2009 ж.



ӘОЖ 82.345.78


## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ


**ИМАНБЕКОВА Л.Ж.**

И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**АДЫЛҰЛЫ А.**

И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін
мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы



**Резюме.** В статье подробно проанализирована повесть Бауыржана Момышулы
**Summary.** The article analyzes in detail the story of Bauyrzhan Momyshuly


Жауынгер жазушының қаламынан туған алғашқы көлемді шығармасы– «Ұшқан ұя» [1, 82б.]. Бұл Бауыржанның балалық шағын баяндаған, өскен, тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. Повестің бірсыпыра көріністері С.Мұқановтың «Менің мектептерім» мен М.Әуезовтің «Абай» романындағы бейнеленген қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып суреттерін еске салады. Алайда «Біздің семьяда» Бауыржан Момышұлының өзінің түсінігі, өзіндік дүниетану тұрғысы және өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Бұл повесть жазушының өзіне тән суреткерлік келбетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір материалын жетік білушілік жазушыға көптен көп қажет қасиеттер.

Қалың халық ортасында, қарапайым жанұяда туып өскен, жастай шешесі өліп, ақылды ана, қарт ана, үлкен әжесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып жетілгенін көреміз. Бала кезінен көрген-білгені, өмірден алған әсері жүрегіне жазыла берген, қар суындай бойына сіңе берген тәрізді, енді келіп сол жан түкпіріне іркілген қор есейген шағында, өмірдің ауыр кешуінен өткен шағында бұлақ суындай қайнап, бұрқылдап сыртқа шыққан тәрізді. «Біздің семьяны» қызығып оқисың, сүйсініп оқисың. Бауыржанның жастық шағын өз басыңнан өткергендей сезімге бөленесің. Мұның сыры неде? Мұның сыры шығарманың көркемдік, суреткерлік қасиеттерінде, сыншылдық сипатында. Повесте шиыршық атқан сюжет жоқ. Бар әңгіме бір семьяның тағдырын, он-он бес жыл ішіндегі бастан кешірген өмір

құбылыстарын баяндайды. Сондықтан шығарманың тартымдылық себебін автордың әлгі айтқан суреткерлік қабілетінен әңгімешілдік шеберлігінен, ағынан жарылып, ақтарыла адал сөйлейтін адамгершілік сарынынан табамыз. Мысалы, повесте автор үлкен әкесі Имаш, өз әкесі Момынәлі жайында былай әңгімелейді:

«Менің бабам Имаш 1911 жылы тоқсан екі жасында дүниеге салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті – менің әкем Момынәлі екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса сабырлы, ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасында да салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған: – Әй қара құл, мен құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса немерелерімізді жиіркенбей сүйейін, –дейді екен.

Бір кезде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын сауықсыз болған ба? Үлкен киіз үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек. Той дегенде қу бас та домалайды. Кемпір-сампырларымен ілесіп менің Қызтумас әжем де келген екен. Кәрі құлағы елең етіп, киіз үйден шыққан айтыс әнін естіп қалады.

Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басындағы орамал жасыл-ала.
Көңілің бізде болса, а құдаша,
Біразырақ отырсаңшы қасыңа ала.

Қыздың даусы жайдары естілсе де, жалтара жауап қатып отыр екен. Кәдімгі бас қосқан жердегі бастама өлеңнен ұзай қоймапты. Дегенмен сөз арасында «жақсы жігіт» дегенді жиілете берсе керек. Қызтумас әжем оны сезіпті.

Қарашаға, ендеше, қарашаға,
Кисе киім жарасар аласаға.
Бас қосыптық, бұл тойда жақсы жігіт,
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға.

Бірақ жігіт жағы алғашқы екпінінен танбай ынтық көңілін ұсына беріпті:

Мыңбұлақ сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды.

«Құдашасына сонша өзеуреп отырған кім екен», – деп әжем есіктен сығалап қараса:

Қара батыр, құдаша, қара батыр,
Жау қайырар жасқанбай дара батыр.
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыппыз
Осы кесе сіз жаққа бара жатыр, –

деп бір бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айқай салып:

– «Өзің қазанның күйесіндейсің, күйеге күйе жұқса не болмақ, құдайым-ау! – деп баласын үйден қуып шығыпты» [1, 89б.].

«Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре 33 жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болды.

Момыш әкемнің айтуынша, мен 1910 жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып әкем де хабаршы жіберіпті. Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры бәрі Байтоқты жұлмалай «не болып қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ:

– «Жеңешем ұл тапты», – депті. Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мейрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты» [1, 92б.].

Осылай жансырындай сақталған естеліктерден сұрыпталып, сомдалып жасалған адам образдары шығармада жаңадан өмір сүргендей әсер туғызады. Сырттай қатал, іштей мейірімді азиз жан, ардақты әженің образы бір тоға, «Тура Момыш» аталған әділ, еңбекқор, өнер иесі әке

мен алып күшті, аңғал мінезді, Момынқұл ағаның образы, түп нағашысы тәкаппар, әпербақан Серкебайдың образы, шабандоз шал мен ең алғаш әйел теңсіздігіне қарсы тұрған қайсар Зейнептің образы, коммунист Садық Абламовтың жағымды образы және толып жатқан пасық бай, зәлім молда, жебір болыстардың образдары көз алдыңнан кетпейді.

Образдар жүйесі кесте бойынша қолдан жасаған сияқты емес, өмірде шын болатын табиғи қалпында құралған. «Рас, осындай болған, өз көзіммен көргем де» дейсің ішіңнен және дәл осы жас бала Бауыржанның көшімен көргені есіңе түседі.

Ұнамды, ұнамсыз дейтін образдар жазушының күнілгері әзірленген ұғымына сай жасалмай, нағыз өмірдің өзінен тікелей ойып алынғаны көрінеді. Қалыптасқан кестелі ой образ туғызған емес, жанды образдан жемісті ой туған. Образдар дүниесінің нанымды да, әсерлі болатын себебі сол.

«Повесте алабөтен ой туғызатын әженің образы. Бұл образ мынадай бір суретті көз алдыңа әкеледі: Жапан түзде, ысылдаған ыстық құмның ортасында жападан-жалғыз біткен тораңғы дейтін ағаш болады. Өзі мықты бұтақты, саялы. Жел мен боранға, аяз бен аңызаққа-бәріне төзген, мәңгі шөлдеген, тарыққан күйінде жаратылыстың не бәле-батпанының бәріне табандылықпен төтеп берген сіңірлі ағаш. Бауыржанның әжесі де осы тәрізді азап, зардаптың бәрін бастан кешсе де соған төтеп берген, бойына дарытпаған ақылды, қайсар, саналы да, саялы әзиз ананың образы болып шыққан. Болашақ батырдың ең алғаш дүние тануына, характерінің жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек боп өсуіне игі әсер еткен осы әже М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере сықылды. Бауыржанның әжесі де қазақ халқының қашаннан өмір қазанында қорыған ұзақ тәжірибе шыңдалған даналық ұғымдарын, ізгі салт-дәстүрлерін бойында сақтаған адам, өмірдің сұлулығын, еңбектің поэзиясын, достық пен бірліктің, адамгершілік пен адал жанұяның қадірін, қажеттігін ұғынған жан және осының ұрықтарын өз төңірегіне, әсіресе сүйікті немересінің жүрегіне бала кезінен бастап еккен ана» [2, 95б.].

Сөйтіп, әженің образы жазушының алдымен атап айтарлық табысы. Бұл образ, сөз жоқ бүкіл шығарманың көркемдік қуатын танытатын өзекті образ. «Онда мен бесте ме, әлде алты жаста шығармын. Әжеммен бірге жатушы ем. Әже құшағы қандай ыстық, қандай мейірбан десеңізші. Көзім ұйқыға кеткенше әжем айналып-толғанып арқамнан қағып жатқаны. Еркелеп жатып қалғып кеткеніңді өзің де аңғармай қаласың» [1, 95б.],–деп ыстық ықыласпен асыл әжесін еске алған автор енді бірде:

– «Әжем малдың» «тілін» ұғуды үйретуші еді. Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп аңсайды, қодық ақырады... Әжем бұдан басқа зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын», –деп жазады[1, 95б.].

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбегін ұлттық салт-дәстүрімізді, көркем шығармаға мазмұндап берген этнографиялық еңбек деп айтуға толық негіз бар. Шығармадағы негізгі мәселе – Адам, оның кемелдену жолдары болса, шығарма сюжеті осы адамдардын өзара әңгімелесуі, кеңесуі арқылы дамиды.

Ұлттық тағылымның түп-төркінін шығарманың бас кейіпкері бала Бауыржанның іс - әрекеті, отбасындағы болмысы, өскен ортасына деген қарым-қатынасы арқылы байқаймыз. Шығармадағы әр жолдың айтар ойы айқын: адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ұят-намысшылдық, ел қамын ойлау.

Шығарманың негізіне айналған осы қасиеттерді автор өз кейіпкерлері арқылы көрсетіп отырады. Автор «Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы тектіліктің, кемеңгерліктің діңгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор аса сүйіспеншілікпен бейнелеген. Әуезді әуенімен әлпештеп, әлдилеп айтқан бесік жыры да, қаламгердің жүрегінде сақталған. Жазушы өз өмірінің темірқазығына айналған тәлім - тәрбиенің негізі–ертегі мен көне әңгімелерден қалғанын жас ұрпаққа өнеге етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Момышұлы Б. Ұшқанұя. Алматы: Білім, 2002. –235б.
2.Момышұлы Б. Музей ана. Алматы: Ғылым, 2004. –185б.

ӘОЖ. 342.725

# АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МОДАЛЬДІЛІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**АБДІРАЗАҚ А.Ж.**
«Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассмотрены труды ученых, изучающих категорию модальности в английском и казахском языкознании.

**Summary.** The article examines in detail the works of scientists studying the category of modality in English and Kazakh linguistics.

Тіл білімінде әр түрлі тілдердің салыстырмалы-типологиялық зерттелуі жылдан жылға маңызды болып отыр. Оларда тілдердің генетикасы жағынан қай тілге жататына қарамастан, тілдің құбылыстарының құрылымындарының салыстырмасы беріледі және бұл жалпы бірдей тілдік категорияларды белгілеуге мүмкіндік береді.

Англистикада модальділік категориясы терең және жан-жақты эерттелген және осыған байланысты жұмыстардың да түрлері сан алуан. Алайда шетел және отандық тіл біліміндегі модальділік категориясының зерттеу деңгейлері бірдей емес. Шетел англистикасында модальділік категориясы және оның берілу тәсілдері туралы жұмыстар өте көп, алайда сонымен бірге оның мәні туралы сұрақ толық деңгейде зерттелмеген. W.Diver, M.A.Marino, T.R.Hoffman, J.Newman, W.Rathey сияқты ғалымдардың жұмыстарда көбінесе модальділік категориясының аспектілері мен берілу тәсілдері зерттеледі [1].

Англистикада кейбіреулері модальділік категориясын логикасы және прагматикасы күрделі құбылыс болып табылады. Модальділік категориясының берілу тәсілдері тек модальділік мағынаның прагматикасын есепке алу барысында ғана жүзеге асырылады. Модальділік категориясының берілу тәсілдерін тек қана реальді қатынас жағдаятын қамтитын прагматикалық жоспарды есепке ала отырып қана түсінуге болады. Кейбір ғалымдардың жұмыстарында модальділік қатынастың бірнеше түрлерін атап көрсетеді.Е.И.Беляева коммуникативті негізге байланысты модальділік категориясының берілуі барасында 3 түрлі модальді қатынастың түрін атап көрсетеді. Олар: заттық модальділік (предметная) (мүмкінділік және міндеттілік), тілек немесе қалау модальділігі (волеизьявления) (оптатив пен императив) және эпистемиялық модальділік (мүмкінділк мағынасы,логикалық міндеттілік, сенімділік және сенімсіздік).Шетел лингвистері де осындай модальділік түрлерін атап көрсетеді: динамикалық, деотикалық және эпистемиялық. Эпистемиялық модальділік (гректің epistemus-мағына дегенді білдіреді) сөйлеушінің шындыққа деген қатысы мен байланысыың тану деңгейін білдіретін бағалауыш модальділікті білдіру үшін қолданылады [2].

Тілшілер сонымен бірге эпистемиялық және эпистемиялық емес (epistemic/non-epistemic), (алайда олар терминологияда эпистемиялық және түбір молдальділіктері болып айтылады) (epistemic/root) эпистемиялық және деонтикалық (epistemic and deontic), сыртқы және ішкі (extrinsic and intrinsic) модальділік түрлерін атап көрсетеді [3].

Ішкі/деонтикалық/түбір модальділік адам өзі бақылай алатын іс-әрекетке байланысты қолданылады, ал сыртқы/эпистемиялық орындалу мүмкінділігінің бағалауыш деңгейіне қатысты айтылады. Сөйлеушінің тілек немесе өтініш білдіру не білдірмеуіне қатысты деонтикалық модальділік директивті және оптативті болып бөлінеді [4]. Дж.Лайонез модальділіктің 3 шкаласын бөліп көрсетеді. Шартты рай арқылы берілетін тілек; сенімділік пен мүмкінділік және қажеттілік пен міндеттілік. Жалпы алғанда шетел лнгвистерінің модальділік категориясы жайлы пікірлері сәйкес келмейді [5]. Ресей англистикасында модальділік категориясы тереңрек зерттелген. Модальділік категориясының түрлі аспектілерін зерттеуде Смирницкий, Л.С.Бархударов, Е.М.Гордон, И.П.Крылова, Б.А.Ильиш және тағы басқа лингвистерінің еңбектері зор. Сонымен бірге модальділіктің интонацялық деңгейде берілуі зерттелді (Т.А.Палей); ағылшын тілі монологындағы субьективті модальділіктің интонациялық берілу жолдары (Н.И.Панасенко); can/could, may/might етістіктерімен берілген сөйлемнің коммуникативті модальділігі (Л.Г.Давыденко; Ағылшын тілі мәтініндегі қажеттілі модальділігінің жүзеге асырылуы (Л.М.Фомина). Сонымен бірге рай категориясы модальділік категриясының морфологиялық беру

тәсілі ретінде зерттелген (И.З.Калемский), мүмкінділік модальділігінің берілу тәсілдерінің жүйесі (Г.Г.Мусина); салалас құрмалас сөйлемнің модальділігі (Е.К.Андрианова); Модаль сөздердің номинативті және коммуникативті аспектілері және әр түрлі функционалды стильдерде қолданылу еркшеліктері (О.В.Романова) және т.б.

Э.У.Илебаевтың жұмысында ағылшын және қырғыз тілдеріндегі модальділік категориясы және оның берілу жолдары зерттелген. Осы жұмыста деңгейаралық категория ретінде модальділіктің көлемі, мазмұны және табиғат, берілу тәсілдері, саластырылып отырған екі тілдің де модальділіктің берілу тәсілдерінің классификациясы анықталған. Қырғыз тілі үшін модальдліктің ең негізгі берілу тәсілі синтетикалық жолмен құрылған морфологиялық тәсіл, ал ағылшын тілі үшін көбінесе аналитикалық конструкциялар арқылы берілетін синтактикалық тәсіл деп анықталды.

Е.И.Беляеваның монографиясы ағылшын және орыс тілдеріндегі модальділік категориясының функционалды-семантикалық сипаттамасына арналған. Негізінен коммуникативті қатынастың модальділікті білдіру барсындағы 3 түрлі қатынасқа бағытталған. Заттық, эпистемиялық және тілек модальділіктері. Модальділік категориясының күрделілігіне және көпаспектілігіне байланысты автор осы 3 модальділіктің қолданылу аясын зерттеумен шектеледі.

Л.Михневич ағылшын тілі материалы және олардың поляк және орыс тілдеріне аудармасының негізінде модальділікті грамматикалық категория ретінде мәтін модальділігін зерттейді. Ғалым модальділікті тек қана таза тілдік категория деп білмей, сонымен бірге көптеген тәсілдермен беріле алатын сөйлеушінің жеке бағалауының ақпары ретінде қараастырыла алады. Ағылшын, орыс және поляк тілдеріндегі модальділік компоненттерінің ерекшеліктері көрсетіледі.

Қазақ тіліндегі модальділік категориясын зерттеген жұмыстар саны ағылшын және орыс тілдерінде жазылған жұмыстарға қарағанда аз болып келеді. Бұған дәлелдеме ретінде тіпті «модальділік» терминінің біресе «модальділік» деп жіңішке айтылып, біресе «модалдылық» деген фонетикалық нұсқаларының сәйкес келмеуін де келтіре аламыз. «Модальділік» терминінің өзі қазақ тілінен шықпаған. Көріп отырғанымыздай осы сөздің пайда болу тарихы ежелгі Аристотель, Эйнштейн сынды ғалымдармен байланысты. Алғаш рет модальділік термині философия, журналастика, логика, психология сынды ғылымдардан шыққан және түрлі ғылымдарда түрлі мағынаға ие болған, демек оның түбірі басқа тілден келгендіктен оны қазақ тіліне жалпыға бір аударманың болмағандығынан болып отыр.

Алайда орыс тіліндегі модальность және ағылшын тіліндегі modality сөзін қазақ тіліндегі буын үндестігіне сай белгісінен кейін л жіңішке болып тұрғасын, модальділік деп алған дұрыс деп санадық.

Модальділік категориясы белгілі деңгейде қазақ тілші ғалымдарын да қызықтырды. Қазақ тіл білімінің негізін салушысы жұмыстарында өкініш, болжам сияқты мағыналар рай категориясымен берілетіндігін айтқан. Ол өз жұмысында рай категориясының 14 түрін атап көрсетеді. Алайда қазақ тілінде детальді түрде тек модальділік катгеориясының әр түрлі аспектіліері зерттелген. Болжамдылық, қажеттілік, тиістілік және т.б. модальді мағыналары А.Искаков, И.Маманов, Е.Жанпейісов, О.Төлегенов, Н.Оралбаева және тағы басқа ғалымдардың жұмыстарында зерттелген.

Е.Н.Жанпейісов өзінің зерттеу жұмсында қазіргі қазақ тіліндегі модальділік категориясы негізінен рай категориясы, модаль сөздер және демеуліктер арқылы беріледі деген. Ол модаль сөздердің именной және глагольный екі түрлерін атап көрсетеді. Осылыардың бір бөлігі қыстарма сөздер мүшесі арқылы берілсе, ал қалғандары баяндау арқылы беріледі. Осылардың көбі көпмағыналы болып келеді, сондықтансинонимдес қолданыла береді. Қазақ тіліндегі модаль сөздердің грамматикализация құбылысы арқылы осы екі түрлі модаль сөздердің қолданылу аясы кеңейеді.

А.Н.Нұрмаханова модальділік категориясын жалпы түркологиялық шеңберде қарастыра отырып, оның лексикалық, морфологиялық және синтаксистік берілу жолдарын көрсетеді. Модальділік категориясының лексикалық берілу тәсілдеріне қыстырма сөздер, қаратпа сөздер, одағай сөздерді, морфологиялық тәсілге рай категориясының формалары, етістік шақтары, модальді демеуліктер, ал синтаксистік тәсілге сөйлемдегі орын тәртібі мен интонацияны жатқызады.

О.Төлегенов модальділік категориясын утверждение және отрицание аспектісінде зерттеген. Ғалымның пікірі бойынша осылыар әр түрлі құрылымды сөйлемдердің негізігі модальдлік түрлері болып табылады. Ол модальділік деп сөйлеуші тарапынан айтылғанның

шындыққа қатынасын білдіретін грамматикалық мағынаны атайды. Шындыққа деген тура қатынасты логикалық немесе модальді қатынас деп атайды және осыған байланысты сөйлемдер болымсыз немесе утвердительный мағынада айтылады. Модальділік пен предикаттық арақатынасы туралы айтқанда, отрицание мен утверждение бір жағынан предикаттылық, ал екінші жағынан модальділік болып табылады, өйткені сөйлеуші ешқандай қатынасты білдірмесе де, ол шындық туралы айтылған ойды білдіреді.

Г.А.Медетова түркі тілдерндегі мүмкінділік модальділігін және оның берілу тәсілдерін зерттеген. Зерттеуші 2 топ түркі тілдерн қарастырған. Қарлұқ (өзбек және ұйғыр) және қыпшақ (қазақ және қырғыз). Осындай тілдерді салыстыру арқылы тілдер арасындағы ұқсас сипаттамаларын тауып, зерттелген тілдердің генетикалық түсіндірмесін және мүмкінділік модальділігінің берілу тәсілдерінің кейбір ерекшеліктерін анықтауға көмектесті. Оллексика-семантикалық, грамматикалықжәне интонациялық тәсілдмен берілетін жеке категория ретінде баяндалған. Модальді-болжамды модальділіктің қолданылуының ерекшеліктері және семантикасы мен этимологиясы анықталды. Түркі тілдернде модальділіктің негізгі берілу тәсілі ретінде модаль сөздер деп алып қарастырылды және модаль сөздер шақтың кез келген формасында ашық райда тұрып болжамдылықты білдіре алады деген қорытынды айтылды.

Модальділік категориясының конструкциялар арқылы берілуін К.Мамаділов біріншіден теориялық негізді, құрылымды, семантикалық құрамын анықтаған және модальді реңктердің мағыналарын теориялық негізде анықтаған. Автор етістігі бар модальді конструкциялары арқылы берілетін модальді мағыналардың көп санға ие екендігін дәлелдеген. Бұл түркі тілдері үшін жалпы қасиет.

С.Қ.Құлманов қазақ тілінде мүмкінділік модальділігін функционалды-семантикалық категория ретінде қарастырып, оның лексика-грамматикалық,морфологиялық, синтаксистік және контексті-мәтіндік берілу тәсілдерін зерттеген. Автор темпоральділік және аспектуальділік категориларының мүмкінділік аясымен арақатынасының байланысын зерттеген. Сонымен бірге С.Қ.Құлманов міндеттілік және қажеттілік модальділігінің беріліу тәсілдері де қарастырылады [14].Қазақ тіл білімінде сөйлемді құрудың негізгі сипаты ретінде модальділік категориясының орны және рөлі анықталмаған және модальділіктің берілу тәсілдері аяғына дейін жүйеге келтірілмеген. Қазақ тіл біліміндегі тілші ғалымдардың зерттеу жұмыстарынң жаңашылдығына қарамастан қазақ тіл біліміндегі модальділік категориясы аз зерттелген болып саналады.

Тілдік модальділік жайлы сөз болғанда ең алдымен осы категорияны білдірудің бір жолы болып саналатын рай категориясының маңыздылығы айтылады. Рай категориясы әлемдегі көптеген тілдерінде модальділік функционалды-семантикалық тұтастығын парадигмаға түскен морфологиялық көрсеткіші есебінде түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы етістік райының он бес түрін көрсетеді: тұйық, билік, ашық, шартты, ереуі, реніш, қалау, сенімді, сенңмсіз, болжал, мұң, көніс, қайрау, азалы, теріс.

Модаль сөздер-тілдегі модальділік пен предикаттылық құбылыстарымен тығыз байланысты тіл-тілдердің барлығында бар, тілдік бірліктерге жататын сөздер тобы. Модаль сөздер сөйлемде айтылған ойдың мазмұнына, болған шындыққа айтушының көзқарасын білдіреді. Қазақ тілінде модаль сөздер сөз таптары қатарына кірмейтін сөйлемнің сан алуан экспрессивтік және эмоционалдық мәніне байланысты сөйлем мәні құрамына енгенін, оның анықтығын көрсетумен қатар, күмәндылығын не болжамдылығын білдіреді. Бұндай сөздерге қазақ тілінде мүмкін, шамасы, рас, әрине, тәрізді, сияқты, әлбетте, бәлкі сөздері жатады. Қазақ тілінде бар, жоқ, керек, көп, аз, әрине, бәсе, мүмкін, бәлки, әлбетте, қажет деген сияқты біраз сөз бар. Бұл сөздер басқа топтарға қарағанда сан жағынан аз болғанымен, мағынасы мен қызметі жағынан тіпті ерекше деп айтуға болады. Осы ерекшеліктеріне қарай негізгі сөздер мен көмекші сөздердің аралығында тұратын өз алдына категория модаль сөздер деп аталады. Модал сөздер адамның өзі айтпақшы болып отырған ойына қалай қарайтынын, көзқарасын, қандай пікірі барлығын білдіреді. Мысалы: терезені ашу керек, терезені ашу қажет деген сөйлемдердегі керек, қажет сөздері арқылы сөйлеген адам терезені ашудың керек, қажет екендігін айтып, өзінше пікір түйеді, бірақ не ашылады деп хабарламайды не аш деп бұйырмайды немесе ойға қатысты мәндер қосатын сөздер екенін айтып, оны көмекщі сөздер қатарына қосады.Модаль термины латынның шама, тәсіл, көрініс деген модальдық деген мағынаны білдіреді.

Модальділік термині бір-біріне ұқсас емес, яғни байланысты емес көптеген ғылымдарда қолданылады. Солардың арасында философия, медицина, журналистика, логика, педагогика, этика, заң және тіл білімі бар. Модальділік категориясының бірнеше ғылым саласында көрініс

табуын әмбебаптылық деп тануға мүмкіндік бермейді. Осы ғылымдардың әр біреуінде модальділік түрлі анықтамаға ие және ол тек сол ғылымға ғана тән құбылыстарды білдіре алады. Сондықтан да бүгінгі таңда модальділік категориясы түрлі ғылымдарға қатысты өз анықтамаларына ие.Философиядағы және логикадағы модальділік категориясының анықтамасы осы екі ғылымның тарихи байланысына сәйкес ұқсас болып келеді. Мұндағы модальділік ойлаудың бір формасы-пайымдаумен тығыз байланысты және оның сипаттамасы болып табылады.

Модальділік деп біз сөйлем мазмұны мен шындық арасындағы қатынаспен бірге сөйлеушінің сөйлемнің мазмұнына деген бағасын түсінеміз, яғни ол адам ойындағы обьективті мен субьективтінің диалектикалық бірлігін білдіреді. Лингвистикалық модальділік категориясының мәртебесін зерттеу барысында модальділік категориясының предикаттылық, эмоциональділікпен байланысын және тілдегі коммуникативті функциясын анықтауына әкеліп соқтырды. Зерттеу барысында лингвистикалық модальділіктің предикаттылық категориясына қарағанда кең екендігі, логикалық модальділік пен эмоциональділікмен сәйкес келмесе де, толығымен сөйлемнің коммуникативті функциясымен сәйкес келетіндігі анықталды. Осының негізінде біз тілдік модальділік категориясы өзінің обьективті немесе субьективті классификациясы сүйене айтылымның ақиқатқа және айтылымға қатынасын білдіретін жеке дербес функционалды-семантикалық категория ретінде қарастыра алдық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Lacoff G. Conversational Postulates.// Syntax and Semantics. Vol. 3- London, 1976.-pp. 83-106]. 83Grammar Book& An ESL/EFL Teacher’s Course (second edition).-London: Heinle and Heinle, 1999.-854 p.,

2.Celce-Murcia M., Larsen-Freeman D. The Grammar Book& An ESL/EFL Teacher’s Course (second edition).-London: Heinle and Heinle, 1999.-854 p.

3.Yule G.Explaining English Grammar. –Hong-Kong& Oxford University University Press, 1998.-333p., 88-91

4.Давыденко Л.Г. Коммуникативная модальность предложений с глаголами can/could, may, might в современном английском языкею-Одесса: Компасб 1984ю-210

5.Лайонез Дж. Введение в теоретическое лингвистикую-Мб: Прогресс, 1978.

ӘОЖ 37.891.47

# МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП БАЛАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**АШИМОВА У.К.**
Бәйгелді Кейкиев атындағы орта мектебінің мектепалды сыныбының тәрбиешісі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В статье рассмотрены эффективные способы работы с детьми предшкольной подготовительной группы.

**Summary.** The article discusses effective ways of working with children of the preschool preparatory group.

Мәңгілік ел болу жолында ұрпаққа тәрбие беру үшін басынан бастап өзекті мәселелерді қолға алу қажет. Дүние есігін алғаш ашқан әр сәби отбасында ата-әжесінің, әке-анасының және бауырларының махаббаты мен жылулығына бөленіп өседі. Әр отбасында берілетін тәрбие түрліше болады.

Өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы тәрбиеленеді. Ал білім мен тәрбие беретін балабақшада жаңашылдық пен заманауилықты ұштастыра отырып, елін сүйетін, адамгершілігі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеуге үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Бүгінгі мектептің білім беру жүйесіне оның сапалы мазмұнын жаңғырту мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуде. Оның бірден-бір көрінісі мектепалды сынып балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстарды жүйелі жүгізілуінен көрінеді.

Мектепалды сынып балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың моделі мен мазмұнын баяндамас бұрын негізгі ұғымдарға тоқталамыз:

Мектепке дейінгі кезеңдегі білім беру мазмұнын айқындауда мынадай қағидалар негізге алынады:

Біріншіден, балалардың мектепке дайындық ісін ұйымдастыруда (дидактикалық) жетекші қағидалар басшылыққа алынады; олардың қолданылуы мектепалды сынып балаларының психофизиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестендірілуге тиіс; білім, икемділік және дағды мақсаттық нысана ретінде ғана емес, жеке адамның толымды дамуының амалы ретінде қарастырылады;

Екіншіден, тәрбиелеу мен оқытуда жас шамасымен даралық ерекшеліктерді ұштастыра қарау қағидасы. Бұл қағида балалардың қалыпты сезімталдық күйлері мен толымды психикалық дамуларын қамтамасыз етеді;

Үшіншіден, мектепке дайындықтың мақсатының бірі баланың тән саулығы мен психикалық саулығына, сезімталдық көңіл-күй дұрыстығына қамқорлық;

Төртіншіден, балалардың дербес әрекеттерін нәтижелі ұйымдастыру қағидасы;
баланың даралық және бірлескен іс-әрекетін тиімді үйлестіру қағидасы, «баланың жақын арадағы даму аймағына» сүйене отырып балаға жекелей әсер ету мүмкіндігін жүзеге асыру;

Бесіншіден, баланың шаршауы мен жалығуын болдырмау үшін және оқытудың дамытқыш сипатын қамтамасыз ету мақсатында соған лайықты жүктеме ойластыру қағидасы.

Жалпы баланың мектепке дайындығы үлкендер мен бүлдіршіндердің өзара бейімделген түсіністік қағидасы бойынша жүру керек. Бұл дегеніміз мектепке дейінгі білімнің мазмұны Қазақстанның қоғамдық дәстүрлерімен үйлеседі және жалпы адамзаттық өркениеттілікке бағытталады. Сонымен қатар отбасы мен мектепалды сынып арасында сенімділік, іскерлік байланыс орнату, ұстаздар мен ата-аналардың ынтымақтастығы; бұл қағида балаларды оқыту мен тәрбиелеудің сабақтастығын, баланың мектепке лайықты дайындығын қамтамасыз етеді.

Балалардың мектепке дайындығы оқу-тәрбие ісін, мектепке барар жастағы балаларға тән әрекеттерді (ойын, қол өнерге машықтану, бейнелеу өнері, саз өнері, театрландырылған көріністер

т.б.) серпінділікпен ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Баланың бейімділігін, қабілеттілігін, қызығушылығын ескере отырып, оқыту ісін саралау қағидасы басшылыққа алынады.

ҚР жалпы білім беретін мектебінің оқу бағдарламалары мен мектепке дайындық бағдарламасының сабақтастық қағидасы қалыптасқан. Дегенмен, аталған қағидалар мен түсіндірмелерді ескере отырып, мектепалды сынып топ балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың моделін даярлаймыз. Жалпы мектепалды сыныпқа қойылатын басты талаптарды тапа өтуге болады:

–мектепалды сыныптың ерекшелігі сол, бұл кезеңде баланың адамгершілік қасиеттерінің, білімдік дағдылары мен икемділіктерінің негізі қалыптастырылуы қажет.

– мектепалды даярлауда қойылатын аса маңызды талап балалардың білімдерін жинақтау мен жүйелеу, олардың айналадағы құбылыстар туралы негізгі түсініктері мен қарапайым ұғымдарын қалыптастыру.

– мектепалды сынып барысында балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекеттерін ықтиярлы басқаратын қабілеті мен мақсатты ақыл-ой еңбегінің дағдысын қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, бала мектепте оқудың жаңа жағдайларына еркін ене алатындай дайындықтан өтеді.

«Балаға педагогикалық үрдіс арқылы қазақстандық рухани құндылықтарға сай адамгершілік, мәдениет негіздері дариды. Ол жалпы қазақстандық рухани құндылықтарға сай тұғыр – тірек табады. Бұл – баланың табиғатты, адам қолымен жасалған нәрселерді, қоғамдық өмір құбылыстарын, өз өмірі мен әрекеттерінің құбылыстарын, өз жан дүниесін бағалай алуға баулиды. Сондықтан да мектепалды даярлық баланың бейімділігінен туындайтын кең де, оңтайлы мүмкіндіктерін жан-жақты тәрбиелеуге және дамытуға пайдалануды талап етеді, балалар оқу және тәжірибе мәселелерін шешуде өзіндік білімін пайдалана алатындай болуға тиіс. Танымдық әрекеттері мен ойлануы жеткілікті даму деңгейіне көтерілген болу керек, психикалық үрдістер ырықты күйде болу керек, оқу әрекетінің жеке бөліктерін меңгерген болуға тиіс. Мектепалды сынып баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына қажетті арнайы білімінің, икемділіктерінің қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіс» [1].

Мектепалды сыныптың негізгі міндеттерін атап өтсек:

Біріншіден, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, оларды дене дамуы мен ақыл-ой жұмысына қабілеттері жағынан жетілдіру.

Екіншіден, әрбір баланың шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.

Үшіншіден, баланың адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық, этносаралық қатынастар мәдениетінің негіздеріне ден қойғызу.

Төртіншіден, баланың этностық-мәдени сәйкестілігін қалаптастыру амалы ретінде оны ұлттық мәдениет бастауларынан нәрлендіру.

Негізінен теорияда балаларды мектептегі жағдайлары мен оқуға бейімдеу мәселелері, әр түрлі аймақ әрекетіне байланысты қаралған, сонымен ерекшелік топтарындағы тәрбие мен оқыту бағдарламасында белгіленгеннормалар мен сұраныстарға сәйкес, мектепке бейімделу барысында мектептегі жағдайға жетілуімен және мектептегі оқуға бейімделуінің жеке анализінің психологиялық әдістерін қолданудың теориялық негіздерін жасауға бағытталған. Алынған психологиялық хабар педагогикалық үрдістің оптимизациясы үшін қолданылуы мүмкін. Осылайша мектепке баратын балалар қоғамында теориялық диагностиканың қолданылуы халықтық білім жүйесінің ажырамас құрамды бөлігі болып табылады және оқуға бейімдеу мен мектепке жетілдіру мақсатына қызмет етеді, Теориялық диагностика негізінде мектепке баратын балалардың мектептегі оқуға даярлығын қалыптастыру, диагностикалық әдістерді қолдану, әрине арнайы психологиялық білімдіқажет етеді, дегенмен мектептегі жағдайларға байланысты педагогтар да қолдануға болады.Оның қолданылуын қажет ететін негізгі мынандай мәселелерді атап көрсетуге болады.

1.Психологиялық-педагогикалық процестегі диагностика негізінде мектепке даярлықты қалыптастыру. Тәрбиешілер мен мұғалімдер үнемі оқу процесін бағалап, орындап және жоспарлап отыруы тиіс. Ол бүтіндей топты немесе жеке баланы мектептегі оқуға бейімдеуде, оқытудың алғы шартын өткізу барысы және нәтижелері жайында ақпараттарды қажет етуі тиіс. Оқытудың жеке алғы шарттарын және өткізу барысын білмей, педагогикалық процесті дифференциялды ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл сұраныс балаларды мектептегі жағдайларға жетілдіріп, оқуға бейімдігін жоғарылататын шешуі шарт.

2.Мектептегі оқуға балаларды бейімдеуде, оқытудың алғы шарттары мен дамуының жеке ерекшеліктерінің диагностикасы. (балаларды бағалау). Мұғалімдер өз уақтында өздері балалардың

даму деңгейін үнемі бағалап отыруы қажет. Мысалы, белгілі бір мезгілде ол балалардың вербальды бағасын беріп отыруы керек. Сонымен бірге, бала дамуының әр түрлі сатыларында психологиялық диагностиканы қажет ететін балаларға, мысалы, мектепке қабылдану жайлы немесе мектеп жағдайы мәселелерін шешуі жайлы кемегі қажет.

«Психодиагностикалық әдістердің қарастырылуы мен қолданылуы дарынды балаларға арналған арнайы мектептерге қабылдануда өте қажет. Алайда, психодиагностика кең түрде көмек бере алады, өйткені ол баланың психикалық ерекшеліктері жайлы қажет мәліметтерді бере алады.Бірақ дәл шешімнің өзін анықтай алмайды» [2].

Дамудағы артта қалудың түрлі формаларының диагностикасы және оларды түзету жұмыстары негізінен дамуда артта калудың екі негізгі түрі ерекшеленеді: жүйке жүйесінің органикалық бұзылыстары мен байланыстары және клиникалық психологиялық немесе медициналық диагностиканы, терапеяны қажет ететін, негізінде дені сау балалардың дамуындағы жағымсыз сыртқы немесе ішкі міндеттермен байланысты уақытша артта қалуы және жағымсыз мінез-құлықтары.

Теориялық диагностика негізінде бұл жерде екі міндетті шешу қажет: ерекше педагогикалық шараларды қажет ететін жағымсыз мінез-құлықтарды түзету жұмыстарын қолдану арқылы қалыпқа келуге көмектесу және күшейту тенденциясы байқалған (профилактикалық шараға қарамастан) балаға қатысты шешімге келу мақсатында диагносикалау мен артта қалу профилактикасы мақсатында дамудың жағымсыз ішкі және сыртқы жағдайларды өз уақытында анықтай білу.

Білімділік – кеңістік ортасын қалыптастыруда маңызды рөлді педагогикалық іс-әрекетке қатысушылардың өзара әрекеті алады, өйткені педагогтардың қажеттіліктерін, қабілеттерін және мүмкіндіктерін, ата-аналардың сұраныстарына ортаның ерекшелігі, ұйымдастыру деңгейі, білім беру бағдарламасының мазмұнын оны меңгеру жетістігіне тәуелді .Әдістемелік жұмыстарды дұрыс жобалау келесі қағидаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

Дамыту қағидасы: мектепалды сыныптың тұлғаның дамуына нақты бағдарлануын көрсетеді. Дамыту дегеніміз күшейту, рухани, ақылдық, мәдени жетілуге көмектесу.Диалогтық қарым-қатынас қағидасы: диалогты білім беру үрдісі субьектілерінің қарым-қатынасының бөлінбейтін шарты ретінде қарастыру.

Сенімді қарым-қатынас қағидасы: білім беру үрдісіне қатысатын субьектілердің ашықтығын, өзара шарттастығын, белсенділігін білдіреді. Бұлконтексте «бала-ата-ана», «ата-ана-бала», «педагог-ата-ана», дара еңбекетуіайтылады.

Педагог пен баланың арасындағы өзара әсер қағидасы: Білім беру әрекетіндегі тәрбиеленуші мен тәрбиешінің өзара шарттастығын ашады. Бұл қағида білім беру іс-әрекетінің мақсаттылығын білдіреді, педагогикалық іс-әрекетте бұл жағдаятты ескеру және оны осылай етіп құру жақсы адами сапаларды дамытуға, бір-біріне деген рухани тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Білім беру қағидасы: баланы мектепке дамыту деңгейінде тек қана бір нәрсеге үйрету ғана емес, сонымен қатар, білімге деген махаббатын ояту маңызды. Балалар нақты тәжірибелік іс-әрекетін реттейтін біліктерді меңгеруі қажет.

Денсаулық сақтау қағидасы: білім беру үрдісіндегі дене шынықтыру баланың психологиялық дамуы жөнінде жалпылама және тұтас көзқарас береді.Ұсынылған қағидалардың көп болуы оның мазмұны мен қызметін қайта ойластыруға, жаңа прогрессивті технологияны және иілгіш ұйымдастырушы форманы енгізуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, әдістемелік жұмыстарды мектепалды сынып балаларына тиімді қолдану барысында балаларға дербестік беріледі, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылады, әр баламен жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік беріледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ердавлетова А. Мектепалды даярлық қағидалары. –Алматы, 2010 ж.
2.Онайбаева Б. Психодиагностикалық әдістер. –Алматы, 2012ж.

ӘОЖ 811.789.02

# PRACTICAL APPLICATION OF THE DRAMA ACTIVITIES METHOD IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

**КОЙШЫКУЛОВА Ж.П.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Түйіндеме.** Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында рөлдік ойындарды, ойын-драматургияларды, сахналауды шет тілін оқытудың тиімді құралдарының бірі екендігі қарастырылады.

**Резюме.** В данной статье расматривается об использование ролевых игр, игр-драматизаций, инсценировки является одним из эффективных средств обучения иностранному языку на уроках английского языка.

Drama can be considered as a broad concept that can be defined in several ways according to different points of view. Broadly speaking, this can be thought of as an umbrella term "covering a wide range of verbal activities with a creative element". It focuses on the oral and creative aspects of drama. In a language lesson, oral drama can take several forms, including: imitation, imitation, role-playing, improvisation, and dialogue. Holden defines drama as "any activity that asks students to portray themselves or someone else in a fictional situation," as Davis states. It is defined in terms of imagining and referring to the "bride" world, which asks other people to imagine. In fact, it is the language presented to the viewer, and drama is valuable to the language because it provides the conditions for language to be used, 49 expanded and protected (Fleming). language "free, purposeful and generative". . The importance and usefulness of drama in language, especially at the linguistic level, has been widely discussed in dramatic literature. Fleming, however, sees another foundation beyond the development of linguistic competence because of the importance of drama in relation to language, ie "in terms of values, views and concepts". He argues that drama guarantees the creation of meaning in ways that are sensitive to cultures and values.For children who are educated in a language completely different from their mother tongue, their sense of identity, self-esteem and self-confidence can be at risk, which can have a significant impact on their knowledge. Releases the body's energy through play and physical activity. Pupils are freed from the limitations of speech and increase their self-confidence by using their bodies. Expressing and conveying meaning (Palechorou and Winston, 2012) therefore enhances students' communicative potential through the use of non-verbal cues and body movements. Drama is multisensory, except for whole faces and bodies, ie students use all the senses (sight, hearing, touch, etc.) [1].

Previous discussion on the potential of dramaturgy to improve students' oral language skills This is not only theoretically or rationally accepted, these benefits have been conducted in this area of the pedagogical show based on real experience and statistical evidence as research. For example, Stinson confirms that students' spoken language has improved significantly since the introduction of role-playing techniques in dramatic frames in English. There may also be an increase in confidence in the use of English outside of school. Challenges Despite all the advantages and benefits of drama in language teaching and learning, this type of pedagogy is simple or not. Drama is not a magic wand or an easily thought-out formula, but a minimal level of thinking or effort. It takes time and requires preparation and use. As Stinson and Winston argue, teachers need the ability to "switch from teacher to actor, playwright to director at different stages of the lesson." Fleming argues that drama is the preferred approach to action planningconventionalist "(hot seats, tables, wall roles, thought tracking, use of improvisation in various combinations." This approach is conveniently used and evaluated by education policies that prioritize control and accountability for reliability and discipline. "This puts the structure at the forefront of the planning process." Although it is a useful method, especially for newcomers, it is not without its drawbacks. In addition, the traditional approach to the planning and implementation of drama limits the function and scope of dramatic action, but also negates the interest of students. For example, teachers do not create a structure for pupils and students. Observing drama lessons also emphasizes structure due to the realism of wealth and experience, thus depriving students of a “true sense of homogeneity in drama.” Traditionally, drama is perceived as a “natural action” in which students act. / actress once You can do it without reading.

Without a sense of purpose, without a focus on the lack of truth and content, narrow ideas about exercises and workouts characterize dramatic learning here. More liberal, humanistic, progressive approaches to drama focus on the context of teaching individual content as a determining factor in planning drama lessons. Also, acting is 50 recognized and distinguished as an equally important element of drama lessons. However, this progressive extrem, which focuses on its complexity, subjectivity and creativity, can be unattractive and difficult for language teachers, especially for teachers who have no interest in the arts. This leads to a "narrow circle of experience." At the same time, these child-centered approaches to general education and teaching, in particular drama, contradict the idea of teaching as a verb with two components, namely teaching the subject and teaching the learner. Finally, the generalized effective foundations of experience cannot be underestimated or ruled out. These polar positions are part of the debate over the difference between "learning" and "learning" in drama. "Teaching" is the acquisition of knowledge and skills related to drama, and "learning" is the use of drama as a means of acquiring knowledge or skills related to content or subject matter, which is language. For teachers involved in any art education, working with art for art is always challenging, as it is costly and utilitarian pragmatic use and application of art reading [2].

The dominant approach to drama has shown a psychological interest in the personal development of students, that is, child-centered and oriented. Interest in the aesthetic aspect of the drama increased due to the emphasis on the acquisition of theatrical and improvisational skills. In the 80's, the concept of drama changed and began to be recognized as a unique teaching tool. (In the early 1990s, new revolutionary concepts of drama, meaning, flexibility, unpredictability, and these ideas began with postmodern traditions of origin and education, which in this context seemed complex, pluralistic, and unpredictable. Postmodernism is different from positivism based on stability, homogeneity, and reliability. "It is characterized by a perception of instability." Here "no one owns the truth and everyone has the right to understand." "Here ... there will be a new concept of education purpose, planning and evaluation that is open, flexible and product-oriented [3].

Approaches to education and drama have their roots in constructive epistemology, where we communicate with each other in the context of our collective history and seek meaning through alternative interpretations and transformations and responsibilities are obtained through negotiations with students, the role of the teacher is the leader or facilitator, students should be allowed to play a key role in the learning process, learning objectives are realistic, and knowledge creation is important. Knowledge is not passively poured on students Each student builds himself. Reproduction is forbidden, but cooperation, experience, critical thinking, self-analysis, search and reflection are called to form knowledge. Ultimately, the learning process itself is more important than the final product according to mor constructivism. can be associated with new insights and debates about educational dramaturgy, which revolve mainly around the product's anti-process approach. There was a discussion about polarity in the "Challenges" section. practical approaches to drama, ie "easy" ideas against more complex ideas. Polar positions are also present in the theoretical literature of drama. The positions of Hornbrook and Heathcott depend on the polarity under discussion. Fleming sums them up well. Hornbrook believes that an effective class of drama should be focused on the dramatic work. It requires "goals to be achieved" in the drama. He also calls for the creation of a knowledge-based curriculum that addresses the issues of purpose and progress and that is formed as a subject of drama. Hitkot, on the other hand, sees drama as a process and draws on "real experiences." Regarding the curriculum, he talks about negotiating with students [4].

The view that the final product of dramaturgy should be the experience and process of the spectator rather than the production was so influential in the field of drama. However, Fleming tries to find a middle ground, arguing that the processproduct dichotomy "created false imprints in thinking about dramatic learning." He goes on to say that these types of thinking, which assume that performing in front of an audience is a "product" and that improvisational acts are a "process", are written in the form of essenalism and must be carefully considered. Thus, in general, those who oppose such polarization consider the product and the process as unnecessarily interdependent concepts. When performing a drama, students participate in the process and work to achieve a goal or product. However, in the field of education, Fleming (2001) acknowledges that the situation is different. He argues that a play that focuses our attention on context is more important than thinking about the rationale for the product. Context is important in understanding the originals, meanings, and purposes. "Drama is different from 'pure' performance in an educational context ... because the process or context must always be taken into account when evaluating a work." In a drama-based class, the process is important. Most importantly, at the practical level, this means that the quality of the performance experience is "likely to depend on the learning process". (Process Drama, as mentioned earlier, began to emerge in the early 1990s with new

ideas and concepts of drama. The importance of the role of drama later characterizes dramatic approaches. Cao and O'Neill drama - from fully controlled language exercises to partially controlled as a continuum of approaches, from scripts to open communication of procedural drama, dramatic approaches aimed at accuracy and familiarity with simple social relationships, in which students use pre-defined structures to complete a task. They are criticized as limited and unrealistic, but they can be made real by encouraging students to create fictional roles based on them.

There is a great deal of realism in the interaction and the focus is not on linguistic accuracy, but on social dynamics. Cao and O'Neill introduced "procedural drama" into the field. The term has emerged as a complex approach in America and Australia. In the UK, 'educational drama' or 'educational drama' is often used as a synonym. Under this concept, drama is understood as a process involving cognitive, social and aesthetic aspects and related to the discussion of meaning. Drama is not a product, its end product is the experience itself and the established scenes. Instead of drilling for predictable answers, the focus was on providing a real context in which “roles and identifications were detailed and complex” and problems arose in solutions. Thus, procedural drama offers: 1. new contexts, 2. different roles, views and perspectives, 3. democratic class relations, 4. breadth of linguistic possibilities, and 5. access to modern cultural aspects. (Process drama is defined in several ways. Here. Cao and O'Neill and Winston are all worth mentioning. It is a short-term, teacher-dominated drama. Instead, the drama expands over time and builds on the ideas, conversations, and responses of all participants to develop social, intellectual, and linguistic development. (ibid., 1998, foreword, px (drama is not the performance of exercises and performances) but as a form of interactive, communicative pedagogy, it has a well-established tradition of engaging students emotionally and playfully, growing in their international influence (despite various words) definitions between two scientists What I share is the assumption that learning is part of education [5].

**List of references**

1.Council of Europe, 2017. Council of Europe. The Common European Framework of.Reference for Languages. Cambridge University Press, Cambridge (2017) Google Scholar.

2.Beagrande et al., 2015.R. Beagrande, De, W. Dressler. Introduction to Text Linguistics. (4th ed.), Longman, London and New York (1988). Google Scholar

3.Birch, 1996. D. Birch. Language, Literature and Critical Practice Routledge, London (2016). vanDijk, 2018 Google Scholar

4.van Dijk, 2019 T.A. van Dijk. Macrostructures. Lawrence Erlbaum Associates, Publishers, New Jersey (2019). Google Scholar

5.van Dijk and Kintsch, 2017. T.A. van Dijk, W. Kintsch. Strategies of Discourse Comprehension. Academic Press, London (2017). Google Scholar.

ӘОЖ 373.456.125

## БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ

**ЖОЛДАСБАЕВА Б.Б.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің педагог-психологі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается психологическая подготовка первоклассников к школьной адаптации

**Summary.** The article discusses the psychological preparation of first-graders for school adaptation

Баланың мектепке оқуға психологиялық даярлығы –балалар психологиясы ғылымы мен білім беру жүйесі саласындағы өзекті мәселелердің бірі.

Бұл бағытта ұлы педагогтар К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская т.б, ал ресей ғалымдарынан Л.С. Выготский, А.П. Усова, А.Н. Леонтьев Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, В.В. Давыдов, Ю.А. Левин, Е.Е. Кравцова т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Сонымен қатар бұл мәселе төңірегінде отандық ғалымдарымыз кеңестік дәуірде Н. Құлжанова, бертін келе Қ.Қойбағаров, Қ.Сейсембаев,

Б.Баймұратова, А.К.Меңжанова, Қ.Аймағамбетова, Х.Т.Шерьязданова, Г.М.Қасымова, Ж.Рысбекова, М.Сәтімбекова, Ж.К.Дүйсенова, М.Асылхановалардың зерттеу еңбектерін атап өтуге болады.

Жалпы білім беретін мектептердің 1сыныбына қабылданған балалар, мектептік оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайды. Олардың сәтсіздіктерінің басты себебі – мектептік оқуға даяр еместігінде.

Әдетте бұл процестегі қиыншылықтар балабақшаға бармаған, әсіресе отбасындағы жалғыз өскен балаларда кездеседі. Егер бұл балаларда құрбылармен қарым-қатынаста жетерліктей тәжірибе болмаса, онда олар сыныптастарынан және мұғалімдерден үйде қалыптасқан қарым-қатынасты күтуі мүмкін. Өз тәжірибемде кездескен жағдайды мысалға келтірейін. Бірдеәжесі дайындық сыныбына немересін алып келді. Әлгі бала жаңа ортаға үйренісе алмай әжесінің етегіне жармасып жібермей жылады. Осылай әжесі сабақты немересімен бір айдан аса бірге оқуына тура келді.

Кіші мектеп жасындағы баланың ең негізгі іс-әрекеті оқу болғандықтан, баланың өмір тіршілігі өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы жаңаша қалыптасады [1]. Баланың мектепке бейімделуі бірден болмайды. Мектепте толығымен меңгеруіне бір күн немесе бір апта жеткіліксіз. Бейімделу ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Бала өміріндегі бұл мерзімнің бала өміріндегі өзгерістерінің психологиясы мен мінездемесін Р.С.Немов дамудың әлеуметтік жағдайы мен ішкі позициясының түсініктерімен байланыстыру қажеттігін ұсынды.

Мектепке оқуға қабылданар баланы мектептік болмысқа ендіру, толыққанды оқу әрекетін қалыптастыру – өтпелі кезеңге тән психикалық дамудың барлық жиынтықтарымен тығыз байланысты. Олар оқу-тәрбие 93 процесін осы жастың психологиялық ерекшеліктерімен қатаң сәйкестікте жүргізуді қажет етеді. Сондай-ақ, мектепке дейінгі шақтан оқушылық өмірге өту кезеңін зерттеу мәселесі мектептегі оқу - тәрбие міндеттерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл істің түпкі мақсаты баланың мектептегі оқуына берік тұрғыда қамтамасыз ету. Ол мұғалім талаптары мен мектеп ережесін орындауға баланың ерік күшін бағындыра алу іскерлігінен көрінеді.

Мектепке психологиялық даярлық мәселесі туралы ресей ғылымдары үшін де өзекті мәселеге айналды. Бұл туралы И.В.Дубровина былай дейді: «Мектептің 1-сыныбына барынша жақсы даярлықпен келетіндер – мектепке дейінгі кезеңде отбасында, бала бақшада жүйелі түрде үйрету жұмыстары жүргізілген балалар». В.Дубровина өзін көпжылдық эксперименттерінің нәтижесіне сүйене отырып, оқушының 1-сыныптың басындағы оқу үлгеріміне мұғалім де, бағдарлама да емес, баланың мектепке даярлығы әсер етеді, сондықтан баланы дер кезінде мектепке даярлай білу керек, бірақ даярлық» сыртқы сипатқа: баланың оқи, санай білу, іскерлік сұрақтарға жауап бере алуы, т.б. емес, белгілі бір психологиялық ерекшеліктерге: мектептік оқуға қатынасы, танымдық белсенділігі, көңіл-күйінің тұрақтылығы т.б. негізделе жүргізілуі қажет деп қорытындылайды. Бірақ, бұл мектепке психологиялық даярлық мәселесінің жалпы көрінісі. Бірінші класс оқушыларының мектепке бейімделуінде ең басты рөлді мұғалім атқарады.

Түрлі дамыту және психокоррекциялық ойын дәрістерін қолдану баланы мектепке тез бейімдендіреді. Ойын – баланың оқу әрекетіне қосылуына, сезімдік қатынастарды орнатуда негізгі тәсіл болып табылады. Оқу жүйесінде ойын элементтерін дұрыс қолдану, сабаққа белсенді көрсету зейінді болу оқушы статусын меңгеруге көмектеседі. Сондықтан, балалардың мектепке психологиялық даярлығын диагностикалау мәселесі осы мақсаттағы психодиагностика мазмұнын жүйелеп жасау, тексеру немесе өлшеу құралдарын дайындау сынды кемелді істерді күтуде.

А.С. Макаренко әр баланың үйіндесабақ оқитын арнайы орны болу керек деген. Сол орынды ата-анасы балаға таныстырып, оны ұғыпты, таза және жинақы ұстауы қажет екендігін түсіндіру керек. Психологиялық жағынан алғанда сол орын баланы магнит секілді өзіне тартып тұрады. Ол орынды көргенде балада сабақ оқу керек деген сигнал автоматты түрде беріледі [2]. Тәжірибелі мұғалім барлық балаға бірдей талап қояды, бірақ әр баланың бұл талаптарды орындауының өзіндік жеке-дара ерекшеліктерін мұқият бақылайды. Бұл олардың мінез-құлықтарының «жақтарына» көз жүгіртіп, олардың шын мәніндегі психологиялық қасиеттерін түсінуге көмектеседі. Балаларды тек осындай арнайы зерттеудің негізінде ғана оларға әсер етудің белгілі бір нақтылы әдісін таңдап алуға болады, бұл әдістің мақсаты барлық бірінші сынып оқушыларын сабақ үстінде тыныш, ұстамды болу мінез-құлық әдетіне, сабақтардың жалпы қарқынын сақтауға, мұғалімнің ескертулеріне іскерлікпен жауап беруге тәрбиелеу болып табылады.

Түптеп келгенде, осының бәрі мұғалімге және оның іс-әрекетіне сенуді тәрбиелеуге келіп саяды. Мұғалім барлық балаларға бірдей қарап, бәріне бірдей талап қойғыш болғанда, нашар оқитындарды еңбек сүйгіштігі үшін мадақтап, жақсы оқитындарға өзіне тым көп сеніп кеткені үшін басу айтып отырғанда ғана сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы ойдағыдай болады. Бұл сыныптың коллективтік жұмысына психологиялық жағынан жақсы жағдай жасайды. М.М.Безруких, С.П. Ефимова баланың мектепке бейімделуін ұзақ мерзімді процесс ретінде қарастырып, оны әлеуметтік-психологиялық және физиологиялық жақтарын сипаттаған. Олардың көзқарасынша, баланың өмірінің өзгеруі: барлығы мектепке бағынады, мектеп жұмысына, сабаққа көп уақыты кетеді. Бұл өте қысымды кезеңдер. Себебі, мектеп алғашқы күннен бастап өзінің талаптарын қояды [3].

Баланың мектепке беімделуіне негізгі үш жақты қиындық әсер етеді:

Біріншісі, мектептің жаңа күн тәртібі – ерте ұйқыдан тұру, тыныш отыру, сабақтан қалуға болмайды, дер кезінде сабақты орындау және т.б. Мұндай дағдылар балада бұрын қалыптаспағандықтан олар шамадан тыс шаршайды, сабақтан қалғысы келіп тұрады, мазасызданады және т.б. Көбіне алты-жеті жастағы балаларда өзіндік әдеттердің қалыптасуының алғышарттары қалыптаса бастағандықтан кейбір жаңа құбылыстарға бейімделу қиынға соғады. Ең бастысы мұғалім мен ата-ана осы жағдайларды дұрыс ескергендері маңызды.

Екіншісі, баланың мектеп мұғалімімен, құрбыларымен және отбасымен өзара қатынасына байланысты туындаған мінез-құлықтар. Жай ғана мейірімділіктен мұғалім өзінің авторитарлық стилі талап етушілік, қаталдық, мінез құлықта қажетті әрекеттердің орындалуын талап етуші болып көрінеді. Ол үнемі баланың жұмысын бағалап отырады. Кей жағдайда бала өзін құл ретінде сезуге дейін барады. Нәтижесінде кейбір балалар жасқаншақ, ал біреулері үйде басқа, ал мектепте мүлдем басқаша қылық көрсетеді. Кейбір оқушылар жаңа ортада өздерін дұрыс меңгере алмай, басқа балалармен танысуы бірден болмағандықтан, өзін жалғыз сезінеді. Тәжірибелі мұғалім барлық балаларға бірдей талап қояды, бірақ әр баланы жеке-жеке қадағалайды. Бала мектепке келгеннен соң оның үйдегі орны да өзгереді. Оның міндеттері де және құқықтары да жаңаша құрылады. Мысалы оның сабақ орындауына ерекше, бөлек уақыт қажет болғадықтан үлкендер оның күн тәртібімен санасады.

Үшінші түріне бірінші сынып оқушылары оқу жылының ортасына қарай сезінеді. Олар басында мектепке бірден жүгіріп, уақытынан ерте баратын болса, кейіннен ересектердің ықпалымен ғана барады. Өздерінің әрбір алған бағасына қуанып, сабақты қызығушылықпен орындаса осы кезеңде ол төмендейді және бәрібірлікке ауысады. Мұғалімдер бұл кезеңде оқушымен сыртқы жағдайларына да әсер ететін тапсырмалар береді.

Сонымен қорыта айтқанда, балада мектеп қабырғасына аттаған күннен бастап психологиялық қайта өрлеу басталады. Баланың қарапайым міндеттер өрісі пайда болады. Баланың үлкендермен байланысы жаңа формаға ие болады, бірлескен іс-әрекет ересек адамның нұсқауларын дербес орындаумен алмасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Дүйсенова Ж.К. Балалар психологиясы. – Алматы, 2012ж.
2.Макаренко А.С. Ұстаздық дастан. –М.: Молодая гвардия, 2011ж.
3.Безруких М.М., Ефимова С.П. Баланы мектепке бейімдеу. – М., 2010ж.

ӘОЖ 37:001

## ЗАМАНАУИ ҰСТАЗДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ

**АЙМАҒАНБЕТОВА А.Д.**
И.Панфилов атындағы №39 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье представлен образ преподавателя-новатора сегодняшней новой формации, работающего с современным творчеством, который не только дает своему ученику информацию по основам науки, но и воспитывает его входить в мир знаний, информации, экономики.

**Summary.** The article presents the image of an innovative teacher of today's new formation, working with modern creativity, who not only gives his student information on the basics of science, but also educates him to enter the world of knowledge, information, and economics.

«Еліміздің ертең імен бүгіні – жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында»
*Н.Назарбаев*

«Адам бір жылын ойласа – дән себеді, жүз жылдығын ойласа – ағаш отырғызады, ал мыңжылдық болашағын ойласа – ұрпақ тәрбиелейді» – деп, ақиқат пен даналықтың нақ төрелігін айта білген бабаларымыздың сөзінің жаны бар. Елдің абыройын асқақтатып, мәртебесін өсіретін, мәңгілік елдің адал ұрпақтарын қалыптастыратын, ел болашағын тәрбиелейтін ұстаздар уақыт ағымына сәйкес тұлға қалыптастыруды мақсат етуде. Әр шәкіртті жақсылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу – ұстаздың борышы. Мұғалімнің әр күнгі сабақ жоспарының үшінші бөлімі осы тәрбиеге арналады. Адамгершілік, адалдық, елін, ұлтын сүюге арналған әр сөз, әр тақырыпта күн сайын қайталанып отырады. Әр сөзі өнеге Абай атамызды айтып өту де мақтаныш. «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол! Алдама, өтірік айтпа» – деген Ұлы Абай атамыз. М.Гюге «Жер бетінде адал адамнан өткен тамаша ештеңе жоқ» - десе қазағымыз ежелден «Ала жіпті аттамағанның абыройы биік» деген. Әділдікті ту еткен бүгінгі ұрпақ сол адами қалпымен парасаттың биігінен көрінуі тиіс. Жас ұрпаққа құқық бұзушылықтың себептерін түсіндіру, жеке бас мүддесін қорғап өз құқығыңды дәлелдеп беруді үйрету біздің міндетіміз. Бүгінгі ұрпақ тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген. Олардың ойын еркін, ашық айта алуына мүмкіндік жасау үшін шәкірттерімізбен тең дәрежеде ой бөлісіп, өзіндік «менін» қалыптастыруымыз керек. Оқушының ойын жасқанбай айтуы оның өзін өзі бағалай алуының жемісі.

Мен шәкірт тәрбиесімен, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ұстазбын. Әрбір күніміз қарбаласқа, ізденіске толы. Бүгінгі таңда, талпынысқа толы XXI ғасыр талабына сай жаңашыл ұстаздың бірімін. Алға жаңа үмітпен қараймыз. Жаңа технологиялар. Жаңа білім. Жаңа мектеп. Жаңа мектептің ұстазы ретінде балаларға тек жаңалық енгізіп қана қоймай, сонымен қатар, уақыт пен ұрпақ арасында байланыс орнатуға бар күш-жігерімді саламын.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Заманауи ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол. Сондықтан да ұстаздар өз ісінің әрбір тетігін жетік меңгеру, игеру жолында кәсіптік шеберлікті толық меңгерсе ғана бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын мол мүмкіндік ашылатыны шүбәсіз.

Заманауи мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысушылық қасиетімен дара. Өз мамандығын қадірлеген ұстаз ғана педагог мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамға керегі де осындай ұстаздар.

Білім беру, оқыту мен тәрбиелеу үздіксіз процесс. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өнер сүюге бейім, өзіндік ой-талғамы бар, кабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі ғана емес, тарихи танымдық, педагогика-психологиялық және ақпараттық сауаттылық, саяси – экономикалық білімділік талап етіледі. Заманауи ұстаз өмірді жақсы жаққа өзгертуге талпыну, оқушыларға сену, жаңа идеялар үшін көп еңбектену, өз қатесін мойындаудан қорықпау керек. Өз ісінің шебері деп XXI ғасыр ұстазын айтуға болады. Заманауи ұстаз – зерттеуші, оқушылардың ғылыми жетекшісі. Оқушыларға үйрете отырып өзі де үйренеді. Ұстаз заман талабына сай жаңа ұрпақтың қызығушылығын түсіну керек деп ойлаймын. «Ұстаздық мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым - шытырығы мол, рухани жан дүниесіне үңіле білу, адамның өмір бойы білім алып, оны шәкірттеріне жеткізе білу бұл ұстаздық қасиеттің ең жоғары жетістігі болып табылады». Сондай үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар ғұмырын ұстаздық саласына арнау әрбір адамның қолынан келе бермейтін іс. Бүгінгі таңда бізге, мұғалімдерге, ең қажетті нәрсе – заман талабына сай лайықты жаңа адамды қалыптастыру, тәрбиелеп өсіру. Заман күннен күнге дамып, өркендеу үстінде. Олай болса, біз алдымызда тәрбиелеп отырған шәкірттерімізге адамгершілік пен өз елін сүйетін ұлтжандылық қасиетін қалыптастырып, оны бар асылындай қадірлей білетін, өткенін бағалап, болашағына зор сеніммен қарай білетін ең жақсы қасиеттерді үйрете білуіміз қажет.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын заманауи ұстаздар ешқашанда білімнің туын төмен түсірмеуі тиіс. Ендеше, мен де әрдайым оқушыларыммен бірге үйрене отырып, оларды тек қана

алға жетелеймін. Себебі, жаһандану заманында ұлттық бәсекеге кабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан әлемдік білім кеңістігіне шығып, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті ұстаз қолында. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Өз ойымды Ы.Алтынсарин атамыздың: «Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» деген сөзімен қорытындылағым келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - Қазақстан халқына Жолдауы – Егемен Қазақстан, 17.01.2012 ж.

2.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002.

3.Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. –Алматы, 2007

4.Белошниченко Е. Құзыреттілік педагогикасы: проблемалары, ізденістері, шешімдері // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2011. № 1.С. 10¬16 .

5.Қадірбаева Р.І., Әмірбекұлы А., Әділбекова Э.Т. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі және оның қалыптасу деңгейлері // БҚМУ Хабаршысы.– 2016. - № 1(61). - Б.83-88.

6.Қазақбаева Д. Құзыреттілік тәсіл нәтижеге бағдарланған білім беру негізі // Білім берудегі менеджмент. 2009. № 4. С. 64¬69.

ӘОЖ 37.015-8

# ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

**КОСАРОВА М.К.**

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются вопросы необходимости и пути использования материалов народной педагогики в воспитании патриотизма школьников.

**Summary.** This article discusses the ways and necessity of using the materials of folk pedagogy in the education of patriotism of students.

Болашақ ұрпақты имандылық, қарапайымдылық, адамгершілік, әдептілік, кішіпейілділік сияқты ұлттық асыл қасиеттерге тәрбиелеудің сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дәстүрі бар. Сондай-ақ, халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуы мен даму кезеңдеріне, бейнелеу өнері, музыка және сәулет өнеріне назар аударылады.

Этнопедагогика – белгілі бір халықтың өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік мәдени мұрасы. Қазақтың халық педагогикасы (ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлері) педагогика ғылымының бір қайнар көзі ретінде ғасырлар бойы дүниетанымдық және тәрбие құралы болып қалыптасты да, ұлттық мәдени мұрағаайналды. Ұлттық мәдениет пен халықтың білімді дамытуда педагогикалық (тәлім-тәрбиелік) ойлардың жазбаша түрде нұсқа болып қалуы – ұлттық тәлім-тәрбие ісіндегі негізгі бір алтын өзектіарқау болып саналады. Этнопедагогика ғылымы әр халықтың оқу, білім, тәлім-тәрбие т.б. мәдени болмысындағы ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді. Әрбір ұлттың мәдениеті тек ана тілінде, төл әдебиеті мен ұлттық білім негізінде дамитыны белгілі.

Мемлекеттік мәртебеге ие болған ұлт тілімізде этнопедагогика ғылымын пән ретінде сол мемлекеттік тілде жүргізудің, сананы (халықтың санасын) ұлттандырудың мәні зор. Халықтың әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтары, дәстүрлеріадамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік және еңбек қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке адамды әлеуметтендіруде әрдайым маңызды роль атқарған. Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Халықтың ғасырларбойы жасаған зор еңбектерінің тәлімдік тәрбиелік маңызын ұрпағымыздың санасына сіңіру – қазіргі қоғам міндеттерінің бірі болып саналады.

Этнопедагогиканы зерттемей және пайдаланбай жеке адамды толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика

дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Халық педагогикасында тәрбие ісін әр баланың жеке бас ерекшеліктерін (психологиясын) ескере отырып жүргізуді де ескертеді. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің», «Бір биеден ала да туады, құла да туады», «Балаңа үміт арту – әкенің парызы, ақтау – баланың қарызы» деп ой түйіндеген. Халық педагогикасы баланың тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстазының үлгісіне байланысты деп қараған. Өскен ортаның тәрбиедегі әсері жөнінде А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, А.В.Сухомлинский, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлағатты ұстаздардың ой-пікірлері де халық педагогикасының қағидаларымен үндесіп жатыр. Халық педагогикасының тағы бір принципі балаға үлкен талап қоя білуге, оның жеке басын қадірлеуге негізделген. Баланың жіберген қателіктерін үлкендер дер кезінде бақылап, дұрыс жолға салуды мақұлдаған. «Ата–балаға сыншы», «Баланың балалығына әкенің даналығы бар», «Ақырып айтқаннан ақылмен айтқан артық» деген мәтелдер осы ойды құптаудан туған. Яғни, тәрбиешінің жылы жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орынды санаған.

Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысындаақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі. Дамыта оқытып тәрбиелеу ісіасқақ арманмен байланысты. Осыны құптаған ата-бабамыз «Армансыз ұлан – қанатсыз қыран», «Арманы жоқтың пәрмені жоқ» деп, келешекті қиялдай білетін арманға, ой дербестігіне тәрбиелеуді мақсат еткен. Халық педагогикасының негізгі принциптерінің бірі – тәрбиенің біртұтастығы. Халқымыз жас ұрпақты өмірге дайындап, «сегіз қырлы, бір сырлы», жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті сарқа пайдаланған. Кез келген тәрбие құрамына талдау жасасақ, тәрбиенің түрлері (еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік т.б.) іштей сабақтасып жатады. Оны бесік жырынан, бата-тілектер мен терме толғаулардан байқауға болады. Тәрбие ісін кешенді жүргізуді ғылыми педагогикалық еңбектер де қуаттайды. Тәрбие ісінің туғаннан өмір бойы үздіксіз жүргізілуін халық педагогикасы да, ғылыми педагогика да құптайды.

Халық педагогикасы отбасы үлкендерінен бастап, ауыл ақсақалдары, өнер иелері түгел қатынасатын ұжымдық тәрбие ісіне негізделген. Халықтық педагогикада «Көп талқысы – тез», «көп қорқытады, терең батырады», «Көпке қарсылық – құдайға қарсылық» деп ұжымдық тәрбиені құптаған. Ал ұжымдық тәрбиеге ғылыми педагогика да ерекше мән берген: халық педагогикасы мен ғылыми педагогиканың қағидалар үндестігі, баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу,баланың жеке бас мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу,тәрбиенің өскен ортаның (отбасы, ауыл-аймақ) үлгісіне негізделу, балаға жылы жүректі сезіммен қарау, ынтымақтастық идеяны сақтау, баланы дамыта үйретіп тәрбиелеу, қиялдай, армандай білуге баулу, тәрбиенің біртұтастығын сақтау, тәрбие ісін кешенді түрде жүргізу, тәрбие ісінің үздіксіз жүргізілуін қадағалау,тәрбие ісін ұжымдық түрде жүргізуге негіздеу [1].

Қорыта айтсақ, халық педагогикасы ғылыми педагогиканың ережелері мен заңдылықтарының қалыптасуына бастау бұлақ болған. Халық педагогикасы бүгінде ғылыми зерттеулердің тек объектісі ғана емес, сонымен қатар ол педагогикалық теориялардың, әсіресе отбасындағы тәрбиенің дамуына үлкен әсер ететін ынтымақтастық педагогиканың іргетасы болып табылады. Сондықтан да халық педагогикасының бүгінгі күнде практикалық та, ғылыми-теориялық та мәнділігі зор екені даусыз. Қай ғылымның болмасын, тұрақты ғылыми терминдері болатыны сияқты, қазақ этнопедагогикасының да белгілі терминдері бар. Оларға, жалпы алғанда, мыналар жатады: шәкірт, мұғалім, ұстаз, оқыту, тәрбие беру, өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, үлгі-өнеге көрсету, ақыл-өсиет айту, оқыту, әдеттендіру, жаттықтыру, жадыңда сақтату.

Тәрбиенің түрлері: дене тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, әсемдік тәрбиесі, табиғатты аялауға тәрбиелеу, ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұл, қыз тәрбиесі т.б. Жоғарыдааталған халық педагогикасының негізгі қағидалары мен ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ этнопедагогикасын ғылыми жүйе ретінде қарастырсақ, мынадай схема болып шығады:

1. Халық педагогикасының мақсаты мен міндеттері – «сегіз қырлы, бір сырлы», жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу.

2. Мазмұны – ұлттық салт-дәстүрлер арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Әдістері – әңгімелесу, кеңесу, түсіндіру, сендіру, талап ету, кеңес беру, үйрету, көрсету, үлгі көрсету, өтіну, бұйыру, жаттықтыру, бата беру, мадақтау, алғыс айту, жалбарыну, қарғау, сөгу, кінәлау, айыптау, жазалау т.б. Түрлері – ойындар, тойлар, еңбек мерекелері, ойын-сауықтар. Құралдары – санамақ, жаңылтпаш, өлең-жыр, тақпақ, ертегі-аңыздар, жұмбақтар, айтыстар, мақал-

мәтелдер, шешендік сөздер, салттар, ырымдар, жол-жоралар, ұлттық ойындар, әңгіме, кештер, айтыстар, сабақтар мен үйірмелер. Нәтижесі – «сегіз қырлы, бір сырлы», жаны таза, тәні сау адам. Тәрбиеге себепші күштер – табиғат, еңбек, тұрмыс, салт-дәстүр, өнеркәсіптер, дін, ана тілі, ұлттық ойындар. Тәрбие ортасы – отбасы, ауыл-аймақтар, ру, қауым, тайпа, ұлт, мектеп, медресе. Тәрбие объектісі – бала.Халық тәрбиешілері – әке-шешесі, атасы мен әжесі, апа, ағалары, ауыл үлкендері, өнер иелері. Біз бұдан қорытындылайтынымыз, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған дейміз.

Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстардаақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда әсемдік тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығымен қатар тозығы да бар. Ең негізгі мәселе – бұларды бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады.

Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру». Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман- саулығы қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзін мемлекетке тәуелді екенін, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, «патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, жеке адамның барлық жағымен, өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен байланыстыру қарым-қатынасын біріктіреді» деп, терең жан-жақты анықтама берген, қаһарман жазушы Б.Момышұлы. Жеткіншек шақ – адам дамуының күрделі кезеңі болып табылады. Бұл кезең аз уақытқа созылғанмен, негізінен индивидумның алдағы өмірін анықтайды.

Этнопедагогика – белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Этнопедагогика – педагогика ғылымының негізі. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады:

1) халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралады.

2) ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі [2].

Яғни, ата-бабамыз жинақтаған тәжірибе, атадан балағаауызша, әдебиет арқылы немесе үйелмендік мирас ретінде беріліп отырды. «Халықтық педагогика, – делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, – тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Қорыта айтқанда жеткіншек кезеңнің басты ерекшелігі өзі үлгі тұтатын ересектерге еліктеу, өмір позицияларын таңдау, өзін қызықтыратын бағыттаізденіспен әрекет ету болғандықтан жеткіншек тәрбиесінде жағымды үлгілер, елін, жерін сүюге тәрбиелейтін, еліктіретін мазмұндағы жұмыстар ұсынудың маңызы зор деп есептейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жарықбаев Қ., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

2.Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру // п.ғ.к. ... автореф. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 30 б.

ӘОЖ 37.456.12

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**МУСТАФИНА Ж.Ж.**
М.Әуезов атындағы №33 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены пути развития навыков чтения у младших школьников.
**Summary.** The article examines the ways of developing reading skills in younger schoolchildren.

Бастауыш сынып оқушыларының қалыптастырылатын түрлі дағдыларының ішінде ең маңыздысы мен күрделісі-оқу дағдысын қалыптастыру.Сондықтан бүгінгі таңдағы қазақ әдеби тілінің қалыптасқан әр жақты сипаты, оның өзіндік өзгешеліктеріне арналған зерттеулер нәтижесі мен қазақ тілінің грамматикалары, оқу программалары мен методикалық нұсқаулары біздің жұмысымыздың ғылыми негізін құрайды. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби жазба, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр. Жалпы тіл дамуының ортақ заңдылықтарымен қатар әрбір тілдің өзіне тән ерекшеліктері де бар. Оқу сабағында оқушылар өздерінің білім мен тәрбие алуына керекті жұмыс істеудің әр түрлі жолына үйреніп, түрлі дағды қалыптастырады.

Оқу өте күрделі психологиялық процесс. Онда көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, түсіну әрекетімен де тығыз байланысты. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың барысында келесі бір сүйенген ғылымымыз – психология. Көрнекті психологтар өздерінің арнайы жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде оқу дағдысын қалыптастырудың психологиялық жақтарын ашып көрсетті, соған байланысты оқу дағдысын қалыптастырудың сатыланып берілген кезеңдерін де анықтады. Олар: ең бастапқы кезеңаналитикалық, яғни талдау кезеңі. Бұл кезеңде оқушыларға әріп танытып, оқу техникасын меңгерту үшін тіліміздің жеке дыбыстардан тұратынын, әріптердің сол дыбыстардың шартты белгілері екенін түсіндіруден басталады. Одан әрі әрбір сөзге дыбыстық талдау жасалып отырудың керектігін айтады.

Мұны оқу дағдысын қалыптастырудағы бірінші саты деп атап, екіншісін синтетикалық немесе жинақтау кезеңі деп аталған. Бұл екінші кезеңді басқаша айтқанда, оқу әрекетінің тұтастық құрамға айналу кезеңі деп те атауға болады. Ең соңғы кезең – оқудың автоматизацияға айналған кезеңі делінеді. Алғашқы екі кезең сауат ашу туралы арнайы зерттеу жүргізген М.Жұбанова еңбегінде жақсы айтылған.

Болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуді ғылыми жолмен зерттеп, бұл саладағы жетістіктерді жинақтап, алдағы басты міндеттерді анықтап беріп отырған педагогика ғылымы да оқу методикасында үлкен орын алады. Ол оқудың негізгі принциптерін белгілеп, олардың әрқайсысы бойынша қойылатын талаптарды да ғылыми жолмен анықтап берді. Оқылатын материалға қарай оқудың дидактикалық жолдарын таңдап алу да осында көрсетіледі. Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың өскелең даму дәрежесіне сәйкес қоғамның қажеттерін, оқушылардың қабілеті мен тілектерін есепке ала отырып, ғылым негіздерін тиянақты біліп шығуды, ғылыми көзқарастың принциптерін игеруді, еңбек ету мен политехникалық әзірлікті, сондай-ақ дені сау жас өспірім ұрпаққа адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесін беруді қамтамасыз ету міндеті жүктеліп отыр.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасына сай жаңа оқу жоспары мен бағдарламаның енгізілуі оқудың мазмұны мен әдістемесінде де көптеген ізденулер, зерттеулер болды. Соның нәтижесінде мұғалім мақұлдауына ие болғандары бүгінгі таңда мектеп өмірінен орын тауып, мұғалімнің жұмысында, оқу сабағында тікелей іске асырылуда.

Оқылып отырған шығарманы өмірмен байланыстыру негізінде оқу сабағында оқушының сезімі мен еркіне, ақыл-ойына әсер ету мақсаты көзделеді. Мұның өзі еліміздегі іске асырылмақ ұлы мұрат – халықтық тәрбие мақсатымен ұштасады. Сондықтан жаңа бағдарлама бойынша оқу сабағын жүргізу бағыты мен осы оқу сабағындағы жаңалықтың өзі екендігін жете көрсету мақсатында жазылған. Осындай оқудың маңызды тәрбиелік жағын іске асыру оқушының оқу дағдысын жетілдіру жаңа бағдарламада негізгі талап ретінде қойылады. Оқу дағдысының дұрыс, саналы түрде түсініп және мәнерлеп оқу дегендердің үшеуі де бірімен бірі біте қайнасқан, өте тығыз байланыстағы компоненттер. Сондықтан бұл үшеуінің де міндетін орындау, үшеуіне де оқушыны жаттықтыру әр сабақта бірге іске асырылып отыруы керек.

Сабақ сайын оқушы оқу дағдыларының қалыптасуына керекті жұмыс түрін меңгеру арқылы мәтінді қайталап оқи береді, соның нәтижесінде жаттығу пайда болады. Бұл бағытта үнемі үзбей жүйелі жүргізілген әр жұмыс тұтаса келіп, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастырады. Бала кітап оқу арқылы табиғат құбылыстарының түрлі сырынан хабардар болады.

Оқу бағдарламасының енді бір тақырыбы оның бойында адамның табиғи қасиеті – адалдық, кішіпейілділік, шыншылдық, жолдастық пен достықты қадірлейтін етіп тәрбиелеу мақсатына арналады. Осы мақсатқа арналып оқулықтарда көркем әңгімелер, өлеңдер мен қара сөз мәтіндері және бастауыш сыныптарда жаттауға арналып өлеңдер беріледі. әсіресе бала психикасына қатты әсер етіп, оның айналадағы өмірді эмоционалды түрде қабылдауына көбірек жол ашқан көркем шығарма. Ал көркем шығарманың қандай әсер етуі, оқушының оны эмоционалды түрде

қабылдауы оның жеке басының қалыптасуына ықпал етіп, оқушының өмір, дүние, құбылыс туралы түсінігін нақтылай түседі, оның жеке адам болып қалыптасуына көмектеседі. Жеке адам болып қалыптасу туралы еңбектерде: «Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны “жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады, бірақ әлі де ол жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда аталған компоненттер: тәжірибе, білім, іс-әрекет, т.б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүние танымынан, сенімінен, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілеті, қызығуынан жақсы байқалады.

Жеке адам – тарихи-әлеуметтік жағдайдың жемісі. Ол әлеуметтік ортада (белгілі қоғамда, ұжымда) ғана қалыптасады– деп түсіндірсе, осында айтылып отырған тәжірибенің де, білімнің де толығып, оның іс-әрекетіне бағыт сілтеп әсер етуде де көркем әдебиеттің алар орны ерекше.

Сондықтан да оқу сабағының бұл зор мақсатын іске асыру – өте қажет міндет. Ол үшін сабақ үстінде мәтінді қабылдаудан басталатын, мәтінді талдау сияқты күрделі жұмыс айрықша ойланып, толғануды керек етеді. Енді сол мәтінді талдау, онымен жұмыс істеуде оқу сабағының үстіндегі оқушының ойлауы, ойдың жетіле түсуі қандай түрде көрінеді дегенге келейік. Мысалы, мәтінді бөлікке бөлу және әр бөлікке лайықты ат қою жұмысы 1-сыныптан басталады. Бұл талап осы төрт сыныптың бәрінде де орындалуға тиіс болғанымен, бірінші сыныпта бұл жұмыстың ең оңай, қарапайым түрі жүргізіледі. Ал, қалған сыныптарда күрделене түсіп, ол – алғаш жоспар құрумен ұштасады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағының сапасы тікелей әр сабақ жүйесінің қаншалықты ойланып құрылғанына байланысты, оның әрқайсысында қолданылатын әдіс-тәсілге және оқуды ұйымдастырудың жолына байланысты. Бастауыш мектептегі оқу сабағын жүргізуде және оған лайықты әдіс-тәсіл қолданылуды іздестіру үстінде мыналарды ескерту қажет: біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын жетілдірудің бір бөлігі – оқушының дұрыс және жүрдек оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан сабақта қолданылатын әдіс-тәсіл оқудың техникасын жетілдірумен бірге баланың кітапқа, оны оқуға ынтасын арттыратындай, ал көптеген жағдайда бір мәтінді әлденеш рет жалықпай оқуға дағдыландыратындай болуы керек.

Екіншіден, төменгі сынып оқушыларының әсіресе абстрактылы ойлауы жеткіліксіздеу болғандықтан, оқу сабағында оқушының білімін толықтыра отырып, оның ойлануын, қызығушылығын, бір затты екіншісімен салыстыру, бірін екіншісіне қарама-қарсы қойып байқаушылығын т.б. дүниені материалистік тұрғыдан тануға баулитын әдіс-тәсілдің сабақта көбірек қолданылуы ескерілуі керек.

Үшіншіден, төменгі сынып оқушысының көркем әдеби шығарманы қабылдауға, түсінуге керекті көркем образды түрде ойлануы жеткіліксіздеу болғандықтан, оқушының творчестволық қиялын, оның қолмен ұстағандай, құлақпен естіп, көзбен көргендей елестете алуына жол ашарлық әдістәсілдің қажетті орында қолданылуы қамтамасыз етілуі керек. Бастауыш сынып оқушысы қандай болмасын мәтінді дұрыс оқуға дағдыланбайынша, оның білімдік және тәрбиелік мәнін де жете меңгере алмайды. Сондықтан мәтінді оқығанда оқушының әрбір сөзді дұрыс айтуын, оның дұрыс оқуын мұғалім қадағалап отыру керек.

Оқушылардың оқу дағдыларын байқау жұмысын жүргізген кезде дұрыс оқудың жоғарыда қойылған талаптарының үнемі іске асырыла бермейтіні байқалды. Оның өзінде әр түрлі себептері де бар: а) оқу сабақтарында негізгі мақсат оқушының мәтінді дұрыс оқуын қадағалап, сол арқылы мәтіннің дұрыс қабылдануын қамтамасыз етуге бағытталмай, сол мәтіннен жалпы ұққанын айтқызуға бағытталатындығын;

ә) көбіне оқушы мәтінді оқып жатқанда мұғалім оқушының жалпы оқу сарынына құлақ тігіп, әр сөзді, әр дыбысты дұрыс оқуына жете зер салмауынан;

б) оқушылардың жеке ерекшеліктерін және оқу қарқынын жете білмей, кейде оны асықтыруынан;

Міне, осы айтылғандардың салдарынан кейбір оқушының жіберген қатесін түзетуде мұғалім тарапынан қайталап оқыту ғана талап етіледі. Оқушының қатесін түзетудің бір жолы – қайталап оқыту екені рас. Бірақ та оқушы жіберген қатенің түріне қарамастан, оны түзетуге болатын бірденбір жол осы деп қарау – қате. Олай болса, баланы дұрыс оқуға үйретуге дағдыландыру үшін, біріншіден, оның жіберген қатесін байқаусыз қалдырмау керек болса, екіншіден, қателерді түзетудің дұрыс жолын білу керек.

Қорытындылай келе, оқушының оқыған мәтінді саналы түрде түсініп оқығанын мына белгілерден білуге болады: егер оқушы дұрыс оқу мен оқылғанның мазмұнын саналы түрде

меңгерген болса, соның нәтижесінде оқушыда белгілі бір икемділік, өмір, зат, құбылыс, адам, оның іс-әрекеті жөнінде өзіндік көзқарас пайда болады, сол оқылғанның мазмұнын түгел меңгеріп, ондағы негізгі ой тірегін анықтап алады. Сол оқылғанның негізінде болашақтың жақсы жақтарын, ескіден жаңаны ажырата алатын болады, балада болашақ қоғам – әділдік қоғамды құруға лайықты іске ұмытылу пайда болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының "Білім туралы Заңы"//Қазақстан мұғалімі, 1998, 25 ақпан, 8-б.
2.Қазақстан Республикасының "Бастауыш білімінің мемлкекттік стандарты". А., 1998.
3.Ақназаров Б., Шыныбаева Ә. Оқыту процесінде тәрбиелеу. А., Мектеп, 2018.
4. Байтұрсынов А. Ақжол. – А.,1996.

ӘОЖ 37.890.245

# ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**НИЯЗКУЛОВ У.У.**
Үлгілі орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
**ӘШІМ М.С.**
Үлгілі орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается формирование культуры взаимоотношений в семье.
**Summary.** The article discusses the formation of a culture of relationships in the family.

Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға етіп, қалыптастыру заманы болып табылады. Жеке тұлға қалыптасуына обьективті және субьективті жағдайлардың ықпалымен әлеуметтік деңгейде қарым-қатынас жасауына макро және микро жағдай себепші болады. Макрожағдай қоғамдағы қарым-қатынас, қоғамдық сана формалары, ал микро жағдай қарым-қатынасқа түсетін ортасына байланысты (отбасы, ұжым, топ, құрбылары, мектеп). Жас ұрпақ тәрбиесі, жастардың рухани дамуына байланысты қамқорлық-қоғамның маңызды мәселелерінің бірі.

Қарым-қатынасты зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін, ұғымына төмендегідей анықтама беруге болады:

Қарым- қатынас мәдениеті дегеніміз-адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуды айтамыз.

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу деңгейін, оның сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Өйткені тек қана іскерлік, қолданбалы, тәжірибелік мәселелердің тиімді шешілгені қарым-қатынастың барысында барлық қатынасқан субьектілері үшін оң жағдайда жүргенін көрсетуі мүмкін. Сондықтан іс-шаралар нәтижесі гуманистік, адамгершілік қасиеттерді сақтау негізінде, басқаларға психологиялық қысым, зорлық көрсетпей жүргізу бағытында болғанда ғана қарым-қатынас мәдениеті сақталғаны анық байқалады.

Отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше тәрбиешілер тобын құрайды.

Отбасының негізгі міндеті – белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру. Отбасы қоғамдық, топтық және жеке адамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Қоғамның әлеуметтік ұясы бола отырып, отбасы біраз ең маңызды қажттілікітерді, соның ішінде халықтың санын ұдайы жаңартып отыру қажеттілігін де қанағаттандырады. Сонымен қатар отбасы, әлбетте, өзінің мүшесінің жеке бастық қажеттіліктерін де, сондай-ақ жалпы отбасылық қажеттіліктерді де қанағаттандырып отырады.

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез – құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде

ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата –аналар бірлестігінің бір –бірін қолдаушы ата-аналар құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Е.Т.Соколова бала мен ана арасындағы қарым-қатынасқа көңіл аудара отырып, тәрбиелеудің келесі стильдерін бөледі:

1.Қызметтестік: қарым-қатынаста шеттетілгендердің алдындағы қолдаушы тұжырымдар басым болады. Анасы баласын белсенділікке итермелейді;

2.Оқшаулану: отбасында ортақ шешімдер қабылданбайды; бала оқшауланып, ата-анасымен өз ішкі әлемі жайлы бөліскісі келмейді;

3.Бәсекелестік: қарым-қатынас қарсы тұрумен, сыни көзқараспен байқалады;

4.Жасырын қызметтестік: серіктестер эгоцентризм танытады, ортақ шешімдердің мотиві іскерлік емес, ойындық болып табылады.

Сол сияқты, баламен өзара қарым-қатынас стилдерін талдаудағы әртүрлі бағыттарды қарастыра отырып, үш құрамдас бөлікті айтуға болады: эмоциялық, танымдық және мінез-құлықтық.

Танымдық – бала бейнесі мен ерлі-зайыптылардың тәрбиедегі роліне қатысты ата-аналық нұсқаулар мен үміттерге негізделеді.Сонымен қатар бұл құрамдас бөлек ата-аналардың баламен қарым-қатынасқа түсе білу тәсілдері жайлы түсініктерді де қамтиды.

Ата-ананың көңіл – күйі балаға үлкен әсер етеді. Себебі олар балаға дербес еркін адам болып өсуіне, өзін өмірге дұрыс бейімделуіне ата-ана мен бала арасындағы достық қатынастың қалыптасуына кесірін тигізеді. Сондықтан бала өз дербестігі үшін күресуге әрекеттенеді де көптеген ұрыс-керістің, күйзелістің себепкері болады.

Бала тәрбиелеу мен оның мүмкіндігін ұштастыру бір бірінен бөлінбейтін қағидалар. Баланы қандай адам ретінде көргісі келетін ата-аналар мен мұғалімдер тәрбиелеу мен оның қабілетін дұрыс ұштастыра алғанда ғана өз дегеніне жете алады. Бірақ баланың ішкі жан дүниесімен , мүмкіндігімен санаспай, тек өзім қалаған адам жасаймын деп оны жанды қуыршаққа айналдырмау керектігін ұмытпаған жөн.

Отбасы тәрбиесінде қолданатын әдістер – бұл өнеге-үлгі, бірлікті іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдау және оны қорғау.

Баланың жан-жақты дамуына отбасы үлкен әсер етеді. Ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, балаларға деген қатынасы, жалпы алғанда отбасы ішілік жағдай – міне осының барлығы өскелең ұрпаққа толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына, әке және ана болу үшін таптырмайтын тәжірбие мектебі болып саналады.

Баланы жеке адам ретінде қалыптастырудың тиімділігі оның әр алуан әрекет түрлеріне – ойынға, оқуға, еңбекке қарым-қатынас жасауға белсене қатысуына байланысты. Демек, мұндай әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру, оған пайдалы бағыт беру, оған қызықты, шығармашылық сипат беру қажет. Қазіргі уақытта психологтар мен педагогтар баланың жеке басындағы қасиеттерінің негізгі оның алғашқы жылында-ақ қаланады деген пікірді дәлелдеді. Жаңа туған нәрестеде көптеген қабілеттердің нышаны ғана болады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында сол нышандарды дамытуға қолайлы жағдайлар болмаса немесе ол үшін әрекет жасалмаса, кейін оларды жүзеге асыру қиынға түседі.

Жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан отбасылық қарым-қатынас баланың тұлғалық – психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттерімен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан отбасыда баланы жан-жақты дамытудың тиімді ережелері:

- баланы бар қалпында сүю, құрметтеу қажет;
- балаға әсер ететіні жай ғана сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы маңызды;
- балалармен қарым-қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы маңызды, сонда ғана үлкен мен кіші арасында дау-дамай туындамайды;
- баланың не айтатынын түсініп алған жөн, асығыс қортынды жасамау қажет;
- жазаны келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланың намысына тиіп, қорламау;
- бала жөнінде басқалар айтқан сын пікірден қортынды жасаудан бұрын, баланың өзімен әңгімелесіп себебін анықтап, кейін шешім қабылдау қажет;
- балаға үйрететінді алдымен өзің үйреніп алу қажет;
- өз балаңызға «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қортынды шығарыңыз;

- бала ата-анасына түгелдей тәуелді. Ата-анасының өз өміріне ықыласпен араласқанын ұнатады;

- балаламен өмір, тұрмыс жөнінде сұхбаттасып тұрған жөн.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының формасы ретінде – педагогикалық-психологиялық білімдерді насихаттау, яғни ата-аналарға педагогикалық-психологиялық білім беру. Қазіргі ата-аналар мен қоғам арасындағы психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихаттау барысында баланы тәрбиелеу міндеттерін шешу жолдары талқынанып, отбасында шешетін көптеген мәселеледі анықтап, оны шешудің тиімді жолдарын табуға мүмкіндік туады.

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғаралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым–қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым – қатынас барысында екі немесе бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой – пікір, сана – сезім, мінез – құлық, қылық –жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыстық, талас –тартыс, қарама – қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Отбасы қарым – қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойұсынуы, бірінің екіншісін құптауы сенімді қарым – қатынасының қазіргі кездегі отбасы ерекшеліктері әр тұлғаның мейлі балалары, мейлі ересектері болсын, ақпарат байлығы болып, өзара қарым – қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар. Отбасы мүшелеріне қарым – қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байла-ныстарын нығайта түсетін аса маңызды саланың мақсаты. Отбасының материалдық қамсыздандыру мақсатындағы бірлесіп еңбек ету, нәтижесінде ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым – қатынас алдымен, отбасы иелері әке мен шеше ортасында түсі-ністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі.

Қарым-қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым – қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері) адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой санасына, қылық жорығы, жүріс – тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады. Кішкентай жеткіншекке ұжым өміріне қатысқаны, басқалармен бірге болуы, біртіндеп жасөспірімдік кезеңде құрбы-құрдастарының оны қабылдауы, топқа өзін қажет деп сезінуі, онда бір бедел мен құрметке жетуі аса маңызды. Ұжымда статустың төмен болуы баланы алаңдатады,қобалжу сезімі пайда болып,өз-өзіне сенімсіз,ерік-жігері әлсіз күйде яғни бір сөзбен айтқанда оның топтағы өзін-өзі бағалауы төмендейді.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында іскерлік қарым-қатынасты (функционалдық-рөлдік) ұйымдастыру арқылы оқушылардың бір-бірімен тіл табысқыш, ұйымшыл, басқалардың пікірімен санасу және сыйлау қабілетін қалыптастырады.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-қнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы балып танылады демекпіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқу құралы). –Алматы, 2001ж..

2. Жүндібаева Т.И. Отбасы педагогикасы /оқулық /–Алматы: Экономика, 2014ж.

3.Галагузова И. Г. Социальная педагогика: Курс лекций: Учебное пособие для студ. высших.уч. завед. /под ред. М. А. Галагузовой. –М.:Гуманист. Изд.центр ВЛАДОС, 2003.

4.Мудрик А. В. Социальная педагогика. Учебник для педагогичеких вузов /под. ред. В. А. Сластенина - М., 2000

5.Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаева Р. М. Педагогика: Оқу құралы. – Алматы, 2002ж.

ӘОЖ 37.489.02

# АДАМГЕРШІЛІК – ІЗГІ ҚАСИЕТ

**АЮБАЕВА С.К.**
Үлгілі орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье подробно описаны добродетели морали.
**Summary.** The article describes in detail the virtues of morality.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский: «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Ол «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық»,-деп атап көрсеткен.

Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Кім болса да жақсы өмір сүруге тырысады. Жақсы өмір сүру материалдық және рухани байлықтың арқатынасының тепе-теңдігіне байланысты. Абайдың «ақыл мен жүректі бірге ұста»,-деген сөзінен жақсы өмірдің бейнесін көруге болады. Тағы бір сөзінде Абай « мінезге бай» болу керектігіне тоқталады. Шынайы байлық адамдардың іс-әрекетінен көрінеді.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі», – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімді етіп тәрбиелеу қажет.

«Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер» деп айтқан Ы.Алтынсариннің құнды сөзі бар. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Ал, Ш.Құдабердіұлы Абайды үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік ізгі қасиеттерді өзіне ұран тұтып, балаға қатарыңнан қалма, өтірік, өсек айтпа, ұрлық-зорлыққа әуес болма, жалқаулықтан қаш, өнерлі өнегелі елдердің жастарынан үйрен, оқу оқып, білім ал, талаптан деп өсиет айтады.

Адамгершілік тұтқасы – Имандылық. Бұл адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш, қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі.Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты «көргенді» деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін, әрдайым жақсылық жолын ойлайтын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды «иманды» деп атайды. Мұсылмандық дүниетаным бойынша имандылық иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни имандылық.

Иман еткен адамға бітетін көркем мінез.Әлемде болып жатқан азғындық, мейірімсіздік, қатыгездік- имансыз тәрбиенің нәтижесі. Жүрегінде иманы жоқ адам – бақылаусыз адам.Ал иманды адамның жүрегінде әрбір әрекетін қадағалап тұрар бақылаушысы бар. Имандылықты бойына сіңіріп өскен адам еш уақытта аяғын шалыс баспасы анық!

Өзінің дербес жұмыс атқаруының барысында жас мұғалім жүрексініп, едәуір қобалжиды. Оны бәрінен де бұрын, жақсы оқыту үшін аса қажетті нәрсе – оқушылар тәртіптілігіне жете алам ба деген ой мазалайтын болды. Бұл қобалжулар тегін емес, себебі балалармен күнделікті ұзақ

мерзім жұмыс істеу процесінде әрбір мұғалім саналы тәртіпке тәрбиелеудің өз жүйесін жасап, оны бірте-бірте жетілдіре түседі.

Сонымен қатар тәрбиеші саналы тәртіпке тәрбиелеудегі өзінің ролі мен дәрежесін жақсы ұғынуының маңызы зор. Еңбек, қоғамдық пайдалы іс-әрекет тек қана дағды мен әдетті емес, сонымен қатар оқушы өзін тәртіп талаптарына сай ұстауға бағыттайтын ізгілікті мотивтерді қалыптасыруда маңызды роль атқарады.

Адамгершілік, өнегеліктің өзі өнегелік сана, идеал деп бөлінеді. Өнегелі немесе адамгершілікті сана адамның қарым-қатынасынан, оның эмоционалдық іс-әрекетінен, мінез-құлқынан көрінеді. Өнегелік баланың жас күнінен бастап, ата-ананың үлгісіне басталып ағайын-туыстың, жора-жолдастың ықпалымен, мектептің басшылығымен қалыптасады.

Өнеге адамдардың бір-біріне, қоғамға деген міндеттері мен қарым-қатынастарын анықтағанда көрінетін, олардың тәлім-тәрбиелігі, үлгілігі, саналылығы, ережелерінің жиынтығы".

Қазіргі қоғамның алдында жаңа ұрпақтың адамгершілік-рухани тәрбиесі, азаматтар арасында жақсылық, әділеттілік, өзара көмек, төзімділік орнықтыратын құндылықтарды іздеу мәселесін дамыту тұр.

Сондықтан да тәрбиешілер ата-аналармен жұмыс жоспарлағанда отбасы ролінің қалыптасуын және оның мүшелерін бағалаудың маңыздылығын ескеруі тиіс. Осындай ақпаратты білу мұғалімдерге отбасының баланың жеке дамуына, оның мінезіне, тәртібіне ықпалын алдын-ала білуге мүмкіндік береді. Осы факторларды есепке ала отырып, педагогтар ата-аналармен өзара әрекеттердің ең әсерлі үлгілерін таңдай алады.

Бала тәрбиесінде ата-аналардың жүріс-тұрысы шешуші рөль атқарады. Ата-аналардың әрбір ойлаған сөздері және қылықтары өз отбасы мүшелерін құрметтеу – ең бастысы және маңыздысы тәрбие үрдісі болып табылады. Күн сайын балалар сынып жетекшілерінің қарауында ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің қарауында болғандықтан, мектеп ата-аналарға қарағанда балаға үздіксіз үрдіс түрінде тәрбие береді. Атап айтқанда, болашақ адамның тәрбиесі оларға байланысты. Олардың әр балаға ықылас бөлуі, баланың мектептегі жетістіктеріне, оның рухтық және зерделілігінің дамуына байланысты.

Бала тәрбиесі процесінде ата-аналардың пікірі бірінші кезекте тұрады. Яғни, педагогтар, бала тәрбиесіне жауапты басқа тұлғалар ата-аналардың пікірін және олардың ұсыныстарын мүмкіндігінше назарға алулары қажет. Ата-аналармен жұмыс, оларды балалармен бірге жалпы мектеп іс-шараларына тарту бала тәрбиесінде олардың маңыздылығын айтарлықтай арттырады. Отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл процесі ата-аналарды тәрбие процесіне және сабақтан тыс бос уақыттағы жұмысына белсенді қатыстыруға бағытталуы тиіс.

Адамгершілік тәрбиесі тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол жанұя, мектеп, ұстаз, еңбек, қоғам, жеке ықпал арқылы іске асырылады. Жас балалардың адамгершілігін қалыптастыруда мектепке дейінгі балдырғандар үшін оларға түсінікті ғибрат сөз, әсерлі өлең, сурет, әңгімелер пайдаланылады, үлгілі, өнегелі ойын, еңбек үстінде этикалы қатынас жағдайында әдепті адамгершілік әдет-дағдылары қалыптасады [3].

Адамгершілік тәрбиесінің мақсаты жеке адамды дамытудың негізгі бөлігі. Ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Оның адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу, іс-әрекетін ұйымдастыру осы адамгершілік тәрбиесінен басталады. Ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін, ілтипаттылығын, орындағыштығын, жауапкершілігін қалыптастырады.

Әр қоғамда, барлық өмірде, еңбекте, тұрмыста, жанұяда, халықаралық қатынастарда, мораль адамның сана-сезімін реттейді, қалыптастырады. Мораль принциптері барлық адамдарға қарайды, олардың өзара-қатынас формаларын қуаттайды, бекітеді немесе керісінше өмір талаптарына байланысты талаптарының өзгеруін мақсат етіп қояды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбиев Ж. «Педагогика». – Дарын, Алматы. – 2004.

2.Еденбаева З. «Баланы адамгершілікке тәрбиелеу»., «Семья және балабақша» №8 1991. 10-11 б.

3.Қалиев С. «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» Алматы, «Білім» 1999. 108, 134-135 б.

ӘОЖ. 373.312.21

# БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**БАЙМАХАНОВА Ш.К.**
Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В данной статье рассмотрены особенности применения новых инновационных технологий в области образования, проанализированы преимущества применения инновационных, интерактивных методов обучения.

**Summary.** In this article the features of application of new innovative technologies in the field of education are considered, advantages of application of innovative, interactive methods of training are analyzed.

Қазіргі жағдайда ғылымның, техника мен экономиканың дамуы кез келген елдің қоғамының тұрақты өсуін қамтамасыз етудегі негізгі факторларының бірі – білім берудің тиімді жүйесі болып табылады. Барлық қызмет саласындағы қарқынды өзгерістер күрделі процестерді іске асыруға қабілетті инновациялық түрде ойлайтын, білікті және құзыретті мамандарды даярлауда жаңаша әдіс-тәсілдерді талап етеді.

Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің міндеті күтпеген жағдайларда тез, әрі білімді шешім қабылдайтын, өз ісін жетік білетін және әр істе белсенді шығармашылық жасауға қабілетті, кәсіби білігі жоғары мамандарды даярлау болып отыр.

Қазіргі кезде біздің елімізде жалпы білім беретін мекемелерде оқытудың сапасын көтеруге зор көңіл бөлінуде. Осыған орай білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданылып жүргендігі мәлім.

Білім алушылардың (мектеп оқушылары) функционалдық сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни, бүгінгі күні педагогтардың алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Жаңаша оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттер қамтылуы тиіс:

- білім алушыларды (мектеп оқушылары) оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [2].

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Білім алушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы "оқыту әдістемесі" деп отырғанымыз: "білім алушы – мұғалім" ұстанымының өзара

тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында білім алушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – білім алушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың жалпы түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Инновациялық оқытудың мақсаты бойынша "оқытуды ізгілендіру" қажет. Бұл үшін оқу құралдары білім алушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.

Олай болса әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтуы тиіс [1]

Педагогтың қоғам өмірінде алатын орны мен олардың атқарып отырған міндеттерінің айрықша маңыздылығын Елбасымыз: «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең сынампаз бөлігі болып табылады», – деп атап көрсетті. Әр педагог күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен білім алушының оқу сапасын арттыруы керек. Соның бірі – ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер-технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Осыған орай, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерінің ең күрделі түрі – «Мультимедиалық кабинетте компьютер және интерактивті тақта арқылы сабақтар өткізу». Бұл білім алушының пәнге деген танымдық қызығуын арттырады, тиянақты білім алуына жағдай туғызады. Оқу дәрістері үстінде өз бетінше берілген тапсырмаларды орындау барысында білім алушының оған қызығуы арта түседі [3]. Оқытудың жаңа компьютерлік жүйесін пайдаланудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады:

• Білім алушылардың ойлану дәрежесіне, материалдық қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, олармен дербес жұмыс жасауға болады;

• компьютер арқылы оқыту – білім алушыларда оқытудың тиімділігін арттырады;

• компьютерді сабақта пайдалану уақытты үнемдейді;

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың бірі – интернет. Интернет оқу үрдісін жеңілдетіп, сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді:

• Интернет тараптарында берілген пән бойынша тапсырмалар мен жаттығулар орындау;
• пән бойынша әр деңгейде тест жұмыстарын ұйымдастыру;
• сабақ тақырыбына байланысты ақпарат көздерін табу;
• тақырыптық жобалар дайындау;
• авторларының шығармаларымен танысу;
• электронды сөздіктерді қолдану;
• электронды пошта арқылы шетелдіктермен хат алмасу;
• аудио , бейне материалдар қолдану.

Оқу сабақтарының тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі педагогтардан ізденісті талап етеді. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту - мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару – мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауы керек. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді [4]

Біздің тәжірибемізде теориялық білімді практикалық сабақтармен ұштастыра отырып, оның өткізілу түріне, тәрбиелік, білімділік, мазмұнына баса көңіл бөлу керекпіз. Себебі жас ұрпақтың бойындағы белсенділік, мақсат көздеушілік, ұйымшылдық, намысшылдық, жауапкершілікті сезіне

білу сияқты саналы көзқарас, жақсы қасиет осындай жан -жақты сабақтарда қалыптасатыны белгілі. Сабақтардың жаңаша өтуі білім алушылардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізулеріне, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызады. Оқушылар сабақтың барлық сатысында қызығушылықпен, белсенділікпен қатысып, өз ойларын, пікірлерін қызу түрде ортаға салып отырады. Сабақ соңында оқушылардың көпшілігі «не үйреніп - білдің?» деген сұраққа «мақсатқа жетуде орта жолда қалып қоймай, жету керек екенін түсіндім» деп жауап береді. Сабақта қолданылған стратегиялар оқушыларға өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа, тың, идеялар туындауына жол ашады. Көбіне кейбір оқушылар өз ойын кесіп айтудан жасқанады және жеткізіп айта да алмайды. Осы жерде «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының ұтымды жағын көре отырып, оқушылардың шығармашылығын дамытумен айналысуға болады. Сабақ барысында СТО бағдарламасының стратегияларын қолдана отырып, әр түрлі міндеттерді шешіп, проблемалық сұрақтарды талқылап, дискуссия ұйымдастыруға болады. Олар жазған эссені оқығанда оқуға деген мотивациясы артып, ойлау қабілеті белсендендіріліп, креативті, сын тұрғысынан ойлауы дамыды деп айтуға болады. Олардың пікірі бойынша, сабақта алынған білімдері терең бекітіліп қалады [2]

Мектептерде белсенді әдістерді қолдану келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылып жатыр: бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, сыныптағы), жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары, рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, интернет, құжаттар, т.б.), шығармашылық жұмыстар, кейс-стади, презентациялар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, тренингтер, интервью, сауалнама, т.б.

Технологиялар мен әдістердің тізімі ауқымды, олардың мүмкіндіктері әр түрлі, сондықтан алдымен негізгі стратегиялық бағыттарды анықтау қажет, әрине, өмірдің әр түрлі жағдайларына дайын рецепт жоқ. Белсенді технологиялар мен әдістердің әлеуеті өте жоғары, ал оларды оқыту барысында пайдалану, оқытудың нәтижесі – құзыреттілікке ықпал етеді [5].

Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Инновациялық оқыту- жаңашылдықпен оқыту дәстүрі, нормативті оқытумен салыстырғандағы білімді игертудің ерекше балама түрі. Ол мұғалімдер мен оқушылардың дамуын қамтиды; оларды демократиялық ұстаным негізінде ортақ шығармашылық және нәтижелі қызметпен қаруландырады; оқу білім беру жүйесіне жаңалық ендіреді.

Оның мұғалімдер мен оқушылар үшін пайдасы төмендегідей:

• оқу-әдістемелік әдебиеттер мен материалдарды тиімді пайдалануына жағдай туғызады;

• кәсіби білім-білікті терең үйренуге жол ашады;

• түйінді-ізденгіштік ойлау қабілетін дамытады;

• болашақ кәсібі жөніндегі танымын қалыптастырады;

• ғылыми-зерттеушілікпен айналысу белсенділігін арттырады;

• алған білімін өзіндік бақылау мүмкіндігі кеңиді;

• оқушылар білімін бақылау мен қадағалау мүмкіндігі кеңиді;

• кәсіби мамандарды дайындаудың қолданылып келген технологияларының сапасын жетілдіреді.

Оқыту жаңа технологияларын қолдануда білім алушылар төмендегідей машықтарға үйренеді:

• терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

•өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру; ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, керектісін таңдап алу;

• ақпаратты жан-жақты талдау;

• өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

• оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позициясын ұстану;

• пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

• шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

• басқалар мен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;

• мектептегі оқушыларды ұжым ретінде қабылдау.

Қорыта келгенде, білім беру жүйесінде оқытудың заманауи технологияларын қолдану оқыту процесінің толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту технологияларының қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалім мен оқушының шеберлігімен, осы шеберлікті шындай түскенде ғана жүзеге асады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан қ. А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2015.

2.Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. -137 бет.

3.Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санат баспасы, 2007, 80б.

4.Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. - 172 б.

5.Әлімов А. Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану: Оқу құралы. – Алматы: 2009. - 163 б.

ӘОЖ 37.054.36

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**САТЫБАЛДИЕВА М.И.**

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается формирование познавательной активности учащихся в элементарных классах.

**Summary.**The article considers formation of cognitive activity of pupils in elementary grades.

Ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы XXI ғасырда болашақ буын ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезектегі міндет етіп қойып отыр. Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының жаңакезеңге өту жағдайында қамтамасыз ету күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда танымдық белсенділік ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып табылатындығын көрсетеді. Бұл ұғымды философиялық, физиологиялық, психологиялық, педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін анықтайды. Танымдық белсенділікті әдіснамалық талдау диалектика заңдарына, оның таным теориясына, сонымен қатар зерттеудің диалектикалық әдісіне шығармашылық тұрғыдан сүйенуді ұсынады. Ғылыми еңбектерде диалектикалық әдістің негізгі талаптары: пәннің барлық жақтарын меңгеру; пәнді өзіндік логикалық дамуы бойынша қарастыру; барлық адамдық практиканы пәннің толық анықтамасына енгізу; абстракциялық ақиқат жоқтығын, ақиқат әрқашан нақты екенін ескеру.

Философиялық еңбектерде танымның әдіснамалық негіздері нақтыланған. В.А.Жуковтың пайымдауынша, таным: адам өзінше жаратылған, қайталанбайтын, өзіндік құндылық ретінде «өмірлік мағына» кеңістігінде қабылданатын тұлға, бұдан бұл мәселе адамның тұлға ретіндегі қалыптасуына алмасады; адам мәдениет кеңістігінде рухани құндылықтарды құрайтын серік ретінде қарастырылады, бұдан тұтасымен алғандағы жеке тұлға мен қоғамның интеллектуалдық құндылықтар жүйесіндегі әрекеті пайда болады; әлеуметтік кеңістікте адам әлеуметтік рөлді тасымалдаушы ретінде қарастырылады, бұдан қоғамдық қызметке деген әрекеті пайда болады; жағдаят тұрғысынан алғанда, адам жеке мақсаттарға жету құралы ретінде қарастырылады, бұдан нақты жағдайлардағы олардың өзара қарым- қатынас ретіндегі іс-әрекетте туындайды [1]. Автордың көзқарасы бойынша, танымдың іс-әрекетпен байланысы болған жағдайда ғана ақиқатты таниды.

Қазіргі философияда «белсенділік» ұғымының анықтамасын тұжырымдауда бірдей көзқарас жоқ. Философиялық сөздікте іс-әрекетке келесідей жалпылама анықтама беріледі: белсенділік бұл үдеріс, оның барысында адам табиғатты шығармашылық түрде түрлендіріп, өзгертеді. Мұнда адам субъект, ал табиғат іс-әрекет объектісі болып табылады». Бұл ұғымның басқаша тұжырымдамасын

Э.Г.Юдин «Философиялық энциклопедиялық сөздікте» келесідей келтірген: «белсенділік адамның қоршаған әлемге белсенді қарым-қатынасының ерекше формасы, оның мазмұны осы әлемді мәдениеттің жеке формаларын дамыту мен меңгеру негізінде мақсатқа сай өзгерту мен түрлендіруден құралады» [2].

Таным үдерісінде субъект-объект қарым-қатынасы маңызды. Сонымен қатар, қарым-қатынас негізінде заттық-практикалық сипаттағы өзара әрекет жатыр. «Таным субъект мен объектінің өзара әрекеті ретінде олардың заттық-практикалық өзара әрекеті негізінен туындайды». Танымдық-заттықпрактикалық іс-әрекет деп есептеуге болады ма? деген сұраққа, философия былай жауап береді: «жоқ, таным күрделі, көлемді». Адамның санамен сезіну үдерісін меңгеруін заттық-практикалық әрекетті меңгерумен сәйкестендіруге болмайды.

Танымдық белсенділік – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздықтың негізінде қалыптасады. Сондықтан танымдық белсенділікті оқу ұғымымен байланыстыра қарастыруды жөн көрдік. Оқыту теориясына арналған педагогикалық әдебиеттерде және авторлар өздерінің ғылыми ізденістерінде осы ұғымды қалыптастыруға көп көңіл бөлген. Ұғымның анықтамасы ғылыми танымда және практикалық әрекетте маңызды роль атқарады. Ұлы философ Сократ атап өткеніндей, ұғымның дәл логикалық анықтамасы – шынайы білімнің басты шарты. Кез келген ғылым оның мазмұнын құрайтын барлық негізгі ұғымдардың нақты анықтамасын беруге тырысады. Оқыту әдістерінің маңызын айқын жеткізу әрекеті, оның негізгі қасиеттері мен белгілерін қалыптастыру педагогиканың бүкіл тарихында талданып келеді.

Танымдық белсенділік барысында тұлғаға білім беру мен дамыту мәселесін зерттеудің психологиялық негізі басты рөл атқарады. Осы көзқарас тұрғысысанан ойлау әрекеттерін кезеңмен, мазмұндық жалпылаумен қалыптастыратын ассоциативті-рефлеторлық теория қалыптасқан.

Танымдық белсенділіктің мақсаты мен түрткісі іс-әрекеттің құрамына кіреді. С.Л.Рубинштейн іс-әрекет құрылымын әрекет ұғымымен қатар карауды ұсынады. Осы ұғымның негізінде іс-әрекет ұғымын әрекеттер жиынтығы ретінде түсіндіреді. Ол іс-әрекет құрылымында: қозғалыс – әрекет іс-әрекетті ерекшелейді. Кез келген әрекеттің өз мақсаты мен түрткісі бар. Мұнда психолог әрекет мақсаты арқылы нақты нәтижені алуды түсіндірген. Кез келген әрекет, өзінің мақсатына сай адамды оятуға негізделеді. Әрекетке оянуды саналы сезінген адам әрекеттің түрткісі ретінде көрінеді. Кез келген іс-әрекет және оны құраушы әрекеттердің өзіндік мақсаты (нақты нәтижеге бағыттаған) және түрткісі (іс-әрекетке, әрекетке оянуды сезінген) болады. Іс-әрекеттің мақсаты мен түрткісі әрекеттің мақсаты мен түрткісінен айырмашылығы жалпылама дәрежеде.

Сонымен, танымдық белсенділік құрылымында келесідей элементтер ерекшеленеді [3]:

- танымдық белсенділіктің жеке түрлері өзара байланысты;
- арнайы жиынтықпен орындалатын әрекет, іс-әрекетті бүтіндей орындауды қамтамасыз етеді;
- операциялар әрекетті орындау тәсілдері ретінде көрінеді.

Танымдық белсенділіктің түрлері көрсетілген кестеден әрекет жиынтығы мен операциялар ерекшеленуі мүмкін. Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М.М.Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетінін көрсетті: біріншіден,берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның мәтіні беріледі. Осы мәтінге өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол мәтінге сүйене отырып бала оны жаттап алады. П.И.Пидкасистый өзіндік жұмысты шәкірттің танымдық белсенділігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктен күтілетін нәтижесін алдын ала болжап және қажеттілігін саналы түсінеді. Танымдық белсенділік нәтиженің мақсатпен және іс-әрекетпен байланысын саналы түсінуі, нәтижеге немесе мақсатқа жеткенін сезеді. Баланың танымдық белсенділігінің нәтижесі, оның практикалық қажеттілігін және мәніне көзі жетеді. Сонымен бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігінің құрылымы түрткі, қызығушылық, қажеттілік, мақсат, міндеттері, әрекет амалдары, нәтижеден тұрады. Танымдық іс-әрекет ұғымы

«танымдық қажеттілік» және оның маңызды саласы «танымдық ынта» түсінігі арқылы айқындала түседі [4].

Танымдық белсенділік – бұл оқушының өзінің арнайы ұйымдастырылған немесе адамзаттың жинақтаған мәдениет байлығын меңгеру мақсатындағы танымнан тыс іс-әрекеті. Оқушының танымдық белсенділік құрылымын: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс- әрекеттен тұрады. Оқушының танымдық белсенділігі арқылы әрекеттеніп, яғни мәселені шешуі, олардың танымдық белсенділігінің дамуына көмегін тигізеді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі – оқушының оқу үдерісі барысында адамзаттың жинаған тәжірибесі мен мәдениетін меңгеру мақсатында әлемдік ақпараттарды тануы және оны іс жүзінде жүзеге асыру әрекеті.

Танымдық белсенділік идеясы «құралдарды, тәсілдерді және әдістерді саналы таңдау ... аз күш жұмсай отырып, сапалы берік нәтиже бере алатын. Бүкіл әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа талаптар қойып, әрбір тұлғаның танымдық белсенділігін жетілдіріп, уақытқа үйлесімді білім сапасын, тәлім- тәрбиелік әдеп тағылымын өркендетуді талап етіп отыр.

Сан алуан жаңалықтарға толы жаңа ғасыр, нарықтық қарым-қатынаста оның жүзеге асуы ел экономикасының дамуына, саяси- әлеуметтік, мәдени деңгейдің жетілуіне тәуелді. Мұның бүкіл болмыс бітімін биікке көтеріп, өркендете беру – бүгінгі мектеп оқушысы, ертеңгі қайраткердің танымына байланысты. Өйткені таным – тарихи, философиялық, педагогикалық-психологиялық жағынан қарағанда адамды іс-әрекетке ұмтылдыратын, ой-сананы, тәлім-тәрбиені қалыптастырып, оны жаңа арнаға көтеретін қозғаушы күш. Адам көзбен көріп, мұрнымен иіскеп, құлақпен естіп, қолмен ұстап та таниды, бірақ сөз арқылы тілдесіп тану – ұғым-түсініктің ауқымды да айқын, мазмұнды да терең, логикалық жүйелі болуына кеңірек те тиянақты мүмкіндік береді. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруда білім берудің барлық мүмкіндіктерін пайдалану келелі мәселелердің біріне айналып отырғаны ақиқат шындық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2013. - 144 б.

2. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 2010. – 192 б.

3. Төлешова Ұ.Б. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мектеп пен университет арасындағы сабақтастық // Автореферат. – Алматы, 2014. – 30 б.

4. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 2012. – 110 б.

ӘОЖ 37.241.52

## КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**ҚОҢЫРАЛЫ ЖАҚСЫЛЫҚ**
Бәйгелді Кейкиев атындағы орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются способы обучения изобразительному искусству

**Summary.**The article discusses the ways of teaching fine arts

Ұлттық бірегейліктің айрықша белгілерін әрқашан әлемдік кеңістікте көрсететін дүние ол, әрине – өнер болмақ. Өнер салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың ерекшеліктерін анықтайтын күшке ие. Ал сол ұлттық колорит пен тарихты көрсету қазақ бейнелеу өнері үшін маңызды болып есептеледі. Себебі, бейнелеу өнерінің ұлттық кәсіби деңгейі, яғни, қазақ суретшілерінің шығармалары қазақ болмысы мен ұлттық нақыштың тарих беттерінде мәңгі айна болып қалатынын көрсетеді. Ұлттық құндылықтар туралы айтқанда, біз бәрімізге қатысты үлкен жауапкершілікті көреміз. Өйткені, ұлттық өнер мен ұлттық құндылық кез-келген халықтың

ерекшелігін көрсетеді. Ал сол ерекшелікті анықтау үшін бірінші кезекте қазақ бейнелеу өнеріне жүгінсек болады. Себебі, бейнелеу өнеріне қатысты “Өнер мәдениетінің айнасы” деген пікір бекер айтылмаса керек.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында ең басты мақсат ретінде «ұлттық және жалпы адам зат құндылықтарының, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамның қалыптасуы, дамуы және кәсіби дамуы» алға қойылған. Өсіп келе жатқан ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру арқылы мемлекеттік біртұтастықты қорғауға бағытталған білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін құрудың қажеттілігі туындады.

«Сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, анамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім»–деген екен қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график–суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеев.

Осы орайда бейнелеу өнерімен айналысу – жас жеткіншектердің рухани дамуына өте қажетті факторлардың бірі және бірегейі деп білуіміз керек. Себебі, бұл өнер бағыты оқушылардың эстетикалық қызығушылығын дамытуға көмектесетіні анық. Шығармашылық пен ойлау, қиялдау, көркем өнер қабілетін, қоршаған ортаны сезіну, эстетикалық қарым-қатынасын жетілдіреді [1].

Бейнелеу өнері жас ұрпақтың дамуына өте зор мүмкіндік туғызады. Бұл орайда айтар болсақ, сурет салудың орны ерекше. Сурет салу бейнелердің, заттардың формасын талдауғажәне оны ұқыпты бақылауға үйретеді, дүниетанымның өсуіне жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері адамның көружадысын, кеңістікті ойлауын дамытып, образды елестету қабілетін арттыруда зор үлесі бар. Өйткені, ол нақты есептеуге, табиғат әсемдігін тануға үйретеді, ойлау мен сезу икемділігін арттырады [2].

Бейнелеу өнері сабақтары өздерінің оқу-тәрбие жұмыстары бойынша да, түрлеріне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мектеп бағдарламасында оқу сабақтарының төрт түрі қарастырылады. Олар: затқа қарап сурет салу, сәндіксурет салу, тақырыптық сурет салу, өнер туралы әңгіме. Затқа (натура) қарап сурет салу, сурет жән екескіндеме (живопись) жұмыстарымен айналысуды көздейді, сәндік сурет салу – ою-өрнектерді көркем конструкциялау, ою –өрнек элементтерін құрастыружәнет.б. жұмыстарын қарастырады [2].

Өнер туралы әңгімеде оқушылар кескіндеме, графика, мүсін, сәулет ескерткіштерімен және сәндік қолданбалы өнер, өнер шығармаларының тарихымен танысады. Бұл аталған әрбір бағыт, бөлім жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымына, жан–жақты дамуына ықпал етеді [2].

Сонымен қатар, қазіргі кезде білім беру саласы заман талабына сай білім мазмұнын ұйымдастыруды, қарым-қатынасын және құрылымын түбегейлі өзгертуді, жаңартуды талап етуде. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістері жаңа оқыту технологияларын ендірумен алмасуда [1]. Осы орайда жаңартылған білім беру бағытында түрлі педагогикалық жүйелермен оқыту технологияларын салыстырмалы түрде сынақтан өткізу, зерттеу, талдау, іс-тәжірибеде қолдану жүргізілуде[1].

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда жаңартылған білім беру жүйесі оңтайлы шешімдердің бірі. Бірақ жалпы жаһандану процесінен қалып қоймайық деп жүріп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Керісінше, ата-бабамыздан қалған мұраны дамытуымыз және өркендетуіміз басты парызымыз. Ол үшін өнер бағытында жұмыс жасауды басты бағдарға алуымыз қажет.

Қазақ елінің қазақ ауыз әдебиетінде «Көркемсөз» өте жақсы дамыған. Көркем сөз деп аты өзі айтып тұрғандай көркемдеу және суреттеу деген мағыналарды білдіреді. Оқушылардың тіл байлығының өсуіне, сөздік қорының ұлғайуына бейнелеу өнері пәні зор үлес қосатыны анық. Осы тұста бейнелеу өнері пәнінің қазақ тілі және әдебиеті пәндері мен пәнаралық байланыста екенін жақсы аңғарамыз.

Бейнелеу өнері тарих пәнімен де тығыз байланыста екенін көруге болады. Себебі, атақты суретшілер мен мүсіншілер өнер туындылары арқылы өздері өмір сүрген дәуірден, ғасырдан тарихи оқиғалар туралы сыр шерткізетіндей. Нақты тарихи дерек көздерді де суреттер мен мүсіндерден табуға болатынын білеміз.

Білім саласындағы кез келген пән-қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Бүгінгі таңда көпшілік қауым мектептегі бейнелеу өнері, технология пәндерін жалпы білім беретін пәндер емес, олар арнаулы пәндер деп қарастыратынын көріп жүрміз. Әрине, бұл дұрыс емес, қате түсінік деуге болады. Жалпы білім беретін мектептер физиктерді, математиктерді, биохимиктерді, ақын-

**Summary.** This article examines the influence of the formation of self-esteem of elementary school students on learning activities, success and social behavior, and the factors influencing its development. Self-esteem develops under the influence of life experience and plays an important role in improving the quality of academic performance and organizing the control of human behavior. The formation of a well-rounded personality affects the development of schoolchildren's learning motivation, productivity, and self-esteem of the student will greatly help to solve this problem.


Изменения нравственной сферы связанно с появлением у младшего школьника собственных взглядов, отношений, собственных требований и оценок. С появлением новых видов

деятельности, с возникновением новых связей с окружающими у ребенка возникают и некоторые новые критерии, мерки оценки, как своих товарищей, так и самого себя. Опираясь на суждения учителя, родителей и товарищей он оценивает себя – в отношении всего того, что связанно со школой. Ребенок – первоклассник может быть уверен, что он хороший ученик (хотя сидит на уроках плохо, неважно осваивает учебные навыки), так как вносит в свою работу много старания и рвения. Он и товарищей по классу начинает оценивать не только с точки зрения того, как они играют во время перемен, но и как учеников. Так в жизни школьника появляются новые категории ценимых явлений и соответственно оценок.

В современном обществе значимую роль в жизни каждого человека имеет умение им самим адекватно оценивать свои результаты в той или иной деятельности. Точно осознавать достоинства и недостатки своих поступков. Образ своего «Я» должен сформироваться из осознания самим человеком присущих ему нравственных, интеллектуальных и физических качеств личности. Самооценка оказывает большое влияние на социальную адаптацию индивида и на его поведение в обществе. Являясь рефлексивным компонентом самосознания, самооценка определяет уровень активности человека, его отношение к миру, людям, самому себе. Это основа самоопределения личности на всех этапах ее формирования, важнейший показатель развития человека и его места в обществе. Делать активный выбор в самых разнообразных жизненных ситуациях индивиду помогает самооценка, а также она определяет уровень его стремлений и ценностей, характер его взаимодействия с окружающими. В зависимости от жизненных обстоятельств и влияния различных внешних факторов самооценка изменяется и не является постоянной.

Активно формируется самооценка в младшем школьном возрасте наряду с основными умениями и навыками. На активно растущую личность влияет уровень ее сформированности. Сегодня, воспитывая в школе самостоятельную личность, мы вырабатываем у учащихся возможность объективно оценивать себя и свои силы. Родители каждого первоклассника предполагают, что, придя в школу их ребенок будет успешным, его учебная деятельность будет результативной. Как правило первоклассники имеют завышенную самооценку. На протяжении обучения в начальной школе необходимо оказать ребенку помощь в том, чтобы самооценка стала не только положительной, но и адекватной. Помочь ребенку научиться правильно оценивать свои возможности – одна из основных задач учителя начальных классов. Для этого необходимо дать возможность каждому ученику научиться видеть в себе положительные и отрицательные стороны [2, 7].

С наибольшим интересом учатся в школе дети, умеющие реально оценивать свои возможности, они легче переносят неудачи. Таким детям присущи качества личности – общительность, раскрепощенность на уроках и в повседневной жизни, у них много друзей. Так как формирование адекватной самооценки – залог успешности ученика в школе и в повседневной жизни, необходимо научить учащихся самостоятельно оценивать результаты своего труда. Каждому школьнику нужно пройти все четыре этапа оценочной деятельности, для того, чтобы понять:

– что оценивать;
– как нужно оценивать;
– зачем нужно оценивать;
– какие существуют формы оценок.

В таблице 1 представлены виды самооценки, которые различают по двум компонентам.

Таблица 1

**Виды самооценки**

| Виды самооценки | |
|---|---|
| Адекватная Соответствует действительности | Неадекватная Завышенная: хвастовство, зазнайство. Заниженная: стеснительность, неуверенность в себе |

Опираясь на оценку школьной успеваемости, в младшем школьном возрасте дети наделяют двоечников, отличников соответствующими качествами. Оценка на данном этапе определяет в классном коллективе социальный уровень школьника, является оценкой личности [3]. Учителя и родители должны помнить, что в этом возрасте для ученика нет значимых различий между

оценкой личности и успеваемостью. В данном возрасте негативную оценку они воспринимают как фразу «ты – плохой». По этой причине большое значение имеет похвала плохо успевающего школьника, даже за незначительные достижения [4, 10].

Самоконтроль непосредственно влияет на процесс формирования оценки самого себя. В учебно-воспитательной среде важно вырабатывать у обучающихся навыки самоконтроля. У ребенка появляются новые обязанности как у ученика. Школьника на начальном этапе нужно научить:

1. Выполнять заданные учителем контрольные действия и операции.

2. Выполнять действия следуя определенному алгоритму.

3. Анализировать результаты своей деятельности, сравнивая их с образцом, находить ошибки, причины ошибок и способы их исправления.

4. Работать над процессом своей учебной и познавательной деятельности.

5. Уметь организовать свою учебно-познавательную деятельность.

Научить ребенка учиться, видеть истинные учебные задачи и варианты их решения необходимо для формирования адекватной самооценки. Организация на уроках выполнения различного вида задач таким образом, чтобы допустивший ошибку ученик мог сам обнаружить ее и исправить, включившись в дальнейший процесс обучения. Это возможно в случае сформированности навыка самоконтроля у ребенка [2].

На процесс формирования самооценки и навыков самоконтроля влияют единые требования в школе и дома (стиль домашнего воспитания, принятые в семье нормы и ценности), поэтому для успешного достижения данной цели необходимо привлекать родителей. Важны доверительные отношения в семье и эмоциональное участие. Уребенка формируются те качества личности, которые значимы для родителей. Доброжелательное отношение к ученику со стороны учителя и родителей формирует и развивает у ученика адекватную самооценку, веру в свои возможности, желание учиться [6]. Учителю необходимо создать комфортную обстановку в классе, на всем протяжении обучения стараться сберечь психологическое здоровье детей, мотивировать учащихся на успех, избавить от страха перед школьным контролем и оцениванием. Учителю немаловажно помнить, что оценочная позиция учащегося меняется на протяжении всего периода обучения в начальной школе [8, 11].

Следовательно, важно отметить, что в формировании адекватной самооценки ребенка младшего школьного возраста важную роль имеет система как со стороны педагога, так и со стороны родителей. Базовый принцип системы – радоваться успехам ребенка, ценить его индивидуальность, помогать ему в достижении намеченных целей, поддерживать его не только в успехах, но и в неудачах. Нельзя забывать, что самооценка, сформировавшаяся в детстве, влияет на всю жизнь.

**Список использованной литературы:**

1.Акимова Г. Как помочь своему ребёнку. – М.: У-Фактория, 2016.

2.Аспер К. Внутренний ребёнок и самооценка. – М.: Добросвет, 2012.

3.Бороздина Л.В. Что такое самооценка? / Л.В. Бороздина // Психологический журнал. – 2012. – №4.

4.Волокитина Ю.Н., Баранова О.И. Формы продуктивного взаимодействия учителей начальнойшколы и учащихся // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 38.

5.Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: АСТ, 2015.

6.Захарова А.В. Деятельностный подоход к изучению самооценки / А. В. Захарова. – Таллин. – 2006.

7.Казанцева В.А., Соловьева А. В. Состояние проблемы взаимосвязи самооценки и межличностныхотношений младших школьников в психолого-педагогической теории и практике // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 46.

8.Карпенко А. В., Валекжанина Е.Е. Причины возникновения неуспеваемости младших школьникови пути ее преодоления // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 38.

9.Липкина А.И. Самооценка школьника / А.И. Липкина. М.: Знание, 2006.

10. Феннел М. Как повысить самооценку. – М.: АСТ, 2015.

11.Якобсон С.Г. Адекватная самооценка как условие нравственного воспитания дошкольников / С.Г.Якобсон, Г.И. Морева // Вопросы психологии. – 1993. – № 8.

ӘОЖ 373.3:51

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**ЖУМАДИЛОВА А.Б., ЖҰМАСЕЙТ А.Б., РЫСБАЙ А.Р.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
Ғылыми жетекші: п.ғ.к. доцент Кенжебаева А.Т.

**Резюме.** В данной статье анализируется важность и особенности использования инновационных технологий на уроках математики в начальной школе. Использование инновационных педагогических технологий является основой качественного преобразования школы, углубленного изучения предмета, внедрения инновационных проектов, его эффективного управления, а также важности помочь каждому образовательному учреждению найти свой путь развития, создать свою методическую систему для каждого преподавателя.

**Summary.**. This article analyzes the importance and features of the use of innovative technologies in mathematics lessons in elementary school. The use of innovative pedagogical technologies is the basis for a qualitative transformation of the school, in-depth study of the subject, implementation of innovative projects, effective management, as well as the importance of assisting each educational institution in finding its own path of development and creating its own methodological system for each teacher.

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту процесін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Ал инновациялық технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім педагогикалық процесті терең меңгерген, жаңаша ойлау жүйесіне, педагогикалық өзгеріске тез бейімделгіш, білім алушының жеке бас ерекшеліктерін құрметтей алатын, білімді әрі іскер болуы керек.Бүгінгі мектептің мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, оқушыларға жүйелі, білім берумен қатар қоғамда өзін-өзі жүзеге асыру дағдысын қалыптастыру. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мектепті сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім ордасында өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан, оқытудың инновациялық технологияларын мектепте тиімді пайдаланудың орны ерекше.

Мектептегі оқу пәндерінің ішіндегі ең күрделісі әрі қиындығы мол депсаналатын пәндердің бірі – математика. Математика – ерекше құдіретті ғылым. Қазіргі заман –математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Оқушыларға математикалық жүйелі білім беру, олардың өздерінің алған білімдерін өмірде қолдана білуге және арнайы дамытуға тәрбиелейтін-мұғалім.Математика пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен тәсілдерді мақсатты, жүйелі түрде пайдаланып, оқушылардың танымын, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады.Математика сабағында оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақта заманауи технологияларды тиімді қолдану қажет. Қазіргі заман технологиялары сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді [1].

Қазіргі кезде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне мыналар жатады:

а) әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;

ә) оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;

б) оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологиялардың ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, қарқынды оқыту технологиясы, жоба технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, ақпараттық технология тағы басқа көптеген түрлері бар.

Оқытудың инновациялық технологиясының бағдарламалап оқыту мәселелері В.Беспалько, М.Кларин, И.Лернер және тағы басқалардың еңбектерінде көрініс табады. Дамыта оқыту бағытындағы педагогикалық технология Л.Выготский, Л.Занковтың, ал жеке-бағдарлы оқыту

технологиясының жобасы Ш.Амоношвили еңбектерінде зерттелген.Инновациялық технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оқу процесінің тиімділігі ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты.

Қазір білім саласында оқытудың инновациялық технологиялары кеңінен қолданылуда. Оқытудың дидактикалық ғылыми негізінің оқыту процесіндегі басты мақсаты – шығармашылық оқыту негізінде абстракты ойлауын дамытып шәкірттерді ғылым негіздерімен қаруландыру. Оқушылардың ғылым негіздерінің қаруландыру көркем шығармадан игерген білім қоры негізінде дамып, дүниетаным процесі тікелей сезіп білуден абстрактілі ойға, қоғамдық тәжірибемен өмірде пайдалана білумен ұштасса ғана жемісін береді.

Математика сабақтарында оқытудың инновациялық технологиялар қолданудың дидактикалық негіздері:

- бағдарламалап оқыту;
- сатыламалы оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- проблемалық оқыту;
- дамытпалы оқыту;
- тәрбиелей оқыту;
- ірі блокпен оқыту;
- даралап, саралап оқыту;
- тиімді оқыту;
- дифференциалдап оқыту.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген-білгенін талдап салыстырып, өз бетімен және бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасау. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – оқушыға білімнің дайын күйінде берілмеуі.Бағдарлама бірнеше кезеңдерден тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс. Сабақтың құрылымына қарай қолданған жағдайда оқушылар белсенділігі артып, бір-біріне деген сенімі, өзінің түсінігі мен түйсінуі арқылы жаңа білім құрастыруға дағдыланады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушыларды топаралық жұмыс жасауға, топтардың жұмыстарын баяндауға, нәтижені қорғауға, пікірталас туғызуға, талдау және қорытындылауға үйрете отырып білім беру өте тиімді. Оқушыларды топқа бөлгенде, топтың құрамында әр түрлі деңгейде оқитын оқушылардың болғаны ескеріледі. Жақсы оқитын оқушылар сабақтың барысында үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсетеді. Жаңа сабақты өткенде жетекші оқушы өзі ғана біліп қоймай, тобының жаңа сабақты меңгеруіне де ықпал жасайды.

Математикалық терминдерді, ережелерді, анықтамалар мен теоремаларды толық айтып жеткізу үшін, сабақта математикалық сауатты сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлінеді. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасымен оқыту нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері артады. Аталған технологияның ерешелігі: еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, ынта-жігері артады, ұжымды іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізіп үйренеді. Мұндай әдістер арқылы ой айту, пікірін ортаға салу арқылы табиғаты тұйық оқушылар ашылады. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, өз ойын мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ой еңбегі жетіледі,ынтасы артады[2].

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. АКТ-ны қолдану– заман талабы. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастырып оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады. АКТ-да бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру, қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету.

Математиканы оқытудағы негізгі талап – оқушыға есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйрету. Интерактивті тақтамен сабақ берген кезде мұғалім, шәкірт және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі. Компьютер арқылы оқу материалын беруге, оны әзірлеуге, бақылауға, қорытындылауға, көмек беруге мүмкіндік зор. Әр сабаққа құрылған флипчарт, слайд, презентациялар оқушының пәнге қызығушылығын тудырады. Қазіргі кезде республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми әдістемелік орталығы негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электрондық оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Мұғалім үшін электрондық оқулық

бұл күнбе-күн дамытылып отырған ашық түрдегі әдістемелік жүйе,оны оқытушы өз педагогикалық тәжірбиесіндегі материалдармен толықтыра отырып,әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық тек теориялық материал мен тапсырмалардан құрастырылған оқу құралы ғана болып қалмай, бақылау мен бағалау функциясын да атқарады. Әр сыныпқа арналған электрондық оқулықтарды сабағында әр мұғалім пайдаланады.

Бүгінгі таңда озат педагог – ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер ойлап тапқан сабақты түрлендіре өткізудің жаңа тәсілдері жеткілікті. Осындай технологиялардың бірі – профессор Ж. А. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы дегеніміз –оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Өз жұмысында ұстаздар профессор Ж.А.Қараевтың оқытудың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясын тиімді қолданады . Деңгейлеп оқыту математика пәні үшін маңызы зор.

Мектептегі математика оқулықтарында тапсырмалар, есептер 3 топқа бөлініп бірінші, екінші, үшінші деңгейлі етіп берілген. Білім мазмұнын деңгейлік түрде ұсыну дамыта оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, өйткені оқулық та тапсырмалар да деңгейленіп жасалған, оны біртіндеп деңгей бойынша меңгереді, және мұндағы білімнің кейбір жетекші элементтерін: фактілер, ұғымдар,ережелер, заңдылықтарды т.б. оқушылардың өздері ашады[3].

1.Оқушылық деңгейде оқушы мұғалім көмегімен әрекет жасайды алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады. Жаттап алуға лайықталған анықтамалар, жеңіл есептер, тұжырымдамалар, т. б. тапсырмаларды орындай алады.

2.Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті жағдаят анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді. Өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген логикалық тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды талап етеді.

3.Эвристикалық деңгейде мақсат ашық, жағдаят түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді, яғни бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей – өнімді деңгей. Әр түрлі әдіс-тәсілдермен өздігінен есептер шығару, ребус, сөзжұмбақтар құрастыру, диаграмма салу, өлшем жасау, проблемалық жағдайларды шешу, белгілі дағдыларды қалыптастыруға арналған сұрақтар.

4.Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. Теорема дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару; әр деңгейде есептер шығару;берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндама, ізденіс жұмысы, ғылыми жобалар қорғау.

Деңгейлік тапсырмалардың алғашқы үш деңгейі мемлекеттік стандарттың міндетті деңгейін құрайды. 4-ші деңгейде шығармашылық тапсырмаларын оқытушы жеке баланың қабілетіне қарай өзі құрастырады, оқушы онымен танысады, жаңа нәрсе табады, дәлелдейді. Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Өйткені оқушының ойлау, елестету, есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде оқушылардың табиғи жеке қабілеттеріне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне және дарындық қасиеттерінің ашылуына толық жағдай жасалады. Ал сабақтан тыс уақытта оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру үшін үлгерімі төмен оқушының білім сапасын көтеруге мүмкіндік туады. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әр түрлі білім дәрежесіне сай ұсынылады[4].

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы сабақтарда қандай оқушы болмасын қалай оқитынына қарамастан жұмысты бірінші деңгейден бастап орындайды, бірінші деңгей тапсырмаларын орындау Мемлекеттік стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Әрбір оқушы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы.

Әдетте 1-деңгейді орындаған оқушы одан жоғары деңгейлерді орындауға ұмтылады, өзіне-өзі сенім білдіріп, бір деңгейден екінші деңгейге көтерілуге ізденe талпына отырып, өз білімін толықтырып жетілдіреді, себебі «үздік» бағаны алу үшін неғұрлым жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау қажет.

Оқушылардың білім деңгейін бақылауға арналған жұмыс түрлері: математикалық диктант, тест-тапсырмалар, жеке оқушылар үшін деңгейлік тапсырмалар, логикалық тапсырмалар. Сабақ барысында сыныптың әрбір жеке оқушысымен іс-әрекет жасау. Сабақтың құрылымы және оның әр түрлі кезеңдерінде оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру жайында:

- Ұйымдастыру кезеңінде оқушылардың ішкі, сыртқы психологиялық дайындығы анықталып, психологиялық құзіреттілігі қалыптасады.
- Өткенді қайталау кезінде оқушының жеке тұлғалық даму құзіреттілігі қалыптасады, яғни оқушы өзінің білімін дұрыс көрсетуге тырысады.
- Тестік жұмысты орындау кезінде оқушының оқу-танымдық құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттілігі қалыптасады.
- Ауызша жаттығулар орындау кезінде оқушының коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктері қалыптасады.
- Тақтада жұмыс кезінде ойлау және мәдени құзіреттілігі қалыптасады.
- Өздік жұмысын орындау кезінде оқушының ойлау, тұжырым жасау, сараптау құзіреттілігі қалыптасады.
- Сабақ қорытындысын жасағанда оқушы психологиялық жеңілдік сезінеді.

Сабақты жоспарлау барысында тапсырмалар ешқандай оқушы жұмыссыз қалмайтындай етіп құрастырылады. Жеке тапсырмалар оқушының деңгейіне қарай құрастырылып, барлық оқушылар қамтылады. Деңгейленген тапсырмалар арқылы әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуге, әр оқушының интеллектуалдық даралығын анықтауға мүмкіндік беріледі.Өтілген тақырыптар жүйелі түрде қайталанып, еске түсіріледі. Оқушылардың бағдар бетінде барлық тапсырмаларға қатысуы туралы белгілер қойылып отырылады.

Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер сабақтың негізгі мақсатына жетуге жақсы көмек береді деуге болады, себебі, сабақтың әр кезеңіне бөлінген уақыт оқушылардың дайындық деңгейіне сай және бір кезеңнен екінші кезеңге өту еш қиындық туғызбайды. Сабақта психологиялық климат өте жақсы болса, оқушылар өздерін еркін ұстап, өз ойларын ашық жеткізе біледі.Демек, мұғалім бір ғана әдіспен шектелмей, шығармашылығын шыңдап, озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі шарт. Заман талабына сай педагогика теориясы мен оқу-тәрбие процесіндегі елеулі өзгерістерді қабылдай отырып, өз пәндеріне тиімді қазіргі заман педагогикалық технологияларын пайдалануы керек. Осы процеспен бәсекеге қабілетті дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді.

Оқыту жүйесінің қандай түрі болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте әдістеме өз-өздігінен келе қоймайды. Ол көп жылдар бойғы ұстаз қызметінің іс-тәжірибесімен, күнделікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады. Осылардың негізінде әр мұғалімнің бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады. Сонымен қатар олар күнделікті жұмыс тәжірибесінде озат мұғалімдердің шеберліктерінде пайдалана алатын болады. Бұлардың барлығы, сайып келгенде, әдістемедегі белгілі бір жүйелікті қалыптастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Нағымжанова Қ. Инновациялықтехнологияныңқұрылымы. – А.:Өркен, 2007. -120б.

2.Алиева К.С.,Байдыбекова Е.И. Бастауышта математиканы оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2014.-200б.

3.Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004. –150б.

4.Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Құрманалина С.К. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, «Фолиант», 2007.–240б.

ӘОЖ 373.3:51:159

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

**ЖҰМАБЕК М.Н., АМАН Б.Ғ., ӘСЕМБЕК Б.А.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
Жетекші: п.ғ.к. доцент Кенжебаева А.Т.

**Резюме.** В данной статье анализируются способы использования технологии критического мышления на уроках математики в начальной школе. На уроке математики определены способы гармоничного использования критического мышления техники, которая эффективна для проведения расчетов, обучения учащихся, уточнения и углубления их знаний, то есть обеспечивает всестороннее образование, формирование определенных знаний и умений.

**Summary.** This article analyzes the ways of using critical thinking technology in mathematics lessons in elementary school. In a mathematics lesson, methods are identified for the harmonious use of critical thinking techniques, which are effective for carrying out calculations, teaching students, clarifying and deepening their knowledge, that is, providing comprehensive education and the formation of certain knowledge and skills.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген-білгенін талдап салыстырып, өз бетімен және бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасау. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы оқушыға білімнің дайын күйінде берілмеуі.Бағдарлама бірнеше кезеңдерден тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс. Сабақтың құрылымына қарай қолданған жағдайда оқушылар белсенділігі артып, бір-біріне деген сенімі, өзінің түсінігі мен түйсінуі арқылы жаңа білім құрастыруға дағдыланады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушыларды топаралық жұмыс жасауға, топтардың жұмыстарын баяндауға, нәтижені қорғауға, пікірталас туғызуға, талдау және қорытындылауға үйрете отырып білім беру өте тиімді. Оқушыларды топқа бөлгенде, топтың құрамында әр түрлі деңгейде оқитын оқушылардың болғаны ескеріледі. Жақсы оқитын оқушылар сабақтың барысында үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсетеді. Жаңа сабақты өткенде жетекші оқушы өзі ғана біліп қоймай, тобының жаңа сабақты меңгеруіне де ықпал жасайды. Математикалық терминдерді, ережелерді, анықтамалар мен теоремаларды толық айтып жеткізу үшін, сабақта математикалық сауатты сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлінеді[1].

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасымен оқыту нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері артады. Аталған технологияның ерешелігі: еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, ынта-жігері артады, ұжымды іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізіп үйренеді. Мұндай әдістер арқылы ой айту, пікірін ортаға салу арқылы табиғаты тұйық оқушылар ашылады. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, өз ойын мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ой еңбегі жетіледі, ынтасы артады. Сыни ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, білім алушылырдың өз ойларымен өзгелердің ойына сыни қарап, естігенін, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білгенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттауда өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану», - деп жазған. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі «психологиялық процесс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.Сыни тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ой. Сыни тұрғыда ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай алады.Сыни тұрғыдан ойлау әдетте қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдер қабылдауға, ойлау және іс-әрекетке жаңа немесе түрлендірілген әдіс-тәсілдерді енгізуге әзір болуға ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және өзгелерді сыни ойлауға үйретуді білдіреді.

Сыни ойлау бастауыш сынып оқушыларының ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау бастауыш сынып оқушыларын ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бақылауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Бастауыш сынып оқушылары бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту,

баға жетпес құндылықтардың бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет[2].

Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы - есептерді шығара білу, шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту.Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден-бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Бұл бағдарлама басқа технологиялардан өзінің құрылымымен ерекшеленеді.

Бастауыш математика оқулықтарында: «Берілген есепке кері есеп құрастыр және оны шығар», «Есепті теңдеу құру арқылы шеш», «Есептің қысқаша жазуы бойынша есеп құрастыр», «Сызбасы бойынша есеп құрастыр», «Не байқадың? Теңдіктер қандай ережеге сүйеніп жазылған?», «Есептердің шартын, сұрағын, шешуін, жауабын салыстыр. Не байқадың?», «Шығару жолын салыстыр», тағы сол сияқты тапсырмалар берілген және олар оқушылардың өзбетімен шығармашылықпен жұмыс істеуіне, белсенді болуына, сыни ойлауына көмек береді. Сол себепті осындай тапсырмаларды сабақ барысында көбірек орындату өте маңызды.Оқушыларды есеп құрастыруға үйрете отырып, құрастыратын есептердің түрін өзгертіп беру, есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу, талдау жасау, мәліметтер мен шамаларды, бұрын өтілген есептермен салыстыру, берілген жағдайдағы қасиеттерді анықтау, қарапайым модельдерді құрастыру мен ойша экспериментті іске асыру, жинақтау, есеп шығаруға қажетті ақпаратты таңдау, оны бір жүйеге келтіру олардың ойын анық жеткізуге, қысқа сөйлеп, терең ойлауға ықпал жасайды.Осы жоғарыда аталған талаптарды қолдана отырып есептерді шығара білу мен құрастыру, мектеп оқушыларының алдында математиканың шындықты, нақтылықты, дәлдікті басқара алатынын анықтап көрсетуге, математиканы оқушының өндірістік процесте көре білуіне, есептей, ойлай шешімдер қабылдай білулеріне мүмкіншілік береді.Есептер балаларды жаңа білімді қалыптастыратын және бұрыннан бар білімдерін пайдалану жолында пысықтала түсетін нақтылы материал болып табылады. Білімді қалыптастыруға арналған нақтылы материал мәнін атқара отырып, есептер: қыйсыншыл білімді іс жүзінде оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Математика күрделі пән болу үстіне, ол ақыл-ой оралымдылығына, әлем бірлігін түсінуге қызмет етеді. Математиканы оқытудың тәрбиелік мәні мен практикалық мазмұны математиканы мектепте оқытудың білім беру мақсатымен ұштасып жатады. Сондықтан, математика сабағында бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастыру үшін мынадай мәселелерге ерекше көңіл аударған жөн:

- есептің соңғы нәтижесін алуға ынталандыру арқылы есептерді шығаруға оқушылардың қызығушылығын оятып, математика пәніне сүйіспеншілігін тудыру;
- есептің мазмұнын, мағынасын түсіндіру, шартын талдау, белгілі және белгісіз компоненттерін бөлу, есепті шешуге ұсынылған тәсілдерді қарастыру;
- ұжыммен бірлесе отырып есепті шешу жоспарын құрастыру, есепті шешу және оны дәптер бетіне түсіру;
- есептің шешімін тексеру, алынған нәтиженің есеп шартымен үйлесуін анықтау, қажетті жағдайда есепті шығарудың қосымша тәсілдерін табу, оқушылар есепті шығару барысында өздеріне жаңа және практикалық маңызды қандай мәліметтерді пайдаланғандығын бөліп көрсету;
- практикалық мазмұнды есептерде қарастырылған мәселе бойынша келтірілетін түсіндірменің және соның барысында орындалатын ой жүйесінің үлгілерін жетекші сұрақтар арқылы бағыттау, сұрақ-жауаптар арқылы әңгімелесу;
- есептің мәтіні оқылысымен оқушылардың зейінін, ойын бір арнаға бағыттап, оны шешудің жоспарын кезінде талдау жасату;
- қоршаған ортадан алынған мағлұматтар бойынша есептер құрастыру және оны шығару, өмірмен байланыстырып талдау;
- есептің шартына байланысты оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, сызба сызу, кесте толтыру т. б. );
- берілген практикалық мазмұнды есептерді түрлендіре білу, жанама есептерді кері есепке айналдыру, салыстыру;

- есептерді әр түрлі тәсілдермен шығару.

Математика сабағында есептерді мұғалім оқушыны оқытуға, олардың білімін нақтыға және тереңдетуге, яғни тиянақты білім беруге, белгілі бір білік пен дағдыларды қалыптастыруға қолданады. Ал, есептерді оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру құралы ретінде пайдалану көбінесе сол есептің мазмұнына, математикалық құрылымына, олардың жұмыс істеу әдістемелеріне, бағдарламалық материалдарды оқытудың нақты сатыларына тәуелді. Осыған байланысты есептің функциясы ерекше мәнге ие бола алады.

Математикада есептерді шығаруға көбірек көңіл бөлу оқушылардың дүниеге көзқарастарын кеңейтіп, күнделікті тұрмыста пайда болатын мәселелерді тез шешуге ықпал етеді, ең бастысы - оқушылардың сыни ойлауын және танымдық іс-әрекеттерін (сезінуін, қабылдауын, елестетуін, ойлауын, сөйлеуін) қалыптастырудың таптырмайтын құралы. Өйткені, есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдылары және өз ойларын еркін жеткізе алуы қалыптасады, олардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеті дамиды, бағдарламаға енетін кейбір материалды оқушылар терең меңгереді және алған білімдерін күнделікті тұрмыста қолдану білігінің қалыптастырылуын қамтамасыз етеді[3].

Есеп шығару барысында оқушылардың жаңа тәсілдерді меңгеру, алгоритмді құру, есептердің қайсыбір топтарына амалдар қолдану, т.б. іс-әрекеттері сыни ойлауды шыңдай түседі. Сондықтан есеп шығаруда оңайдан күрделіге, белгіліден белгісізге ұстанымын сақтай отырып, оқушылардың бұрынғы білімдері мен іскерліктерін пайдаланып, жаңа тақырыпқа байланысты есептердің жан-жақты түсіндірмесін беріп, толық ойлануға жағдай жасап, толық шығарылуы керек.Оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру барысында ұстаз тарапынан қойылатын сұрақтар да маңызды. Дұрыс сұрақ қою:

- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер сұрақтардың екі түрін: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды кең қолданады. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Бұл – жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп бағаланатын сұрақтар. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар немесе ашық сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Сондықтан оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруда «ашық» сұрақтар қолданылады. «Ашық» сұраққа берілетін жауаптың саны белгісіз.Сонымен қатар бұл сұрақ жауап берушіден өз пікірі мен көзқарасын білдіргенін көздейді, адамнан түсініктеме беруді, ойлануды талап етеді. Бұл сұрақтар «Неге?», «Қалай?», «Не үшін?», «Сіз қалай ойлайсыз?», «. . . туралы не ойлайсыз?», «Егер. . . болса, сіз не істер едіңіз?», «Неліктен солай болды деп ойлайсыз?» т. б. сөздерден басталады.Көптеген мұғалімдер мұндай сұрақтарға тек ересек балалар ғана ойланып жауап бере алады деп ойлайды. Әрине, бұл дұрыс емес. Балалардың жоғары дәрежелі сұрақтарға берген жауаптары олардың танымдық дамуын бейнелейді. Мұғалімнің міндеті – оқушыларды ойлаудың төменгі таяз деңгейінен жоғарғы терең ойлау деңгейіне дейінкөтеріп, үйретіп жеткізу.Міне, осылай болғанда ғана оқушылар өз білімін және идеяларын іске асырып қолдана алады. Оқушылардың сұрақ қоюы мен ойлануы қарапайым немесе есте сақтау деңгейінен көтерілмей қалып қойса, онда олардың алған білімі ұмытылып, әрі қарай пайдалануға жарамай қалады. Сондықтан мұғалім сыныпта осындай әртүрлі сипаттағы сұрақтар қоюға оқушыны оған үйретіп қана қоймай, сонымен бірге сол ортаны жасау қажет.Демек, математика сабағында бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастыру мұғалімнің оқу процесінде қолданған әдістеріне тікелей байланысты болады [4].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары оқушылардың танымдық-шығармашылық ойларын дамытуда тиімді әдісінің бірі.Математика сабағында СТО-ның бірнеше стратегияларын қолдануға болады:«Ассоциация», «Венн диаграммасы», «Бес жолды өлең», «Жұпта, топпен, жеке жұмыс», «Кең ауқымды дәріс».Мысалы, «7 саны мен цифры» тақырыбын өткенде «Кең ауқымды дәріс» стратегия бойынша элементтерін қолдансақ:

1-кезең: «Ой қозғау». Қызығушылықты ояту: сұрақтар қойылады: Сан дегеніміз не? Цифр дегеніміз не? Тапсырма: білетін мәліметтер айту; жұппен талдау, содан кейін кіші топта;топбасшының сөз алуы;

2-кезең:Жаңа материалды меңгеру. Мағынаны ашу: дәріс бойынша.Тапсырмалардорындату.

3-кезең: Ой толғаныс. Осы сабақтан алған ойлары туралы «Он минуттық эссе» жазатын емес сабақтың қорыту кезеңі өтеді.

Математика пәнін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологисының тиімділігі белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды:

- мұғалім мен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;

бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;

- өзін жеке дара тұлғ аретінде тануға жол ашуға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;

-достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге дағдыланады;

-өзіне деген сенім артады, оқу процесіне белсене қатысады, пәнге деген қызығушылығы артады.

«Математика» оқу пәні ретінде бастауыш білім берудің маңызды мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда елеулі үлес қосады. Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушылары математика курсын игере отырып, талдау, жинақтау, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді. Оқушыларды математика пәні бойынша терең де берік біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың сыни ойлауын қалыптастырудың басты шарттарының бірі – есептерді шығару барысында олардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Қазіргі кезде ғалымдардың, зерттеушілердің, математика пәнінің мұғалімдерінің күш-жігері осы мәселеге жұмылдырылған. Мәтінді есептерді шығару барысында оқушылар әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білу, өз көзқарасын дәлелдеу, пікірталас жүргізу, басқаларды тыңдау, өзге пікірді сыйлау және онымен санасуға үйрену, яғни сыни ойлауды қалыптастыру болып табылады. Бастауыш мектеп математикасын оқыту барысында оқу материалын өмірмен байланыстыру, сабақ үстінде өтілген теориялық материалдардың практикалық мәнін оқушыларға жете түсіндіре білу, оқушыларда мәтінді есептерді шығару арқылы сыни ойлауын қалыптастыру маңызды болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Алиева К.С.,Байдыбекова Е.И. Бастауышта математиканы оқыту әдістемесі. Шымкент, 2014.

2. Баймұханов Б., Бекбаева З. «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру» Алматы, 2006.

3.Қосанов Б. М. Математика курсындағышығармашылықжаттығулар: орындаутехнологиясы. – Алматы, 2005.

4.Глазырина Л. Л. Математика пәні бойынша бастауыш сыны поқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы (2,3,4 сыныптар). «Келешек-2030»ЖШС, 2010.

УДК 378.777.01

# ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ МЕНЕДЖМЕНТ И УПРАВЛЕНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

**АБИТОВА К.Ш.**
№32 орта мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В данной статье рассматривается сущность педагогического менеджмента и управленческой деятельности в школе. Цель статьи заключается в раскрытии возможностей и аспектов осуществления управленческой деятельности в образовательном учреждении. Авторами статьи были проанализированы исследования посвященные сущности и определению педагогического менеджмента в школе. Определены понятия «менеджмент», «управление образовательной организацией» их сущность и роль в образовательной организации. Раскрыты компоненты педагогического менеджмента, такие как: управление ресурсами образовательной организации, управление процессом образования в школе, управление педагогическим составом образовательной организации. Управленческая деятельность способствует достижению поставленных целей обучения, повышению качества предоставляемых образовательных услуг образовательной организацией, и формировать необходимые базовые знания и умения с целью продолжения обучения в профессиональных учебно-образовательных учреждениях среднего и высшего образования.

**Summary.** This article examines the essence of pedagogical management and management activities in the school. The purpose of the article is to reveal the possibilities and aspects of the implementation of management activities in an educational institution. The authors of the article analyzed the research devoted to the essence and definition of pedagogical management in school. The concepts of "management", "management of an educational organization", their essence and role in an educational organization are defined. The components of pedagogical management are disclosed, such as: management of the resources of an educational organization, management of the educational process at school, management of the teaching staff of an educational organization. It was found that the management activities carried out by teachers in an educational institution of primary and secondary education are included in the list of the main duties of teachers. This contributes to the achievement of the set learning goals, improving the quality of the educational services provided.

Введение. В условиях изменения законодательства в области образования и появления инновационных структур несколько меняются подходы к пониманию и оценке содержания качества школьного образования. Обеспечить качество в образовании возможно с помощью отлаженной системы управления, способствующей удовлетворению внутренних и внешних потребителей, а именно: обучающихся и их родителей, работодателей, сотрудников и государства [1, 3].

Управление образовательной организацией – это специфическая деятельность по организации, контролю, поддержанию, планированию и обеспечению организованной совместной учебно-образовательной деятельности обучающихся, педагогической деятельности и деятельности иного персонала учебного заведения. Она нацелена на выполнение, возложенных на них, задач для выполнения комплексной миссии школы, получение качественного образования обучающимися и развитие образовательной организации [6].

Изложение основного материала статьи. Различные аспекты управления, в частности психолого- педагогический, на основе деятельностного подхода в образовании рассмотрены в научных трудах таких отечественных авторов, как: С.Л.Рубинштейн, А.Г. Асмолов, А.Н.Леонтьев, Л.С. Выготский и других.

В научных работах Т.И. Шамовой, Ю.В. Васильева, П.И. Третьякова, Т.М. Давыденко, М.М. Поташникова, Ю.А. Конаржевского рассмотрены основы подготовки специалистов в области управления образованием и формирования у них навыков и умений управленческой деятельности. Определены параметры готовности специалиста выполнять управленческую деятельность в образовательной организации, а также методические и практические рекомендации по вопросам формирования и проведения управленческой деятельности вшколе.

Понятие «менеджмент» в свою очередь исследователи связывают с творческой деятельностью субъекта управления по достижению поставленных задач по воспитанию и обучению. В.П.Симонов определяет понятие «педагогический менеджмент», как определенную совокупность управленческих начал, установок, методов и средств управления педагогическими системами, с концентрированных и применяемых с целью повышения качества и эффективности управления образовательными системами.

В.А. Ситаров трактует педагогический менеджмент как «новое социальное явления как организацию воспитания, развития, обучения и формирования управленческой компетенции представителей власти в системе государственного и муниципального управления» [7,с.19].

Менеджмент в сфере образования или педагогический менеджмент представляет собой комплекс действий, предпринимаемых в рамках управления образовательным учреждением. Педагогический менеджмент принят о рассматривать в единстве таких компонентов как:

управление ресурсами образовательной организации. Заключается в планировании, ведении учета и распределении материальных и финансовых ресурсов школы для обеспечения оптимального функционирования образовательной организации. Данная деятельность осуществляется в совокупности ивзаимодействии с управлением педагогическим коллективом и процессом образования в школе и является одной из основных деятельностей по управлению образовательной системой; управление процессом образования в школе. Данная деятельность осуществляется с целью достижения дидактических, учебных, воспитательных, образовательных целей, развития личности каждого обучающегося посредством проведения учебно-образовательного, учебно-воспитательного процесса и иной просветительской деятельности, осуществляемой образовательной организации в соответствии с государственным образовательным стандартом [2]; управление педагогическим составом образовательной организации.

Коллектив педагогов, рассматриваемый как объект управления, представляет собой группу педагогов, имеющих собственные интересы в образовании, высокие нравственные ценности, идеалы, данная группа отличается требованием максимально возможного учета и удовлетворения всех потребностей в образовательном процессе и его организации выполнения их интересов состороны управляющего субъекта [4].

Исходя из перечисленных компонентов, педагогический менеджмент раскрывает свою сущность как: совокупность приемов, методов, технологийи средств управления образовательным процессом и педагогическим и ученическим составом школы, то есть осуществление комплексного управления общим процессом реализации образовательной и просветительской деятельности образовательной организации, осуществляемый активными субъектами управления педагогического процесса, а именно директором школы, его заместителями, учителя; совокупность необходимых компетенций руководителя по управлению образовательной организацией, его умение и спользовать собственный труд, интеллект, педагогический и управленческий опыт для достижения поставленных целей образовательной организации, которые выступают как взаимодействие и объединение двух искусств, управления людьми и управление различными социальными процессами в школе.

Вструктуре педагогического менеджмент аусловно выделяются следующие уровни(рис.1).




Рисунок 1. Уровни педагогического менеджмента [7]

Педагогическим процессам характерен системный характер управления, как по вертикали, так и по горизонтали. Рассматривая вертикаль, выделяются следующие уровни управления:уровень государственного менеджмента (система образования в целом);уровень регионального менеджмента (региональные образовательные и воспитательные системы);региональный уровень менеджмента (сеть различных образовательных и

воспитательных учреждений);уровень менеджмента учебных заведений; уровень менеджмента подразделений учебных заведений.

По горизонтали выделяются следующие уровни: профессиональные качества педагога, учебные занятия, самостоятельная внеаудиторная работа и т.д.

Кроме того, на уровне школы также можно выделить такой уровень как управление педагогическими проектами, так как они являются достаточно самостоятельными направлениями, которые реализуются с определенной целью. В качестве проектов могут выступать учебные занятия с применением активных (интерактивных) форм обучения, воспитательные и развлекательные мероприятия и т.п.

Управленческая деятельность в образовательной организации зависит от способностей, целей, задач и потребностей и условий педагогической ситуации педагога, ее осуществляющего [5]. Многие исследователи полагают, что управленческая деятельность в школе может быть оптимизирована и эффективна при достижении следующих условий и принципов, лежащих в основе проводимой профессионально- педагогической управленческой деятельности:

нравственное и финансовое поощрение педагогической инициативы;признание за объектом управления его личностных качеств, важности прав на свободу, творчество и выражения собственной позиции по рассматриваемому вопросу в рамках образовательной организации;

решения принимаются на основе всеобщего согласия и одобрения, создание коллектива с едиными принципами и идеями;развитие педагогического и ученического коллектива как одна из основных направленностей деятельности образовательной организации;

управление направленное снизу вверх; гибкость в управлении, возможность перехода, от централизованного типа управления образовательной деятельностью к децентрализованному в случае сложившихся обстоятельств или проблемных ситуаций в образовательной организации.

Так цели управленческой деятельности на разных уровнях стоят разные. Управление на первом уровне осуществляется с целью обеспечения эффективной педагогической деятельности педагогов школы посредством реализации ими творческого профессионального и дидактического потенциала на учебных занятиях. На втором уровне целью является достижения продуктивного и эффективного управления учебно- образовательным процессом, формировании личностных качеств у обучающихся, посредством реализации ими своих способностей и творческого потенциала.

Руководитель образовательной организации (школы) играет ведущую роль и от того, какой стиль работы он выбирает, зависит успех школы. Таким образом, директор школы должен обладать лидерскими качествами. Выделяются следующие типы лидерства руководителя образовательной организации (директора школы).




Рисунок 2. Типы лидерства руководителя образовательной организации (директора школы) [7]

Руководитель, применяющий в работе элементы технического лидерства достаточно успешен, грамотно организует и координирует образовательный процесс, владеет определенными знаниями в составлении бюджета школы.

Руководитель, предпочитающий применять элементы человеческого лидерства, уделяет особое внимание формированию нравственных ценностей среди педагогов и обучающихся.

Руководитель, использующий элементы образовательного лидерства, в первую очередь обращает свое внимание на проблемы школы и учителей (участвует в составлении учебного плана, структурирует программу обучения в соответствии с запросами общества).

Руководитель, относящийся к типу символического лидерства, является символом школы. Очень часто люди знают школу не по названию или номеру школы, а по фамилии директора. Такой директор интересуется, как преподаватели проводят учебные занятия и делает обходы школы.

Руководитель, использующий элементы культурного лидерства, является главным носителем культуры школы, который сохраняет ее традиции и передает их молодым и новым сотрудникам школы. Педагоги считают себя членами образовательной организации с сильной культурой.

Таким образом, в педагогических научных трудах присутствуют множество понятий

«педагогического менеджмента» и «управленческой деятельности» в образовательной организации, но имеется различная трактовка у разных авторов. Данный факт связан с происходящими преобразованиями в образовательной сфере, развитием и модернизацией содержания образования и ведения образовательного процесса, появление новых функций управления образовательными организациями и т.д. Что и определяет актуальность и необходимость исследования сущности и процесса педагогического менеджмента и управленческой деятельности в образовательной организации.

**Список использованной литературы:**

1.Быстрова Н.В., Зиновьева С.А., Филатова Е.В. Принципы современного образовательного процесса// Проблемы современного педагогического образования. – 2020. – № 67-4. – С. 68-70.

2.Быстрова Н.В., Казначеева С.Н., Уракова Е.А., Госельбах О.И. Особенности психологического благополучия обучающихся в образовательной среде // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. – 2019. – № 5 (39). – С. 26-31.

4.Быстрова Н.В., Цыплакова С.А. Информационно-образовательная среда школы как инновационная управленческая задача // Наука и практика регионов. – 2019. – № 4 (17). – С. 90-93.

5.Григорян Н.М., Быстрова Н.В. Личностное развитие педагога в системе профессионального образования // В сборнике: Социальные и технические сервисы: проблемы и пути развития. Сборник статей по материалам V Всероссийской научно-практической конференции. Нижегородский государственный педагогический университет им. К. Минина. – 2018. – С. 35-38.

6.Маркова С.М., Котенко Е.Ф., Уракова Е.А. Проектирование процесса управления учебным заведением интегративного типа // В сборнике: Инновационные подходы к решению профессионально- педагогических проблем. Сборник статей по материалам Всероссийской научно-практической конференции. Мининский университет. – 2019. – С. 37-39.

7.Маркова С.М., Цыплакова С.А. Управление педагогическим процессом как системой // Школа будущего. – 2016. – № 4. – С. 138-144.

8.Ситаров В.А. Педагогический менеджмент как теория и практика управления образовательным процессом // Знание. Понимание. Умение. – 2014. – №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskiy- menedzhment-kak-teoriya-i-praktika-upravleniya-obrazovatelnym-protsessom (дата обращения: 16.05.2021).

ӘОЖ 94.512.122

# Ғ.БІРІМЖАННЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ

**АБДРАИМОВА Б.Т.**
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** Имя Газембека Корганбековича Биримжана в стране упоминается редко. Перед Газымбеком на ум приходит имя его брата АхметБеремжана. В статье рассматривается личность Газымбека, описывается его политическая и общественная деятельность.

**Summary.** Gazymbek Korganbekuly Birimzhan's name is rarely mentioned in the country. The role of Alash is no less. Before Gazymbek, the name of his brother Akhmet comes to mind. The article focuses on Gazymbek's personality and describes his political and social activities.

Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжан – арда туған алаштың азаматы, саяси қайраткер, білікті маман, публицист. «Ақ жол» газетіндегі Ғазымбек мақалалары ел мен жердің мәселесі, оқу мен білімнің мұңы. Ғазымбектің қоғамдық-саяси қызметіне тоқталмастан бұрын, өмірбаян дерегін аз-кем келтіріп өтсек. 1929 жылы, 24 қаңтарда тергеу барысында Ғазымбек былай дейді: «Мен 1896 жылы тудым, 1914 жылы реальдық училищеде оқыдым, одан кейін майдандағы қара жұмысқа тартылғандарға көмектесу үшін Киевке бардым. Қазақтардың көпшілігі орысша білмейтін, сондықтан да майданға баруды қоғамдық парызым деп есептедім. Жоғары оқу орнынан түсудің реті келмеді. 1917-1918 жылдары Орынборда болдым. Менің қалыптасқан тұрақты көзқарасым болған емес. Бар ойым – оқу болғандықтан да, қазір де саяси іске шорқақпын. 1918 жылы Торғайғабардым. Сол кезде Тұңғашин мен Жангелдинұсынысжасады. Уезд комиссары Аравинболатын. Онда тұрақты өкімет те, өзара бөлінушілік те жоқеді. 1918 жылы мен Орынбордағы «Алашордашыларға» қосылдым. Басшылары Бөкейханов, Байтұрсынов, Қаратілеуов еді. [1, б.384].

«Представителями отдела при партиях были, как правило, учащиеся и студенты. Так, по приглашению Букейханова в Киев для проведения эвакуации рабочих на родину ездил выпускник реального училища 1917 г. Г.К.Беремжанов. Рекомендуя его в августе 1917 г. На должность переводчика Оренбургского окружного суда, Букейханов писал: « ... оказался весьма способным и работающим не за страх, а за совесть работником. По убеждениям, как большинство моих близких знакомых молодых киргиз, народник в духе народников 70-х годов» [2, 150б.].

Д.Аманжолова өз еңбегінде Ғазымбекті Киевке шақырған Ә.Бөкейханов екенін көрсетеді. Сондай-ақ, Ә.Бөкейхановтың Оренбург сотына аудармашы ретінде ұсынған мінездемесін Ғ.Бірімжановқа телиді.

1917 жылы 21 қазанда «Қазақ» газетінің №251 санында «Алаш» партиясының программасының жобасы жарияланды. 10 бөлімнен тұратын жобаны жасауға қатысқан жеті қайраткердің бірі Ғазымбек сол кезде небәрі 21 жаста болатын.

«Ғазымбек 1929 жылы 24 қаңтарда ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің бастығы Петровқа берген көрсетуінде Азамат соғысы жылдары Алашорданың ел азаматтарына тастаған ұраны – «Елді талан-тараждан, бүліншіліктен сақтайық!» («сохранить степь от разгрома!») болды. Ғ.Бірімжанов тергеушіге осы жағдайды баяндап: «Бұл кездегі үкіметтің саясаты елді талан-тараждан, бүліншіліктен сақтау болды, соған байланысты қызылдардың да, орыс-казактардың да қолдарымен күресуге тура келді. Тіптен кейде жасырынарға тесік жоқ әлсіздіктен қайсысының билігі орнай қалса, соның билігін мойындауға тура келді», – деп көрсетті. Ол көрсетуінде: «Алашорданың Торғай ұйымында мен ресми қызметте болған жоқпын, мені үкімет басқа ұйымдармен байланыс орнату үшін немесе олардан қару-жарақ алу үшін түрлі іс сапарларға пайдаланды», – деп көрсетеді [3, 5б.].

1918 жылдың соңында Әлихан бастаған Алашорда Ғазымбекті адмирал Колчакқа жібереді. Сенімді серігі Асфендияр Кенжин Сібір үкіметіне бірге барады. Мақсат – Алашорданың Сібір үкіметін мойындайтынын білдіріп, қаружарақ пен қаржы сұрау. Азамат соғысы жүріп жатқан

кезде Алаш зиялылары қай жаққа барарын, кімнен жәрдем сұрарын білмей, аңтарылып қалды. Ақ пен қызылдың арасында қалып, екі жақпен бірдей байланыс ұстағысы келді. Өйткені, қазақ даласын ағы келіп, бір қырады, қызыл келіп, бір сүзіп өтеді.

Ғазымбектің келесі сапары А.З.Валидовпен тығыз байланысты. Алашорданың атынан Колчакпен байланыс жасаса, енді Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілдік қызмет атқарады. Бұқараға барғандардың ішінде Ғ.Бірімжанов пен Х.Болғанбаев болған. З.У.Тоған өзінің естеліктерінде Ғазымбектің саяси қызметі мен істері туралы жақсы лебіздер қалдырған. Қазақтың жас журналисі Ғазымбектің 188 қалаларда жасырын ұйым құрып, Орынбордағы орталыққа құнды деректермен қамтамасыз етіп отырды деп жазады. З.У.Тоған өзінің естелігінде «Алашордамен» бірігуді ойластырғанда Торғай жерінде Ғаделхан Ғабитов пен Ғазымбек Бірімжановтың жанкешті еңбек еткенін еске алады. Ғазымбек Бірімжанов өзінің тергеу ісінде келтірген деректерде ешқандай хат-хабар тапсырмағанын, тек ескі таныстар есебінде кездескенін айтады. З.У.Тоған мен Ғазымбектің ара-қатынасы үзілмей, Берлинде де жалғасқан. З.У.Тоған, Абдулқадир Инан мен Ғазымбектің 1924 жылы Берлинде түскен суреті сақталған. Ғ.Бірімжановтың саяси қайраткерлігі «Ақ жол» газетінде ерекше байқалды. 1920-1922 жылдары Ташкенттегі «Ақ жол» газетінде жауапты қызмет атқарған.

Ғазымбек Бірімжановтың журналистік қайраткерлігі 1921- 1922 жылғы аштықта ерекше көрінді. Ғ.Бірімжанов түрлі тақырыпқа қалам сілтеген, терең ойлы журналист. Ғазымбек Бірімжан «Ақ жол» газетінде өз атынан бөлек, «Шеген», «Қошқар», «Ғ.Б», «Ғ» «Ш-н» бүркеншік есімдерімен де жариялап отырған.

1922 жылдың №151 санында Ашыққандар үшін Кирцик жанындағы аштарға жәрдем комиссияның Түркістандық бөлімінің қаулысы жарияланды. Мәжілісте толық құқықты елшінің уақытша ісін атқарып тұрушы жолдас Бекентаев, бөлім мүшесі Счастнев, Қазақстан азық-түлік комиссариатының уәкілі Мичурин, заң комиссариаты бас құрамасының мүшесі А.Бірімжанов, қазақ студенттерінің уәкілі А.Омаров, аштарға жәрдемші Қазақстан кіндік комиссиясының уәкілі Кузеров және қазақ газеті (Ақ жол) басқармасының жауапты хатшысы Ғазымбек Бірімжанов қатысқан. Ғазымбек Бірімжановқа «Ақ жол» газетінің бір санын Қазақстандағы аштыққа һәм Қазақстанға Бұқар қалай жәрдем беру керек деген мәселелерге арнауды өтінген.

1922 жылдың №184 санында Ташкенттегі қазақ азаматтарының 1922 жылы 19 июньде болған жалпы мәжілісінің протоколы басылған. Мәжілістің бастығы Ғазымбек Бірімжанов болған. Сондай-ақ мәжілісте Ахмет Бірімжанов, Мұңайтпасов, Қашқынбаев, Жаленов, А.Омаров тағы басқа тұлғалар болған. Мәжілістің басты мәселесі: Қазақстанның даласында ашығып жатқан қазақтарға жәрдем ету, қол ұшын созу. Ғазымбек Бірімжан мәжілісті өзінің баяндамасымен ашқан. Баяндамасында ашаршылық қазақ пен орыс халқына бірдей түскенімен, егін кәсібімен айналысқан халыққа қарағанда мал шаруашылығымен айналысқан халықтың жағдайы мүшкіл екенін жеткізеді. Қазақтың мал тұқымы айлап шығап тұратын егін емес, қалыпқа түсу үшін біршама жыл керек дейді. Қазіргі көмек – уақытша тойыну екенін, үкімет мал тұқымын берсе батпандап кірген ауру сол күйі қалатынын меңзейді. Ал сол уақытша жәрдемнің өзі уақытылы атқарылмай тұруына себепті темір жолдың жоқтығы, көліктің жоқтығынан көреді. Сол себепті елді қырып алмау үшін керуен жасап, түйемен астық тасу керектігін, тұқымдыққа мал айдап жеткізу керектігін, жаңа егіннің ғұшырын жинау керектігін баса айтады. Бұл Мәскеудің, Орынбордың, Ташкеннің ойына да, қолынан да келмейтінін, бұл міндетті тек қазақтың салтын, тұрмыс-жағдайын білетін ұлт зиялыларының 189 қолынан келетінін баса айтады. Және бұл азаматтық міндетіміз, борышымыз деп жауапкершілікті өз қолдарына алады. Сонымен қатар өз тарапынан ұсыныстар ұсынады.Олар:

- Ташкендегі қазақ азаматтарынан даладағы ашыққан қазаққа мардымды жәрдем жинап жеткізу үшін қазақ комитетін сайлау керек.
- Екі жетіліктен жиналған жәрдемнің бір бөлімін башқұрттарға беріп қалған екі бөлімін қазақ комитетіне бергізу керек.
- Түркістан республикасындағы қазақ жерлерінде (Сырдария, Жетісу, Жизақ) екі жетілікті ұзартып жәрдем жинай беру керек [4, 168-169бб.].

Жоғарыда Ғазымбектің 1923 жылы Германияға оқуға кеткенін айтып өткен болатынбыз. Өз мақалаларында қазаққа білімді агроном керек деген қайраткер ауыл шаруашылығы факультетіне оқуға түседі. Сондай-ақ Бразилия елінде өндірістік практикадан өтеді. М.Тынышбаев өзінің көрсетіндісінде Ғазымбектің Германияға оқуға кетіп бара жатқанын, шет елде жүрген Шоқаевқа ел тынысын жеткізетіні жайында М.Дулатов пен Әділев келіп айтқанын жеткізеді. Германияда М.Шоқай мен сыралғы досы А.З.Валидовпен байланыста болғаны өзіне сор әкеледі.

Д.Қыдырәлі Түркістан Республикасы большевиктік биліктің жылымық саясат ұстанып тұрған кезінде ұлттық күрестің ауқымын кеңейту мақсатында шет елдерге жастарды жіберуді көздегенін жазады.

«Бұл үшін «Түркістан азаттық қоғамы» бастама көтеріп, Бұқара Халық Республикасы үкіметінің төрағасы Файзулла Хожаев пен Түркістан АССР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұлов бұған ресми түрде қолдау көрсетіп, 70-ке таяу оқушыны Түркия мен Германияға жіберу үшін дайындады. Осы мақсатта «Көмек» атты ұйым құрылды. Мүнәууар қари, Абдулхамит Сүлеймен Шолпан бастаған жәдитшілдер мен ұлт зиялылары аталмыш ұйымға үлкен көмек көрсетіп, халықтан қаржы жиналды. Осы жылы Ташкент қаласында әдеби кеш өтіп, мұнда оқушылар үшін 7500 сом қаражат түсті. Алманияға жіберілген оқушылар арасында Ғазымбек Бірімжанов, Ахмет Наим, Ахметжан Ибрагим, Абдулуахап Оқтай, Тахир Шағатай сияқты «Түркістан ұлттық бірлігінің» мүшелері бар болатын. Уәли Қаюм да осы топтың ішінде еді. Оқушыларды Мәскеу қаласына дейін Мұстафа Шоқайдың жақын серігі Убайдулла Хожа ертіп апарды. Оқушылар Алманияға жеткеннен кейін, Мұстафа Шоқайдың сөзіменайтқанда, «Алманияда оқыған түркістандық жастар шынында Түркістан ұлт-азаттық күресінің алдыңғы сапынан көріне білді. «Яш Түркістан» соларға және Түркиядағы жастарға арқа сүйеп дүниеге келді. Осы жастарды белсене ат салысуының арқасында ол өз ісін жалғастыра білді» [5, 148б.].

«Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымына мүше болып, оның құрылтайына қатынасқан Ғазымбек Бірімжанов та қазақстандық «қырағы көздердің» қырына ілігеді. Қатты қыспаққа алынғанына қарамастан ол Шоқай туралы ғайбат сөз айтпады. Осылайша есіл ер қызыл қырғынға алғашқылардың бірі болып ілігіп кетті [5, Б.168-169].

1937 жылы 9 қазанда «контрреволюциялық террористік ұйымға» қатысқан деп айыпталып, 1938 жылдың 19 наурызында НКВД үштігінің шешімімен атылды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..» (Түрмеәфсанасы) Зерттеулер, 1-том, Алматы: «Елшежіре», 2008. 472 – б.

2. Аманжолова Д.А. « На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстан. – Алматы: Издательский дом «Таймас» 2009. – 412 с.

3. Қойгелдиев М.Қ., «Ұстанымы биік зиялы», «Қазақ әдебиеті», 02.09.2016ж.

4.«Ақ жол» ( газеті). Көптомдық. 6 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.

5.Мұстафа / Д.Қ.Қыдырәлі. – Астана: Деловой мир Астана, 2012. – 276 б.

ӘОЖ 93.258. (04)

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

**АХНАЗАРОВА Г.К.**

Көктал орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**АЙТУГАНОВА М.А.**

Жамбыл атындағы №5мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются вопросы истории независимого Казахстана и национальной информационной политики

**Summary**. The article examines the issues of the history of independent Kazakhstan and national information policy

Қазіргі қоғамда қай саланы алсақ та нарықтық қатынас орнату барысында жаңаша үрдіс байқалуда. Сол секілді БАҚ жүйесінде де жиі жеке меншіктік пен бәсекелестік белең алуда. Рас, бәсекелестік тумай, даму болмайды. Бүгінгі қазақ басылымдары, телеарналары мен радио тораптары жаңа заманға бейімделе отырып, қоғамдағы өзіндік маңызын арттырып, беделін өсіру, сондай-ақ қомақты табыс көзіне айналу қызмет етеді. Әсіресе, жанжал тудыратын оқиғалар іздеп,

демократиялы қоғамға бейімделетін, ықпалын арттыру үшін ақпаратты беру жеделділігі мен күн тәртібіндегі нағыз өзекті мәселені көтере білу тұрғысында еліміздегі қазақ және орыс тіліндегі БАҚ қызметкерлері дамыған шетелдерден үлгі ала отырып, қызу ізденіп келеді. Осылайша бүгінгі қазақ баспасөзі ескі сарының өзгертіп, жаңа бағыт ұстануға көшкен. Тіпті журналистикадағы кейбіржанрлар тиімділігінен айырылып, жаңаша стиль мен жаңаша тақырыптарға сай жазу әдісі калыптасты. Осындай жаңашылдық бағыттардың бірі – бүгінгі қазақ баспасөзіндегі сынның жазылуы.

Демократия мен жариялылықтың нәтижесінде тарихтағы көптеген ақтандақтардың беті ашыла бастады, ұлт тағдыры, ұлттық сананың қалыптасуы, мемлекеттіктің қалыптасуы сияқты өзекті мәселелерге баспасөз бетінен орын беріле бастады. Публицистер халықтың тарихта кеткен есесін қайтарып беру жолында қалам қайратын жұмсады, ел намысын оятуға, жұрт санасын сілкіндіруге бағытталған рухани серпіліс жасауға көшті. Бұл әсіресе 90-шы жылдардағы қазақ баспасөзінен, онда жарық көрген публицистикалық шығармалардан айқын көрініс тапты.

Дәл осы кезеңде қазақ публицистикасының дамуында да жаңа бір дәуір басталды. Ол – азат ойдың, еркін сөздің дәуірі еді. Публицистика қоғамдық маңызды мәселелерді көтергенде ғана, оның әсер-ықпалы зор болатындығы белгілі. Сондықтан біз 90-шы жылдардағы ең өзекті мәселелерді алға тартқан публицистикалық шығармаларға назар аудардық.

90-шы жылдардағы қазақ баспасөзінде көрініс тапқан негізгі тақырыптар мынандай болып келді: 1) тәуелсіздік; 2) Қазақстан территориясының тұтастығы; 3) тіл саясаты; 4) егемендік; 5) қазақтар туралы; 6) қоғамды жаңғырту жолдары; 7) қазақтардың тарихи атамекеніне оралу мәселесі [1,43 б.].

Әлемдік ақпарат құралдарында «ақпараттың еркін ағымы» деген теория дәуірлеп тұр. Ол қағиданың мәні мынаған келіп саяды: адам баласы – жарық дүниенің иесі. Ол әлемдегі жаңалық атаулыдан хабардар болуы керек. Сондықтан, ақпаратқа шекара қойылмауы тиіс. Ақпарат – сол мемлекеттің идеялық айнасы. Ұстанған бағыт, бағдар, саяси ауқым, экономикалық тұрақтылық алдымен ақпарат көздері арқылы жалпақ әлемге тарайды. Осы ретте қазақ баспасөзі бірінші беделге ие болуы тиіс.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана қазақ журналистикасының өткен тарихының «ақтаңдақ» тұстары қайта ашылып, кезінде «ұлтшыл» деген жаламен жабылып қалған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Жас азамат» сияқты газет-журналдарда жарық корген А. Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә. Бөкейхан, М.Шокай, Х.Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, А. Мәметұлы, Х. Ғаббасұлы, С.Қожанұлы, Н. Торекұлұы, Т. Шонанұлы сынды қазақ халқының бір топ зиялы қауымының ұлттық мүдде тұрғысында жазған публицистикалық мақалалары ғылыми айналымға түсіп, өзінің тиісті бағаларын алып та үлгерді. Сондықтан біз төл баспасөзіміздің тарихын ежелгі тас ескерткіштердегі ақпарат үлгілерінен бастап, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы сапалық түрлері (Түркістан уалаятының газеті, 1870), кеңестік дәуір (1917-1990) мен 1991 жылдан басталатып тәуелсіздік жылдарынан бүгінгі таңға дейінгі аралықты қамтып, төрт кезеңге бөлін карастыруды дұрыс деп таптық.

«Жариялылықтың нәтижесінде Қазакстанда пайда болған саяси партиялар мен қозғалыстардың да өз баспасөзі көріне бастады. Мысалы, «Невада-Семей», «Азат», «Желтоқсан», «Қазакстан Халық Конгресі» т.б. қозғалыстардың газеттері өз мүддесі тұрғысынан түрлі бағыттарда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Бұдан кейінгі 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жеке меншік және тәуелсіз басылымдар жарық көрді. А.Байтұрсынұлының редакторлығымен 1913 жылы жарык көрген «Қазақ» газетіне рухтас «Қазақ үні» (1994) жеке меншік газеті шыға бастады. Тәуелсіз мерзімді баспасөз қатарын «Түркістан» (1994), «Заман-Қазақстан» (1995), «Қазақ елі» (1995) сияқты жаңа газеттер толықтырды. Оқырман қауымды «Жас қазақ», «Айқын», «Азамат» сияқты газеттер легі ұлттық мемлекетіміздің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени, жаңа ұлттық идеологиялық бағдарламасы қалыптастыру үшін мақалалар даярлап, шығармашылық жағынан дамыды» [2,33б.].

Ақпарат – кез келген қорғаныс шебін бұзып-жарып өтіп кете беретін қару екендігін ұмытпаған абзал. Адам өмірінің түрлі саласындағы ұлттық қауіпсіздігінің қауіп-қатері ақпараттық ортаның тұтас әрекеттесуі арқылы жүзеге асады. Ендігі ақпараттық қауіпсіздік пен бүгінде әлемдік қоғамдастықты тұтастырып отырған жаһандану үрдісімен сабақтастыра жалғастырсақ. Жаһандану адамзат дамуына тән жағымды да жағымсыз аспектілерден тұратын тірі организм іспетті. Бұл үрдістен сырт қалу қаншалықты негізсіз болса, оған қарсы күреспеу де соншалықты мүмкін емес. Жаһанданудың жаһандық кейіпін ұсынып отырған, тамақтандырып отырған ақпарат, жаһандық үрдіске ықпал еткен ақпараттық ахуал.

Қандай да бір мемлекет, соның ішінде Қазақстан Республикасының билігі нәтижелі жүзеге асуы ақпаратпен қамсыздандырылуына байланысты. Саяси құрылымның позитивті қызмет атқаруы, саяси сананың дамуы, саясаттың объектісі мен субъектісінің өзара әрекеттесуі ақпаратсыз мүмкін емес. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі артықшылықтарын анықтау ақпараттық ортаға жататын қатерлерді әшкерелеуде, оларды жеңу жолдарын табуда, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіруде және тағы басқасында көрініс табады. Ақпараттық салада саяси ұстанымдарды бақылай алатын және түзете алатын дамыған азаматтық қоғам ақпараттық қауіпсіздіктің приоритетін іске асыруда мемлекеттің тұрақты және тартыссыз дамуына негіз болады. Ақпараттық қауіпсіздік аясы туралы сөз болғанда, өзге индустриалды дамыған мемлекеттермен қарым-қатынасқа түскен кезде тек серіктестікке сенім артуға болмайды, себебі олар ақпараттық топқа енген мемлекеттердің бірі. Өйткені, мұндай мемлекеттер ұлттық қауіпсіздік жөнінде өзіндік тұжырымдамасын басшылыққа алады. Сол себепті, ақпараттық технологиялар саласында жұмыс істейтін білікті мамандарды тез арада даярлау қажеттілігі туындайды. Қоғамды ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында жеке, қоғамдық және мемлекеттік, қаражаттық, әлеуметтік және рухани қызығушылықтарымен қиыстыру қажет.

Бұл жағдайда халыққа жалпыұлттық қызығушылықтарды дұрыс қалыптастыру және түсіндіру ақпараттық міндеттің маңыздылығын арттыру керек. Оны шешу жолдарын таппағанша халықтың ақпараттану мәселесін сәтті шешуге қол жеткізу мүмкін емес. Қазақстандағы көпұлтты халықтың консолидациялануы бойынша жоспарлы жұмыс атқару керек.

Ақпараттану мәселесіндегі басты қиындық халыққа билік орғандарының қызметі туралы жететін ақпарат мемлекетке қарсы бағытталған жалған ақпаратты уақытпен тексерілген тактика бойынша таратады. Адамдарды иландыру келесі ереже бойынша орындалады: көңіл аудару, қызығушылығын ояту, оқиғаларды ынталандыру және идея өзіндікі сияқты қабылданбағанша қайталай беру. Ақпараттануды проблема ретінде қарастыру үшін қауіпсіз ақпараттану қандай болу керектігін жақсы ұғынып алу керек. Егер халық билік органдарының қызметі туралы қажетті ақпарат алмаса, онда теріс ақпаратты айқындау мүмкіндігі болмайды және оның қоғамға деген қауіпін де тану қиынға соғады. Тек қана ақпараттарды салыстыру арқылы мәселені шешуге болады. Яғни халық алдында таңдау әрқашанда болу керек. Сөз бостандығы болмай ой бостандығы болмайды. Саяси тарих сабақтарын еске сақтау маңызды. Қателіктерді білу бірден пайдалы болмаса да келешектегі үлкен істерге қызмет етеді. Қателіктерді қайталамаудың мәні зор. Кемшіліктерді айту биліктің немесе жеке мүдделі топтың қытығына тиуі, ашуын тудыруы мүмкін. Бірақ та, олай болуы уақытша, түбінде анық айту, ашық сынау бостандығы бәрібір үлкен жақсылығын әкеледі.

Алдымен жас ұрпақ дұрыс сөйлеуді, дұрыс ойлауды, әділетті әрекеттер жасауды үйрене бастайды. Қателіктерді, дамуға бөгет болатын негативті факторларды анық талқылау билікті тезге салып қана қоймайды. Бұл іс халықтың санасын жақсартуға көмектеседі. Қазақ халқы 300 жылдай отарлықта езілді, қырылды, қорланды. Отарлаушы патша және Кеңес үкіметі саясатынан қазақ халқының 4,2 миллиондай адамы қырылды деген деректер дәлелденді. Қазақ– әбден зәбірленіп, шошыған ұлт. Сондықған оның бойында құлдық сапалары көп. Халқымызда көпірме сөзге, өтірік-өсекке, қорқақтық пен жалтақтыққа, алдау мен сатқындыққа үйір адамдар баршылық. Шындық сөзбен әділетті істер осындай адамдарды тезге салатын ең ықпалды тәрбиелеуші факторлардың бірі болып табылады. Сөз бостандығын, ой бостандығына мыкты рухани тірек - дәстүрлі дін қосылса қазақстандық азамат Шәкәрім ақын айтқандай, «шын адам» болатыны ақиқат. Адамдықпен залымдықтың күресінде халықтың саласын жақсарту арқылы ғана адами қасиеттерді басым ете алмақпыз.

Дін, білім, мәдениет пен спорт одағы халықты рухани сауықтырады, өмір жасын ұзартады. Адам факторының сапасының өсуі бүкіл халық факторының сапасының өсуі ғана емес, мемлекеттің күш-қуатының өсуін қамтамасыз етеді. Жалпы, еліміздегі электрондық үкіметті қалыптастыру мен дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат кезең-кезеңімен сәтті жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі үшін ақпараттық технологиялар саласын дамытуымыз шарт. Электрондық үкімет құру - еліміздің өркениетті болашағы, демократияны дамытуға бағытталып отырған саяси маңызы зор қадам. Қазақстанның өсіп-өркендеуі үшін тек қана еліміздің жер байлығымен ғана емес, барлық саладан бәсекеге төтеп беретін күшті мемлекет болуы керек. Сөздің түптің–түбінде халықтың көңіліндегідей тұрмыс-тіршілік құруына көмектесуі, соған қызмет етуі өркениеттілік белгісі. Залымдықты азайту,

зорлықты әшкерелеу, халық нәпақасын жеуге бөгет болу, адамгершіліктен және құдайға сенуге тарту сөз құдіретіне байланысты. Біліккпен халық ұдайы дұрыс сөйлесе, дұрыс ойласа дұрыс қуатты мемлекет жасайды және сол елді гүлдендіруге қабілетті болады. Саясат сөзі халықтың негізгі құндылықтары мен мақсаттарына жауап беруі оны жасампаз рухани күшке айналдырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысқұлұлы Т. 1916 жылғы қазақ, қырғыз көтерілісі // Қызыл Қазақстан. 1926. - №15-18

2. Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIIII ғасырды екінші жартысы XX ғасырдың бас кезі). Монография. – Алматы, 2007. – 358 б. – 276 б.

УДК 378.147

## ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ЗАМАНАУИ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**ДЖАНГАЗИЕВА А.Т.**
Д.М.Карбышев атындағы №16 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазахстан Республикасы, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
- жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.
- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуалдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;
- Республикалық білім беру мекемелерін басқарудың біртұтас ақпараттық желісін құруға негіздеп, білім берудің басқару салаларының ақпараттық желісін құру.

Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті

мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуына, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Инновациялық технология есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, электрондық күнделік жүйесін, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Оқушылардың жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, жаңа жағдайда психикалық функциялардың басқа жақтары да қайта қарастырылуы тиіс. Осының бәрі жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялар жасау саласында, білім парадигмасын құруда тың инновациялық жұмыстар жүргізуді талап етеді. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының бабына сәйкес мұғалімдер білім алушылар мен тәрбиеленушілер және тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, шеберлік пен дағды алуын қамтамасыз етуге міндетті. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал казіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Бағдарламаның негізгі мазмұны жеті модуль түрінде қарастырылады. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады. Олар үшін:

- білім алуды қамтамасыз етуге даярлауы тиіс;
- оқушыларға үздіксіз білім алуды үйрету керек;
- мұғалім оқушылардың білімге деген құштарлығын дамытуға көңіл бөлуі керек;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқытудың мазмұны шектелмеуі тиіс;
- оқытудың өз тәжірибесі, оқытудың негізі, оқыту барысында болжам, қиял, ойлап табу пайдалануы қажет;
- сезу, ойлау шығармашылық қасиеті ретінде қарастырылуы тиіс;

Мектепте білім беруді жақсарту мұғалімге байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да қазіргі мұғалімдердің білім сапасын арттыруға көп көңіл бөлуде. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын (білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, өздігінен дамыту т.б.) мақсатқа сай қолдана білу қажет.

Оқытудың заманауи технологиясын жете меңгеріп, оны оқушылардың жас және психологиялық ерекшелігіне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Педагогикалық инновациялық технологиялар іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе.

Педагогикалық жүйе-жеке, дара тұлғаны жетілдірге, қалыптастыруға бағыттау мен белгілі бір мақсатқа жету жолындаы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден - бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруына көмектеді. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жаңа техногияның өзі әр түрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұғалімдерге шығармашылық еркіндік берілуі. Әр сабақтың сапалы болып, оның тиімділігін арттыру-ізденімпаз, шығармашылығы шыңдалған ұстаздың қолында.

Осындай оқытудың жаңа технологияларының біріне-сабақты, дәрісті өткізуді «Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы» бойынша ұйымдастыру жатқызылады. Бұл әдісте талданып отырған мәселе бойынша әр бір оқушы өз топшылауын, өз пайымын білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, олардың мәнді, мағыналы жақтары жөнінде өз пікірін, өз тоқтамын жасайды. Бұл әдіс шәкірттерге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқуыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Тарих - мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана - сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным - әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалармен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс - тәсілдері негізінде іске асады.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу. Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері өте көп. Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық , өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті.

Сабақ барысында шәкірт тердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізігі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді , сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Сын тұрғысынан ойлау - сынау емес, шыңдалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз- оқушыға оны бойында жасынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.

Бұл стратегия сабақ жүйесінде іштей үш кезеңге бөлінеді:

-Қызығушылықты ояту:

-Бұл кезеңде оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әртүрлі әдіс амалдары қарастырылады. Сондай-ақ оқушыларды қалай қызықтыру керек деген сұраққа жауап деп карауға болады;

- шын мәніндегі мәселені ұсыну және оқыту мақсатын бірлесіп дайындау;

-оқушының бұрынғы тәжірибесімен байланыс орнату;

-жаңа идеяны түсінуге дайындау;

Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Бұл кезеңде «Ассоциация» , «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «броундық қозғалыс», «стикердегі диалог» әдістерін пайдалануға болады.

Мағынаны тани білу-жаңа білімді игеру кезеңі:

Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп оқып бермейді. Тақырып бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап белсенділік көрсетуге жағдай жасалады. Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, ол үшін:

-материалды меңгеру;

-белгілі және жаңа білімді бөлу;

-сұрақ қою;

-барлық мүмкін байланыстарды өткізу; «Өзара оқыту әдісі», «Кең ауқымды лекция» әдісі, «Инсерт» әдісі, «Білемін, білгім келеді, үйренемін», т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының өздігінен білім алу, шығармашының іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

Орта білім беру жүйесіндегі технологияның рөлі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым – қатынасын үйлесімді етудегі және жаңа ақпараттық қоғамда кәсіпкерлік қызметтің басты құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық технологияны қалыптастырудағы, сондай-ақ оның әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы алатын орнымен қамтамасыз етіледі.

Ғылыми-техникалық прогресс заманында білім беруді демократияландыру мен ізгілендірудің басты факторларының бірі - оны ақпараттандыру.

Ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап дамуы мен қоғамның ақпараттануы оқу-тәрбие процесінде оқушының өзіндік таным қызметін атқара білу әдіс-тәсілдерін меңгеруін,өзгермелі ситуация жағдайында шапшаң бағдарлай білу, компьютер тәрізді таным құралдарын пайдалана білуін талап етеді.

Басты мақсат - өзіндік таным қызметін жасай алатын тұлғаны тәрбиелеу. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр –ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасында ғылыми техникалық прогрестің негізгі белгісі - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезең енді. Қоғамды ақпараттандыру экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты роль мектепке жүктеледі. Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам ол технология ауысуына әне нарық талабына сай терең білімді,әрі жан-жақты адам.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып,оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, XXI ғасырдың алғашқы жылдарының бірі - «Білім - бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім - бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі.Біздің ойымызша , ақпараттық білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.Ақпараттық пәндік орта ақпараттар

ішінен керектісін іздеуге және сонымен өз саласында жұмыс істеуге бағытталған ақпараттық білім беру ортасының бір түрі. Оқу әдістерін жетілдіру тікелей білім беру жүйесінде тұтастай ақпарат технологиясын дамытуға үлесін қосты. Жалпы педагогика,әдістемелер және компьютердің түйісуінде жаңа бағыт оқытудың ақпараттық технологиялары дүниеге келді.Оқу арқылы ақпараттың 10%, тыңдау көрнекі құралдар арқылы 20% ұштастырылса,40-50% оқыту процесінде оқушы белсенділігін арттыратын мүмкіндіктер жасалса, білімнің 70% есте сақталады екен. Нағыз өмір шындығымен ұштастырылған ақпараттың бала ойында қалу дәрежесі 90 %. Олай болса мәліметті есте сақтау қолданылатын әдіс-тәсілге байланысты.Сол әдіс-тәсілдің бірі әр сабақта компьютерді пайдалану. Компьютер арқылы түрлі суреттер, графикалық сызу, дыбыс, музыка тыңдау, мұғалімнің тақтаға жазы түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Оқу үрдісінде компьютерді қолдануға негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты қолданылуы қажет. Кейбір жағдайда оқушылардың сұранысын терең ұғыну қажет болса, кей жағдайда пәндік саладағы білімді талдау маңызды роль атқарады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқытудың жүйесі көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Компьютерлер көрнекі, бейнелі ойлауды, қозғалыстың ауызша қарым-қатынас машықтары мен әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызатыны туралы дәлелдеп көрсетеді. Компьютер оқытуда қолданудың екі негізгі бағытын көрсете кетелік:

1.Оқу курсындағы жаттығуларды арнайы жасалған ортада орындау.

2. Оқушылар ақпараттық технологиялар негізінде басқа пәндерді өздігінен меңгереді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану, компьютерлік оқыту бағдарламаларын құру және қолдануды білдіреді. Ол бағдарламаларда дәстүрлі оқытудан ерекше педагогикалық үйретушілік логикасы жүзеге асырылады. Мектептегі сабақтар жаңаша ұйымдастырылады және мұғалімнің қызметі мен рөлі өзгереді.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаса бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Бұл бағдарламаны өз сабақтарымда әдіс-тәсілдерін қолдану барысында түсінгенім оқушылардың бірін - бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретуі, бұрын үндемей отыратын балалардың сабақ барысында қызу араласуы сабақтың ерекше, олардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге мүмкіншілік туғызады. Бұндай әрекет сабақтың барлық үш кезеңінде байқалып отыратындығы сөзсіз. Осы «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы арқылы оқытудың тиімді екенін атап айтуға болады.

Білім беру процесі - ақпараттық қоғам жайындағы жас өспірімдерді жан-жақты даярлайтын процестер болуы қажет.Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдаланудың маңызы зор.Өйткені компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс жасауды игерумен тығыз байланысты.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.«Қазақстан тарихы», №1 2006 ж.

2.Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. 45-Минут» №1 2009 ж.
3 Мирсентова С.. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды 2011 ж.
4.«Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту». С.Т.Мұхамбетжанова
5.«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту» Тұжырымдамасы.
6. «ҚР Білім туралы» Заңы.
7. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Қ.Сарбасова (2006 ж)
8. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей, 2 басылым, 2014 - жыл

ӘОЖ 66:633.37

# НАТРИЙ ФОСФАТТАРЫ МЕН ПОЛИФОСФАТТАРДЫ ӨНДІРУ ЖОЛДАРЫ

**БАЕВТОВА Д.Р.**
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің химия пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** Фосфат натрия может быть получен только с электротермической фосфорной кислотой. В текущем случае соли от электротермической фосфорной кислоты используются суперфосфатные соли. Различные концентрированные фосфаты появляются в обезвоживании натрия ортофосписа, которые аналогичны кремнеземам, поскольку кремнезем равно 4 в зависимости от соотношения кислорода.

**Summary.** The phosphate of sodium can be got only with electro-thermal phosphoric acid. In current case of salt from electro-thermal phosphoric acid superphosphatic salts are used. The different concentrated phosphates appear in dehydration of sodium of ortofospisa, which are analogical silicas, as a silica 4 is equal depending on correlation of oxygen.

Фосфаттарды алу және пайдалану – әлем шаруашылығындағы ең ширақ (динамикалы) дамып отырған сала. Өндірілетін концентраттардың жалпы көлемі әр 10–15 жыл сайын екі еселеніп отырады. Қазақстан Республикасында фосфорлы 58 минералдық тыңайтқыштарды өндіруде негізгі шикізат ретінде Қаратау фосфориті пайдаланылады.

Фосфор өндірісінің фосфоритті кендерінің құрамында ылғал, гидраттар, карбонаттар және әртүрлі қоспалар болады. Сондықтан шикізат пешке берілер алдында, оның сапасын қойылған талаптарға жақындату мақсатында арнайы өңдеулерге ұшыратылады. Бастапқы шикізаттың сапасына байланысты процеске кептіру, декарбонизациялау, шикізаттың ұсақ фракцияларын ірілету және т.б. кіреді.

Бірақ шикізатты дайындау кезінде P2O5, CaO, SiO2, Al2O3, Fe2O3, Na2O және K2O сияқты тотықтардың мөлшерін іс жүзінде өзгерту мүмкін емес және сондықтан P2O5 берілген мөлшері және көрсетілген компоненттердің мөлшері бастапқы материалдарды алғанда және байытқанда қамтамасыз етілуі тиіс. Фосфатты шикізаттағы P2O5 мөлшерінің мәні үлкен. Сондай-ақ, темір мен алюминийдің біржарымдық тотықтары, магний тотығының, карбонаттардың, кремний диоксидінің ролі де маңызды. Химиялық құрамынан басқа, шикізаттың гранулометрлік құрамының да маңызы бар.Фосфаттарды өңдегенде оның пайдалы компонентінің (P2O5) тек 80% ғана өнімге өтеді, қалған 20% өндіріс қалдығы ретінде қоршаған ортаға тасталады.

Қаратау фосфоритінен ТОО «Казфосфат» Жаңа Жамбыл фосфор зауытында фосфориттен алынатын сары фосфордан электротермиялық фосфор қышқылын өндіретін бірден-бір кәсіпорын болып табылады. Осы зауытта фосфордың негізгі бөлігі алыну әдісіне сәйкес электротермиялық деп аталатын термиялық фосфор қышқылын өндіріледі, Электротермиялық ортофосфор қышқылы – фосфор қышқылдарының ішіндегі ең маңыздысы, мұны көбіне ортофосфор қышқылы деп атайды. Ортофосфор қышқылын алудың термиялық әдісінің артықшылығы қышқылдың кез келген концентрациясын (100% P2O5 шейін) және кез келген фосфаттарды, соның ішінде алдын ала байытылмаған төмен сапалы фосфаттарды қолданып тазалығы жоғары дәрежелі өнім алуға болады. Термиялық фосфор қышқылы негізінен фосфор қышқылды тұздарды, және концентрлі тыңайтқыштарды алуда қолданылады. Әртүрлі өндіріс орындарында фосфордың бейорганикалық қосылыстарына сульфидтер, фосфор хлоридтері, фосфидтер, фосфор ангидриді, мен фосфор қышқылы, ортофосфоттар және натрий мен калийдің дегидрленген фосфаттары, аммоний фосфаттары, кальций мен магнийдің фосфаты, мырыш, марганец, мыс, күміс, темір, алюминий, кобальт фосфаты тары жатады. Олардың ішінде өндірістік маңызды өнімдер ретінде келесі фосфор тұздары қарастырылады.

Натрий фосфаттары. Натрий фосфатын тек электротермиялық фосфор қышқылымен алуға болады. Қазіргі жағдайда электротермиялық фосфор қышқылынан, суперфосфаттан алынған тұздар өңделіп пайданылады. Мононатрий фосфатын 25% фосфор қышқылын ас тұзының ерітіндісімен бейтараптау реакциясы арқылы алады. Бейтараптау реакциясының нәтижесінде

шыққан қоспаларды фильтрден өткізіп, ерітіндіні 1,5 г/см3 тығыздыққа дейн қайнатып кристалдайды. NaH2PO4·2H2O концентрлі ерітінділерден NaH2PO4·2H2O кристалданып шығады. Ди және тринатрийфосфатты фосфор қышқылын ас тұзымен екі сатылы нейтральдау реаккциясынан өткізеді: бірінші сатысында астұзымен динатрийфосфатқа дейін, одан соң натрий сілтісімен тринатрийфосфатқа дейін келесі реакциялар бойынша:

$$H_3PO_4 + Na_2CO_3 = Na_2HPO_3 + CO_2 + H_2O.$$

$$Na_2HPO_3 + NaOH = Na_2PO_4 + H_2O.$$

Динатрийфосфаты өндірісінде ас тұзы реакциясын толық жүргізу үшін фосфор қышқылын артығымен алады, одан соң оны аналық ерітіндімен бейтараптайды. 59 Реакция 98-100 0С аралығында жүреді. Динатрийфосфат ерітінділерін қоспаларды тұндырған соң кристалдық түрге айналдырады. Соңғы жылдары тринатрифосфат дегидрадталған фосфаттардың өндірісінің қарқындауымен жуғыш материалдар ретінде негізгі мақсатында қолданыс кемуде.

Дегидратталған натрий фосфаттары. Натрий ортофосфаттарын дегидраттағанда әртүрлі концентрлі фосфаттар шығады, олар силикаттарға ұқсас, себебі кремниймен фосфордың координациялық саны оттегінің қатынасына қарай 4- ке тең.

Құрылымына қарай концентрлі фосфаттарды метафосфаттарға немесе полифосфаттарға жатқызады. Метафосфаттардың жалпы формуласы Mn [PO3]n, Мысалы n=3, n=4, тринемесе тетраметрофосфаттар. Метафосфаттардың құрылымы сахина тәрізді аниондармен сипатталады, Мысалы, триметафосфатқа Na3[P3O9]n екеулік натрий және кальций метофосфаты белгілі. Полифосфаттар жалпы формуласы: Mn+2PnO3n+1 немесе n онына бірден-106 бола алады. Полифосфаттардың аниондары тармақталмаған тізбектен тұрады, тетраэдры өзара оттегі атомдарымен байланысқан. Егер (n) 50-ден артық тетраэдрден түзілсе ұзақ тізбектелген полифосфаттар деп атайды. Бірақ көптеген полифосфатарда тетраэдрдің орта саны 500-10000 интервалы аралығында болуы мүмкін.

Катиондар зарядының фосфор атомдар санына қатынасы 1:1 тізбектің ұзындығының көбейуіне байланысты. Жақсы танымал шыны фосфат полифосфат типіне жатады. Концентрлі фосфаттардың құрамында бір немесе көптеген фосфор атомдары бар, және олар оттегі атомының 3 басқа фосфор атомдарымен байланысқан. Осындай құрылымына байланысты бұларды ұяшықты фосфаттар деп атайды (изомета- және изополифосфаттар). Оларға фосфор ангидридінің ұшқыштық модификациясы жатады [P4O10] n, n орнында бірден ең үлкен санға дейін изометажәне изополифосфаттардың құрамы мето және полифосфаттардыкі. Бұл фосфаттар жәй температурада нейтральды сілтілі ерітіндіде тез гидролизденңп орташа полифосфаттар туындайды. Гидролиз реакциясы барлық үш оттегі атомдары фосфор атомдарының ковалентті байланысқанда жүреді.

Әртүрлі өнімдерінің пайда болуы және олардың ауада натрий фосфатының біреулік орын ізбасу дегидратын жылытқанда өзгеруі. 1600 жоғары пирофосфат өндіріледі, 2400 -та триметофосфаттың Na3 P3O9 қалыпты формасына ауысады және аздап Маддрель тұзына ауысады. Ең соңында 6250 -та (Na PO3) Балқымасы пайда болады. Бұл балқыманы баяу бәсеңдетіп суытқанда триметафосфат қалыпты шығады, солай-ақ қалыпты емес форма Na3 P3O9(II) және Na3 P3O9(III) аса тез суытта шыны тәрізді Грэм тұзы пайда болады. Ең соңғы 6000 - төмен қалыпты триметафосфатқа өтеді, ал түрпе қосылса натрийлі Курроль тұзына айналады (NaPO3) (A). Ылғалдықпен механикалық өңдеудің арқасында А формадан Курроль тұзынан В формасы пайда болады, 380-4500 триметафосфатқа ауысады. Бұл екі формада сондай-ақ метафосфат балқфмасынан алуға болады. А формасы Курроль тұзы суытылғанда (Na PO3) (II) ауысады. Құрылымына қарай концентрлі фосфаттарды метафосфаттарға немесе полифосфаттарға жатқызады. Концентрлі фосфаттардың құрамында бір немесе 60 көптеген фосфор атомдары бар, және олар оттегі атомының 3 басқа фосфор атомдарымен байланысқан.

Метафосфоттардың ішінде ең білгілі натрий триметофосфат. Na3[P3O9] Метафосфаттар ең күшті қышқылдардың тұздары болып саналады. Суда жақсы еритіндері тек сілтілі тұздары. Сусыз натрий триметафосфат ғана балқыту нүктесіне дейін қыздырғанда тұрақты. Басқа метафосфаттар жоғарғы темпераtкрада полифосфат қоспаларына айналады. Нейтралды сулы ерітіндіде метафосфаттар бөлме температурасында тұрақты, ал қышқылды ортада 600 жоғары және олар ортофосфатқа дейін тез гидролизденеді. Сілтілі ерітінділерде олар полифосфат ерітіндісіне дейін ыдырайды (три-және тетрафосфаттар). Осы топқа жататын Маддлер тұзы (суда ерімейтін) және полифосфаттар қышқылдардың тұздары болып саналады.

Дегидратталған полифосфаттардың ең маңызды қасиеттерінің бірі құбырларда судың каттылығын жұмсартып, кальцит кристалдарымен бітіп қалуын тоқтатады. Қатты суға еріген

полифосфаттың (бір бөлімін миллионға) қосса кальциттің қаққа түсуін тоқтатады. Ол фосфат-ионның бетінде адсобциялануы кальцидтің туындысы кристалының өсуін тоқтатады деп есептеледі. Өйткені полифосфат тізбегі иондарының иілгіштігі мен размері Са2+ иондарыны кальциттің ашық бетінде ыңғайлы геометриялық түрде бірігеді. Осыдан басқа полифосфаттың миллион мөлшеріндегі концентрациясы қатты сулардағы металдардың беткі қабатын коррозиядан ингибрлейтін қабат түзіледі.

Фосфаттардың (әсіресе триполифосфатын) келесі қасиеті суспензияларды пептиздеу және олардың тұтқырлығын (вязкость) төмендету болып табылады. Бұл әдіс кеніштерді флотациялауда қолданылады. (ұсақ қатты бөлшектерді, сол сияқты эмульсиялардан дисперсті фазаның тамшыларын бөліп шығару әдісі). Флотациялық қойыртпаққа 1 кг/т натрий гексаметафосфатын қосу концентратта бағалы компоненттерді 2 есеге жоғарылатады. Алдында айтылған қасиеттермен триполифосфат пен шыны фосфат қазіргі жағдайда аудан қатты тұздарды алып тастауда, және де басқа да жағдайларда, тұнбаны кетіруге қолданылады. Шыны фосфаттарды кір жуғанда және киім тазалағанда қолданады. Триполифосфат натрий көптеген кір жуатын қоспалардың 85% құрайды. Тетранатрий фосфатты жай сабынға қосады.

Дегидратталған фосфаттар мақтадан, жүннен және жібектен майды кетіруге, металдарды коррозияға ұшырауды тоқтатуда, катализатор ретінде дегидрлеу процесінде, алкилдеуде және полимерленуде, мұнай тазалайтын агент ретінде, флотация процесінде баяу диспергаторлары ретінде, сыр өндірісінде эмульгатор ретінде, гальвоноаластика және электролизде синететикалық каучукты өндіруде, тері өндірісінде қолданылады. Натрий пирофосфаты табиғи күкіртті кеніштерді байытудағы реагент ретінде қолданылады. Қышқыл натрий пирофосфатын нан пісіруде қолданады.

Тринатрий пирофосфат Na3HP2O7 нейтралды реакциясында (pH=7) шұжық және ет өнімдерінің өндірісінде қолданады. Тараз қ. ЖЖФЗ жалпы қуаты 120000 тн цехы эксплуатацияғва 1983 жылы берілген «Триполифосфат натрий фосфор қышқылын кальций содасымен бейтараптап шыққан ертіндіні кептіріп, одан әрі күйдіріп құрғақ тұздар алу әдісіне негізделген.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған дегидратталған полифосфаттардың арасынан (гексаметофосфат немесе Грэма тұзы) өнімі отандық және шетелдік тұтынушылардың қызығушылығын туғызып отыр. Гексаметофосфат натриі. Полифосфат (гексаметофосфат басқаша Грэма тұзы) фосфор қышқылын натрий сілтісімен немесе динатрийфосфат ерітіндісімен бейтараптаап, алынған ерітідіні кептірген соң ол балқыманы құрғатуға негізделген. Эмпирикалық формуласы (NaPO3)6, ал жалпы формуласы: (NaPO3) n, немесе. NanPnO3n, бұнда n = 13 – 18. Осы заттардың қасиеттері Na2O/P2O5 қатнасымен, немесе P2O5 құрамымен анықталады. Грэм тұзы немесе гексометофосфат үшін Na2O/P2O5≈ 1,1 .

Полифосфат натрий түссіз, иіссіз ақ түсті ұнтақталған порошок түрінде болады. Ол гигроископты, суда аз жылдамдықпен ериді. Суда триметафосфат натрий мен ортонатрий фосфат натрий түзе гидролизденеді Тараз қ. ЖЖФЗ жалпы қуаты 6000 т гексаметофосфатты өндіру технологисы іске қосылып, әнім өндіру қатын меңгеруге арналған іс-шаралар жүргізілуде. Өнім инновацилық жоба – жоспарының жоспаының каталогына енгізілген. Полифосфат натрийді суды химиялық өңдеуге, тамақ өндірісінде, комбикормды даярлауда, текстиль өндірісінде мата құрамында кальций тұздарының түзілуін болдырмау үшін, бояу өндірісінде (пигменттер), керамика өндірісінде (жұмсартқыш), теміржол мен өнеркәсіп қуатты қондырғыларында суды жұмсартуға, мұнай өндірісінің бұрғылауда және жуғыш заттарды алуда қолданылады. Полифосфат натрийді балқыту пештерінде мононатрийфосфатты термиялық дегидратациялау арқылы алынады. Мононатрийфосфат суспензиясын фосфор қышқылын натрий сілтісімен немесе динатрийфосфат ерітіндісімен бейтараптау реакциялары арқылы алынады. Даярланатын ерітіндіні фосфор қышқылымен немесе сілтісімен (динатрийфосфат ерітіндісімен) Na / P қатынасын дейін немесе металдық титр (Na2O / P2O5≈ 1,1 қатнасы) қосу арқылы коррекцияланады.

Бейтараптау реакциясы 80-90 °С температурада периодты реимде екі реакторларда жүзеге асады. Бейтараптау реакциясы экзотермиялық, бірақ ерітіндіні даярлау ұзақ уақытты қажет етеді, осыған байланысты ерітіндінің кристалдану процесін болдырмау үшін реатор ішіндегі құбырларға ыстық бу берумен температураның қажетті параметрлері тұрақтыланады.

Бейтараптау реакциясының жылдамдығын арттыру үшін реактор араластызғыштармен жабдықталуы тиіс. Даяр ерітіндінің тығыздығы 1580-1640г/м3 аралығында болу керек. Бейтарапталған ерітінді белгілі – бір шамамен балқыту пешінің берілу керек. Тер- миялық дегидратация и конденсация мононатрийфосфат пен полифосфатқа балқыту пкешінің ваннасында

үздіксіз жүру тиіс. Ерітінді пешке табиғи газдың жанған өнімдеріне қарама-қарсы ағынмен жіберіледі. Табиғи газды жағу үшін автоматтырылған газ жағу АРН-45 қондырғысымен жабдықталған. Алынған балқыма 650 – 700 °С температурда суытқыш цилиндірдің бетіне беріліп, онда тез суытылады.Алынған шыны тәрізді материалдар арнаулы диирменде ұнтақталып,ситода размеріне сәйкес бөліп алынады. Алынған даяр өнім 25 кг қаптарға салынып, даяр өнім қоймасында сақталуы тиіс.

Технологиялық процесті ықтималды параметрлерін (өнім шикізаттарының сандық және сапалық көрсеткіштері, температура, қысым және концентрация) анықтауға арналған зертханалық -тәжірибелік жұмыстар жүргізу арқылы келесі бағытта тіжірибелік жұмыстар арқылы келесі факторларды анықтау қажет екені анықталады, олар:

а) Металдық титр мен рН және полифосфат натрий, құрамындағы ерімейтін заттардың арасындағы байланысты анықтау;

б) Металдық титрден даяр өнім құрамындағы Р2О5 мөлшерінің тәуелділігін анықтау;

в) Ерітінді мен балқыманың температуралық режимінен рН пен полифосфат натрийдің арасындағы тәуелділікті анықтау;

г) Табиғи газдың жану режимі және отын мен ауаның ықтималды шығынды коэфиценттерін анықтау.

**Пайдаланыған әдебиеттер тізімі:**

1.ПозинМ.Е.. Технология минеральных солей. Том11.Издательство «Химия» 2011.

2.КорбриджД.. Фосфор. Основы химии, биохимии, технологи, 2011.

3.Технологический регламент производства ТПФН .ЖФ ТОО "Казфосфат" (НДФЗ).2007

4.Временный технологический регламент производства ПФН технического. ЖФ ТОО "Казфосфат" (НДФЗ).2013

ӘОЖ 53.457 (03)

# САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ МАРС ОРБИТАСЫН ЖЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ТҰРҒЫЗУ

**МЕРКЕМАЛ Г.Б.**

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются вопросы построения орбиты Марса в системе отсчета с привязкой к земле.

**Summary.** The article deals with the construction of the orbit of Mars in the reference frame with reference to the earth.

Кинематикалық тұрғыдан қарағанда бұл есеп салыстырмалы қозғалысқа арналған екінші есептің берілгеніне ұқсайды. Гелиоцентрлік санақ жүйесінде (*К* жүйесі) Жер радиусы $R_1=1.496*10^8$ *км* шеңбер бойымен қозғалады, ал айналу периоды $T_1=365.24$ *тәулік*. Марс эллипс бойымен қозғалады, үлкен жарты осы $a_M=2.28*10^8$ *км*, ал айналу периоды $T_M=689.98$ *тәулік*, орбита эксцентриситеті $e=0.093$. Жердің қозғалысы (1.5) өрнекте берілген радиус-вектормен сипатталады. Марс орбитасы эллипс тәрізді болғандықтан $x = x(t), y = y(t)$ уақыт бойынша тәуелділігі келесі түрде беріледі:

$$x(\xi) = a_M(\cos\xi - e) \tag{1.8}$$

$$y(\xi) = a_M\sqrt{1-e^2}\sin\xi \tag{1.9}$$

$$t(\xi) = \frac{T_M}{2\cdot\pi}(\xi - e\cdot\sin\xi) \tag{1.10}$$

Эллипс бойынша толық айналым $\xi$ параметрінің 0 ден $2\pi$ - ге дейінгі өзгерісінде болады. Марс орбитасын тұрғызу үшін гелиоцентрлік санақ жүйесінде Жер мен Марстың күйін

сипаттайтын радиус –векторды координаталарын есептеу керек. Одан кейін (1.3) өрнекке сәйкес Марс орбитасының санақ жүйесіндегі координаталарын Жермен байланыстырып есептеу керек. Осы тізбекті есептеу алгоритмі арқылы жазайық.

1. $\xi$ параметрінің өзгерісінің интервалын беру керек.

2. $\xi$ параметрінің өзгерісін N тізбектелген интервалдарға бөлу.

3.(1.10), (1.8), (1.9) өрнектеріне сәйкес $\xi$ әр бір айнымалы үшін есептеу.

4.Уақыттың әр бір мәні үшін (1.5) өрнекке сәйкес Жер қозғалысының координаталарын есептеу.

5.Уақыттың әр бір мәні үшін санақ жүйесінде Марс орбитасының координаталарын Жермен байланыстырып есептеу.

6.Гелиоцентрлік санақ жүйесіндеМарстың Жермен байланысты орбитасын тұрғызу. Жоғарыда көрсетілген алгоритм Mathcad пакетінде келесі түрде орындалады:

1.Жер және Марс орбиталарының параметрлерін беру:

$$R1:=1.496*10^8,\ T1:=365.24,$$
$$a_M:=2.28*10^8,\ T_M:=689.98\ \ e:=0.093.$$

(1.5), (1.8) - (1.10) өрнектеріне сәйкес функияны беру:

$$x(\xi)=a_M(\cos\xi-e),\ y(\xi)=a_M\sqrt{1-e^2}\sin\xi,\ t(\xi)=\frac{T_M}{2\cdot\pi}(\xi-e\cdot\sin\xi),$$

$$X(t):=R1\cdot\cos\left(\frac{2\pi}{T1}\right)\ Y(t):=R1\cdot\sin\left(\frac{2\pi}{T1}\right)$$

2. $\xi$ параметрінің өзгеру интервалын Nинтервалдарға бөлейік:

*K:=9* – Марстың Күнді айнала қозғалуындағы айналу периодының саны,

$$N:=4000\cdot K,\ i:=0\ldots N$$

$$\xi_i:=\frac{2\cdot\pi}{N}\cdot i$$

1. Жер мен Марс орбиталарын гелиоцентрлік санақ жүйесінде тұрғызу (Сурет 1.5).



*1.5 Сурет*

Марс қозғалысының негізгі сипаттамаларының бірі Жер мен Марстың ара қашықтығы *s(t)*. Ара қашықтық Жермен байланысты Марстың санақ жүйесіндегі орнын сипаттайтын радиус-вектордың модулі арқылы анықталады. Жер мен Марстың ара қашықтығының уақытқа тәуелділігі 1.6 суретте көрсетілген.

1.6 суретте көрсетілген тәуелділік анализі Жер мен Марстың қашықтығы уақыттың күрделі периодты функциясы екендігін көрсетеді.

Бірінші жуықтауларда Марс орбитасын шеңбер ретінде қарастыруымызға болады, сондықтан да *s(t)* функциясы келесі түрде жазылады:

$$S(t)=\sqrt{R_M^2+R1^2-2R_M R1\cos\left[2\pi\left(\frac{T_M-T1}{T_M T1}\right)\right]} \quad (1.11)$$

Бұдан *s(t)* периодты функция екендігі көрініп тұр

$$T_s=\frac{T_M T1}{T_M-T1} \quad (1.12)$$

(1.11) өрнекте көрсетілген *s(t)* тәуелділігі 1.7 суретте көрсетілген.




*1.6 Сурет*




*1.7 Сурет*

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Омаров Т., Күн және табиғи құбылыстар, – Алматы : Қазақстан, 1978ж.

2.Жаңабаев З.Ж. Жалпы астрономия. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы : Қазақ университеті, 2010ж.

3. КирьяновД.В. Мультимедийный учебник по Mathcad 14

ӘОЖ 57.08

## ҚАЗАҚСТАН ФЛОРАСЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЛЫҚ ФИЛОГЕНЕТИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

**КЕНЖЕБЕКОВА Л.К.**

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының

№6 орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі, магистр,

Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**Резюме.** Данная статья посвящена теме развития и изучения специфической филогенетики флоры Казахстана. В ней анализируются официально известные лекарственные растения Казахстана, которые могут быть использованы для развития фармацевтической промышленности. Также в статье рассматривается степень изученности флоры в фитохимическом аспекте в Казахстане.

**Summary.** This article is devoted to the development and study of the specific phylogenetics of the flora of Kazakhstan. It analyzes officially known medicinal plants of Kazakhstan, which can be used for the development of the pharmaceutical industry. The article also examines the degree of study of flora in the phytochemical aspect in Kazakhstan.

Қазақстан орталық Азияда орналасқан Жер көлемі бойынша Россия, Қытай және Индиядан кейінгі төртінші орында болып табылады. Территориясының жалпы көлемі 2720 километр квадрат, ал ұзындығы шығыстан батысқа қарай 300 километр квадрат, яғни Каспий теңізінің Шығыс Алтайға дейін, ал ені оңтүстіктен шығысқа қарай 20 километр, яғни Тянь-Шань тауынан Қызыл құм шөліне дейін орналасқан. Территориясы көбі жазық далалы, бірақ 10 % жері таулы

аймаққа жатады (Алтай, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань). Көбінесе бұл аймақтар шығыс және оңтүстік шығыс жерлерінде орналасқан. Ал 30 % жері жоталар, цоколь жазық жерлері болады. Ал қалған 1/3 бөлігін топырақ жазықтары алып жатады (Солтүстік және оңтүстік-шығыс Каспий маңы, солтүстік Қазақстан).

Республиканың климаты-қоңыржай, бірақ территорияның көп бөлігі құрғақ болып келеді. Бірақ Алтай, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань тауларына жауын-шашынның орташа жылдық көлемі 800-1000 тіпті кейбір жерлерінде 1500 мм-ге дейін жетеді. Жазықты жерлерде өнімдері көп жауын-шашпайды. Мысалы, далалық аймақтарда 200-ден 300 мм-ге дейін, ал шөлді аймақтарда 100-150 мм-ге, ал кейбір шөлді аймақтарда 50 мм аз болады. Далалы аймақтарда жауын-шашын жаз айларында, ал шөлді аймақтарда көктем айларында көп жауады. Қазақстан Республикасының жазықты аймақтарындааува-райы ашық, күннің көзі ұзақ уақытқа дейін созылады (яғни 2000-нан 3000 сағатқа дейін). Осы күннің әсерінен солтүстіктен оңтүстікке қарай радиацияның жиынтық дозасы 100-ден 200 Ккал/см$^2$ болады. (яғни 1 жылда). Қыстың кезінде территорияның көп бөлігінде, оңтүстік аймақтан басқа, шағын қарлы, қатты боранды және бұрқасын жерлерде Республиканың солтүстігінде, батысында, шығысында және орталығында орташа температура-20$^0$С, ал оңтүстік аймағында -3, -5$^0$С. Республиканың солтүстік аязы -40, -45 $^0$С $^0$С дейін жетеді. Жаз айында ыстық. Шілде айының орташа температурасы-19$^0$С, 20 $^0$С, оңтүстікте 28$^0$С, 30 $^0$С дейін болады. Орталық Азияның ыстық және құрғақ ауа-райының жерінен температура45$^0$С-ге дейін, оңтүстік аймақта жерде 35$^0$С, 40 $^0$С болады. Орталық және солтүстік аймақтарда жетуі де мүмкін [2].

Қазақстан Республикасының жазықтық аймақтары бірнеше экологиялық зонадан тұрады. Олар: орманды дала, дала, шөлейт және шөл. Орманды даланың ұзындығы 150-ден 250 км (Солтүстік жақта), флора-борсальді, субборсальді және далалы. Қазақстан Республикасының 3/1 бөлігі далалы, ал шаруашылық дамығаннан соң 60-шы жылдары жердің көп бөлігі жыртылып тасталынған болатын. Далалы аймақтың флорасы өзіне аз көлемде эндема қосып алады. Дала мен шөл даланың аралығы шөлейт, оның алып жатқан бөлігі Орал тауларынан және Каспий теңізінің жағасынан, Қазақстанның шығыс жағындағы шекараға дейін созылған. Қазақстанның балшықты, тасты, құмды, тұзды, шөлді далалары орталық Азияның шөлді далаларынан ерекшеленеді, яғни жоғары биологиялық әртүрлілігімен бұл жерде әртүрлі солтүстік буранды өсімдік түрлері бар: бұта қауымдыстықтары, жартылай бұталар және бұташықтар эфемерлер және эфемероидтері, тұзға және шөлге төзімді өсімдіктер түрлері де көп таралған.

Қазақстанның таулы аймақтарына белдеулі бөлігіне тән. Көбінесе таудың етегінде жусан және жусанды-дәнді бұтақтар. Ары қарай таулы дала, одан кейін орманды шалғын, орман және шалғын қауымдастықтары өсімдіктерімен толықтырылған. Жоғары қарай субальпісі, альпілі және гляциальді-нивальді белдеулер орналасқан. Аласа тауларда кейбір белдеулер болмауы да мүмкін. Көбінесе, таулы аймақтарға жоғары биоәртүрлілік өзгешелігі тән.

Қазақстан флорасының спецификасы филогенетиканың дамуымен, географиялық және климаттың негізгі жағдайына байланысты. Көбінесе, Н.В.Павлованың айтуы бойынша, бұның бәрін «жас эндемизге» жатқызуымызға болады. Қазақстандағы флоралы өсімдіктердің басым түрлері: мезофильді шөптер (30 % - ға дейін), көпжылдық ксеромезофильдер және мезоксерофильдер шөптері (18 % - ға дейін), мезофильді және ксеромезофильдер, көбінесе біржылдық эфермерлер (8% - ға жуық), мезоксерофильдер және ксерофильдер бұталары және бұташықтары (7,5% ). Псаммофильді түрлердің орташа экобиоформы 5% , ал галофильдер 4% [3].

С. А. Абдулина] және М. А. Байтенова үлестірілген мәліметтерінде Қазақстанда 6000 астам тамырлы өсімдіктердің түрлері кездеседі. Оның ішінде 1067 сорты (М. С. Байтенова бойынша 1118 сорт) және 159 тұқымдас (М. С. Байтенова бойынша 161 тұқымдас). Ерекше атап өтетініміз, дүние жүзінің Chenopodiaceae Vent, Campanulaceae Juss өсімдігінің түрінің тұқымдасының жартысы, сонымен қоса 1/3 Limoniaceae Lincz, Boraginaceae Juss, Rusaceae Juss түрлерінің тұқымдастары Қазақстанда баяндалған. Маңызды және әлемді флоралы тұқымдастардың өкілдері: 17 % жуық. Polygonaceae Juss, 16-10 %-ға жуық Caryophyllaceae Juss түрлерінің тұқымдасы, Brassicaceae Burnett, Zygophyllaceae D.Br Ranunculaceae Juss. Сонымен қатар Қазақстандағы эндомитті өсімдіктердің түрлерімен сортына тоқталып өткен жөн. Қазақстанда флораның 700-ден көп эндемиттер баяндалған. 10-ға жуық эндемиттің түрі, оған Rhaphidophyton I ljin (Chenopodiace Vent тұқымдасы), Cylindrorocarpa regel (Campanulaceae Juss тұқымдасы), Ugamia Pavl (Asteraceae bumont тұқымдасы), Sclerotiaria Korov (Apiaceae Lind тұқымдасы) және т.б. Сонфмен қатар Сібір-Қазақстанды, Қазақстан-орталық Азиялық және т.б. Эндемиттердің түрлері мен сорттары да жазылған.

Қазақстанда флораның фитохимиялық аспектіде қаншалықты зерттелуіне баға беру үшін, сонымен қоса биологиялық активтілігіне, алдымен тарихына және республикада маңызды өсімдіктердің қолданылуына тоқталу қажет.

Біздің ботаник ғалымдарына: Н. И. Губцова [1934], Н. В. Павлова [1942, 1947], П. С. Массагетов [1947], В.П. Михайлова [1968], М. К. Кукенова [1984,1989,1999], және т.б.

Алғашқы Қазақстан өсімдіктерінің ресурстарын зерттеген және өсімдіктің қасиетін білу П.С. Массагетовпен басталған. Ол Алтайдан Жетісу арқылы Өзбекстанға 1921 жылы аттанған. Оның мақсаты дәрі-дәрмекті және улы өсімдіктерді анықтау болды. Осы экскурсияның нәтижесінде үлкен көлемде қолданылатын препараттар анабазин, эфедрин, пахикарпин және т.б. анықталды.

Сонымен қоса 30-40 жылдардағы С. С. Зарецтің және Л.С. Родинаның жұмыстарын айтып өткен жөн. Алатаудың жемісті тоғайларын зерттеу жұмыстары М. Г. Попов [1935], В. С. Корнилова [1940] жүргізді.

Шығыс Қазақстанның дәрілік өсімдіктері зерттелді. Бірақ Қазақстанның өсімдіктерінің ресурстарын және пайдалы өсімдіктерін зерттеудегі маңызды орынды сөзсіз Н. И. Губцоваға тиесілі болды. Ол 1934 жылы Батыс Қазақстанның техникалық және тағамды өсімдіктері жайлы мәліметтерін жариялады. Сонымен қоса Н. В. Павловты да жатқызсақ болады. Себебі ол осы еңбекті толықтырып отырғаны үшін. Сол себептен Қазақстанда 30-жылдары химиялық және медициналық өндіріс дамыған кезде, каучуктың, камфордың бояғыштардың, инсектицидтердің, дәріліктердің, дәмді өсімдіктердің компоненттері анықталды.

М. И. Горяев және оның қызметкерлері Қазақстандағы майлы эфирлерді және алкалоидты өсімдіктерді зерттеді. Олардың зерттеу нәтижесінде 68 алкалодтардың түрлерін республикадан анықтады. АН ҚазССр институтының ботаниктері эфедрлі қырықбуынның юиологиялық ерекшелігін, компонентінінің құрамын, ресурсын сипатттап берді (*Ephedra equisenita* Bunge), өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктері зерттелді.

40-жылдан бастап өсімдіктердің басқа топтарын ғалымдар зерттей бастады-дубльді заттар, жүректі гликозидтерді, сапонинді, серидтарды, фитоэндизондарды, флованоидтарды, кумаринтарды, антрахинондарды, полисахаридтерді, әсіресе Қазақстанда көп көлемде таралған флораларды. Бірақта бұл кезде объектілерді жүйелі түрде анализдеу республикада болады. Қазақстан флорасының зерттелуі және олардан бағалы дәрілік қосылыстар алуы: фитоэнхизонды, сесквитерпенді лактоновтар, сапониндерді, алкалоидтерді, стероидтарды, жүректі гликозидтарды зерттеуде Қазақстан, ресей, Өзбекстан, Украина және т.б. Бұрыңғы СССР республикаларының ғалымдары атсалысып зерттеді.

80-жылдары Қазақстанда стероидтерді, ярловоноидтерді, иридоидтерді, сапонинттерді, сесквитерпенонді лактондерді, фенолтерпеноидтерді зерттеу жалғастырылды. Сонымен қоса жиі объектінің анализі ретінде белгілі заттар, бір қарағанда жақсы зерттелген өсімдіктерден жаңа топтар бөліп алып, ал бұрын белгілі болған заттарға жаңа активті заттар алды. Мысалға, глицирризин қосылысты солодоктарды қолдану, әсіресе медицинадакездейсоқ емес, солодкаларды бүгінгі күнде жиі қолданылады. Оны біріншіден емдік қасиеті бар болғандықтан одан дәрі-дәрмектер және препараттар жасайды. Соңғы кездерде ресурсты-инвентаризационды зерттеулер әртүрлі топтарға, яғни Батыс Тарбағатай жоталарының Кетмания, Жоңғар тауларының, Алатау баурайларындағы пайдалы өсімдіктерге зерттеу жүргізді. Қазақстанда жабайы өсімдіктерді зерттеу бүгінгі күнде де жалғасын табуда. Оны ҚазҰУ, С. Д. Асфандияров атындағы МОН РК фитохимиялық институты, эль-Фараби атындағы ҚазГУжәне т.б. мекемелерде жүргізіледі.

Қазақстан флорасының өсімдіктерінің химиялық құрамын зерттеуде үлкен үлес қосқан табиғи қосылыстарды ҚазҰУ эль-Фараби атындағымекемеде Rumex L., Sedum L., Pseudosedum (Boiss) Berger, Marrubium L., Alhagi Gagneb өсімдік түрлері толығымен зерттелген және Polygonum L., Rheum L., Euphordia L., Climacoptera Dotsch, Euphedra L., Tamarix L., Limonium Mill., Atraphaxis L., Suaeda Forsk, Exscop, Potetilla L., Geranium L. өсімдік түрлері толық емес зерттелген. Бұл өсімдіктер жайлы мәліметтерді Р. А. Музычкина, Ж. А. Абилова, Н. М. Мухитдинова, С. Б. Рахмадиева, В. Б. Омуркамзинова, Д.Ю. Корулькина, Г. Ш. Буралиева, Г. Е. Жусупова, Т. Н. Букбулатова және т. б. еңбектерінен оқыса болады. 300-ге жуық өсімдіктерінің түрлерінің туыстарының экспериментті мәліметінің бөлігі құрастырылған. Олар Polygonaceae Juss, Tamaricaceae Link, Crassulaceae PC6 Asteraceae Duport және т. б.сонфмен қатар 179 жаңа өсімдіктердің құрылымдары жасалынды. Доминантты полифенолды негізде өсімдіктердің 1100-ге жуық өнім алған. Оның 600-ге жуығыбиологиялық активті түрі ретінде зерттелді [Музыкина және т. б., 2003]. Антидерматикалық препараттар «Рауан», ісікке қарсы препараттар «Лейкоэфдин», «Альнусидин», «Алхидин», қабынуға қарсы препараттар «Лимонидин», «Биосед-К»,

гепатопротекторлар, иммуностимуляторлар, радиоқорғаушы, грипке қарсы, жараны емдеуші препараттар, сонымен қатар ауыл-шаруашылыққа қажетті препараттар жасалды [4].

МОН РК фитохимия университетінде С. М. Адекенованың қолдауымен 1996 жылдан 1999 жылдар аралығында 20 түрлі өсімдіктерді зерттеді. Олар мына өсімдіктердің түрлері: Achillea L., Artemisia L., Centaurea L., Rhaponticum Ludw, Saussurea D.C., Tanacctum L. Соның ішінде 143 заттың структурасы анықталып (яғни фенолды және терпенонды табиғатында) оның ішіндегі 18-і жаңасы. Бүгінгі күнде 160 түрдің оның ішіндегі 11 сортын жоспарлы түрде зерттеуде. Қазақстандағы жабайы өсімдіктердің түрлерінің шикізатынан МОН Рк фитохимия институты: ісікке қарсы препараттар «Арглабин» бактерицидті, қабынуға қарсы препараттар «Тополин», «Биам», гепатопротекторлар, антиоксидтер және стимуляторлар «Солсоколин» жасауда. Бұл Қазақстан ғалымдарының үлкен жаңалық ашқанымен және әлемдік практикаға жаңалық енгізгенімен, Қазақстандағы флоралардың өкілдерін зерттеуде және жаңа әдістерді қолдану қажет.

Қазақстандағы флоралы өсімдіктердің биологиялық активтілігі анықталуымен фитохимияның дерек көздеріне анализ жасауының көрсеткіші бойынша, өсімдіктер үшін, оның зерттеуде қолданылуы айтарлықтай емес [Байтулин және т. б., 2003]. Мысал ретінде Қазақстандағы флоралы өсімдіктердің туысын және түрін келтірсек болады (яғни оған енетін түрлерді). Бірінші саны түрдің мөлшерін, яғни химиялық құрамы және биологиялық активтілігін, екінші саны түрде сорттың мөлшерін көрсетеді [С. А. Абдулин, 1999]. Ал енді қарастырылатындарға тек кейбір түрлердің жеке тұқымдасының мәліметтері қарастырылады. Мысалы: Alliaceae J., Agard L. тұқымдастарының жалғыз түріAllium L., Asteraceae Dumort тұқымдасының 60 түрінің ғана химиялық құрамы белгілі. Бірақ бұл да соңына дейін зерттелмеген.

*Chenopodiaceae Vent* тұқымдасының, 51 түрі белгілі. Бірақ тек кейбіреулері ғана зерттелген. Мысалы: Climocoptera Botschтүрінің 4-уі ғана 120- ның ішінен зерттелген; Suaeda Forsk exscop.

*Ephedraceae Dumort* тұқымдасының 10-ның 9-ы зерттелген. Бірақ биологиялық активті спектрі бойынша жақсы, толығымен зерттелмеген.

*Limonium Mill түрі, Limonidcaea Lincz* тұқымдасы айтарлықтай жақсы зерттелген. Бұл түрдің 19-дың 8-зі [Чумбалов, Киль, 1962; Чумбалов, 1966; Корулькина, 2005; Жусупова, 2007]. Зерттеуде ерекше назар емендерге және қосылысты заттарға назар аударылды. Бұл тұқымдастың басқа түрлері жақсы зерттелмеді.

Polygonaceae Luss тұқымдасының Atraphaxis түрін фотохимиялық жоспарда және кейбір биологиялық активті жағынан тереңірек зерттелді (яғни 14-тің 14-де), Polygonum L. түрінің 45-нен 29-ын, Rheum L. 9-нан 8-ін, Rumex L. 27-нен 23-ін, ал сонымен қатар жарым-жартылай Calligonum түрі де зерттелген (яғни 20-нан 7-сі).

Басқа түрлері мен тұқымдастарды қарастарғанда, зерттегенде ұқсастықтар байқалды. Ендеше, Ranuncu-Ranunculaceae Juss тұқымдасы-Agemone L (11-інің 3-уі).

Әрине, жоғарыда қарастырылғандар бойынша барлығының тізімін жасау деген мақсат болмады [Қазақстанда кездесетін флоралы өсімдіктердің фитохимиялық және биологиялық активтілігін анықтаған кезде]. Бірақ осы зерттеудің нәтижесі бойынша барлық тұқымдастарды активті түрде қарастырылғанымен, оның барлық сорттары мен түрлері толық зерттелмеді. Қазақстан флорасының жартысының химиялық қосылыстарын зерттей келе, онда активті түрлерінің көбісі жоқ екені анықталды.*Terra incognita* өсімдіктердің химиялық құрамы жәнебиологиялық активті метоболиттерді зерттейді.

Қазақстандағы флоралы өсімдіктерді зерттеу кезінде алға қойылатын мақсаттардың бірі, олардың дәрі-дәрмек жасау, яғни отанды фармацевтикалық өндірісті дамыту. Ал өндірісті дамыту үшін шикізат көзі керек, ол үшін Қазақстандағы жабайы өсімдіктерді толығымен зерттеп, соның ішінен қажеттісін тоаңдау керек. Ресми түрде Қазақстанда тіркелген флоралар белгілі болғанымен, Қазақстан флоралары өсімдіктері тапшылықтың ағаруына қарсы, сергітетін және дем беруші тапшылық болады. Бұл зерттеуді шешу үшін керек қылатын келесі мәселе, бұрын белгілі болған түрлерді өндірісте қолдану. Бірақта, қазақстан флорасыныңкөп түрлері бар және олар бұл бағытта зерттеу үшін перспективалы. Мысалы, негізгі биологиялық активті қосылыстар, дәрілердің құрамына кіретін яғни өсімдіктер, эфир майлары, гликозидтералкалоидтер, органикалыққышқылдар, витаминдер болады. Қазақстанда ресми түрде белгілі 262 дәрілік өсімдіктер, ал оның 11 түрі тыныштандыратын әсері бар, соның ішінде 4-уі , ал 5-уі Қазақстан флорасында өсіріледі.

Жоғары да айтылып өткен, Қазақстан флорасынан болса 2 одан көптеу жабайы өсетін өсімдіктер болашақта болуы мүмкін.

Сөйтіп 2 тау жалбыз түрі (Leonurus cardiacal, L. quinquelobatus Gilib), түркістандық тау жалбызын баса тұрады (L. Turkestanica V, Krecz. Et Kuprian); дәрілік валериана (Mentha arvensis L.), түркістандық валерианасы (V. Turkestanica Sumn.), жалбызды бұрыш сауыты (Mentha piperita L.), ұзын жапырақты жалбызбен (M. Longifolia (L.) Hunds), кейбір сұламасын (Thymusserpullum L.), Маршаллиевтық жебірге (Marshallianus Willd), олар химиялық құрамы жағынан ұқсас және медицинада қолданылуы мүмкін. Кейбір шикізаттардың қорларына толық мәліметтер бар, атап айтқанда мыналар: шикізат қоры практикалық жағынан қамтамасыз етілуі Мүмкіндігі орташа патрина (Patrinia intermedia (Horn) Roem et. Schult), Кәдімгі киікшөп (Origanum vulare L.), кәдімгі жусан (Aertemisa Vulgaris L.), батпақты иіртамыр (Acorus calamus), орташа патрин (Patriniaintermedia (Horn) Roem et. Schult), кәдімгі цикорий (Cichorium intybusl), бұлар табиғатта үлкен, бірақ тығыз емес қоға түрінде түзілмейді. Сонымен қатар әртүрлі әдебиеттерге сүйене отырып қарасақ, Қазақстанның шикізат қоры бар және олар екі түрлі шандра (Marrubium L.), қымыздықтың 6 түрі (Rumex L.), Очитковтың 5 түрі (Sedum L.), рауғаштың 3 түрі (Rheum L.), горцевтың 6 түрі (Polygonum L.), Кермековтың 4 түрі (Limonium Mill) және түйе тікенегінің 2 түрі (Alhadi Hill) бар.

Кейбір дәрілік өсімдіктерді мәдени өсімдіктерге енгізу жөнінде сұрақтар туындалды, (иститут ботаники и фитоинтродукций, Казнмии земледепия). Дәрілік өсімдіктердіжаңа технология бойынша көбейту, бүгінгі күнгібиотехнологиялық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады.

Лактондарды синтез жолымен алу өте қиын, сол себептен өсімдіктер әзірше жалғыз шикізат көзі болып табылады. Қазақстанда (100 жыл бұрын) бірінші препарат-сантонин, оны цитварлы жусаннан дайындалған. Бүгінгі күнде жүз шақты лантон зерттелген. Оларды кең спектрде қолданылады. Мысалы, Омантон препаратын девясильді тамырларынан алған (Lhulahelenium L.). Квитенді лактондар пихма өсімдіктерінен алынған. Олар антигельді жалбызды және өт айдайтын дәрілер ретінде қолданылады. Жұлдызгүл және (Сельдерей) тұқымдасының өкілі сесквитерпенді лактондар. Осы өсімдіктердің тұқымдастарының үш байланысты қосылыстары кездеседі. Олар дегидрленгенде азулин алынады (Көк түсті көмірсуларды түзеді). Дәріханалық түймедақтардан алады. Олар минорлы, яғни 0,08%-0,01% мөлшерде кездеседі.

Эфедриналкалоиды негізінде шикізаттарды даярлауда *equisetina* өсімдігі маңызды орын алады және оның тиімділігіне елеулі ықпал етеді. Қылша Қазақстанның ұлттық байлығы, шаруашылықта оның ұқыпты өсірілуі, медицина өнеркәсібіне тиімді болып келеді. Оны тиімді қолдану қылша популяциясының сақталуына аса маңызды болып табылады. Қазақстанда қылшаның қорлары оны тиімді пайдалануды талап етеді, қылшаның дәрілік құндылығынан басқа, оның экологиялық маңызы – тау шатқалдарын, тастарды бекіткіш болып табылады.

Шикізаттың өзінің өсімдік бөлігінде ұзындығы 25 см болатын, шөптесін бұтақтар болады. Бұлар ағашты. Шикізат ашық жасыл түсті, иіссіз, дәмін тексеруге болмайды (улы). Құрамында 1,6% алкалоидтар, ылғалдылығы 12%тен кем емес, күлдердің дымы 7% кем емес, қылшаның жетілген мүшелері 10% -тен кем болмауы керек. Шикізатты ерте көктемде немесе күзде дайындайды. Бұрынғы Кеңес Одағы аумақтарында қырықбуын қылшасы (*E. equisetina* Bge) немесе таулы және кішілеу қылша (*E.intermedia* Schrenk et C.A.Mey) эфедрин алуға қолданылады, оның құрамы (2-3%) басқа түрлермен салыстырғанда маңызды болып келеді. Техникалық шарттар бойынша шикізат құрамындағы қырықбуын қылшасында кемінде 1,5% алкалоидтар болуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Хржановский В.Г. Курс общей ботаники-М., Высшая школа, 1992.

2.Есназарова *У.А*. Физическая география Казахстана. Алматы: «Дәуір»,***2001***

3.Халмагов Х.Х., Харламова И.А., Алимбаева П.К., Корыев М.О., Хаитов И.Х. Основные лекарственные растения Средней Азии //Ташкент, 1984.-195 с.

4.Музычкина, Абилов, Качественный и количественный анализ основных групп БАВ в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах. –Алматы:Гылым, 2003.

ӘОЖ 63.97

# ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**СҰЛТАНБЕК АҚНИЕТ**
М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы
**СЕЙСЕН АЙДИДАР**
М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В статье преподавание физики является наиболее подходящей сферой для использования современных информационных технологий в силу специфики предмета. В процессе обучения физике информационные технологии могут использоваться в различных формах. Одна из задач школы – попытаться через внеклассную деятельность сформировать познавательный интерес учащихся младших классов к физике.

**Summary.** In the article, teaching physics is the most suitable area for the use of modern information technologies due to the specifics of the subject. In the process of teaching physics, information technologies can be used in various forms. One of the school’s goals is to try to develop primary school students’ cognitive interest in physics through extracurricular activities.

